●ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Кісі есімдері, яғни қазақ азаматтарының аты-жөнін жазуда – ов, – ев, – ова, – ева сияқты аффикстерден арылатын кез келді. Бұл туралы облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен әділет департаменті бірлесе ұйымдастырған «Ономастика және когам: антропонимдер» атты семинарда сөз болды. Аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, аудандық (қалалық) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мамандары, АХАЖ-дың құжаттандыру бөлімінің қызметкерлері қатысқан отырысты облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов жүргізді. Бұл республика аумағында түңғыш рет бірлік облысымызда ұйымдастырылып отырған шара.

ЕСІМІМІЗ ЕЛДІГІМІЗДІ БІЛДІРСЕ

Қажет АНДАС,
"Жетісу"



Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Белгісіз» кітабында мынадай сөйлем кездеседі: «КСРО Сыртқы істер министрі Шеварднадземен бірге болған кезімде мен одан грузин фамилияларындағы "дзе" неғұрлым анығырақ дейтін сұрадым. Сөтсек, ұлы дегенді білдіреді екен. Шеварднадзе – сұңқарымыз ұлы деген сөз». Иә, кезінде Кеңестер Одағының құрамында болған, кейіннен өз тәуелсіздігін алған елдердің арасында Қазақстан да кісі аттарының соңынан келетін қосымшаларды әлі күнге сақтап келеді. Заман өзгерсе де, жағдай өзгере қойған жоқ. Сонымен бірге бүгінгі таңда адам есімдерін жазуда әркім өзіндік үлгі жасап жатқаны тағы бар. Сондықтан Қазақ азаматтарының аттарын жазуды бір жүйеге түсіру көкейкесті мәселе болып отырғаны анық.

Мұнан өзге тағы бір толғақты мәселе, азаматтарды құжаттандыруда тұмшадан отырған келеңсіздіктер.

Сараптаудың нәтижесіне сүйенсек, мысалы, «Мөлдір» деген есімнің өзі 12 түрлі жазылып жүр: Молдыр, Молдир, Мульдир, тағы басқадай. Ал бұлғы мектеп бітіріп, Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқалы отырған талапкерлер арасында да аты-жөндері қате жазылған мысалдар жеткілікті. Олар ертеңгі күні жеке бас куәлігін алады. Не істеу керек? Сонымен бірге, шет елдерден келген қандастарымыздың арасында ині қазақ, аты түрік, әрің, пұсқы немесе басқа болып жүргендері қаншама. Оның үстіне Қытай елі соңғы кезде төлқұжатқа тегі, әкесінің аты жөнінде мәлімет жазбайтын болды. Ал атажұртқа оралған жастар Қазақстан азаматтығын алған кезде еліміздің Заңында көрсетілген белгіленген сай, Қытай елінің төлқұжатында қалай жазылса, сол пұсқасынан құжаттандырылып келеді. Мұның өзге басқасында тұмшадан отырған кәтеліктер жайында келелі баяндама жасады. Ал әділет департаментінің бөлім басығы Гүлмира Алдажанова құжаттар органының атқаратын міндеттерін жұртшылыққа жеткізді.

Баяндамадан білгеніміз, облыстық тіл басқармасы облыстық әділет департаментінен алынған мәліметтер бойынша, 2008 жылы дүниеге келген ұлты қазақ балалардың тегін қазақша жазу барысына талдау жүргізген. Талдау нәтижесінде, өткен жылы облысымызда дүниеге келген 34699 баланың 29337-сі қазақ ұлтының екен. Бұлардың ішінде тегі мен аты жөні қазақша дұрыс жазылғаны 19289, яғни 65,7 пайызды құраған. Осы мәлімет бойынша Алакөл ауданы 99,1 пайыз, ал Қарасай ауданының көрсеткіші 30 пайызға да жетпеген. Отырыс барысында Алакөл ауданының АХАЖ бөлімінің қызметкері Күлаш Балғайбекова өз ауданының өңды нәтижесін көпшілікке таныстырды. Ал Қарасай ауданы АХАЖ бөлімінің бастығы Қарлыға Бүгібаева құжаттандыруда орын алған кемшіліктерді тілге тиек етті.

Осыған орай, жарысөзге шыққан Райымбек ауданы әкімінің орынбасары Таңірберген Қасымберкебаев пен облыстық мемлекеттік тілді оқыту орталығының қызметкері Гүлзәр Көксегенқызы ұлттық үрдісті сақтауға қатысты ой-тұжырымдарын ортаға салды. Көпшіліктен түскен сұрақтарға облыстық әділет департаментінің бастығы Мырзәділда Қадірбекұлы жауап беріп отырды.

Ел мүддесі жайында сөз болған маңызды басқосуды қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов көтерілген мәселенің маңызды тұстарына тоқтала келіп, кісі аттарын қазақша жазуды бір жүйеге түсіруді отырысқа қатысқандарға ескертіп тапсырды. Ең алдымен биылғы мектеп бітіретін оқушылардың аты-жөнін тек арада қазақша дұрыстап жазып, құжаттандыруды баса айтты. Осы барыста атқарылатын жұмыстардың облыстық әкімдіктің жіті қадағалауында болатынын да ескертті.

БАҚАНАСТАҒЫ ҚЫЗМЕТ ОРТАЛЫҒЫ

Берекелі Балқаш ауданында тағы бір жаңалық желі тартты. Аудан орталығындағы негізгі көшелердің бірінде тұтынушыларға электр энергиясы қызметін көрсету орталығының ғимараты ашылды.

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС құрылысын салған тұтынушыларға электр энергиясы қызметін көрсету орталығының ғимараты секілді орындар бұған дейін Алматы қаласының бірнеше аудандарында, Қаскелең, Есік қалалары, Ұзынағаш, Шелек және Кеген ауылдарында болған еді. Облыстың көлемінде мұндай бағалы істің қолға алынуы Алматы облыстық әкімдігі тарапынан жан-жақты қолдауды көрсетілген қолдаудың арқасы еді.

Тұтынушыларға электр энергиясы қызметін көрсету орталықтарының бәрі «бір терезе» ұстанымы бойынша жұмыс істейді. Тұтынушы өздерінің барлық мәселелерін бір орында шеше алады. Бұл арада электр энергиясы үшін төлем қабылданады, тұрмыстық тұтынушылар есепшоттары тексеріледі, заңды тұлғалардың төлем есептері тексеріледі, сондай-ақ заңды тұлғалардың электр қуатын алу көрсеткіштері, есебі салыстырылады, электр қуатын пайдалану шарттары бекітіледі.

Мұндай жаңалықтың өмірге жолдама алуы тұрғындарға қызмет көрсету сапасын жаңа деңгейге көтереді. Ғимараттың ашылу салтанатында «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС бас директорының тұтынушылармен жұмыс жөніндегі орынбасары Лариса Бугаева осы орталықтың ашылуы ең алдымен жұмыс сапасын, тұтынушыларға қызмет көрсету мәдениетін әр елді мекенде жақсартады, деп атап өтті. Он бір маман жеті мыңға жуық тұтынушыларға қызмет көрсетеді. Бұлардың ішінде 160 заңды тұлға және алты мыңнан астам электр қуатын тұрмыстық тұрғыда пайдаланушылар бар.

Үстіміздегі жылы Балқаш ауданы тұрғындарының саны статистикалық мәліметтерге қарағанда, отыз мыңнан асып отыр. Басты мақсат – ақпаратты кеңінен тарата отырып, есеп төлемін айырысуға және шарт жасасуға кететін уақытты барынша қысқарту.

Салтанатты жиынға Алматы облысы бойынша энергия қуатын тарату департаментінің басқарушысы Болат Құлатаев, әкімшілік-шаруашылық департаментінің басқарушысы Алексей Чумаков, Балқаш ауданы әкімінің орынбасары Есенгелді Айдарбеков, «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалының өкілі Зәуреш Демеуқұлова, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС Балқаш аудандық бөлімшесінің басшысы Оразбек Өмірәев қатысты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

БАЛҚАШ АУДАНЫ.

●ОТБАСЫ

ЖЕТІМДЕР ҮЙІНДЕ КӘРІС БАЛАСЫ ЖОҚ

дейді «дөңгелек үстелге» қатысушылардың бірі

Халықаралық отбасы күніне орай үшінші жыл облысымызда «Ортақ шаңырақ аясында» дәстүрлі фестиваль өтуде. Осы шараның негізінде «Достық үйінде» «Қазақстан көрейлері қауымдастығы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Талдықорған аймақтық филиалымен бірігіп ұйымдастырылған «Отбасы дәстүрлері және жалпыадами құндылықтары» атты «дөңгелек үстел» болып өтті.

Оған Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбайұлы, облыстық ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев, облыстық балалар құқықтарын қорғау департаменті директорының орынбасары Самғат Долаев, Талдықорған ардагерлер кеңесінің мүшесі Шүйкен Қинябаева, облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Жанқүміс Жәменке, «Ұлағат» ақсақалдар алқасының төрайымы Светлана Гаитова және қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысты.

Отбасы – қоғамның негізгі құрастырушы бөлігі. Ал отбасы жауапкершілігі, жұптық жарасым дегендердің бәрі шаңырақтың алтын діңгектері. Екі жастың отасып, шаңырақ құруы – отбасының салт-дәстүрлік негізін қалап, оны жүйелеп, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп қалдырған. Сол бойынша үйдегі адамдардың өзіндік орны мен атқаратын қызметі, отбасы үшін жауапкершілігі бар. Егер де ол орындалмайтын немесе бұзылатын болса, отбасының берекесі кетеді. Оны күйреуге әкеліп соқтырады. Ал мұны болдырмаудың сара жолы – жұптық жарасым, өзара түсіністік пен сыйластық. Қазақ отбасында ер мен әйел – шаңырақтың негізгі іргетасы. Бұл іргетас үйленумен қаланып, нығаяды. «Қазақстан көрейлері қауымдастығы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Талдықорған аймақтық филиалымен бірігіп «Достық үйінде» ұйымдастырылған «Отбасы дәстүрлері және жалпыадами құндылықтары» атты «дөңгелек үстел» осы негізге бағытталды.

«Дөңгелек үстелді» «Қазақстан көрейлері қауымдастығы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Талдықорған аймақтық филиалының төрағасы Владимир Ли ашып, жүргізіп отырды. Өз сөзінде ол отбасының құндылықтары жайында сөз етіп, еліміздің ертеңгі тұтқасын ұстар жастарымыздың тәрбиелі де тәлімді болып өсуіне отбасының маңызды рол атқаратынын тілге тиек етті.

Мұнан соң сөз сөйлеген облыстық корей этномәдени бірлестігінің ақсақалдар алқасының төрағасы Борис Ли кешегі мен бүгінгі отбасының тәлім-тәрбиеге қаншалықты көңіл бөліп отырғаны жөнінде сөз етті. Сондай-ақ, корей елінің салт-дәстүрі жөнінде айтып келіп, сөз орайында бүгінгі таңда жетімдер үйінде тастанды сәбилердің көбейгендігін, бірақ олардың арасында бірде-бір кәріс баласының жоқтығын айтты. Негізінде, қазақ халқы да жетімі мен жесірін жылатпаған ел ғой. Ал, бүгін бәрі де басқаша өрбіп келе жатқандай ма дейсіз? Кәрістердің баласын жетімдер үйіне өткізбеуіне қарап, расында да балалар үйінде бірде-бір кәріс баласы жоқ па деген ой жетегінде қаласыз. Бұл жай ғана айтыла салған сөз емес, әркімді де ойлантарлық мәселе...

«Дөңгелек үстелге» қатысушы қонақтар үшін отбасы жайындағы арнайы бейнеролик және әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша дайындалған «Отбасы Неке Балалар» тақырыбындағы слайдтар көрсетілді. Жиынға келген қатысушылардың бәрі өткізіліп отырған тақырып аясында түщымды ойлар айтып, келелі мәселелер көтерді.

С. ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

«Ортақ шаңырақ аясында»

дәстүрлі III облыстық фестивалі

Дамыған елдердің көпшілігі 15 мамырда Халықаралық отбасы күнін атап өтеді. Аталмыш мерекені тойлау облыс орталығы Талдықорған қаласында да жалғасын тауып келеді.

Жыл сайынғы дәстүр бойынша биыл да Алматы облыстық Қазақстан халықтар Ассамблеясының «Ортақ шаңырақ аясында» атты дәстүрлі III облыстық фестивалі «Достық үйінде» атауымен өтілді. Биылғы байқаудың ерекшелігі сол, оған қатысқан отбасылар "Алматы облысы бойынша қамтылғандығы Ал" ең жақсы кітаптың тек қана Талдықорған ауылы бойынша қатысқырылып, байқауға бар-жоғы 5-6 отбасы ғана ат салысатын еді. Биылғы байқауда инет білдірушілердің де саны артып отыр. Мақсаты – ұлтаралық ынтымақтастықты нығайту, әр ұлт өкілдерінің отбасылық достығын қалыптастыру, қазақ елі мен өзге де ұлт өкілдерінің тарихы және мәдени құндылықтарын насихаттау, келешек ұрпақтың жан дүниесі мен эстетикалық тәрбиесін, этномәдени бірлестіктердің жұмысын жандандыру болып отыр.

Байқау шарты бойынша қатысушылар төрт бөлімнен сұрыпбей өтуі тиіс. «Біздің шаңырақ», «Өнерім – өрісім», «Базарлық», «Ас – адамның арқауы» деп аталатын әр бөлім негізі бойынша сынға түскен қатысушылар бір-бірімен асып түсіресе, кем түспеді. Алайда, байқаудың өз жеңімпаздары болуы шарт. Сонымен, сынға түскен он бір отбасының ішінде Алакөл ауданы бойынша қатысқан Хутиевтар, Кексу ауданынан келген Бектұровтар және Қарасай ауданынан Дүрсүновтар отбасы бірінші дәрежелі дипломмен, ал, Талдықорған қаласынан қатысқан Гилко «Нұр Отан» ХДП-ның, Үйғыр ауданынан келген Шәкеевтар отбасы облыстық тілдерді дамыту басқармасының грамотасымен марапатталды.

Сәрби ӘЙТЕНОВА.

●КЕЛБЕТ

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН

Сарқан ауданының Құрметті азаматы Қанатжан Исабеков туралы толғаныс

Адам баласы туа бітті бір сүрініп, бір тұрып, кедергімен күресуге, алға ұмтылуға, таңғажайыпқа таңырқап, ізгілікті қастерлеуге, өзінде жоқты іздеп, тыңсымды зерттеуге жаратылған көрінеді. Жеңістер мен жеңілістерден тұратын осы өмір жолында сандаған адамдармен кездесің, жүздесесің, кейбірін екінші рет көрместей түңілесің, енді бірмен дидарласу арқылы көңілдің көкжиегі кеңейіп, жаның жасарып, жадырап, марқаясың. Бақытқа орай, осы топтағы өмірлік шұғыла шашатын жақсы адамдарды жиі жолықтырған тағдырыма тәнті боласың.

Қанатжан ағамен танысқанымыз осыдан он екі жыл бұрын басталды. Қызмет бабымен Сарқанға көшіп келгенде алғаш амандасып, әңгімелескен сәттерде ағаларымның бірі – пікірлесуші жанға барлай, зерделей қарап, әр сөзін салмақтап жеткізетін Қанатжан Құспанұлы болатын. Басқосуларда мейманына қарата айтатын «мәртебелі» деп бастайтын лебізі төңірегіндегілер осы көшеметке сай болса деген ізгі ниеттен тумадан жатағының бірте-бірте сезіндік. Танысқанымыз білістікке ұласқан шақта баладай тәза пейілін, ағайынға деген жолдей мейірін, өмір хақындағы зерде-зейінін біз де бағамдадық.

Аудандағы ірі кәсіпорындардың бірі – «Қанатжан и К» деп аталатын жолдаушылар тасымалдау кәсіпорынының бүгінгі жетістігін ұжымның басшысы Жалел Болатханұлы Сасанбаев бұл кәсіпорынның өткенімен, далпрек айтсақ, бір кезде екі жүзге жуық адам еңбек еткен жолдаушылар тасымалдау кәсіпорнын 30 жыл басқарған Қанатжан Исабековтің есімімен байланыстыра әңгімелейді.

– Бұдан отыз жыл бұрын зайыбым екеуміз оқу бітіргеннен кейін Сарқан ауданына жас маман болып келдік. Баспанамен қамтамасыз ететін жұмыстың реті боп қоймады. Қанатжан аға бізді құжаттарымызбен танысқаннан кейін бірден өз мекемесіне жұмысқа шақырды. Көп ұзамай баспаналы да болдық. Содан бері осы кісінің талімгерлігімен ересен-еркеннен келеміз. 1998 жылы денсаулығына байланысты зейнеткерлікке шыққанын кейін мені орнына қалдырды. Қанатжан ағаның бір ерлігі сол – тоқсаныншы жылдардың басында шаруашылықтардың бәрі тоз-тоз болып жатқанда Сарқан автокөлік кәсіпорнын сол күйінде сақтап қалды. Кейіннен мен бұл мекемені жекешелендірдім. Жоғарғы жақтағылардың кейбір қарсылығына қарамастан ЖШС-нің атын «Қанатжан» деп жалғызды, – дейді Жалел Сасанбаев.

– Қанатжан Құспанұлы Исабеков 1939 жылы Андреев ауданына қарасты Комсомол селосында дүниеге келген. 1959-62 жылдары әскер қатарында болады. 1968 жылы Қазақ ауыл шаруашылығы институтының ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетін бітірген соң Талдықорған облысында мал дәрігерлігі және бордақылау шаруашылығының бас инженері қызметін атқарады. 1969 жылы Сарқан аудандық автокөлік кәсіпорны бастығының орынбасары болып тағайындалады. 1970 жылдан 1998 жылға дейін жолаушылар тасымалдау кәсіпорны болып қайта құрылған ұжымды үздіксіз басқарды.

Ұзақ жылғы жемісті еңбегі лайықты бағаланды. Ол «Еңбек ардагері», «Тың және тыңайған жерлерді игергендігі үшін» медальдарымен, КПСС Орталық Комитетінің, Бүкілодақтық кәсіподақ кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. 1989 жылы, 19 маусымда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Қанатжан Исабековке «Қазақстанның еңбек сіңірген қолөнер қызметкері» атағы берілді. 2000 жылы Сарқан аудандық мәслихатының шешімімен «Сарқан ауданының Құрметті азаматы» атанды. Қанатжан Құспанұлы «Қанатжан» ЖШС директорлар кеңесінің Құрметті төрағасы. Зайыбы – Дарига Әмірханқызы екеуі үш бала өсіріп-жеткізіп, үш келін сүйіп, бұл күндері немерелерінің қызығын көруде.



1969 жылы Сарқан қаласында жолаушылар автобустары үшін парк салу жөнінде Қазақ ССР Көлік министрлігінің арнайы бұйрығы шығады. Оның директорлығына тағайындалған Қанатжан Исабеков қанша талпынса да құрылыс жұмысы қаржының жоқтығынан алға жылжымайды. «Іздегенге сұраған» дегендей, бір күні Алакөл ауданы сайлаушыларымен кездесу үшін сол кездегі Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы Бәйкен Әшімов келе қалады. Осы кездесу алдында Қанатжан ағаға Бәйкен Әшімұлынан өтінш қабылдауды өтінеді.

– Белгіленген уақытта мені қабылдаған төрағаға 150 автобуска арналған парк құрылысы үшін қанша қаражат қажет екенін сұрады. Оны бұған дейін ойланбағандықтан мөлшермен «400 мың сом» деп қойып салдым. Кейін білсем, бұл жұмыстар үшін 250 мың сом керек екен. Бірақ Б. Әшімов манайындағылардың қарсылығына қарамастан аталған қаржымен қоса парктің төбесін жабуға қажетті өте зәру металды да бөлгізді, – дейді Қанатжан Құспанұлы.

Қанатжан аға жеті белесті бағындырып, 70 жасқа келіп отыр. «Егер ұйқымдан аман-есен оянса, ешқашан соғыс көрмесе, жалғыздық азабын тартпаса сол адам бақытты» дейді ол балаларымен кеңескенде. Өз бақытын еңбегімен сомдаған ақсақал ағалар аман болғай!

Жомарт ИГІМАН.

САРҚАН АУДАНЫ.

Шежірелі ЖАМБЫЛ елі

Соңы. Басы 1-бетте.

Білім саласы бойынша 90 млн. теңгеге Балғабек Қыдырбекұлы атындағы орта мектеп, 70 млн. теңгеге Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектеп күрделі жөндеуден өткізілді.

Емлеу мекемелері бойынша аудандық орталық ауруханаға әкімшілік корпусын күрделі жөндеуден өткізуге 50 млн. теңге бөлінді. Мәдениет саласында Сүйінбай әдеби-мемориалды мұражайын күрделі жөндеуге 40 млн. теңге қаржы қарастырылды. Ауыл жолдарының ескірін кеткені жөніндегі тұрғындар тілегі ескерілп, жол жөндеу жұмыстарына 275 млн. теңге, абаттандыру және көгалдандыру шараларына 67 млн. 248 мың теңге қаржы бөлінді.

Ауданымызға жасалып жатқан осындай үлкен мемлекеттік қолдау Елбасымыз жүргізіп отырған сарабдал саясатпен қатар облыс әкімі Серік Әбікенұлының толассыз көмегінің нәтижесінде жүзеге асуда.

Ауданда халықтың рухани байлығын дамыту шаралары тұрақты түрде жүргізілуде. Жыл басынан бері Жамбыл Жабаевтың туған күніне арналған дәстүрлі Жамбыл күні, асыл дәнді сынығы кәдірменді ақсақалымыз Әлімқұл Жамбыловтың, журналист-жазушы Орысбай Әбдіқадырының, күмән көмей әншіміз Үлжан Айнақұлованың, айтыскер ақын Әуелбек Ысқақтың, ақын Рәтбек Терлікбаевтың шығармашылық кештері ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді.

Селолық округтердің аудан орталығында мәдениет күндерін өткізу де дәстүрге айналды. Мәдениет күндерінің қорытындысы шығарылып, жеңімпаздарды марапаттау да талапқа сай ұйымдастырылуда.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелерін атап өту шаралары аудандағы барлық ұлттың белсенді қатысуымен өткізілді, – деп атап өтті Лаззат Махатұлы. Бұдан соң аудан шеберлерінің қолынан туған "Жетісу Қоркыты" атанған Құттыбай баба қобызының суретін облыс әкімдігіне сыйға тартты.

Келесі кезекте сөз алған "Қаттыбай" шаруа қожалығының төрағасы Мұратбек Базарбаева биылғы жыл жанбырлы болып, егін шаруашылығына қолайлылық туғандығын айтып өтті. Сонымен қатар аудандағы мал басының саны көбейіп, соңғы 4 айда ірі қара 13, қой мен ешкі 3, жылқы 15 пайызға өскендігін жеткізді. Халықты әлеуметтік қолдау да жүйелі жүргізіліп, бүгінгі таңда аудандық әкімдіктің белгілеуімен тұрмысы төмен 9 отбасы дүкен нелеріне бекітіліп берілгендігін тілге тиек етті.

"Нұр Отан" съезінің делегаты әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2-курс студенті Әлия Қаркожаева жастарды қолдауда атқарылып жатқан игі істерге тоқтала отырып, Елбасы өткізген жиынға және бүгінгі облыс орталығындағы аудан күндеріне қатысуға мүмкіндік алып отырғандығына шын жүрегімен ризашылық сезімін білдірді.

Жыр дүлділі Сүйінбай атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы Данияр Рахымбаев жырдан шашу шашып, баба жолын жалғастырған ұрпақтың қандай болатындығын таныстырды.

Жамбыл баба қолігі – Талдықорған төрінде

Әкімдіктегі қабылдаудан соң орталық алаңда жайғасқан мәдениет күні талдықорғандықтар үшін ерекше ұмытылмас сәт сыйлады. Жамбылдықтардың үлкен шашуы – 62 жыл мұражайда сақтаулы тұрған жыр алыбының 1938 жылы Калинин табыс еткен "Москвич" машинасы еді. Алғашқылар қатарында шыққан қолікті қайта жаңартудан өткізген аудандық әкімдік Талдықорғанның орталық алаңында жүргізіп, жетісулық жұртшылықты Жәкең рухымен табыстырғандай болды. Оны ұстап, сипап көруге асық болған халық "Жамбыл бабаның аруағы қолдасын, жыр алыбының тамшыдай таланты жұлысты болсын", деген тілектерін айтып жатты.

Жамбыл бабаның қолігін жұртшылыққа таныстырудан бұрын аудан өнерпаздарының қатысуымен театрландырылған көрініс қойылды. Онда Мәскеуден оралған жыр алыбын қарсы алу сәті сахналанып, Жамбыл баба ролін талантты әнші, Жамбыл аудандық Мәдениет үйінің директоры Ермек Шаштайұлы сомдады.

Бұдан соң ән-жыр шашуына ұласқан концерттік бағдарламаны тыңдай отырып, жиналған көпшілік ауданның даму үрдісі мен салт-дәстүр, мәдениетін паш ететін арнайы көрмені тамашалады.

Ерекше әсем табиғатты, Алатаудың бауырайында орналасқан тәулы өлке осы көркемдікті эспеттейтін суретшілерден де кенде емес. Әділқазылар алқасы аудан суретшілерінің көрмесін тамашалады. Мұнда Үмбеталі орта мектебінің мұғалімі, суретші әрі ақын Әуелбек Ысқақтың тың туындылары қойылған. Ол тарихи жанрларға қалам сілтеуімен ерекшеленеді. Әсіресе, "Тұмар Ханшайым", "Ашина" сынды туындылары көркемдігімен көз тартады. Сол сияқты эпостық жанрды шығармашылығының өзегі еткен Рысқұлов мектебінің жас суретшісі А.Өмірзаков, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі М. Ахметов туындылары да көрермен көзін жаулайды. Көрмені ұйымдастырушы, Уәлиханов атындағы орта мектептің мұғалімі, суретші Бауыржан Ермекбаевтың туындылары "Сұлутөбе", "Кешкұрым" сынды майлы бояудан салынған табиғат суреттерімен дараланып тұрды.

Жамбыл ауданлық "Әйелдерді қолдау орталығы" қоғамдық бірлестігі де ісмер жандардың қолынан шыққан үй тұрмысына қажетті бұйымдарды алып келуімен ерекшеленді. Әшімова Қамар апаның тіккен қос ақжу мен жүзіктің суреті кестеленген махаббат көрпесі, басқа да талғаммен тігілген ұлттық нақыштағы дүниелері көрген жанды қызықтырмай қоймайды. "Жасұлан" шығармашылық ортасы да оқушылар қолынан шыққан туындыларды ала келген. Онда киізден жасалған қазақ үй, түйе, құршақ, ұлттық киімдегі қыз бен жігіт бейнесі, матаға салынған сурет көріністері бар. Бірнеше ұлттың басы қосылған, татулық, бірлікті өмірлік ұстанымы етіп қарайтын ауданда халықтар достығы айрықша әспеттеледі. Сондықтан да бұл күні шарға орыс, ұйғыр, түрік мәдени-ұлттық орталықтары өз үлесін қосты. Олар ұлттық салт-дәстүрінен көріністер көрсетіп, ұлттық тағамнан дастарқан құрды, ән-биден шашу шашты.

"Шеберлер ауылы" деп аталатын ағаштан түрлі тұрмыска қажетті заттарды жасауды жас ұрпаққа үйретуді мақсат тұтқан енді бір көрмеде Ұзынағаш ауылындағы Науырзбай батыр Құтпанбетұлы атындағы мектептің шебер қолдар үйірмесі оқушыларының шығармашылық жұмыстары қойылған. Оны ұйымдастырып әкелуге және оқушыларды қолөнерге баулуда аталған мектептің технология пәнінің мұғалімдері Қарлыға Жұмабаева мен Серік Сәрсебаевтың еңбегі зор.

"Таңбалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық мұражайының елімізі үшін маңызы зор. Осыған орай көрмеге осы мұражайдағы таңбалы тас суреттері қойылып, оның мазмұны түсіндіріліп. Осы тарихи ескерткіштерге көпшіліктің назары ауып, әрбіріне жете мән беріп, сырын ұғуға тырысудағы тарихи жаңғырғарға деген ел құрметі бізді таңті етті. Мұражайда 3 мыңға жуық питомник бар. Онда әртүрлі ағаш бейнесі, жылқының, бұқаның сынрлың, теңбіл бұқаның, құлан аулаған адамның, тағы басқа да ашшылық суреттер бар. Бес топқа бөлінген осы халықтық туындының көпшілік талқысына сала отырып, мұражай директоры Сабырғали Кемелбаев "Қазақта мәдениет, өнер болмаған деп қалай айтуға болады. Бұл таска салынған мәңгілік өшпес бейнелер бізділ елдігіміздің белгісі. Соны мақтан тұтуымыз керек. Таяпалы тастарына салынған суреттің және бір ерекшелігі оның таңертеңгі, түскі және кешкі мезгілде әртүрлі реңге беленіп, түсінің өзгеріп тұруы. Оған осы тастарды көзімен көріп, сырына қанықпан адам ғана шын бағасын бере алады," – деп ой бөлісті.

Ауданның мәдениет күнінде қазақтың ұлттық салт-дәстүріне ерекше орын берілді. "Ақ әжелер", "Сыбаға" отауларын ата-баба дәстүрін дәріптеуге алдына жан салмады. Онда не жоқ дерсіз? Ұлттық қолөнер үлгілерін көрсеткен отау жабдығында түскиіз, ұлттық киім, қасқыр, түлкі терілері және шиіктері, қорамсақ, аяқкап, кесекап, үлкен торсық, қымыз, шұбат ішуге арналған ағаш тостағандар, ертоқым, жүген, сайман, сандық, бесік, жүк жапқыш, түскиіз, сырмақ, кебеже, құрақ көрпелер, кестелі жапқыштар, бақан, келі, келсапқа дейін қойылған. Осы ұлттық туындылардың шаң етуге Күміс Кемелбекова бастаған "Ақ әжелер" ансамблінің сіңірі зор. Халық күрмет тұтқан Күміс әжеміз – қазақтың ұлттық өнері, этнографиясы мен тұрмыстық қолданыс бұйымдарының Франциядағы Қазақстан өнері күндерінде қатысқан ұлттық салт-дәстүр білгірі.

Осындай білгір ата-әжелеріміз, Еңбек Ері Құдайбия Тоқсейітова, халық әншісі Әлімқұл Жамбылов, сазгер Жодасхан Құрмысов, ақын Есенқұл Жақыпбеков бастаған топ Талдықорған қаласында өстен кетпес ауданның мәдениет күні өткізді. Онда Жамбыл ауданлық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Ермек Жұматаевтың жетекшілігімен кешті Жамбыл жерінің әншілері Айман, Шолпан Дауытовалар, Ермек Шаштайұлы, Жамбылдың келіндері, тағы басқа да жас өнерпаздардың орындауындағы сазды әндер Талдықорған төрінде қалықтады. Жыр сүлейі Сүйінбай мен Жамбылдың өлең-термелері орындалып, бабалар рухын асқақтата түсті. Ауданның мәдениет күні жастарға арналған бір кеші және отшашумен түнің бір уағына дейін жалғасты.

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ № 139 (17408) сенбі, 11 желтоқсан, 2010 жыл ■ Бағасы келісімді

◈ *Премьер-Министрдің жұмыс сапары*

СПОРТТЫҚ КЕШЕНДЕР АЗИАДАҒА ДАЙЫН

Санаулы күндерден соң өз мәресіне жететін қысқы VII Азиада ойындарына деген дайындық жұмыстары қызу қарқын алған. Әсіресе, облысымыздың аумағы ақ бас Алатаудың етегінен орын тепкен Ақбұлақ шаңғы, биатлон стадионы мен «Табаған» спорттық-сауықтыру кешенінің бұл тұрғыда алатын орны ерекше. Әлемнің назарын өзіне аударып отырған айтулы шараның жоғары деңгейде өтуі үшін Мемлекет басшысынан бастап, жергілікті әкімшілікке дейін жарғақ құлақтары жастыққа тиместен жіті қадағалап отыруы заңдылық та. Осы мақсатпен бейсенбі күні Премьер-Министр Кәрім МӘСІМОВ Алматы облысы мен Алматы қаласына жұмыс сапары барысында Азиада ойындары өтетін Спорт кешендерін аралап көрді.



Шолпан ЖҰМАДІЛОВА, "Жетісу"

Құрамында бірқатар министрліктің басшылары бар делегацияны бастаған Үкімет басшысының алғашқы аялдаған жері Ақбұлақ шаңғы, биатлон стадионы болды. Аталмыш стадион құрылысын салуға мемлекеттің қаржысынан 13,1 миллиард теңге қаржы бөлінген. 24, 5 гектар жерді алып жатқан алып кешенде әрқайсысы 3000 адамға арналған шаңғы және биатлон стадионы салынған. Бұл күндері ұсақ-түйек жұмыстары болмаса жалпы ғимарат құрылысы 100 пайызға аяқталған. Нысанда халықаралық инспекторлар тарапынан сертификаттау бағытындағы жұмыстар жүргізілуде. Премьер-Министрге Спорт кешенінің іші-сыртын жіті таныстырған Спорт және туризм министрі Темірхан Досмұхамбетов:

– Бұл құрылыс нысанында тек Азиада ойындарын ғана емес әлемдік чемпионаттарды да өткізуге барлық жағдай бар, – деген мақтанышын жеткізе кетті.

Азиада ойындарында әлемнің жеті мемлекетінен келетін спортшыларды қабылдайтын «Табаған» спорттық-сауықтыру кешенінің де құрылысы бұл күндері толық аяқталған. Жалпы құны 185, 8 миллион теңге қаражат жұмсалған кешеннің құрылысын «Контракт-Тур» ЖШС-і жүргізген. Фристайлдан жарыс өткізу үшін FIS техникалық делегаттары тарапынан гомологациядан сәтті өтіп, сәйкестігі туралы сертификаты алынды. Сейтіп, спорттық алаңдарды байқаудан өткізген техникалық делегаттар, тау баурайы фристайл мен могулдан жарыс өткізу үшін техникалық және халықаралық ережелерге сай екендігін растаған.

Спорттық кешендерді аралап көрген Кәрім Мәсімов мырза кешкісін Алматы қаласы әкімдігінде өткен жиында Азиада ойындарының дайындығына «қанағаттанарлық» деген баға берді.

Суретті түсірген Жеңіс ҚЫСҚАБАЙ.

◈ *Халықаралық конференция*

Қара шаңырақтың қадірі

ат пен заттың үндестігінде

Халқымыз жаратқан ұлы тәйыр мәдени мұра әрқашан бейжай қалдырмайды. Бірақ, көп жағдайда кәсіпшіл көп мұрағаттарымыздан айырылып қалдық. Ата-бабаларымыздың тұнық ойынан шыққан айтуға жеңіл, құлаққа жылы естілетін жер-су, елді мекен атауларын алмастырдық. Тіпті, қазақ даласына ешқандай еңбегі сіңбеген, қараңғылығымыздың жемісін таныған өзге елдің өзбырларын да ерекше сезіммен еске алуға тура келді. Сондай-ақ, есімдері, шын қазақ азаматтарының аты-жөнін жазуда – ов, – ев, – ова, – ева сияқты аффикстерді қолданып, тілімізді шұбарладық. Айта берсең кете береді.

Қажет АНДАС, "Жетісу"

Ал тәуелсіздік алғаннан кейін өтек-жеңімділ түрін, ұлттық құндылығымызды түгендей бастаңыз едік, «Ағайынның аты оғанша, ауылдастың тайы озғыш» дейтін қазақы кеңпейілділіктің орнын жақынына жан тартып, атасының атағын шығаруды мақсат еткен мүдешілік өтек алды. Көшеге сол өңірде қалыпты ғұмыр кешкен адамның аты берілсе, оқу орындарын бір кездері сол мектепті басқарғандардың есімі еншіленді. Ономастика мәселесі шырға түсті. Қысқасы, Қадыр ақыс: «Халық деген мықты ғой, керек болса, кезінде, қолдан жасап алады әулиенің өзін де», – дегендей, нәрестеге ат қоюда да еңкілдеп деп берер емеспіз. Арамызда аты-шулы Саддам Хусейін де, кашкын Бен Ладен де, Обама да жүр. ЕҚЫҰ саммитінде тұған баласына Саммитхан деп ат қойған ата-ананы ақпарат құралдары арқылы естідік, ертең Азияда туылады. Тере берсең, кете береді. Қысқасы, бүгінгі онемастикалық қал-ахуалымыз осымай болып барады. Бұл жағдай Мәжілістен өтіп, Сенатты алаңдата бастады. Сондықтан ономастика тақырыбы бүгінгі күннің түйткілді мәселесіне айналып отыр.

Осы түйткілдің түйінін шешуді мақсат еткен «Қазақ ономастикасы: басым бағыттар мен үлгілі үрдістер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция Жетісу жерінде өтті. Әділмен шараны Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті ұйымдастырғанын айта кетелік. Оған Мәжіліс депутаттары, әкімдік өкілдері, республикадағы барлық облыстық, қалалық тілдерді дамыту саласының басшылары, әр деңгейдегі әкімшіліктің ономастикаға жауапты мамандары, осы саланы тергеп жүрген ғалымдар, Алматы облысының аудан, қала әкімдері, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің басшылары, БАҚ өкілдері шақырылды. Олардың арасында өз елдеріндегі ономастикалық жағдайдың бары мен барын алға тартқан Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен келген ғалымдар да болды.

Жер кәлірі мен ел беделін өсіретін маңызды басқосудың Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің тергеуі, филология ғылымдарының докторы, профессор **Бауыржан ОМАРОВ** (суретте) жүргізіп алдымен конференцияның Жетісу жерінде шақырылу мақсатына тоқталды.

– Кәй нәрсенің де алдымен аты, содан кейін заты идея түседі. Ат пен заттың үйлесімділігі сақталғанда жерде, көкте ономастикалық мәселе ешқашан туғын туғызбайды. Жетісудың жүрегі – Талдықорған қаласында аты мен заты үйлесімді бір әдемі ғимарат бой көтерді. Сөз қадірін білетін жұрт тілге арнап әдемі сарай салды. Бұрынғы билеушілер өздеріне сәнгаштық ғимарат тұрғызатын. Сол сарай биліктің үйіне де, үйіне де айналатын. Ол үйге сарай ақындары жиналатын. Яғни, Тіл сарайға қызмет ететін. Ал Жетісу жағалап әлемді тамсандырып, тілге қызмет ететін сарай салды. Кейде бесікте, кейде есікте жүрген Тіл сарайға кірді.

Елбасы Арқа төсінен қала салса, Серік Үмбетов Тілге арнап сарай соқты. Тілдің тұтқасы да, төсегі де бар еді. Тоқпағы да, төсегі де бар еді. Иесі де, киесі де бар еді. Жоқшысы да, жанашыры да бар еді. Берекесі де, мерекесі де бар еді. Бірақ, сарайы жоқ еді. Екі, міне, соған да ие болдық. Оның тұсауын Елбасымыз кесті. Сондықтан тіл тағдырына қатысты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияны осында өткізсек дейтін ойға тоқтадық, – деді ол сөзін түйіндеп.

Одан әрі басқосудың мәні мен маңызы сұмдықтай кеңіп, сөз кезегін облыс әкімі, қазақ руханиятының жанашыры **Серік ҮМБЕТОВКЕ** берді.

Жадыра жүз, жарқын кабинеден мінберге көтерілген облыс әкімі әңгіме тетіне тетігін елдің әлеуметтік, экономикалық жағдайынан бастады. Осылай өрбітудің де өзіндік жөні бар. Өйткені облыстық әкімдікте жиын залына лық толған адамдардың арасында өзге елдерден, елімізің басқа облыстарынан келген өкілдер отыр. Бұл облыс әкімі жиі айтатын «Азаматына қарап, жуылып таны» деген ескірмес есті нақылға да сай келеді.

Өңір басшысы шаралы облыстың кешегі жылдары индустрияланып, даму мен өркендеудің жаңа арнасын түскендігін нақты мысалдармен таратып, талдап айтты. Көп өндірістер қайталай іске қосылып, жаңа жұмыс орындары ашылуда. Шағын және орта бизнес дамуға жолға түсті. Соның нәтижесінде бүгінде өнірімізде рухани құндылықтар да назардан тыс қалмаған. Облыстың орталық қаласы қазақы сипатқа көшіп, қазақ үйлері бой көтеріп, дастарқан мәзірі ұлттық тағамдарға толды. Талдықорғанды өтетін аудандардың мәдениет күндерінде қанішама тағылым бар. «Аталған – ұлағат» атты ақсақалдар жиыны мен ақжаулықты әжелердің байқаулары өскелең ұрпаққа үлгі мен өнеге беруде. Қабанбай батыр, Қазыбек Жалайыр, Суйінбай бабаларымызбен Панфилов ауданындағы Ербол Сыпатаев пен Ләззат Асановаының ескерткіштері кейінгі жастарға тәрбие көзі. Сондай-ақ, жетісулық қаламгерлердің кітабын шығаруға да қаражат таба білуде. Осы жайларды шолып өткен облыс басшысы енді кезекте ономастика мәселесінің өзектілігіне тоқталды:

(Соңы 2-бетте).

◈ *Сүйіншіті хабар*

Ардагерлер үйлі болды

Алматы облысы орталығының сәні мен салтанатына өзіндік айшықты рең берген «Қаратал» шағын ауданында 45 пәтерлі коммуналдық үй мен 20 пәтерлі жалдық үй пайдалануға берілді, осыған орай ұйымдастырылған салтанатты рәсімге облыс және қала басшылары қатысты. Жиналған жұртшылық арасында болған баспана алушылар өздеріне берілген тұрмысқа қолайлы пәтерлердің кілттерін облыс әкімі Серік Үмбетовтің қолынан алды. Өздерің арасында жасы 104-ке келген абыз ақсақал Жақып Дәуітов, қалың қазақтың көңіліне «Тақиялы періште» көркем фильміндегі Тайлақ бейнесімен жаттаулы қалған әуесқой киноактер әлімғали Раймбековтер болды.

Болат АБАҒАН, "Жетісу"

Облыс әкімі өзінің осынау қуанышты да салтанатты сәтке байланысты құттықтау сөзін жұртшылыққа төмендегіше жеткізді:

– Өздеріңіз күә болып жүргендей, жыл сайын осындай уақытта – Ел тәуелсіздігі мерекесі қарсаңында Талдықорғанда қоныстойын тойлайтындардың қатары көбейіп, мерейіміз тасып жатады. Бұл – қазіргі кезде тек облыс орталығына ғана тән емес, облыстағы барлық қалалар мен аудан орталықтарында да осындай несиелік, жалдық және коммуналдық үйлер салуға нақты кеңіл бөлініп отырғандығының арқасында екені сөзсіз. Мұнда бірінші кезекте жас отбасылар мен мемлекеттік, бюджеттік мекемелер қызметкерлерінің, еңбек және соғыс ардагерлерінің баспаналы болуларына баса назар аударазмыз. Бүгін мен дәрігерлер мен ұстаздардың және жылдан жылы пәтер күткен ардагерлердің шаңырақтарындағы шаттықты сатке күй болғанына қуанамын. Алдағы кездері де осындай көп қабатты үйлер салынатын болады. Жыл басынан бері Талдықорған қаласында 890 млн. 122 мың теңгеге 5 көп пәтерлі үй пайдалануға берілді. Амандық болса, кепер жолы тоқпақтын Тәуелсіздігімздің 20 жылдық мерекесі қарсаңында да тұрғындар қуанышын еселейміз. Осы жетістіктердің барлығы Елбасының сарабдал саясаты мен ұтымды басшылығының арқасы екенін естен шығармайық. Бүгінгідей берекелі әрі мерекелі күндер көп болсын! Қуанышларыңыз құтты болып, баспаналарыңыз бақыт пен шаттыққа толсын!» – деген облыс әкімі баспаналы болғандармен бірге жаңа пәтерлерді аралап көрді. Құрылысшылардың жұмысына жоғары бағасын берді. Гасыр жасынан асқан ұлағыз ақсақал жиналған жұртшылыққа ақ батасын беріп, Елбасына және оның тапсырмасын жүзеге асырып жүрген облыс, қала басшыларына алғысын арнады. Әлімғазы Раймбеков атамыз да өзінің жүрекжарды тілегін білдірді.

◈ *Инвестиция*

Жоғары технологиялы кеңсе ашылды



Темекі өнімдерін шығаратын «Japan Tobacco International» (JTI) компаниясының Қазақстандағы бөлімшесі Алматы облысының Іле ауданы аумағында жаңа кеңсесін ашты. Салтанатты рәсімге Алматы облысының әкімі Серік ҮМБЕТОВ пен ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары қатысты.

Нысан құрылысы үстіміздегі жылдың ақпан айынан басталған болатын. Ғимаратқа қажетті жылу да, жарық та күн сәулесінен алынады. Шатыры ашылатын кеңседе күн сәулесінен автоматты түрде көлеңкелеу технологиясы қолданылады. Іле ауданындағы кеңсе – осындай озық үлгідегі заманауи технологиямен жабдықталған еліміздегі алғашқы ғимарат.

Ауа райының өзгерістерін жылдам сезетін қуат сақтау тетіктері жылдың салқын мезгілінде бөлме ішіндегі жылуды бірқалыпты ұстап, сақтап тұрады. Қабырға ішінде жылыту элементтері орнатылған.

Кеңсе жобасының бас мердігері – Германия, Канада, АҚШ, Люксембург, тағы басқа да мемлекеттерде өзіндік қолтаңбасын қалдырған, жоспарлауда, сәулеттік және дизайнерлік жасалымдарды жүзеге асыруда жарты ғасырлық тәжірибесі бар «Pasucha Klepzig» атты неміс сәулет бюросы. Сегіз мың шаршы метрді алып жатқан ауқымды ғимаратта 8 мәжіліс залы және тренингтер үшін арнайы бөлме қарастырылған.

JTI компаниясының бас атқарушы директорының орынбасары Ясуши Шингайдың сөзіне қарағанда, компания Қазақстан бюджетіне 120 миллионнан астам доллар инвестиция салған. «Біз болашақта осы бағыттардағы жұмыстарға баса назар аударып, басымдық береміз. Бүгінгі кеңсенің ашылуынан-ақ Қазақстандағы жұмысымыздың қысқа мерзімге жоспарланбағанын байқап отырған боларсыздар. Қазіргі кезде Қазақстан экономикасын әртараптандыру бағдарламасы жүзеге асуда. Біз де осы бағдарламаға үлес қосатын компаниялар қатарындамыз және Қазақстан экономикасымен бірге өсіп-өркендегіміз келеді», – деді Я. Шингай.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

АПТА ТЫНЫСЫ

7 желтоқсанда Талдықорған қаласында ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің ұйымдастыруымен «Қазақ ономастикасы: басым бағыттар мен үлгілі үрдістер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференцияға облыс әкімі Серік Үмбетов қатысты.

8 желтоқсанда облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқановтың қатысуымен «Мемлекеттік тілді оқыту: гүлденістер мен тәжірибелер» атты республикалық семинар өтті.

8 желтоқсанда облыс әкімі Серік Үмбетов Талдықорған қаласындағы 45 пәтерлі коммуналдық және 20 пәтерлі жалға берілетін үйлердің кілтін тапсырды.

9 желтоқсанда спорттық мекемелердің Қысқы Азия ойындарына дайындығын көру мақсатында Алматы облысына жұмыс сапарымен келген ҚР Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов Талғар ауданында болды.

10 желтоқсанда Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында облыс әкімінің жүлдесі үшін «Көшбасшы - 2010» номинациясы бойынша салтанатты марапаттау жиыны өтті.

11 желтоқсанда «Жастар» Спорт сарайында Қазақстан Республикасы Күбогы үшін ерлер және әйелдер арасында еркін күрестен жарыстың ашылу салтанаты өтті.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

◈ *Облыстық әкімдікте*

Жақында облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық БАТАЛОВТЫҢ төрағалық етуімен облыстағы автомобиль жолдары бойында орналасқан қызмет көрсету нысандарының дамуы жағдайына байланысты жиын өтті. Оған облыс прокурорының орынбасары Нұрлыхан Құлтаев және «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының және облыстық деңгейдегі басқармалар мен департаменттердің басшылары, аудан әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ нысандар қадағаланады

Айгүл БАЙБОСЫНОВА, "Жетісу"

Отырысты облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов ашып, жүргізіп отырды. Жиынға қатысушылар аталмыш тақырып аясындағы мәселелерді кеңінен талқыға салып, оның шешілу жолдарын қарастырды. Кеңес барысында жол жиегіндегі кейбір қызмет көрсету нысандарының заңсыз салынып, оның орналасу жағдайының талапқа сай еместігі баса айтылды. Өкінішке орай, бұл талаптың орындалуына кейбір кәсіпкерлердің немқұрайды қарайтындығы туралы тілге тиек етілді. Тіпті, заң талаптарын ерескел бұза отырып, құрылысты қарқынды жүргізіп жатқандардың да бар екендігі назарға алынды.

Осы орайда прокуратура қызметкерлерінің тексеру барысында кәптеген заң бұзушылық анықталған. Нәтижесінде Талғар мен Еңбекшіқазақ аудандарында жол бойындағы ережеге бұзған екі ғимараттың құрылысы тоқтатылатын болды.

Республикалық маңызы бар жолдардың негізгі белігі Алматы маңындағы аудандардың еншісінде. Сондықтан бір шаруа қала аумағындағы айналты өркендетуге арналған бас жоспарға сәйкес болуы шарт. Мәселен өр шақырым сайын жол жиегінде жанар-жағармай техникалық жөндеу орталығы мен жанармай құятын станцияның керек еместігі құлақтандырылды. Алдағы уақытта жергілікті әкімшілік пен полиция қызметкерлерінің қатысуымен жүргізілетін рейдтік тексерулер кезінде осы мәселеге ерекше назар аударылмақ.

– Біз құрылысты қалай болса солай салатын кезеңнен өттік. Нысан салуға бекіген екенсің, оның дамыған елдерлердегідей квартарлық дәрежеде салынуы қадағаланасын. Қазіргі кезде интернеттен жобаның қандай түрін іздесең де қиналмай табуға болады. Сәулетшілер жобаны бекіткенде оның сыртқы көрінісі мен әдемілігіне ерекше назар аударғаны абзал. Тіпті, мандайшадағы жазуға дейін мән берілсін. Жалпы, жол жиегіндегі нысандарда еш мін болмауы керек. Сонда ғана қызмет көрсету деңгейі артып, жұмыс жанданады. Сондай-ақ, Батыс Еуропа – Батыс Қытай жолы өтетін жерлерде бой көтеретін ғимараттар да мұқият тексерулерден өткізілсін. Болашақта жол бойындағы заман талабына сай кемпирәйтін қонақүйлер мен дамыған дүкендер мен жанармай құю бекеттерінің қаптап кетпеуіне жол бермеу қажеттігі ескерілсін. Сондықтан әрбір кәсіпкер шаруаны бастар алдында ең алдымен жол бойында салынатын ғимараттың кісі қызығып, арнайы тоқтайтындай етіп жасауы тиіс. Осы шарттың орындалу барысы басты назарға алынсын, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов.

Мәжіліс соңында осы мәселенің тағы бір рет талқылау үшін аудан әкімдері мен сәулетшілердің басқосуы өтетін болып келісілді.

Баспасөз - 2011

Төл басылым төрімізде



Асхат ДОСМҰХАМБЕТОВ, «Нұр Отан» ХДП Ақсу аудандық филиалы төрағасының орынбасары:

– Бала кезімнен өлең-жырға ғашық болып өскендіктен бе, қадамгерлер қауымына деген құрметім ежелден ерекше. Содан болар, мерзімді басылымдарды қалт жібермей, жаңалық атаулыға құлақ түріп отыратын әдет қалыптасқан. Бұл орайда республикалық басылымдармен бірге өзіміздің «Жетісу» газетіне ерекше ден қоямын. Бұрындары мектеп басшысы бола жүріп «Жетісуды» тәрбие құралы ретінде көбірек пайдалансақ, енді саяси жұмысқа араласқан уақытта алғашқы бетінен соңғы парағына дейін сүзіп шығатын болғанмын. Себебі, біздің партияның төрағасы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев талап етіп отырғандай «Нұр Отан» үшін ешнәрсе бейтарап қалмауы керек. Елдегі, әлемдегі саяси шаралар, экономикадағы өзгерістер, әлеуметтік сала, білім мен денсаулық мәселелері, тіпті жекелеген адамдардың басына түскен қиындықтар болсын, бәрі біздің назарымыздан тысқары қалмауы тиіс.

Ең бастысы облыстың аға басылымынан осы сұранысымызға жауап беретін қажетті материалдарымыздың бәрін де таба аламыз. Сондықтан да болар, «Жетісу» біз үшін жай ғана ақпарат құралы емес, күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған. Аудандағы партия мүшелерінің барлығы төл басылымды түгелдей жаздырып алатынына сенімдімін.

(3-бетке назар аударыңыз).

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.



Баспасөзге жазылу аяқталуға жақын, асығыңыз ағайын!

КҰТ ҚОНДЫРДЫҢ ҚАЗАҒЫМА БАРЫСЫМ!

Әлеуметтік қолдау



Суретті түсірген А. КӘКЕЕВ.

Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Үмсын БАЛАБИЕВА:

ЕЛ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗІ

Кез келген елдің өсіп-еркендеуі онда тұратын халықтың тұрмыс-тіршілігімен өлшенеді. Соған орай адам ресурстарын дамыту және халықтың өмір сүру сапасын арттыру – мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы. Соңғы жылда елімізде зейнетақы, жалақы, жәрдемақы мөлшерін кезең-кезеңімен өсіру, тұрмысы төмен отбасылар мен көп балалы аналарды әлеуметтік қорғау тұрақты түрде жүзеге асырылуда. Әлеуметтік тұрғыда назар аударуды қажет ететін отбасыларды қолдау мақсатында белгіленген қаржының мөлшері де жыл өткен сайын артып, осы жылы 5,3 млрд. теңгені құрады. Сондай-ақ облысымызда өзгеуаз топтағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету де басты жолға қойылған. Жыл басынан бері 125,7 мыңнан астам аз қамтамасыз етілген азаматтарға 1 млрд. 582 млн. теңгеге әлеуметтік көмек көрсетілді.

Облыс әкімінің гранты бойынша 350 балаға 80,5 млн. теңге қаржы бөлінді. Сондай-ақ, ауылдық жерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру саласының мамандарына, спорт, мәдениет саласының қызметкерлеріне отын сатып алуға өтемақы төленуде. Оған бюджеттен 265,8 млн. теңге қарастырылған.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды оңалту шараларына бөлінген қаржы да жыл өткен сайын артуда. Ағымдағы жылы облыстың шипажайларында 723 адам өз денсаулығын жақсартса, оған бюджеттен 57,8 млн. теңге қаражат бөлінді. Сондай-ақ, 234 қоларба сатып алу үшін 8,7 млн. теңге жұмсалды. Мұнымен бірге мүгедек жандар протездік-ортопедиялық, сурдологиялық, тифлотехникалық, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етіліп, жеке көмекшінің, ымдау тілі мамандарының қызметтері ұсынылды.

«Жол картасы» бағдарламасы бойынша да біршама жұмыс атқарылды. Облыста барлығы 31568 жаңа жұмыс орны ашылса, соның 14139 «Жол картасы» аясында құрылды.

Жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген және әлеуметтік қорғауды қажет ететін азаматтарға әлеуметтік жұмыс орындары ұйымдастырылды. 2010 жылы нысаналы топтардағы жұмыссыздар үшін жергілікті бюджет қаржысы есебінен 397 әлеуметтік жұмыс орны құрылды. Ал «Жол картасы» шеңберінде әлеуметтік жұмыс орындарын құруға республикалық бюджеттен қосымша 216 млн. теңге қаржы бөлініп, бағдарламаның ауқымы кеңейтілді. Жыл басынан халықтың нысаналы тобы арасынан әлеуметтік жұмыс орындарына 2146 адам жіберіліп, уақытша жұмыспен қамтылды. Жұмыспен қамту органдарына жүгінген 16-29 жас аралығындағы жұмыссыздар арасынан 1852 маман «Жастар тәжірибесіне» қатысты. Оған республикалық бюджеттен 168 млн. теңге қарастырылды. Кадрларды даярлау, қайта даярлау бағдарламасы бойынша 4500 адам оқуға жіберілді, олардың 1200-і жұмыспен қамту органдарына тіркелген жұмыссыздар.

Өлемде түрлі дағдарыстарға қарамастан мемлекетіміздің әлеуметтік салаға, халықтың әлеуметтік жағдайына қатысты ұстанған саясаты, сол саясат негізінде жүргізілген жатқан әлеуметтік бағыттағы реформалары еш өзгеріске ұшыраған жоқ. Демек, халықтың әлеуметтік жағдайы мемлекеттің басты назарында тұр.

Дана халқымыздың: «Кеменің қай жерде келе жатқандығынан қай бағытқа жылжып бара жатқандығы маңыздырақ» демекші, бүгінгі күні әлеуметтік бағыттағы бағдарымызға болжау жасап, алдағы жоспарымызды айқындаудамыз. Алдағы жылда да әлеуметтік салада өзгерістер көп болмақ. Ылайым сол күнге аман-есен жетейік. Өткен жылға өкпеміз жоқ. Келер жылдан да күтер үмітіміз көп. Баршаңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Отбасыларыңыз аман, еліміз тыныш болғай!

Өзгелерге өнеге

Тіл сарайы тіл мерейін емес, өніріміздегі талапты жастардың бағын ашатын, елді мекендердің өнері мен өнегесін өсіретін тақырыпқа айналатынына еш күмән жоқ. Оны биылғы жылы өткен байқаулардан-ақ байқауға болады. Тіл сарайындағы осындай байқауларда топ жарған жүлдегерлер республикалық деңгейдегі бәсекелерде жақсы қорытын көрініп, облыс мерейін өсіре түсті.

Қажет АНДАС,
«Жетісу»

ТІЛ МЕРЕЙІ ТАСЫДЫ

Ағымдағы жылы облыстық тіл басқармасының ұйымдастыруымен мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуді мақсат еткен 13 байқау өткізілді. Оған аудан, қалаларда өткен сайыстарда топ жарған үміткерлер қатысып, бары мен базарын ортаға салды. Осы ретте, «Тіл – барлық білімнің кілті» атты оқушылар арасындағы сында Талдықорған қаласындағы қазақ-түрік лицейінің 10-сынып оқушысы Данияр Кенжеханов, «Балдырғандар үшін қазақ тілі» байқауында қаратолдық Алма Жакеева, көркемсөз оқу шеберлерінің сынында ақсулық Бағлан Жүнісов, «Абай оқуларында» жарқенттік Н. Герасимова, «Тілдарын – 2010» облыстық олимпиадасында көксулық Айдос Бостан, «Тіл – халық жанын танудың кілті» байқауында талғарлық Вера Ушакова жеңіс тұғырынан көрініп, мерейленді. Ал «Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік тіл» атты мемлекеттік қызметшілер арасындағы облыстық байқауда облыстық мекемелер арасынан облыстық қазынашылық департаменті бас жүлдеger атанса, қала, аудан әкімдіктері қатарынан Қарасай ауданы топ жарды. Сондай-ақ, Қарасай ауандық мемлекеттік тілді оқыту орталығының директоры Ділда Әбілқасымова «Қазақ тілінің үздік оқытушысы» байқауында облыстық сында бас жүлдені иеленсе, «Мемлекеттік тіл және бұқаралық ақпарат құралдары» байқауында «Алатау» газетінің тілшісі Баян Жандбаева үздік автор, «Жетісу» телеарнасы үздік телеарна, тағы бірнеше басылым үздік басылым болып танылды. «Қазақстаным – ортақ шаңырағым» атты облыстық тіл фестивалінде Талдықорған қаласы бас жүлдені жеңіп алды. Сонымен қатар, осы жылдағы байқаулардың ішінде ең бір тартысқа толы, талабы мен шарты сай келген жыр додада – ақмық ақын Мұқағали Мақатаев атындағы облыстық жазба ақындар байқауында облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Нүсіпбай Әбдірахым бас жүлдеger атанды.

Тағы бір қуана отырып, күлшына жазатын жетістік – жерлестеріміз тілдік шаралар бойынша өткен республикалық байқауларда 7 жүлдені қоржынға салды. Атап айтар болсақ, Шымкент қаласында өткен «Қанеки, тілім, сөйлеші» байқауында Өбдіғани Бөзілған Астана қаласындағы Ресей ғылым және мәдениет орталығында өткен басекеде Талдықорған қаласындағы қазақ-түрік лицейінің 10-сынып оқушысы Данияр Кенжеханов, көркемсөз оқу шеберлерінің республикалық байқауында Бағлан Жүнісов жүлдеger атанса, «Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік тіл» атты мемлекеттік қызметшілер арасындағы республикалық байқауда облыстық қазынашылық департаменті бірінші орынды жеңіп алды. «Отбасы – алтын діңгек» республикалық байқауында Жамбыл ауданындағы Сембаевтар отбасы, «Қазақ тілінің үздік оқытушысы» республикалық байқауында Қарасай аудандық мемлекеттік тілді оқыту орталығының директоры Ділда Әбілқасымова, «Тіл – халық жанын тануның кілті» атты республикалық байқауында талғарлық Вера Ушакова жүлделі орындарды иеленіп, облысымыздың мерейін асқақтатты. Бұлар бұдан бұрынғы жылдары болмаған жетістіктер.

Облысымыздағы «Асыл» мал тұқымын асылдандыру орталығы ЖШС иелігіндегі «Мингинбі» компаниясымен келісім жасап, 39,2 млн. теңге көлемінде ұрықты тұтікшеде қатыратын «германиялық зертханалық құрал-жабдықтар сатып алып, ұрықты жаңа технологияда қатырып дайындау әдісіне көшті.



Алматы қаласында ҚР Ұлттық кітапханасының ұйымдастырумен «Европаға жол: 2009 – 2011» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде «Европаға жол – әркімнің жолы» атты кітапхана ашылды. Ондағы мақсат – Қазақстанның Еуропа елдерімен технология, энергетика, транспорт, техникалық реттеу және метрология, сауда- экономика, шағын және орта бизнесті одығай және тереңдету, сондай-ақ, Қазақстанның құқықтық базасын еуропалық ой тәжірибені пайдалана отырып жетілдіру істерін жүзеге асыру. Кітапхана қорында 1523–2010 жылдар аралығын қамтитын мерзімді 114 тілдегі білімнің түрлі саласына қатысты 5000-нан астам басылымымен танысуға болады.

Өніріміздегі балалар құқықтарын қорғау мақсатында құрылып, 2007 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаменті 2010 жылы да діттеген биігінен көрінді. Нәтижелі жұмыстарға жүрт риза. Әсіресе, еліміздің бірінші ханымы Сара НАЗАРБАЕВАНЫҢ бастамасымен қолға алынған «Өзін-өзі тану» бағдарламасы аясында атқарылған шаралар көңіл қуантарлықтай.

Қайырымдылық – ізгілік

БАЛА ҚҰҚЫҒЫНА БАСА НАЗАР АУДАРЫЛДЫ

Өніріміздегі балалар үйінің екі жүзге жуық тәрбиеленушісі Сара Алпысқызының шәкіртақысымен оқуда. Мұнан өзге педагогтар, құқық қорғау органдары мен прокуратура және ата-аналармен бірлесе атқарылған жұмыстардың нәтижесі де жаман емес. Құқық қорғау органдарының «Ашық есік» күндерін ұйымдастырып, түрғындардан түскен шағымдардың өз деңгейінде шешім табуына әсер етті. Айталық, биыл «Шұғыл бағыт» (27-17-76) желісі бойынша департаментке 94 шағым түссе, аудан, қалалардағы білім бөлімдерінің «Сенім телефонына» 325 адам арызданған. Оларға толық жауап қайтарылған. Осындай өнімді жұмыстардың нәтижесінде көмелетке толмағандар арасындағы қылмыс мөлшері азайыпты. Сондай-ақ, «Мектепке жол» бағдарламасы аясында жағдайы төмен балаларға тиісінше көмек көрсетілуіне мұрындық болды. Көмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 140 рейдтік іс-шара өткізіп, мектепке бармаған 60 баланы анықтап, олардың 34-ін қайтадан партаға отырғызса, 21-ін көмелетке жасы толмағандарды уақытша оқшаулау орталығына орналастырған. Балалардың жазғы демалыс уақытының мәнді ұйымдастырылуын қадағалап, көмекке жиналған қаражат есебінен 521 жетім, 210 жартылай жетім және 13452 аз қамтылған отбасы балаларының демалысын кепілдендірді.

Департамент қызметкерлері қоғамдық шараларға да белсене қатысады. Оған жергілікті және республикалық басылымдарда жарияланған 42 мақала мен телеарналардан көрсетілген 8 бағдарлама дәлел бола алады. Сайып келгенде балалар құқықтарын қорғау бойынша өніріміздегі атқарылған жұмыстар қомақты деуге негіз бар.

Жыл жетістігі

Білім сапасының биігі

Білім беру саласы ағымдағы жылды қомақты нәтижелермен қорытындылады. Ең қуанарлығы, саланың материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатындағы бюджеті 61,1 млрд. теңгені құрады. Аталған қаржының есебінде қырық жұмыстың басы қайырылды. Айталық, 95 мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, 25 нысан «Жол картасы» бағдарламасы бойынша жаңаланды. Облыс мектептері компьютердің соңғы үлгілерімен толық жабдықталып, интернет желісіне де түгел қосылған. Осындай мүмкіндіктің аясында халықаралық зияткерлік жарыстар мен олимпиадаларға қатысатындардың саны өсіп, өніріміздің мерейін асыруда. Оған дәлел ретінде әлемнің 98 мемлекетінен 822 талапты жас қатысқан 51-халықаралық математика олимпиадасында жерлестеріміз Қанат Сатылханов пен Нұрсұлтан Хаджимұратовтардың Алтыннан алқа тағынып, Қазақстан командасын алға шығаруға өз үлестерін қосқанын айтуға болады. Ал облыс бойынша «Алтын белгіден» үміткер болған 370 бітіруші 267-сі немесе 72,2 пайызы өз білімдерін дәлелдей алды. Айрықша аттестатқа үміткер 137 баланың 66-сы өз білімдерін нақтылады. Мектепке дейінгі білім беру мәселесі де терең зерделеп, тыңғылықты жұмыс жасау арқасында балаларды балабақшамен қамту 37 пайызға көтерілді. Сондай-ақ, облыстағы 408 мектепте ұстық тамақ ұйымдастырылып, оқушылардың 65,7 пайызы немесе 190494 бала ыстық тамақпен қамтылған. Сауықтыру демалысы мен уақытын мәнді өткізудің барлық түрімен 221105 бала мен жасөспірім қамтылды. Бұл 1–10-сынып оқушыларының жалпы санының 80,1 пайызын құрайды. Сонымен қатар, айрықша білім алу мұқтаждықтары бар балаларға да қолдау мен көмек жасалды. Қай қырынан келсек те, білім беру саласы бұл жылды қомақты нәтиже, жақсы көрсеткіштермен қорытындылады деп сенімменен айта аламыз.

Қ. ШАКЛИН.



Бәрекелді!

Қашанда алда



Заман талабына сай білім беруді ұйымдастыруда Талдықорған қаласындағы дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын М. Арын атындағы №24 «Экономика және бизнес» арнаулы лицейі педагогикалық ұжымының үлесі зор.

Бүгінгі бізден өңгімеміз лицейдің 11 "А" сынып оқушысы Әли Дауталиннің туралы. Лицейге 5-ші сыныптан бастап арнайы сынақтан өткен балалар қабылданады. Әли сияқты балалар үшін әйлеу жұмысы, ең алдымен, қызықты жаттығу болып табылады.

Қабілеттің қандай түрі болсын өлшеусіз ерен еңбектен туындайды. Мәңдай тер төгілмейінше, ешқандай қабілет жемісін бермейді. Талант сөзінің түп-төркіні грек, латын тілдерінде алшемең ең жоғары белгісі делінеді.

Әлидің тәрбиесіне ата-анасымен бірге атсалысып жүрген лицей ұстаздарының қауымы. Бедел биік білім ордасының бүгінгі ұстаздарының бірі, осы лицейде химия пәнінің мұғалімі (қазір Назарбаев атындағы зияткерлер мектебінде еңбек жолын жалғастыруда) Алмагүл Баймұқашева 5-сыныптан бастап өрбір оқушының бойындағыны, өзін-өзі тануына жағдай туғызды. Әлидің лицейдегі алғашқы жеңістері сыныптағы рейтинг жүйесі бойынша «Ең мықты жұлдызша», «Ең үлгілі топ», «Ең тәртіпті оқушы», «Күнделік тазалығы үшін», «Ең жоғары үлгі алған» номинацияларын жеңіп алған. 6-сыныпта математика апталығында «Озық ойлы тапқырлар» сайысында «Алтын қалпақ» номинациясын жеңіп алды. 7–8 сыныптарда өзін-өзі тәрбиелеу және дамыту картасы бойынша әлі алдына үлкен мақсат қоя білді. Осы кезден бастап Әли сүйікті пәндерін – математика, информатика мен ағылшын тілін тереңдете оқи бастады. 7-сыныпта математика және информатика апталығында «XXI ғасырдың жас математигі» атты сайыстың қорытындысы бойынша жүлдеger атанды. 2008 жылы қалалық, облыстық олимпиадада 9-сыныптар арасында 2- орын, 2009 жылы қалалық, облыстық олимпиадада 1- орын алып, республикалық олимпиадада (Ақтау 2009 ж.) алтын медаль иегері болды. 2008 жылы Бүкілресейлік олимпиадада 3- орын жеңімпазы. Ташкент қаласында өткен халықаралық олимпиадада 3- орын жүлдегері болды. 2009 жылы I- Еуразиялық командалық олимпиадада – күміс медаль. 2010 Халықаралық Жаутиков олимпиадасында – алтын медаль. 2010 жылы Канадада өткен әлемдік олимпиадада – қола медаль иегері атанды. Осындай істерге сәттілік тілей отырып, Әли сияқты балаларымыздың мемлекетіміздің мәртебесін жоғары көтеретініне сенімменен қарамыз. Әли секілді шәкірттеріміз көбейе берсін.

С. ЕРЖУМАНОВ,
лицей психологы.
ТАЛДЫҚОРҒАН.

Ұстаздық еткен жалықпас...

Жұлдызы жанған БАҚЫТНҰР



Суретті түсірген А. КӘКЕЕВ.

Бастауышты тамамдап, жоғары сыныпқа көшкен күннен-ақ алыпрт сөзімге от жағып, әдебиетке құштар еткен, «ел мен жер, дін мен діл иесінің қазақ екендігін, тіліміздің әрдайым төрімізде тұруы керектігін» үнемі құлақтандырып отыратын, тірліктің өміршеңдігі кітаптен ғана бағаланатындығын, әдебиет – сөз өнері екендігін де ең алғаш сол әдебиет пәні мұғалімінің аузынан естіген болатынбыз. Арада талай жыл өтсе де, Рымхан апайдың осы сөздері жүрек түбінде сақталып қалды. Сол құндақтаулы сөзді өзіміздің балаларымызға айтатын да кезең туды. Бұл дегеніңіз, сөз өнерінің мәңгілік ешпейтіндігінің, өлмейтіндігінің, әдебиеттің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатындығының айқын дәлелі. Ғасырларға ұласқан әдебиеттің майын ішкен майталмандар бүгінгі қоғамда да жетіп-артылады. Дей тұрғанмен, өмірін ұстаздықпен ұштастыра отырып, оқушысын әдебиетті сүюге баулып алған мұғалімнің еңбегі ерен емей не дерсіз... Бүгінгі өңгіме орайында орынды жерде ордалы ой айтып, өскелең ұрпаққа тәлімді тәрбие беруге ұмтылған әдебиет пәні мұғалімі Бақытнұр ӘДІЛОВ жайында болмақ.

...Отбасындағы он баланың ішінде кітапқұмар болып өскен ол мұғалім боламын деп еш армандамаған. «Бұл мамандықты таңдауым да кездейсоқтық». – дейді бізбен әңгімесінде Бақытнұр Тәліпұлы. Филология факультетіне түскен кезде оның қандай оқу екендігінен де бейхабар болыпты. Бірақ, сабаққа денден енген, өзінің болашақ тіп мамаңы, филолог болатынын білген түста ойын түбегейлі өзгерткен. Алғашқы сабақ берген күндері мұғалімдікке айқын жол ашты. «Мектепке келіп, сабақ беріп, балалармен араласып кеткен күннен кейін бұл жолдың барынша жақын екендігін сезіндім. Сабақтан бос уақыттарымда балаларымен бірге жүру жаныма жайлылық, жығылық әкелді десем, асыра айтқандық болмас. Ендеше, мұғалім болуыма оның ішінде қазақ әдебиеті пәнін таңдауымды Алланың жазуы деп білемін. Егер Тәңір менің мандайыма жазбаса бала күннен ертегі мен өңгімеге жырға құмар болмас едім». – деп ағынан жарылса, енді бірде: – Баланы қызықтыра білу үшін мол білім керек. Сабақта екі түрлі міндет болады: баланың мақсаты, екіншісі – мұғалімнің мақсаты. Яғни, бала сабаққа келгенде не үйреніп кетемін деп, ал мұғалім не үйретемін деп келуі қажет. Осы екеуін біріктіргенде қоғамдық мақсат туады. Біз тәуелсіз елміз. Ешкімге жалтақтамай өмір сүру керек. Баланы да осы бағытта тәрбиелеуміз абзал деп тағы бір пікірді қалденең тартады.

Оның әр сөзі көңілге қонымды, жүректі де тебрентіп жіберді. Айтар ойы ұшқыр. «Әдебиет пәнінің мұғалімі қандай болуы керек?» дегенге де оның берер жауабы өзір.

«Әдебиет пәнінің мұғалімі өз сабағын эстетикалық жоғары биікке көтеріп әкетпесе, оны мұғалім деп санаудың қажеті шамалы. Бұл пәннің мұғалімі өзгелерден сәйлеу ерекшелігімен дара тұруы керек. Яғни, адамның ақылына ғана емес, жаны мен сезіміне де әсер ететіндей көркем сұлу сәйлей білуі шарт. Осы тұстағы Абайдың:

Ақыл мен ойлап білген сөз,
Бойға жықпас сырғанақ,
Ынталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар. – дегені еркіміз еске түседі. Ендеше, тамырды қуалайтын сөздің парқы мен құдіретін алдымен өзіміз түсінген жөн. Содан кейін ғана баланың бойына сіңіру абзал. Өз бойымыздан өтпей тұрып ешнәрсені дәлелдей де, жеткізе де алмайсың.

Әдебиет – жазушылардың шығармасын толтап беріп оқыту емес, әрі тоқпақтап оқытудың қажеті шамалы. Өйткені әр шығармада белгілі бір адамның тағдыры, мұңы мен сағынышы, қайғысы мен қуанышы, махаббаты мен ғадауаты, көзқарасы жатыр. Осының бәрін бала санасына жеткізе білудің өзі мамандығының майталманы екендігінді дәлелдей түседі. Бір сөзбен айтсақ, әдебиет – адамды тәрбиелейтін сала».

Өз уақытын аямай, өзгенің бақытын аялай білген жан ғана нағыз ұстаз демекші, Бақытнұр Тәліпұлы шекірт тәрбиелеуде уақытын аямай қалмады. Арғысын айтпағанда, он бес жылда төлім берген шекірттері республикалық, облыстық олимпиадалар мен «Дарын» қоры ғылыми академиясының жеңімпазы атанды. Олардың арасында шығармашылық ізденісте жүргендері де бар. ал ұстаз жолын құып мектепте мұғалім болып, жоғары оқу орындарында оқытушылық қызметті атқаратындар саны тәттен көп. Бұл тұста ол: «Шәкіртің өзіңмен озса – өмірдің бақыты деген осы». – дейді.

ТҮЙІН ОРНЫНА: «Егер маған өмірді қайта бастауға рұқсат берілсе еш ойланбастан-ақ, осы мамандықты таңдар едім», – дейді Бақытнұр Тәліпұлы. Өмірін ұстаздыққа ұштастырған Бақытнұрдың еңбегі елеусіз қалған жоқ. Соның бірі 2004 жылы Республиканың үздік мұғалімдерін қабылдаған Елбасымен кездесуге бару бақыты оған да бұйырды. Президенттің қабылдауына барғанда тілегін жазып қалдыру шарт. Сол түні көз ілмей, Елбасына арнап өлең жазды. Кездесу соңынан арнау өлеңін сол жерде тұрған сандыққа салып кетті. Арада бір жыл өткенде, нақтырақ айтсақ, 2005 жылдың 20 қаңтарында оны директор кабинетіне шақыртып: «Саған Президенттен хат келіпті», дегенде, айран-асыр болып, есі шығып қалады. Көп тілектің арасынан Бақытнұрдың өлеңіне жауап жазу... бұл оның үш ұйықтаса түсіне де кірмеген. Жазған өлеңге риза болған Нұрсұлтан Назарбаев Алғыс хатында былай депті: «Маған әдетте өзім жайлы жазылған өлеңдер көп түсіп жатады. Бірақ, сіздің өлеңіңіз солардың арасындағы болмыс-бітімі өзгешелеу, көркем әрі басымды жазылған шығармалардың бірі екен. Қазақ әдебиеті пәні бойынша жақсы маман екендігіңіз жазылған жырыңыздан байқалып тұр деп айтуға болады. Жас жеткіншектеріміз білімді, сауатты, әдебиет пен өнерге жақын болуы үшін мектептерде өзіңіздей білікті ұстаздар көп болса екен деп армандаймын. Ізет, құрметіңізге ризамын. Сізге зор денсаулық, қиын да қастерлі қызметіңізге мол табыстар тілеймін» депті.

Қарапайым ұстаз үшін бұдан артық мақтау, мадақтау бар ма? Бұдан кейінгі жылда да жеткен жетістіктері аз емес. Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасымен марапатталып, ҚР Білім беру ісіне еңбегі сіңген Құрметті қызметкері атағын алды. Ол бүгінде Алматы қаласындағы Ш. Смағұлов атындағы облыстық мектеп-интернатында еңбек етуде.

2010 жылда Бақытнұр Тәліпұлының еңбегі жанды десе де болады. Облыс әкімі грантын жеңіп алумен бірге, «Жыл мұғалімі» атанып, екі бөлмелі пәтерді иеленді. Мұнымен қоса ҚР Білім және ғылым министрлігі арқылы Қарағанды қаласына арнайы тәжірибесін таратты. Сол секілді Алматы облысының білім басқармасы да оның жұмысына үлкен назар аударып, насихаттауға мүмкіндік берді. Бір сөзбен айтқанда, Бақытнұрдың жұлдызы жанып, айы оңынан туды. Алдағы жылдарда да жетістікке жетіп, еңбегіңіз бағалана берсін, ұлағатты ұстаз!

Сарби ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Қаратал ауданы Оян ауылында тұратын асқар тәуелсіз әскерімізге қамқор азамат **ҚАМАРОВ Атбақты** мерейлі 70 жасқа толуымен құттықтаймыз! Ардақтымызға осындай асуларынан биікте, алда болатын мерей жастарыңызды ортамызда күлімдеп қарсы алып беріңіз деген ақ тілегімізді айтамыз.

Барлығымыз қадірлі жан өмір бойы адал еңбек етіп, толымды көрсеткіштері үшін «Еңбек данкы» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталды. Ұл-қыздарын ардақ өсіріп, бүгінде немерелерін еркелетіп отырған бақытты ата.

Құтты болсын мерейлі *Биіктесін алда да*
70 деген жасыңыз! *Шығар белес-беліңіз.*
Алда тоқсан, жүз деген *Ортамызда жадырап*
Асулардан асыңыз. *Аман жүре беріңіз.*

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: ұл-қыздары, күйеу балалары, келіндері мен немерелері.

Еңбекшіқазақ ауданы Жаңаөзек ауылында тұратын, осы ауданда «Алаш» агрофирмасы кешенінде ауыл шаруашылығы директоры болып қызмет жасайтын әкеміз **ИГІЛІКОВ Медетхан Әбдіғалиұлын** 50 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз, оған зор денсаулық, мол бақыт, бала-шағаларының қызығын көруге, жалғасын өмір, ажымас қайрат, талмас қуат тілейміз.



Арналады өзіңе өлең-өнер,
Бәйтеректей жайқалып
көгере бер!
Қосағыңмен жүз жасап, қоса ағарып,
Қуаныш пен қызыққа бөлене бер.
Елу деген толы той мен думанға ,
Тау секілді көрінеді тұлғаң да
Құшақ-құшақ гүлін алып келіпті,
Ақ көңілмен бауыр, туыс-туған да.
Елу деген – ес тоқтату, есею,
Елу деген – елдің жүгін көтеру.
Туған күнмен құттықтаймыз өзіңді,
Қанжығаңа ілінсін деп қос елу.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: жан-жары – Назығүл ұл-қыздары, күйеу баласы, немерелері – Әлихан, Әділ.

Райымбек ауданы Саржал ауылының тұрғыны **НЕМБЕРДИНОВА Сағымжан Шәріпқалиқызын** 12 наурыз күнімен және 60 жасқа толған мерейлі тойымен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ өмір тілеп, мына жыр жолдарын арнаймыз.



Татулық бұл, сыйластық бұл не деген,
Қырық екі жыл бірге тұру еңбекпен.
Бүгін міне, өзің де әже атанып,
Етегіңе оралып жүр немерең.
Жанұяңда бола берсін жарасым,
Балаларыңның балып жүрсің баласын.
Еңеңіздің жасын берін бір Алла,
Шөберелеріңіз шашыңызды тарасын.
Уақыт салған қиындықты көп көрдің,
Ұмыт бәрін, ұмыт бәрін өткеннің,
Туған күнің құтты болсын жеңешке,
Гүліндей боп құлпыра бер көктемнің.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: күйеу балаңыз – Бексұлтан, қайын сіңлініз – Құлтай, жиендеріңіз – Ақерке, Ақмарал, Багдат, Ернат, Асхат, Азамат, Алтынай, Ернар.


Талғар қаласының тұрғыны **ОМАРОВ Жексебай Қикымұлын** 13 наурызда 50 жасқа толуымен құттықтаймыз! Деніне саулық, еңбекте табыс, жанұяда бақыт, ел алдында абыройлы, сыйлы, құрметті қадірменді болуына толықтестіктігін тілдеремін.



50 жасың құтты болсын еңселі,
Азамат деп ардақтайды ел сені.
Көрер қызық, шаттық күнің
көп болып,
Ұзақ болсын өміріңнің өлшемі.

Жақсылықпен қарсы алсын көрер күн,
Алғысын ал ардақтаған көп елдің.
Шаңырағың тек шаттықтан тербелін,
Бала-шаға бақытына бөленгін.

ІЗГІ НИЕТПЕН: бауырлары, балалары, туыстары.



ДАНАЛЫҚ

- Адамның атасы бір, жиіркіш көрі басқа.
- Атадан алтау үнсіз де, басының түсер бір жалғыздық.
- Жалғыздың жанғы жоғалса да табылмайды. Көптің оғы жоғалса да табылады.
- Көрай-көрай көп жауса, бұл боран аптты өктірер. Ал кісіні көп кісі (жамаи да болса) бір ойына келтірер.
- Көп ауыз сөйлесе, бір ауыз жоқ болады.
- Көп шұбыллақ не табар, білімшіе бір немесе.

Ұлылардан ұлағат

- Теңдік бітпен жерде достықтың да болуы мүмкін емес. **Д. ОБЕР**
- Достық қызмет көрсету емес, ол үшін алғыс айтпайды. **Г. ДЕРЖАВИН.**
- Достықта оның өзінен басқа ешқандай да өзге есепқисаптар мен ой-ниеттер жоқ. **М. МОНТЕНЬ.**
- Нағыз достық күншілдік дегенді білмейді. **Ф. ЛАРОШФУКО.**
- Нағыз достар болу үшін бір-біріне сенімді болу керек. **Л. ТОЛСТОЙ.**
- Нағыз дос – маған катыстының барінде өзімнен гөрі де көбірек сенетін адам. **М. МОНТЕНЬ.**
- Сенім – достықтың бірінші шарты. **Ж. ЛАБРЮЙЕР.**
- Сенімде, әрине, сақтық қажет, бірақ сенбеуде одан да гөрі сақ болу анағұрлым қажет. **И. ЭТВЕШ.**
- Достық сенімсіздік басталған жерде біткі. **СЕНЕКА.**
- Ең бір зығырданыңды қайнататын қылмыс – достың сенімне қиянат жасау. **Г. ИБСЕН.**
- Үсақ-түйек кемшіліктерді бір-біріне кешіре алатын адамдар ғана шынайы достық байланыста бола алады. **Ж. ЛАБРЮЙЕР.**
- Нағыз дос қана өз досының осалдықтарына төзе алады. **У. ШЕКСПИР.**
- Кемшіліксіз досы болуды тілеген адам достарсыз қалады. **БИАС.**

◈ Ақ бата

АЛЛА ЖАР БОЛСЫН!

Керегеміз кертілмесін,
Өнегені өрт ілмесін.
Тереземіз теңселмесін,
Теріс қылық еңсермесін.

Іріткі сөз шықпасын,
Тұрлаусыздық түйықпасын.
Тілекті – Тәңірім қайтармасын,
Шаңырағымыз шайқалмасын.
Әумин!

Бапкері жоқта қырдң жетім,
Бақ-төрі жоқта ұлан жетім.
Байдан айырылса – қатын жетім,
Жайдан айырылса – жақын жетім.
Баладан айырылса – ана жетім,
Сарадан айырылса – дана жетім.
Қансын қалса – қазан жетім,
Шалықтанса – тазан жетім.
Құдай сені жетімдікке жазбасын,
Түтінің түзу, ошақта отың маздасын!
Әумин.

ЫЛАЖДАП ЖЕЙ БЕРЕЙІК

Сыр өңірінің сүлей жыраулары кете Жүсіп, дүр Омар және Тұрмағамбет ел аралап, ат желдіртіп келе жатады. Үш ақын көшкелі жатқан жалғыз үйге кез болады. Шәлдеген ақындар үй жанап жатқан бойбишеден сұсын сұрайды:

Жүсіп:
– Жеңеше, құйып берші айран маған.
Омар:
– Жоқ болса, тәбаны оны қайдан саған?
Тұрмағамбет:
– Жеңгейдің көп дүниесі артылмапты.
Бар шығар торсық-морсығы байланбаған.
Бәйбіше айран деп майы жоқ сылдыр шалап құйып береді. Ұсынған сусынын дәм татып көріп:
Жүсіп:
– Сұп-сұйық сылдыр айран, келдің қайдан?
Омар:
– Құдай-ау, айырылғанымыз ба абыройдан?
Тұрмағамбет:
– Бұл айран жеңгеймен жұлысып, піспекпен алысам деп,
Айырылып қалыпты той сары майдан, – деп аттанып кеткен жолаушылар намаздыгер шамасында бір байдың үйіне ат басын тірейді. Бай сарап екен, өтірік ауырып жатып қалады да, бәйбіше шай қамына кіріседі.
Ол кезде «қазан жаппай» аталатын жұмсақ нан әкеп қою үрдіс болған, соны ансаған жыраулар:
Жүсіп:
– Жеңешем жаппаған ба, «қазан жаппай?».
Омар:
– Ет орнына сөз қылдық оны мақтай.
Тұрмағамбет:
– Ағалар, «қазан жаппайға» асықпаңыздар,
Сары май әкеп қояр шоқалақтай, – дейді.
Ішектері шұрылдап қашанғы шай іше берсін, шыдамаған соң:
Жүсіп:
–Жігіттер, жолға шықтық азаменен.
Омар:
– Бекіре балық ойнамас сазаменен.
Тұрмағамбет:
– Іш шұрылдап, қарнымыз ашқанменен,
Жеңешемнің ісі жоқ қазанменен.
Жүсіп:
– Қойдың сүті сәуғанмен іркіт болмас.
Омар:
– Бере алмай жас баладан іркіп болмас.
Тұрмағамбет:
– Бәйбішесі құрғыр байдан да сараң екен,
Тұқ білмейтін жандарды түртіп болмас.
Бәйбіше амалдың жоқтығынан қазан көтереді. Дегенмен, семіз етті байқамағансың, қыста сойылған кәрі бураның қатып қалған етін жібітпестен қазанға бір-ақ салады. Бабына жетіп қайнады-ау дегенде қатты етке жүгері ұнынан қалың құртік жасайды. Үш жырау мұны да еленмен қағытады:
Жүсіп:
– Семіз ет асылмады, бізден іркіп.
Омар:
– Қатқан ет жей алмадық тістеп-жұлқып.
Тұрмағамбет:
– Ағалар, ет қатты деп үріктеңдер,
Алдыңа әкеп қойды-ау қалың құртік.
Жүсіп:
– Қалың құртік барады тамақ жыртып.
Омар:
– Ылаждап жей берейік сорпа бұркіп.
Тұрмағамбет:
– Бұл тамақты осы кеш жеп қоймасақ,
Ертеңгісін әкелер тағы ысытып.
«Қой, бәйбіше, қайтадан қазан көтермесең болмас», – деп байекең мал сойғызып, үш ақынды сый-құрметпен аттандырыпты.

МОҢКЕ БІЛІН БОЛЖАМЫ

...Шайдан басқа асы жоқ,
Жақыннан басқа қасы жоқ.
Лағынет қамыты мойнында,
Жұмыстан қолының босы жоқ.
Өркашан да олардың көнілінің хошы жоқ.
Бар шаруға түп-түгел,
Енді мұның иесі жоқ.
Бас қосылған жерде
Өйел жағы ден болар.
Жаман-жақсы айтса да
Өзінікі жөн болар.
Орай салып бастарын,
Жалпылдатып шаштарын,
Тақымдары жалтылдап,
Емшектері салтылдап,
Ұят жағы кем болар.
Орыс, қазақ қосылып
Бір-біріне үйір болар.
Сәйткен заман кез болса,
Түзелуі қиын болар.
Жақсының атағы кетіп, азабы қалар,
Ақылы жоқ санасыздың заманы болар.
Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар,
Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалар...

◈ Білім

Тіл сайысы

Талдықорған қазақ-түрік жасөспірімдер лицейі және қалалық білім бөлімінің ұйытқы болуымен наурыз айының 1-і мен 4-і аралығында «Жарқын болашақ» тақырыбымен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің олимпиадасы өтті.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Аталмыш шара мәнерлеп оқу, ән айту, сахналық қойылым және ғылыми жоба қорғау бағыттары бойынша жүргізілді. Оған қаладағы 18 мектептен 220-дан аса үміткер қатысып, 68 оқушы жүлдегер атанды. Таяуда І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында байқау жеңімпаздарын марапаттау салтанатының куәсі болдық. Салтанатты шарада қалалық білім бөлімінің бастығы Болат Тұрысбеков пен Талдықорған қазақ-түрік жасөспірімдер лицейінің директоры Женгиз Өрс жеңімпаздарды құттықтап, сөз сөйледі.

Байқаудың нәтижесі көрсеткендей, «Мәнерлеп оқу» бағыты бойынша, №6 орта мектептің 8-сынып оқушысы Жомарт Алтанардақ, «Өнші бүлбүлдар» бағыты бойынша дарынды балаларға арналған Мұхтар Арын атындағы №24 арнаулы лицейінің 10-сынып оқушысы Самал Жанатқызы, «Сахна сәнқалқтары» бағытында Мағжан Жұмабаев атындағы №19 мектеп-гимназиясының оқушыларынан құралған команда бас жүлдені жеңіп алса, «Тіл білімі» бағытында №8 орта мектептің 7-сынып оқушысы Алена Бутина, «Жас ғалымдар» бағытында №15 орта мектептің 10-сынып оқушысы Тоғжан Қанабекова бірінші орынды қанжығасына байлады. Сонымен бірге, шараның өтуіне белсене атсалысқан Мағжан Жұмабаев атындағы №19 мектеп-гимназиясы «Үздік мектеп» атағына ие болды. Аталған жүлдегерлерге «Диплом» және бағалы сыйлық табыс етілді.

Марапаттау салтанатына жиылғандар көп болды. Дені мектеп оқушылары болғанымен, олардың терең қызығушылық танытқаны анық. Оның үстіне, шара барысында, жүлдегерлер ән айтып, би билеп, сахналық көріністер көрсетіп, жиналыстың шырайын аша түсті. Көпшілік мұндай байқау жиі өткізіліп тұрса мемлекеттік тілдің мәртебесі арта түседі деген семмен тарады.

Шәмші Қалдаяқов атындағы «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» атты облыстық орындаушылар байқауының ЕРЕЖЕСІ

Байқаудың мақсаты:

Өнөнерін дамыту, дәстүрлі қазақ әндерін орындаушылар арасынан жас талант иелерін анықтау, жастар арасында ән шығармашылығының дамуын қолдау, сондай-ақ қазақ вальсінің каролі, қазақтың дарынды композиторы Шәмші Қалдаяқовтың шығармаларын насихаттау.

Байқаудың шарттары мен талаптары:

– Байқауға 16 жастан 40 жасқа дейінгі орындаушылар қатыса алады.
– Байқауда 2 ән орындалады.
– Әрбір қатысушы Ш. Қалдаяқовтың бір әнін және өз қалауы бойынша бір ән орындайды.
– Ән фонограммамен (минусовка, минидиск) орындалады. Жеңімпаздарды анықтау барысында қазылар алқасы талапкерлердің:
– орындаушылық шеберлігін;
– әннің байқау тақырыбына сәйкестігін;
– музыкалық өңделу деңгейін;
– әннің мәтіні мен әуенінің мазмұндылығын;
– сахна мәдениеті мен киім үлгісін;
– дауыс ырғағы, кеңдігі, дауыс мәнерін ескереді.

Байқауға қатысушы үміткердің жол шығынын, жатын орнын, тамағын жіберуші жақ көтереді.

Жүлдегерлерді марапаттау:

Бас жүлде – 1
Бірінші орын – 1
Екінші орын – 2
Үшінші орын – 2
Ынталандыру жүлдесі – 2

Тапсырылатын құжаттар:

– тиісті мекеменің жолдамасы;
– заңды түрде расталған төлқұжаты, РНН көшірмесі;
– үміткердің өтініші;
– орындаушының өмірбаяны;

Барлық құжаттар 2010 жылдың 1 маусымына дейін мына мекенжайға жолданады: Байқаудың өтетін күні 18 маусымға жоспарланып отыр, қосымша хабарланады.

Алматы облыстық халық шығармашылығы орталығы. Талдықорған қаласы, Ғ. Орманов көшесі, 61-үй, тел : (8-7282) 24-43-28; Факс : 24-34-07.

Мұқағали – мәңгілік ғұмыр

Жиырмасыншы ғасырдың ұлы ақыны Мұқағали Мақатаев топырағынан жаралған қасиетті Қарасаз ауылының құшағы тағы да өлең-жырмен тербетілгендей күйде. Ауылдағы Мәдениет үйінде республикалық «Мұқағали оқулары – 2010» байқауының салтанатты ашылуы болды.

Қарасаз құшақ жайды өреніне

Қазақстанның барлық облысынан, Астана мен Алматы қалаларынан келген 32 үміткерге облыстық білім басқармасының бастығы Л. Базарқұлова, облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Т. Қасымберкебаев, Райымбек ауданы әкімінің орынбасары Е. Қуанышев сәттілік тіледі. Бұдан кейін Қарасаз ауылындағы Мұқағали мұражайының директоры, филология ғылымының кандидаты Жұмаш Өтеев ақын шығармашылығы туралы толғамды баяндамасын жасады.

Республикалық байқаудың салтанатты ашылуынан кейін Қарасаздағы өнер мектебінің шәкірттері мен ұстаздар ұжымы кең бағдарламалы, тартымды концерттерін ұсынды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

(Бұл туралы кеңейтілген мақаланы газетіміздің алдағы сандарынан оқи аласыздар).

ӘДІЛ ТӨРЕЛІК

Өткен ғасырдың орта кезінде кіші жүздің ішінде сөзге жүйрік, тілге шешен, елді аузына қаратқан Бұзаубақ деген адам болыпты.

Ат жетер жердегі ел дау-шарын шетке шығармай, осы кісі арқылы шешіп отырған. Бірде ауылдағы бір байдың шабарманы Бұзекеңе келеді де, арызын тыңдауды өтінеді:

– Шаруаға бас-көз болатын екі кісіміз, екеуміз де санаспай қызмет атқарамыз. Бірақ қожамыз еңбекақы төлегенде қасымдағы жолдасыма көп береді де, маған аз береді, – дейді.

Сал ойланған Бұзекең:

– Жарайды, жауабын кейін қайтарамын. Жүре бер, хабар өзімнен болады, – дейді.

Бірнеше күн өткеннен кейін ауыл шетінде бір керуен қосының түстенін жатқаны мәлім болады. Бұзекең арыз айтқан жігітті шақырып алып:

– Ана керуен қасына барып, жайын біліп кел, – дейді. Жігіт тез барып келеді де:

– Жәрменкеге бара жатыр екен, – дейді.

– Қайдан келе жатыр? – деп сұраса, жігіт оны сұрамаған екен: біліп келейін деп, – қайта шаба жөнеледі.

Барып келіп:

– Ірге құмның күнгей бетіндегі ауылдардан екен, – дейді.

– Сатуға не апара жатыр?

– Ойбай, сұраған жоқ едім, – деп тағы да кетеді.

Келгесін:

– Айдаған малдары, тиеген тері-терсек, жүндері бар екен, – дейді. Жігіттің ісіне қанағаттанбаған Бұзекең:

– Керуеннің басшысы кім екен? – деп сұрайды.

Тағы да шаба жөнелмекші болған жігітті тоқтатып, қасына отырғызады да , Бұзаубақ біреуді жіберіп, байдың екінші шабарманын шақыртып алады. Ешнәрседен хабарсыз келген оны да керуеннің мән-жайын біліп келуге жұмсайды. Ол барып келіп, керуеннің кімдер екенін, қайдан шығып, қайда баратынын, не апара жатқанын, тіпті қай ел, қай рудан екендігін түгел айтып келеді. Бұзекең сонда бірінші жігітке қарап:

– Сен мына жігіттің бір барғанда тындырған ісіне бірнеше рет бардың. Әрі өзіңді қинадың, атыңды болдыртпың, керуеншілердің қайта-қайта мазасын алдың, менің уақытымды бөлдің. Сонда да қанағаттанарлық іс тындырмадың. Осы үшін де артық еңбек сұрамақпысың? – дегенде жігіт ұялғаннан жерге қарапты.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу
e-mail:Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Гүлжан ТҰРСЫН.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 331. ТАРАЛЫМЫ — 42 855 ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы —24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер –27-41-93, заң және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43. Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

◈ ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ...

Абырой биігі

«Ер елдің атын шығарар, ел ердің атын шығарар» деген халқымыздың нақыл сөзі бар емес пе? Сол айтқандай, халқына, еліне адал қызмет ету қазақтың арыс ұлдарының өмірлік қағидасы болды. Қай уақытта да аспай-таспай өзінің кішіпейілділік қалпын, адамгершілік асыл қасиеттерін сақтай білген өндай азаматтарын халқының өзі-ақ төбесіне көтеріп ұстаған. Осындай ардақтыларымыздың бірі, екі жоғары оқу орнын тамамдаған көкіреті ояу азамат Дәнілбек Кеберіков. Биылғы жылы асқаралы 60 жасқа толып отырған ағамыздың отбасына амандық, денсаулық, еңбегіне жемісті тілей отырып, өмір жолы мен еңбек жолына тоқтала кетуді жөн көрдік.



Дәнілбек Жақыпұлы Талғар ауданына қарасты Талдыбұлақ ауылында дүниеге келіп, 10 жылдықты бітірген соң еңбек жолын Алматыдағы мәдени-тұрмыстық нысандарды салумен айналысатын құрылыс-монтаждау басқармасында қарапайым жұмысшыдан бастайды. 1973 жылы Жамбыл қаласындағы Женіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтының Алматы филиалын тұқым өңдеу және сақтау мамандығы бойынша бітіріп шығады. Институттан кейін әскер қатарында болып, Забайкал әскери округінде азаматтық борышын атқарып, елге оралған соң Алматы ин өнімдері базасында машинист, бас механик қызметтерін атқарады. «Өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар» дейді халқымыз. Сол айтқандай Дәкең кішіпейіл мінезінің арқасында қай еңбек ұжымында да сыйлы болды.

«Еңбек еңсені басушы емес, ер кабілетін ашушы» деген де нақыл бар. Осындай есепті еңбегінің арқасында Дәкең Үзынағаш станысының «Күрті» астық қабылдау пунктінде бас инженер қызметін атқарып, содан соң Балтабай астық қабылдау пунктінде бас технолог мамандығы бойынша қызмет істеді. Жекелеген еңбек ұжымдарына ғана емес, бүкіл елімізге қиын тиген жылдарда өзінің табандылығымен, біліктілігімен, еңбексүйгіштігімен, көпшілікпен тіл табыса білетін қасиеттерімен ерекшеленді. Мәселені жүрдім-бардым шешпей, тоқсан ауыз сөздің түйінін ғана айтатын бірсөзді, өтірік-өсекке жоқ, қашанда күлбілтелемей сөздің ашығына көшетін Дәнілбек ағаның ауылшаруашылық жұмыстарын кешенді механикаландыруда, техниканы ұтымды, тиімді пайдалануда іскерлік танытып, Балтабай жүгері зауытының директоры қызметіне дейін көтерілді.

1999 жылдан бастап ҚР АШМ Талғар аудандық аумақтық басқармасының бастығы, кейіннен ауданлық аумақтық инспекцияның бастығы қызметтерін абыроймен атқарды. Ел мен жерінің тірлігін, ұжымының бірлігін ойлайтын Дәкең Талғар топырағынан жаратылған абзал азаматтарға тән асыл қасиетін танытып, ауданымыздың аумақтық саласын алға бастыруда, кадр дайындауда, ірікteуде, тәрбиелеуде көп еңбек сіңірді.

Дәкеннің тәлімін көріп, қарамағында қызмет атқарған шәкірттері қазір облыс, аудан деңгейінде, ауылдық округ әкімдіктерінде жауапты, басшы қызметтер атқаруда. Сөзімізге нақты мысалдар келтіретін болсақ, бұрынғы инспекция бастығының орынбасары Арыншаев Марат Талғар ауданлық ветеринария бөлімінің бастығы, Есжан Баймаш облыстық аумақтық инспекцияның бас маманы болса, Сүлетаев Ерлебұлан Іле ауданлық аумақтық инспекциясының бастығы қызметіне дейін көтерілді.

Мақсаткер жанның жеткен жетістіктері мен игі істері мемлекет тарапынан да ескерусіз қалған жоқ. Әлденеше рет Аумақ шаруашылығы министрлігінің, облыстық аумақтық басқарманың «Алғыс хаттары» мен Құрмет грамоталарымен марапатталды. Дәнілбек ағаның ынтымағы жарасқан, өрісі кеңейген үлгілі жанұя басшысы. Зайыбы – үлкенді ағаны, кішіні іні ретінде сыйлай білетін бұрынғының бибісі, қазіргінің үлгісі Сәуле Мырзатайқызы көп жылдан бері Еңбекшіқазақ аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станcысында абыройлы қызмет атқарып келеді.

Ғұмыр дегең аз уақытқа берілген несие. Атаананың парызы ұрпағының жақсы көрумен, еміреніп сүюмен өтелмейді. Оның мақтанышы – ұрпағына жасаған жақсылығы, қамқорлығы, берген тәлім-тәрбиесі. Осыны терең түсінген Дәнілбек ағаның Сәуле жеңгей екі ұл тәрбиелеп өсіріп, олардан қазірті уақытта екі немере сүйіп, ата мен әже атанып отыр. Үлкен ұлы Дамир Астана қаласында «ҚазМұнайГаз» компаниясында қызмет істесе, кішісі Димаш Талғар ауданлық халыққа қызмет көрсету орталығында абыройлы қызмет атқаруда.

Құрылған кезден бастап бүтінгі күнге дейін Дәнілбек Жақыпұлы басқарып отырған мекеме қазіргі кезде де жауапты жұмыстар атқаруда. Жыл бойы бірімен бірі жалғасып келе беретін ауыл шаруашылығы науқандарының дер кезінде сапалы атқарылуы, төрт түлік малдың тек емес, адамдардың да саулығы, өсімдік қорғау мен мал, астық тұқымын асылдандыру, техниканы дайындау мәселесі ең алдымен осы мекеме жұмысының қалай ұйымдастырылғанына байланысты. Дәкең бұл орайдағы жұмыстарды, жоғарыда атап өткенімздей, ойдағыдай ұйымдастырып келеді. Мерейтой жасына толып отырған білікті басшы, абзал азаматқа табыстарыңыз алдағы уақытта да тасқындап, абыройыңыз арта берсін деген ақ тілегімізді арнаймыз.

ТАЛҒАР АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ ИНСПЕКЦИЯСЫНЫҢ ҰЖЫМЫ.

◈ БАЙҚАУ

Халқымыздың дарыны Алатаудан ары асып, Алашқа ұран болған есімдер жетерлік. Бізден ұлт ретінде сақталып, бүтінгі тәуелсіз ел болуымыздың түп тамыры өсінде жатыр десек қателеспейміз. Енді ел болып еңсеміз көтерілгенде, сол бабаларды қадірлей алмасақ, елдігімізге сын, ертеңіміз бұлыңғыр. Тәубе, бәрін жаманға жоруға болмайды. Байыптап қарасақ, атқарып жатқан істеріміз аз емес. Аталарымыздың аруағын тірілтіп жатқанымызды айтпағанның өзінде, даналарымыздың тағылымын жас ұрпаққа үйретуде бірталай істің бетін қайырдық.



Оралханның жолын қуған

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Таяуда осындай мақсатпен Тіл сарайында Оралхан Бөкей атындағы көркем сөз шеберлерінің облыстық байқауы өтті. Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы тарапынан ұйымдастырылған байқауға аудандық іріктеу турында топ жарған 16-30 жас аралығындағы 20 үміткер қатысып, бақ сынады. Шара ірі дарын иесі Оралхан Бөкейге арналған прологпен басталды. Онда жазушы өмірі мен шығармашылығының маңызды тұстары көрсетілді. Осыдан кейін миберге көтерілген облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың бастығы Тәнірберген Қасымберкебаев үміткерлерді құттықтап, сөз сейледі.

– Оралхан Бөкей атындағы облыстық көркем сөз шеберлерінің 12-ші байқауын алдымен өнер мен мәдениетке деген терең құрметіміз деп білген жөн. Халқымызда: «Өнер алды – қызыл тіл» деген нақыл сөз бар. Мұның өзі ата-бабаларымыздың өнерден бұрын тілді құрметтегенін білдіреді. Аталмыш байқау аудандық, облыстық, республикалық деңгейде өтуде. Ал өмірімізді аудандарда өткен жарыстың жеңімпаздары бүтін сынға түседі. Оның жеңімпазы республикалық байқауда облысымыздың намысын қорғайтын болады. Бұл шараның түпкілікті мақсаты – өскелең ұрпақтың әдебиетке деген қызығушылығын оятып, тілге деген құрметін арттыру. Аудандарда өткен байқауларға жастардың қызығушылықпен қатысқанын байқадым. Оның дені мектеп оқушыларының болғандығы қуантады. Мұның өзі мемлекеттік тілдің қадірін асыратын, оны құдіретті тілге айналдыратын өскелең ұрпақтың өсіп келе жатқанын көрсетеді. Қазір 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасы жасалып жатыр. Ал, осы бағдарламаның жүзеге асуы үшін мұндай байқаулардың алар орны ерекше. Біздің мекеме агымдағы жылы осы мақсатта 15 шара өткізу жоспарлаған еді. Қазір оның 7-сүі сәтті өтіп, жұрт көңілінен шықты. Қалғаны алдағы күнің еншісінде. Бұл туралы БАҚ арқылы оқырмандарға жеткізіп отырдық. Осы ретте, облыс әкімі Серік Үмбетовтің өнер мен мәдениетке деген ерекше қамқорлығын атай кеткен жөн. Ал үміткерлер тамаша өнер еркістін көрсетеді деген ниеттемін, – деді ол.



Байқау болған соң оның өзіндік тәртібі мен шарты және оза шабатыны да болатыны анық. Соған сай байқауға қатысушылар прозалық, драмалық, поэзиялық шығармадан үзінді оқу номинациясы бойынша сынға түсті. Олардың өнеріне «Жетісу» телекомпаниясының бас редакторы Жұмахмет Жайлаубаев, ҚР «Парасат» орденінің иегері Өмірсерік Қалиев, облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың бөлім бастығы Орынбай Шәйкенов, филология ғылымдарының докторы Мұратбек Имангазинов, облыстық мәдениет басқармасының бас маманы Қуаныш Сұлтанұлы төрешілік етті. Нәтижесінде, жалпы есеп бойынша бас жүлдені Ақсу ауданынан келген үміткер Бағлан Жүнісов (үй кинотеатры) жеңіп алса, 1-орынға талғарлық Ақбота Жақыпбек (тележидар), 2-орынға қапшағайлық Қасиет Талғатұлы (бейнекамера), 3-орынға Данияр Ақмолдаев (фотокамера) табан тіреді. Мұнан өзге поэзия жанры бойынша Сарқан ауданынан келген Ансар Еркінбек (DVD), проза жанры бойынша талдықорғандық Меруерт Дүйсенгалиева (микротолқынды пеш), драма жанры бойынша (ескелділік Айдын Бақбергенов (музыкалық орталық) лайықты деп танылды. Басқа қатысушыларға радиотелефондар тарту етілді.

Сонымен шараны қорытындылаған Тәнірберген Қасымақынұлы бас жүлдегер ақсулық Бағлан Жүнісовтің Астана қаласында өтетін республикалық байқауда облысымыздың намысын қорғайтындығын жеткізді. Оған өз сәнар тілеп, біз де аттандық.

Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

◈ ЖАЙДАРМАН ЖАҢАЛЫҚ

«Жарқын әлем» жарқылы

Қуаныш мен жұбаныш қатар жүретін өмірде ер пенденің өз ескегі бар. «Басқа түссе баспақшыл» демекші, әртүрлі себептермен мүгедек атанған жандардың да алдағы күннен үміті зор. Өмірге деген өзгеше құштарлығымен ерекшеленетін олар «Құдай салды, біз көндік» деп өздерін қоғамнан алшақтатпай, қайнаған өмірге мүмкіндігінше белсене араласуға тырысады. Жақында Қарабұлақ кентінде облыстық мүгедек балалар ерікті қоғамдық бірлестігі өткізген «Жарқын әлем» фестивалі бұл сөзімізге дәлел бола алады.

Аталмыш шараға облыстық ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Ғалымсақар Сарыбаев пен облыстық мүгедектер қоғамы бірлестігінің төрайымы Шолпан Сүттібаевалар қатысты. Балалар мен ата-аналар да фестиваль қызықтарын тамашалады. Шараның ашылу салтанатында облыстық мүгедек балалар ерікті қоғамдық бірлестігінің төрайымы Төлеу Қасымбекова балғындарға бақытты балалық шақ пен жарқын болашақ тілеп, қоғамға көмек көрсеткен қайырымды азаматтарға ризашылығын білдірді. Фестиваль аясында балалар ойын ойнап, ән шырқады, би билеп, күй тартты. Тағдыр талқысына бас имей, бойларындағы қабілет-дарындарын жарқырата көрсетуге күш салған бүлдіршіндер жиналған жұртшылықты бөленді. Шара соңында балалар мен фестивальге арнайы келген ата-аналарға ақ дастарқан жайылып, тәтті тағамдар тартылды.

Өздіктерінен бағалауына қарай өнерін паш еткен балаларға жүлделі орындар берілді, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды. Фестивальді тамашалауға келген бүлдіршіндер де бос қайтпады. Бір мезгілде мүмкіндігі шектеулі отбасыларына ақшалай көмек көрсетілді, киім-кешектер таратылды.

Еркегүл БИЕШБАЙҚЫЗЫ.

ҚАРАБҰЛАҚ КЕНТІ,
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ.

◈ ӨНЕГЕ

Киелі Күренбел өңірі сан ғасырлық тарихты бауырына басқан, баурайы құт мекен саналса, енді бірде түлеп ұшқан дарынды ұлдарымен де ардақты. Сол өңірдің бір шетіндегі Бостан ауылын бүгінгі жұрт «ғалымдар» ауылы деп атап кеткен. Өйткені, осы аймақтан шыққан 32 ғалым Қазақстанның өнері мен ғылымына үлес қосып, ел игілігіне асқан талай жаңалықтың жаршысы болды. Қазірде сол дарындардың ізін жалғап, елінің мақтанышына айналып жүргендер аз емес. Осы ретте, ұзақ жыл ұстаздық қызметін абыроймен өтеп, талай шәкіртті тәлеткен Сейсекбай Әлмұхамбетовті атауға болады.

Ұрпақ жалғастығы

Сейсекбай әке жолын жалғап, профессор Науханбай Әлмұхамбетовтің ізбасары бола білді. Сондай-ақ, кадірі мен қасиетін ұстаздықтан іздеді. Бостан ауылында көп жыл мұғалім болып, «Еңбектегі ерлігі» және «Оқу ағарту ісінің үздігі» медалімен марапатталған әкесі Сейтқали мен 11 бала тәрбиелеп өсірген «Ардагер ана» шешесі Заухиядан алған тәлім-тәрбиесін өмірлік ұстанымы еткен зерделі тәлімгер 1956 жылы қыркүйекте дүниеге келді. Қарапайым ауыл баласы ретінде қозы-лақтың соңында жүріп-ақ жақсы мен жаманды, ауыр мен жеңілді ажырататын халге жетті. Еңбек аланындағы белсенділігімен қоса оқуға алғыр еді. Құрбыларының алды бола жүріп, мектептің түрлі шараларының жолбасшысы болды. 1972 жылы Кербұлақ ауданы, Көктал селосындағы Абай атындағы орта мектебін бітірген соң білім іздеп, жаңадан ашылған Қарағанды мемлекеттік университетінің математика факультетіне оқуға түсіп, оны 1977 жылы «Сандар әдісі» мамандығы бойынша жақсы нәтижемен аяқтады. Оқуын бітіре сала әскер қатарына шақырылып, 1997 жылы ауылына оралады. Қазір запастағы капитан.

Әрине, Сейсекбай қазіргі жұмыс орны ЖМУ-де 30 жыл нәтижелі қызмет атқарды. Осы барыста ассистент, оқытушы, аға оқытушы, доцент сияқты басқыштардың бәрінен өтті. Сонымен қатар, оқу орнының әкімшілік қызметіне де белсене атсалысып, жаңа ақпараттық технология, электрорадиотехника және техникалық оқыту кафедрасының меңгерушісі, физика-математика факультетінің оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін табысты атқарды. Бүгіндері кәсіптік білім кафедрасының доценті.

Оның тағы бір қыры – есептеуіш техника немесе компьютермен жұмыс істейтін мамандарды тәрбиелеуде сіңірген еңбегі. Бәріміге мәлім, компьютер алғаш пән ретінде оқытыла бастағанда Талдықорған өңірінде оның қыры мен сырын білетін мамандар санаулы болатын. Осы кезде ол облыстық мұғалімдерді жетілдіру институтында жоғары оқу орындары мен мектептердегі компьютер пәнінен сабақ жүргізетін ұстаздар мен мұғалімдерге «Информатика», «Программалау тілдері», «Мәлметтер қоры», «Жаңа ақпараттық технология» сияқты пәндерден дәріс оқып, тәжір бөлігін техниканы жалпыластруда өзіндік үлес қосты.

Енді бір жағынан, ұстаздықпен қатар ғылым жолындағы ізденісін де ақсатқан жоқ. Осы жылдар аясында 40-қа жуық ғылыми еңбек жазып, оны елімздегі және шет елдердегі ғылыми журналдарға жарнялап, информатика пәнінің пән ретінде қалыптасуына алғашқылардың бірі ретінде көп тер төкті. Қазір де іс-тәжірибесі жинақталған «Сымволдық айналымдармен жұмыс» атты оқу құралы шәкірттер үшін құнды материал ретінде пайдаға асып келеді.

Осындай тынымсыз жұмыстың нәтижесі болар, ұстаз еңбегінің еленген тұстары да көп. Оның бәрін тізіп жазу керек емес шығар. Ол «Қазақстан Республикасының ғылымына қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің иегері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының және елімздегі бірқатар жоғары оқу орындары ректорларының Алғыс хатымен марапатталған.

Халқымызда: «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген нақыл сөз бар. Әрине, бабаларымыз «Артында мал қалғанша, ұлағатынды асыратын ұл қалсын» деп тегін айтпаған шығар. Сейсекбай қоғамдық жұмыстарды атқара жүріп, жары І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің кадр бөлімінің қызметкері Гүлжан Шаукенбайқызымен ынтымағы ұйыған отбасын құрды. Бір қыз, үш ұл тәрбиелеп өсірді. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған олар бүгіндері немерелерінің қызығына қуанып, бал тілше мәз болысады.

Ұрпақ, міне, осылай ретімен жалғаса береді. Өмірде айналаны нұрландыратын да, айналасына шұғыласын шашып түрлендіретін де осындай адамдар. Олар қаракан басының қамын күйттемейді, уақытпен санаспайды, болдым-толдым деп асыптаспайды, Алласы аузынан түсіпей, бәрінен де адамгершілік қасиетті жоғары бағалайды. Алла тағала да осындай жандарды қорғап-қолдап жүретіні анық. Сейсекбай мен Гүлжан, міне, осы қатарда қалыпты тірлік кешіп келеді.

ядүйсен АҢСАБАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Қаржылық сауаттылық

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Қазақстан Республикасы халқының инвестициялық мәдениеті мен қаржылық сауаттылығын арттырудың 2007–2011 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде қаржы және қор нарықтарының негіздері туралы білім беру мақалаларын жариялауды жалғастырады.

Бүгінде қаржылық сауаттылықты арттыру жөнінде айтудың қажеті шамалы. Себебі, нарықтық экономика дәуірінде қаржы тақырыбы қызықтырмайтын адам өзіне өзі нұқсан келтіреді. Қазақстан Республикасы халқының инвестициялық мәдениеті мен қаржылық сауаттылығын арттырудың 2007–2011 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде жүргізілген зерттеу барысында қаржы құралдарының ішіндегі ең танымалысы, бұл – несие. Қаржы құралының дәл осы түрін елдегі халықтың басым көпшілігі қолданады. Жалпы мағынада мұның неге алып келгендігін түсіндіру қажет емес, барлығы соңғы жартыжылдықта басласөз беттерінде айтылды. Тек осы капиталды көбейтудің орнына азайтатын банктік қызмет түрінде деген адамдардың қарым-қатынасы таңғалдырады.

Құрбым, ер айдың басында несиенің орнын толтыруға қажетті қаражат көлемі оған жайбарақат жүргізбейтінін және мұның адамды бір тәртіп бойынша өмір сүруге жүктейтіндігін айтады. Солай десе де, бүгін құрбымның үйінде керек тұжырымның барлығы да бар. Сондай-ақ, ол бірнеше елдерге де саяхатқа шығып келді. Әрине, мұның барлығына ақша жинауым мүмкін емес еді дейді ол. Сондықтан ол кезекті он екінші несиені алуды жоспарлап отыр.

Келесі бір танысым банктің сенімді клиенті атанғаны үшін банктің оған 120 000 теңгелік несие карточкасын ұсынғанын айтып қуанып отыр. Банктердің көпшілігі өз клиенттеріне осылай дей отырып, несие карточкаларын әркімнің-ақ иелену не мүмкіндігі бар екендігін айтады. Дегенмен, мұның қарызға батудың тікелей жолы екендігін барлығы ұға бермес. Қаржылық сауаттылықтың бұған не қатысы бар деген сұрақтың туындауы мүмкін. Осы айтылған екі адамның екеуі де ақылды кісілер. Олар бүгін нарықта не болып жатқанынан хабардар. «Деривативтер», «өтімділік», «андеррайтер» секілді терминдерді жақсы біледі. Дегенмен, халықтың көпшілігі түсіне бермейтін осындай оқиғаларға қаржы терминологияларын білетін адамдардың да тап болуы таңсық емес.

Қаржылық сауаттылық деген – қаржы құралдарының қандай да түрін тек білу қана қою емес, сол білімін сондай-ақ, қолдана білу деген сөз. Жинақтай, сақтай, инвестициялай білу – яғни, өз қаражатыңды басқаруды үйрену. Бұл бірінші қарағанда қиын көрінуі мүмкін. Алайда, алғашқы кезеңде кірісіңнің 10 пайызын депозитке салып үйрену қажет. Себебі он ең сенімді әрі тәуекелсіз қаржы құралы болып саналады. Кірістілік жоғары болмағанымен, ол кепілдендірілген және инфляциядан сақтайды. Ал кейінірек ақша жиналғаннан кейін оның бір бөлігін пайық инвестициялық қорларға (ПИҚ) салуға болады, онда кірістілік айтарлықтай жоғары немесе өмірді сақтандыру қызметін пайдалануыңызға болады. Ол жерде сіз өзіңіз бен балашағаңызды қауіп-қатерлі жағдайдан сақтап қана қоймайсыз, сондай-ақ, белгілі бір уақыт шәнде капитал жинақтайсыз. Алдымен өзіңіздің ақшалай шығындарыңызды тіркеңіз – ол алдағы уақытта керексіз сауда жасаудан аман алып қалады. Себебі, осындай қажетсіз нәрселердің әсерінен айлықтың алғашқы бір, екі апта шәнде қайда жұмсалып кеткенін білмей қалуымыз мүмкін ғой. Мәне, бұл тағы да өз қаражатыңа деген тәртіпті көрсетеді. Осылайша сіз ақшаңызды жинап, оны өлдебір пайдалы қаржы құралдарына саласыз. Менің ойымша, инвестициялауды азғантай сомадан бастаған дұрыс. Кейінірек, тәжірибе мен кажетті білімді жинақтағаннан кейін барып өз салымыңның көлемін де көбейтуге әбден болады.

Жанар МАЗЕМБАЕВА,
ҚР АӨҚО ҚРА сарапшысы.

◈ АНА ТІЛІҢ – АРЫҢ БҰЛ

Кіші командирлер дайындайтын 6654 нөмірлі Қарақемер әскери бөлімінде 600-ден астам сарбаз әскери борышын өтеуде. Бөлімде (әскери бригадада) қызмет етушілер санын білімі мен кәсіби біліктілігін жетілдірумен қатар қорғану айла-тәсілдерін үйренін, шыңдалады. Мемлекеттік тілді жетік меңгеруге де жете көңіл бөлінген.

Бануды ЗӘКІРОВ,
"Жетісу"

Әскерилер сайысы

Бірнеше ұлт өкілдерінен құралған әскерилер арасында «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты қазақ тілін насихаттап, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге бағытталған сөз сайысы ұйымдастырылды. Әр ұлт өкілдерінен қатысушылған сарбаздар сайысы көрермендерін қызыққа белеп, қазақ сөзінің қыры мен сырын айқындаған кереметтей танытты. Қатысушылар қазақ тілін ерікін меңгермесе де біршама ұйғарындыларын, мемлекеттік тілге деген талпыныстарын байқатты. Ежектесе де мақал-мәтелдете сөз мәржанын ағытып, шешендік сөздерді тілдеріне арқау етті.

Тақырыптық сұрақтарға мүлтіксіз жауап беріп, қазақи парасат, инабаттылық менез жарасымдылығымен көріне білген музыкант Сайт Саитов, балалық командирі Алексей Мешков, сарбаз Аслан Мамаев ұшқыр ой, сөз тапқырлығымен ерекшеленді.

Әйгера ӘШІМХАНОВА



Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының ұжымы ауыр қайғыға душар болды. Белгілі әнші Әйгера Әшімханова 2010 жылдың 31 шілдесінде жол апатынан қайтыс болды.

1975 жылдың 12 қазанында Тараз қаласында дүниеге келген Әйгера Әшімханова 1992 жылы «Тараз әуендері» ансамбліне әнші болып қабылданды. 1995 жылы Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның студенті атанып, келесі жылы «Гүлдер» ансамблінің құрамына алынды. 2003 жылы Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясына қабылданып, жер жаннаты Жетісу өлкесі көрермендерінің ыстық ықыласына бөленді.

Әсет Бейсеуов атындағы Республикалық әншілер конкурсының жүлдегері атанған Әйгера дарынды әншілігімен қатар жаны жақсы құрбы, аяулы ана, асыл жар болатын. Аяулы әріптесіміздің жарқын бейнесі жан жүрегімізде мәңгі сақталады.

ФИЛАРМОНИЯ ҰЖЫМЫ.

Алматы облыстық мәдениет басқармасы және облыстық мәдениет мекемелері ұжымдары облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның белгілі әншісі, Республикалық байқаулардың лауреаты

Әйгера Алтынханқызы Әшімхананың

мезгілсіз кайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына және туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газетіміздің келесі саны 7 тамыз, сенбі күні шығады.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі.

Бас редактор Жақыпжан НҰРГОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail:Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Балашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Болат АБАҒАН.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 989. ТАРАЛЫМЫ — 41101. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер -27-43-91, заң және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43. Мемлекеттік тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА АРНАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ал білім және денсаулық сақтау салалары нысандары жылыту маусымына толық дайын болған. Әлеуметтік сала әзірлікті аяқтауға жақын. Дегенмен, біркатар аудандардағы мәдениет ошақтары қысты күні жұмыс істей алмайтындай жағдайда. Мәселен, Үйғыр ауданындағы 14 клуб пен 3 Мәдениет үйінің және аудандық кітапханаының жылыту жүйелері істен шыққан. Мұндай жағдай Көксу ауданында да кездеседі.

«Жол картасы» аясында Көксу ауданының орталығында орталық қазандық салынуда, құрылыс жұмыстары жылыту маусымы басталғанша бітеді. Алайда, Балпық би кентіндегі көп қабатты үйлерді жылыту жүйесіне қосу мәселесі әлі толық шешілмеген.

Ақсу ауданындағы 1995 жылдан бері электр жарығынсыз қалған Үлгілі ауылының мәселесі биыл шешілетін көрінеді. Облыс тұтынушыларын электр қуатымен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында энергия тасымалдаушы кәсіпорындардың қысқы кезеңдегі жоғары жүктемесін қамтамасыз ету үшін 1,2 млрд. теңге бөлініп, оның 934 млн. теңгесі игерілетті. Соған қарамастан қазіргі кезде Іле және Қарасай аудандарында электр қуатының жетіспеушілігі орын алып отырғаны да айтылды отырыста. Сонымен бірге, жаңадан жасалған электр желілерін пайдаланушы кәсіпорындарға өткізіп беруде қиындықтар алдан шығуда. Жыл басынан бері электр қуатын беруге байланысты Талғар ауданы мен Талдықорған қаласынан шағымдар жиі түсіпті. Сондықтан «Алатау жарық компаниясы» АҚ мен «ТАЭТК» АҚ басшылары тез арада аталған күрделі жағдайлардың күрмеуін тарқатуға тиісті.

Бюджет саласы нысандарының жылу көздері мен жылумен жабдықтаушы коммуналдық кәсіпорындардың толықсанды жұмысын қамтамасыз ету үшін отын сатып алуға бюджеттен 3,6 млрд. теңге бөлінеді. Соның арқасында «Талдықорғанжылусервис» 114 мың тонна көмір сатып алып, 4,5 айлық қор жасаса, «Қапшағайжылу» 10,5 мың тонна мазут дайындаған, қалған қажетті мазут қазан айында жеткізілмек. Жалпы бюджеттік сала үшін қажетті деп есептелген 24,2 мың тонна мазуттың 23,3 мың тоннасы сатып алынып, оның 9,6 мың тоннасы тиісті жерлерге жеткізілінті. Сұйық отынмен жанатын қазандықтардың тоқтаусыз жұмысын қамтамасыз етуге қажетті дербес электр қуаты көздерін сатып алу жөніндегі мұқтаждық 98 пайызға қанағаттандырылыпты. Осы салаға қажетті көмір мәселесі де ойдағыдай шешілім жатқан сынайлы. Ал жеке секторға керекті 1185 мың тонна көмірдің 936 мың тоннасы жеткізілінті.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары өз баяндамасында электр қуатын үнемдеу шараларының да жетімсіз екендігін еске салды. Кейбір мектептердің терезелерінің шынылары жалаң қабат күйінде қалыпты. Сондай-ақ, орт қауіпсіздігі ережелерін елең қылмайтын білім ошақтарының саны да баршылық. Мұндай кері-тартпалық өз кезегінде отын қорының орынсызысырабына жол ашады. Өткен жылы осындай жауапсыздық салдарынан 410 мың тонна дизельдік отын белгіленген мөлшерден артық жұмсалған.

Облыс бойынша коммуналдық қызметтің дебиторлық қарызы 21,1 млн.теңгені құрайды. Мұндағы Талдықорғанның «үлесі» – 11,4 млн. теңге болса, Райымбек ауданы 4,2 млн. теңге, Кербұлақ ауданы 2,4 млн. теңге қарыз екен.

Коммуналдық қызметте де барлығы көремет деп айтуға келмейді. Жыл басынан бері тек қана облыстық әкімдікке осы салада көрсетілетін қызметтің нашарлығы жайлы 150-ден астам шағымның түсуінен-ақ мұндағы келеңсіздіктердің көптігін байқауға болады. Сонымен бірге, соңғы жылдары облыстағы көмір бағасы бір реттелмей-ақ қойды. Мәселен, қазіргі кезде 1 тонна көмірдің Талдықорғандағы бағасы 6500 теңге болса, бұл баға шалғай аудандарға жеткенде 10-12 мың теңгеге өсіп шыға келеді. Облыс орталығы тұрғындарының көп қабатты үйлердің шатырларын жөндеуге қатысты өтініштерін ескерген облыс басшысы 30 үйдің шатырын жөндеу үшін 90 млн. теңге қаржы қарастырыпты. Сондай-ақ, облыс орталығын орталықтандырылған газбен қамтамасыз етуде де түйіткілді тұстар көп. Мұндағы басты міндеттің бірі – газтехникалық инспекция құру шешімін тапқан. Баяндамашы сөзінің соңында алдағы жылыту маусымын ойдағыдай өткізуге байланысты жүзеге асырылуға тиісті нақты шараларды атап-атап көрсетті. Олардың қатарында отын қорының мөлшерлемесін қатаң сақтау, энергүнемдеу, өртке қарсы қауіпсіздікті күшейту, дербес энергия көздерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, әрбір нысанға жылыту маусымы бойынша дайындық паспортын беру сынды өзекті шаралар бар. Қалай болғанда да, облыстың қысқа әзірлігі бұрынғы жылдарға қарағанда көп жақсарғанын байқалып тұрды баяндамадан.

Баяндамашының сөзінен соң пікірін білдірген облыс басшысы Үйғыр ауданы әкімін орнынан тұрғызып, мәдениет ошақтарының қысқа әзірлігін қамтамасыз ете алмағаны үшін біраз тербетті. Талғар ауданы мен Талдықорған қаласы әкімдеріне электр қуатына қатысты күрделі мәселені шешуді тапсырды. Көмір бағасының ала-құлалығына байланысты тиісті орындарға тексеру жүргізуді міндеттей отырып, барлық аудан, қала әкімдеріне бюджеттік нысандарды дербес энергия көздерімен қамтамасыз етуді және энергүнемдеу үшін есептегіштер орнатуды басты назарда ұстау қажеттігін ескертті.

Мұнан соң Талдықорған, Қапшағай қалаларының және Көксу ауданының әкімдері, облыстың сегіз ауданын электр қуатымен қамтамасыз етуге жауапты «Алатау жарық компаниясы» АҚ мен отын тасымалын қамтамасыз етуге тиісті «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ өкілдері өздерінің алдағы жылыту маусымына дайындықтары мен жауапты кезеңнің ойдағыдай өтуіне қалай ат салысып жатқандары жайлы хабарламалар жасады. Бір өкініштісі, қалалық түрғын үй-коммуналдық басқармада штаттың аздығын сөз еткен қала Талдықорған қаласының әкімі мұнда тапсырылған өтініштердің жартысынан қаралмайтынын, облыс орталығында үш айдан бері ыстық судың жоқтығы туралы жақ ашқан жоқ...

Алқа отырысын қорытындылаған облыс басшысы бюджеттік нысандардың кез келген жағдайға дайын болуы үшін оларды мұндай жағдайдағы ең бірінші кажеттілік болып табылатын дербес электр қуаты көздерімен қамтамасыз ету, отынның бағасын тұрақты бақылауға алу қажеттігін тиісті сала басшыларына қатаң ескертті. «Біздерде бұрындары бірнеше айға отын қоры жасалмайтын. Соңғы жылдары осы мәселеге үлкен көңіл бөлгеннің арқасында қыста отын жетіспеушілігінен бармақ тістеп сабылмайтын болдық. Сонымен бірге, бір кездері түрлі себептермен жұмысын тоқтатқан қазандықтарды қайта қалпына келтіріп, жұмыс істеп тұрғандарын отынның тиімді түрлеріне көшіріп жатырмыз. Үнемдеудің нетізгі тетігі болып саналатын коммуналдық қызмет түрлерін есептейтін құралдарды орнатуды жеделдету қажет. Жайбарақаттыққа салынуға болмайды. Алдағы қыстың біздерге не әзірлеп отырғанын ешкім білмейді. Сондықтан дайындықты барынша күшейтіп, жылыту маусымын мерзімінде бастап, сапалы өткізуге тиіспіз», – деп.

◈ *Кәсіподақ*

Алматы кәсіподақтары одағы атқару комитетінің кезекті отырысында биылғы жаз айларындағы оқушылар демалысының облысымызда қалай ұйымдастырылғаны және Алматы қалалық «Үстаз» кәсіподағының білім саласы қызметкерлері арасындағы еңбек қорғау мәселелеріне қатысты атқарған жұмыстары талқыланды.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ӘРКЕЗ НАЗАРДА

Жазғы демалыс жайлы хабарлама жасаған Алматы кәсіподақтары одағы төрағасының орынбасары К. Летникова ханым Алматы маңындағы 14, Талдықорған аумағындағы оқушыларға арналған 6 демалыс орындарына қалалық әкімшілік бюджеттен 105 миллион теңге, облыстық әкімшілік 58,3 млн. теңге қаржы бөліп, бүлдіршіндер демалысының облыс пен қала бойынша ойдағыдай ұйымдастырылғанына тоқталды.

– Бұл игі шараға денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағы «Медик» 9 миллион 871 мың, энергетика саласы қызметкерлерінің «Энергия» кәсіподағы 4 миллион 890 мың, байланыс қызметкерлері кәсіподағы «Қамқоршы» 4 миллион 280 мың, қалалық «Үстаз» кәсіподағы 3 миллион 500 мың, «Защита» кәсіподағының «Дастарқан» саласы 1 миллион 92 мың теңге көлемінде кәсіподақтар тарапынан қаржылай көмек жасады. Үш жақты ұжымдық келісімшарт талабына сай «Қамқоршы» кәсіподағы «Казтелеком» және «Казпочтадан» бүлдіршіндер денсаулығын жақсарту мақсатына арнап 5 миллион 502 мың теңге қаржы бөлгізудің жолын таба білді. Сөйтіп, біздің кәсіподақтар әр кезде де әлеуметтік мәселелердің дұрыс шешілуіне белсене атсалысып, ұйымдастырушылық шараларды жемісті атқарып келе жатқанын биылғы өткен жазда тағы да істерімен дәлелдеді, – деді К. Летникова.

Сондай-ақ, ол биылғы жазда біздің облысымызбен Алматы маңындағы балаларды сауықтыруға арналған демалыс орындарының шалғайдағы Тәжікстан мен Түркмениядан, еліміздің Атырау, Маңғыстау, Қызылорда облыстарынан да оқушылар келіп, жақсы демалып қайтқанын баяндады. Талдықорған аумағындағы Панфилов ауданында, «Көктал – Арасан» мен Алакөл ауданындағы балаларға арналған демалыс орындарының жұмысы көпшілік көңілінен шыққанын жеткізді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша хабарлама жасаған Алматы қалалық «Үстаз» кәсіподағының төрағасы С. Бекенов осы жылдың өткен 8 айы ішінде ғана білім саласындағы кәсіподақ ұйымдарына ұстаздар мен мектептегі түрлі сала қызметкерлері тарапынан 1080 рет еңбек қорғау, үш жақты келісімнің орындалуы, әлеуметтік салаға қатысты дауларға қатысты талаптар мен ұсыныс-шағымдар түскен. Соның басым көпшілігі тікелей кәсіподақтың араласуымен оң шешім тауыпты.

Алайда, мектеп басшылары тарапынан кадрлық саясатта әлі де болса көмшіліктер жоқ емес. Жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, еңбекақыны дұрыс төлеу, әлеуметтік жәрдемдер мен келісімшарттағы талаптарды орындауда шешімін таппаған жағдайлар да кездесіп қалады. Біздің мақсатымыз – мұғалімдердің тыңдырған ісіне қарай дұрыс жалақысын беруді, маман ретіндегі құқықтарының бұзылмауын, себепсіз жұмыстан босап қалмауын, қысқасы барлық жағынан Еңбек кодексі талаптарына сай қорғалуын қамтамасыз етуге кәсіподақ атынан атсалысу, – деді қалалық «Үстаз» кәсіподағының төрағасы С. Бекенов мырза.

Күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты «Үстаз» кәсіподағының бас маманы И. Леонов және басқа да кәсіподақ белсенділері сөз сөйлеп, ойларын ортаға салды.

Айтакын ӘБДІҚАЛ,
Алматы кәсіподақтары одағының баспасөз хатшысы.

Талдықорған қаласындағы орталық мешіт құрылысы үшін «Ұран» қоғамдық қорына түскен қаржы

Жақсымбай Әбілев	– 50 мың теңге.
Мереке Сергазин	– 10 мың теңге.
М. М. Хисамудинова	– 375 мың теңге.
Көксу ауданы, мәслихат қызметкерлері, 7 адам	– 49 мың теңге.
Клавдия Баянбаева	– 5 мың теңге.
Әбдіғалым әулеті	– 10 млн. теңге.
«АГС Плюс» ЖШС	– 11,519 мың теңге.
Барлығы	– 22,008 мың теңге болса.

Мешіт құрылысының алғашқы күнінен бастап түскен қаржы көлемі 430 мың. теңге. Мешіт құрылысын аяқтау үшін әлі де болса 230 мың теңге кажет.

Мешіт құрылысына бір кісідей атсалысып, қаржылай көмек көрсетіп, ешкімді таныту ниетіміз жоқтығын ескертеміз. Қалыс қалмаңыз, ағайын!

«Ұран» қоғамдық қоры жөніндегі жаңа мәлімет!
РНН – 092200223166
Расчетный счет – KZ068560000000384005,
ФАО «БанкЦентрКредит»,
БИК – KCJBKZKX КБЕ 18 КНП 119.

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ

Облыстық телекоммуникация дирекциясында «Тіл күні» аталып өтті



Қажет АНДАС,
«Жетісу»

Аталған мекеменің ұйымдастыру бөлімінің бастығы Самат Аскаров атаулы күн аясында ұйымдастырылған шара туралы тоқталып:

– Бәрімізге белгілі, 1989 жылы қазақ тілінде мемлекеттік тіл мәртебесі берілді, осыған орай, 22 қыркүйек «Тіл күні» деп жарияланған еді. Содан бері мекеменіз бұл күнді жыл сайын дәстүрлі түрде атап өтіп келеді. Мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеруге деген ынтасын ескеріп, тіл үйрену жабдықтап, жұмыстан кейінгі уақытта қазақ тілін үйренуге жағдай жасалды. Соның нәтижесінде қызметкерлердің мемлекеттік тілге деген құрметі күн сайын артып келеді. Сонымен қатар, биылдан бастап бұл күні барлық қызметкерге ұлттық үлгіде киіну талабын қойып отырмыз, – деді.

Осыдан кейін сату орталығының бастығы Айтжамал Әпенова, кеңейтілген сервис орталығының бастығы Салтанат Жапарханованың бастауымен 39 адамды жұмыспен қамтып отырған екі орталықты аралап, мерекелік шараның жай-жапсарымен қанықтық. Айтса айтқандай, тіл үйренуге қатысты барлық жағдай жасалған «Тіл үйі» тіптен ерекше. Онда кәсіби біліктілігі жоғары мамандар сабақ жүргізеді екен. Ал «Тіл күніне» орай, барлық кабинеттер ұлттық үлгіде жабдықталып, қызметкерлер ұлттық киім киген. Қызметкерлер тұтынушылармен қазақ тілінде жұмыс атқарып жатқанын көрдік. Тіпті, мұнда жұмыс істейтін өзге ұлт өкілдері де мемлекеттік тілде жатық сөйлеп, ой-пікірін қарсы жаққа мақал-мәтелмен жеткізгенін куә болдық.

Әрине, техника саласында мемлекеттік тіл төңірегіндегі түйіткілдердің бар екенін жасыра алмаймыз. Десе де, облыстық «телекоммуникация дирекциясы» АҚ-ындағы жақсы жағдайларды көргеннен кейін күдіміз сейілгендей болды.

◈ *Бизнес және әлеумет*

Қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуде еліміздегі жетекші «Нұр Отан» ХДП ауқымды шараларды қамтитын, халыққа пайдасы мол бағдарламаларды қолға алуда. Елбасының Жолдауынан туындайтын күрделі мәселелерді насихаттау және жалпыхалықтық маңызды шаралардың іске асырылуы барысындағы жұмыста «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы ұжымдарының атқарып жатқан жұмыс ауқымы жеңіл емес. Солардың қатарында, облыс орталығынан шалғайда жатқан Балқаш өніріндегі «Нұр Отан» ХДП-сының аудандық филиалы еді.

«НҰР ОТАНҒА» КЕҢСЕ САЛУҒА ҚАРЖЫ БЕРДІ

Сайлаубек БАЙДУЙСЕНОВ,
"Жетісу"

Шындығына жүгінсек, аудан тұрғындарының тынымсыз еңбегі, осы топырақта туып, осы өлкеде өскен белді кәсіпкерлердің серпілісі өңірдің өзгеруіне, әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің өсуіне ықпалын тигізді. Осындай көшелі істің басында «нұротандықтардың» да жүргені анық. Алайда, халықтың көңілін алаңдатқан мәселенің бірі – «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалы ұжымының отырған орнының тар, мекеме ғимаратының ескі екендігі еді. Көңілдегі пікірін айтып, ақыл-кеңес бөлісуге келгендер тар жерден айналып жүре алмай, қиналатын-ды. Осы ой аудан әкімі әрі «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалының төрағасы Ерғазы Қошанбековті де ойландырып жүрген болатын.

Жуықта осы шаруаның түйінін шешу үшін аудан әкімі есімі республикаға белгілі кәсіпкер Өмірзақ Сәрсенов мырзамен арнайы кездесіп, көптен көңілінде жүрген ұсынысымен бөлісті. Себебі, проблеманың басы қаржы тапшылығынан туындап тұрғаны белгілі еді. Ірі кәсіпкер аудан әкімін қолдайтындығын білдірді. Бұрынғы аудан экономикасы мен мәдениетінің өсуіне қолұшын беріп, көмегін аямай жүрген азамат жаңадан салынатын «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалының мекемесі ғимаратын көрікті етіп көтеруге жетерлік қаржы берді. Сөйтіп, Бақанас ауылындағы орталық саябақ ортасында тұрған, алғаш ауданның тарихи-танымдық мұражайы, кейін орталық мешіт болған ғимараттың бұрынғы үйін жөндеу жұмысы қызу қолға алынды. Қазір көне үйдің шатыры жаңаланып, бұрынғы бөлмелері архитектуралық негізде қайта жасалды.

Ауылдың ең көрікті жерінен, ауданның мекеме мен ұйымдары шоғырланған орталықтың төрінен орын тепкен «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалының әкімшілік үйі келешекте де елдің қамын ойлап, халықтың тыныс-тіршілігі қайнап жататын ордалы орынға айналары анық.

Жуықта ізденістен басталған игілікті істің жалғасын жатқан жерінде болып, қолға алған шараларының қуанышына біз де ортақтасып қайттық. Жақсы істерге сәттілік тілеп, көрнекті кәсіпкердің іс-әрекеті өзге халталы азаматтарға да үлгі болса деген игі тілекпен оралдық.

БАЛҚАШ АУДАНЫ.

◈ *Білім шаңырағында*

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті қазақ филологиясы кафедрасының магистранттары 22 қыркүйек «Тіл күні» мерекесіне орай «Тілім менің – жүрек үнім» атты пікірсайыс ұйымдастырды.

Тілім менің – Жүрек үнім

Қажет АНДАС,
«Жетісу»

Оған қазақ тіл мен әдебиеті және журналистика мамандығында оқитын II, III курс студенттерінен құралған «Тарлан», «Патриоттар», «Намыс», «Тілжанашыры», «Болашақ» сияқты бес топ қатысып, қазақ тілінің қадірі мен қасиетін тілге тиек етті. «Өлең оқу», «Кім көп біледі?», «Өзіңе жарасса», «Жаңаша көзқарас», «Өзге тілді студенттердің өлең оқуы» сияқты бес кезеңнен тұратын сайыста қатысушылар бары мен базарын ортаға салды. Алдымен тіл тақырыбында жазылған өлеңдерді әріне келтіріп оқыған үміткерлер мақал-мәтел, нақыл сөздер айту кезеңінде аянып қалмады. Сондай-ақ, қазақ тілінің қазіргі жағдайы жөніндегі ойларын ортаға салып, оны шешудің жолдарын көрсетуге тырысты. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру туралы жаңа ұсыныстарын да ортаға салды. Сонымен қатар, өзге тілді студенттер қазақ қаламгерлерінің тіл тақырыбында жазған өлеңінен үзінді оқып, бәсекені қыздыра түссе, ақын Дүйсен Аңсабаев жетекшілік ететін «Ілияс ізбасарлары» шығармашылық тобындағы жас қаламгерлер жырдан шашу шашты.

Мәні мен сәні жарасқан шараға ЖМУ-нің қазақ филологиясы кафедрасының доценті Шара Қиямметова бастаған әділқазылар төрелік етіп, берілген тапсырманы өз мәнінде орындаған «Болашақ» бірінші, «Намыс» екінші, «Тіл жанашырлары» төбын үшінші орынға лайық деп шешті. Олар дипломмен марапатталды. Өзге қатысушыларға арнайы тағайындалған жүлделер табысталды.

Елдің еңселі болашағын жасайтын бүгінгі жастардың бойынан ұлтқа тән намыс, тілге деген құрметті аңғарып, келешегіне сәт сапар тілеп тарадық.

Жылыжай жұмысы мардымсыз

Биыл берілген тапсырма бойынша ауданда 15 жылыжай салынып, өнім беріп тұруы керек еді. Бірақ бұл жұмыс тиянақты жүзеге аспады. Жылыжай салуға алаңдік диқандар былтыр қам жасаған. Олардың алды мемлекеттен 7, 5 – 10 млн. теңгеден несие алып,

3 – 5-тен жылыжай салмақшы болған. Алайда қаржыдың басталған жұмыстың қиюы қашып, екпіндеп келіп, енті-гіп тоқтады. Ауданның мәліметіне сенсек, қазіргі таңда 10 жылыжай салынып, өнім беріп тұр. Ол жерде негізінен қияр, қызанақ өсіріледі. Әр шаршы метрден 15 – 16 келіден өнім алу жоспарланған. Бүгінде әр үйдің жанындағы бау-бақшасы пісіп, қияр мен қызанаққа қарық болуда. «Балапанды күзде санаймыз». Жылыжайлардың қаншалықты шын жұмыс жасап жатқандығы және өнімділігінің қаншалықты екендігі осы кезде белгілі болады.

С. ХАСЕНОВ,
АЛАКӨЛ АУДАНЫ.



Бүгінде «Нұр Отан» ХДП-ның партиялық постылары негізінен партиялық бақылау постыларын құру ережесіне сүйене отырып жұмыс істеуде. «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы бойынша биылғы жылы Көктал ауылындағы Абай атындағы орта мектептің ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстары қарастырылған. Бұған 50 млн. теңге бөлінген, бүгінгі күні бұл жұмыс толығымен аяқталды. Сондай-ақ, Алмалы ауылындағы дәрігерлік амбулаториясын күрделі жөндеу жұмыстарына 15,0 млн. теңге бөлініп, бүгінгі күнге бөлінген қаржы толығымен игерілді.

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ПӘРМЕНДІ

Ал, «Жол картасы» бағдарламасы бойынша Жаркент қаласындағы көріз құбырларының күрделі жөндеу жұмыстарына 194646 мың теңге бөлінген. Бұл жұмысты бірінші болып мердігер «Ал-ЖЭ-Тен» ЖШС атқарды. Бұған аудандық тұрғын үй-коммуналдық бөлімі 52 млн. 905 мың теңге аударған, ал нақтылы орындалғаны 4 млн. 364 мың теңге болды, аудандық тұрғын үй-коммуналдық бөліміне 48 млн. 540 мың теңге қарыз болып қалды. Бұдан басқа 3 айға (сәуір-маусым) 6 млн. 419 мың теңге айыппұл төлеуі керек. Бұл мердігерді аудандық тұрғын үй-коммуналдық бөлімі сотқа беріп отыр. Бұдан кейінгі кезекте бұл жұмысты мердігер «Томас» ЖШС атқарып, оған аудандық тұрғын үй-коммуналдық бөлімі 37 млн. 033 мың теңге аударды. Қазір «Томас» ЖШС жұмысты қарқынды жүргізуде. Жалпы қараша айының аяғына дейін бітіруді жоспарлап отыр. Яғни, «Томас» ЖШС 178 млн. теңгенің жұмысын атқармақ.

«Жол құрылысы және жөндеу бағдарламасы» бойынша Көктал-Жаркент, Арасан жолдарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, барлығы 24 шақырым жол жөнделуден өтті. 46947 мың теңге бөлінген бұл жұмыс толығымен аяқталды.

Ауданымызда «Жол картасы» бағдарламасы бойынша Жаркент қаласының жоғарғы жағында орналасқан саябақты абаттандыру жұмысы, жұмыс көлемі 150 000 мың теңгені құрайды, қарқынды жүргізілуде. Нақтылы 143355 мың теңгенің жұмысы игерілді. Жұмыс қазан айының аяғына дейін атқарылады.

Аудандық маңызы бар жолдарды жөндеуден өткізу жұмысына 114 500 мың теңге бөлінген. Бұл жұмыс толығымен атқарылып отыр.

Қоңыröлең ауылындағы Мәдениет үйін күрделі жөндеу жұмысына 120874 мың теңге қаралса, бұл жұмыс та көрсетілген мерзімде аяқталды.

Бұдан басқа «Нұр Отан» ХДП Панфилов аудандық филиалы жанынан құрылған постылар халыққа қызмет көрсету орталығы, сауда орталығы мен мал сою пункті, Панфилов аудандық жер қатынастары бөлімі, медицина мекемесі, білім беру мекемесі, жол полициясы бойынша құрылып, жұмыс жүргізуде.

2010 жылы «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалы жанынан тағы екі пост құрылды. Олар Қорғас шекара маңы ынтымақтастығы орталығының бақылау-өткізу пункті кешенінің құрылысы мен ҚР мемлекеттік шекарасы «Жетіген – Қорғас» теміржол жүйесінің құрылысы жанынан ашылды. Сондай-ақ, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық жобасы жөнінде бір пост құрылды. Бұл жобаның республика бойынша төрағасы болып ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, жерлесіміз Рамазан Сарпеков сайланып отыр.

Ауданда осы жоба бойынша «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалының жанынан арнайы пост құрылды. Төрағасы болып облыстық мәслихаттың депутаты Марат Қасымов тағайындалды.

Партиялық бақылау постыларының құрамдары аудандық филиалдың саяси кеңес бюро отырысында бекітілген.

Барлық партиялық бақылау постыларында хабарлама стендтері, нысандардың құжаттары ілінген, байланыс телефондары жазылған.

Пост басшыларына облыстық, аудандық мәслихат депутаттары, пост мүшелігіне белсенді партия мүшелері, еңбек ардагерлері, аудандық ұлттық мәдени орталықтардың басшылары тағайындалды.

Пост басшылары әр тоқсан сайын атқарылған жұмыстар жөнінде «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалына, партиялық бақылау комиссиясына хабарлама беріп тұрады.

Нұрахмет РАҚЫМБАЕВ,
«Нұр Отан» ХДП Панфилов аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы.

◈ *Жетісу жәрмеңкелері*

Қала тұтынушылары мен ауылдағы өнім шығарушылар арасындағы тікелей байланыстың қалыптасқанына да біршама жылдың жүзі болды. Жәрменке десе қала жұртының елеңдейтіні айдан анық. Олай болатыны түсінікті де. Тұтынушы өтбір деддалсыз ауылдағы ағайыннан қолма-қол алғанды жақсы көреді. Бұл өзінің өнімдерін базарға шығарған шаруа адамдарына да тиімді.

ҚАЛАДА САУДА ҚЫЗЫП ТҰР

Ілияс ЖҮНІС,
"Жетісу"

Ілеспе өнім өндірушілерінің қаламен байланыс орнатқанына да көп болды. Жәрменке сайын қалаға қарай керуен көшін бастайтын да ілеспілер болып келеді. Өткен жылы ілеспе өндірушілер «Атакент» маңайында сауда көрігін қыздырып, біршама табысқа кенелген болатын. Олай болатын себебі, «Атакенттің» маңайында халық көп шоғырланған. 30-40 орында сауда жасаған ілеспілердің әкелген өнімдеріне тұтынушылардың дән риза болғандығына бірнеше мәрте өзіміз де куә болған едік. Күзгі жәрменке барысында ілеспілер 54 млн. 400 мың теңгенің ауылшаруашылық өнімдерін қалалықтардың құзырына ұсынған болатын. Ал биыл болса, жағдай біршама өзгерді. Қоныс «Қазақфильм» ықшамауданына қарай ойысты. Әрине, бұл жердегі тұрғындар былтырғы «Атакент» маңайына қарағанда аздау. Сондықтан да сауда жасайтын орын саны біршама азайған. Ал, тұрғындар болса, ілеспілердің өздеріне көрсетіп жатқан сый-сияпатын енді-енді мойындай бастағандай. Олай деуімізге соңғы екі жәрменкеде мұнда келушілердің біршама арта түскендігі еді. Жәрменке басталғалы бері ілеспілер өз өнімдерін бұл жерге 31 рет алып келді. Яғни, күні бүгінге дейін 69 млн. 500 теңгенің саудасы жасалды. Сал ерте басталғандықтан болар, бұл көрсеткіш былтырғыдағыдан біршама жоғары.

Жәрменкеге тұтынушыларды тартудың бірден бір жолы бағаның арзан болуы. Осыны ескерген ілеспі өнім өндірушілер сиыр етінің әр келесін 650 теңгеден, қой етін 750 теңгеден саудалауда. Қазы-қартаның айтуды көк базарда килесі 1500 теңгеден төмен түспесе, ілеспілер бұл таңсық асты 1100 теңгеден ары асырмай беріп жатыр.

Күзгі жәрменкеге аудан бойынша сегіз ауылдық, кенттік округтерден шаруа қожалықтары, өндіру кәсіпорындары қатысуда. Бұл орайда «Бент», «Алматы қанты» акционерлік қоғамдары мен басқа да бір қатар кәсіпорындардың өнімдеріне деген

ІЛЕ АУДАНЫ.

ӨНЕР ӨЛКЕСІ

ЖЕТІСУДАН БІР САМАЛ ЖЕЛПІП ӨТІ...

«Құлансаздың» астаналық «Конгресс-холлдағы» концерті хақында

Білетіндер тарих қайталанады деп жатады. Кейде осыны біз де ішінара дұрыс көз бе деп қаламыз. Неге десеңіздер, Ұлы Қазан төңкерісінен кейін он тоғыз жыл шамасында, сол кездегі астана – Мәскеуде, ұлы Жамбылдың даңқы аспандаған қазақ өнері мен әдебиетінің оңқұндігі зор салтанатпен өтіп еді. Енді қараңыздар, Қазақстан мемлекетінің он тоғыз жылдығы қарсаңында, өзіміздің Астанада, Жамбыл ауданының өнерпаздары мәдениет пен өнердің жаңғырған жаңа бейнесіндей «Құлансаз» фольклорлық-этнографиялық ән-би ансамблінің концертін қойып, жұртшылықты бір серпілтіп тастады. Және осы ансамбльді құруға ерекше қамқорлық көрсеткен отыз жыл бұрынғы аудан басшысы Бекболат Тұрысжанов та, бүгін оны қайта түлетуге күнді-түні бел шешпей кіріскен Махаббат Бигелдиев те Қаракыстақ өзенінің жағасында өскен, қазақ өнеріне шын жанашыр азаматтар екенінде де бір үлкестік жатқаны қалай, өзі?

Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ, "Жетісу"



Жә, тарихқа тым терендемей-ақ қоялық. Алайда, Астанаға бет алған жолаушылар пойызының терезесінен сайын далаға бір сәт көз жүгіртсеңде, кеудемізді шаттық кернеген. Осы жолмен сексен жыл мұғдарында батыстан шығысқа, шығыстан батысқа қарай кімдер жүріп өтпеді десеңіздерші! Енді міне, біз келеміз. Жай жолаушылап қана емес, аса қуанышты миссиямен. Арқа төріндегі Астананың ең бір көрнекті мәдениет орны саналатын «Конгресс-холл» концерттік залында өзіміздің «Құлансаздың» өнерін тамашаламаққа, Жетісудың ән рухын асқақтатып, Жамбыл елінің мерейін асырмаққа. Және бұл пойыздың әр вагонына жайғасқан жерлестеріміздің мәре-сәре қуанышын тіпті суреттеп жеткізу де мүмкін еместей. Әуелі, «біз құсап кайбір аудан Астанаға өнер көрсету үшін барып жатыр-ай, осы» дедік, масаттанып. «Бәрі Жамбыл атамыздың мәңгілік даңқы мен қасиетті рухының арқасы ғой» деп, тәубе еттік. «Ел азаматы Серік Үмбетов «Құлансазды» қайта жаңғыртуға ықылас қойып, қомақты қаржы қарастырмаса, мұндай қуаныш қайда бізге» деп бір қайырдық. «Осының бәрі елдегі ынтымақ пен тыныштықтың, Елбасының мәдениетті дамытуға ерекше деп қойған сара саясатының арқасы, «Мәдени мұра» бағдарламасының жүзеге асырылған бір көрінісі» дедік, шынтуайтына келіп. Расында солай болатын.

Концерт кешкі сағат 19.00-де деп көрсетілгені жарнамада. Алып-ұшқан көңілдер бәрімізді екі сағат бұрын «Конгресс-холлдың» есігі алдында тоқайластырды. Жамбылдың немересі – Әлекең, Өлімқұлға жүр, бір топ қариялардың ортасында. Аудандық «Ақ әжелер» ұжымының күндікті-кимешекті кейуаналары қандай жарасымды көрінеді. Ақын-жазушы, сазгерлер, аудандық мекеме, ұйым, кәсіпорын басшылары, мәслихат депутаттары, мектеп директорлары, мемлекеттік қызметкерлер, жастар, оған Астанада тұратын жерлестеріміз бен әркімнің қарсы алушы ет жақын туған-туыстарын қоссаңыздар, тура бүкіл Жамбыл ауданы осында түп қотарыла көшіп келгендей сезілетін еді.

Концертті тамашалауға астаналық өнерсүйер қауым да ентелей ұмтылды. Біз бір алты-жеті орындықты жұмыс ыңғайына қарай сәл кешігіп жеткеші жақын жерлестеріміз үшін алдын ала иемденіп, қызғыштай қорып отыр едік, болмады. «Бұл орындар бос емес еді» деп сызылғанымызға қарамай, екі-үш көрермен алдымыздан кимелеп ете шықты. Өйткені, залда бұдан басқа ине шаншар жер қалмапты.

Жетіге екі минут қалғанда-ақ ду қол шапалақтап жіберді жұртшылық. «Бастаңдар!» дегені. Ортаға Алматы облысы әкімінің орынбасары Серік Мұқанов мырза шығып, «Құлансаз» өнер ұжымының сонау Суықтөбе етегін ең жайлаған ақындар мен батырлар елінен ағайеннің ыстық сәлемін ала келгенін мәлімдеді. – Бұдан 30 жыл бұрын құрылып, 1983 жылы халық ансамблі атағын иеленген шығармашылық ұжымның өнерпаздары кезінде Украинаның, Түрікменстанның, Ресей мен Моңғолияның ең бір мәртебелі төрінде ән әуелетіп, би билеген. Оның құрамында Үлжан Айнақұлова, Кеңес Керімбаев, Сарагүл Машақова, Сағымбек Малтабаров, Базаркүл Әжігожаева, Дүйсебай Шаштайұлы, Манзура Әбдірахманова, Алтын Әліпбаева, Айман-Шолпан Дауытова сынды көпшіліктің ақ алғысын арқалаған айтулы дарын иелері өнер көрсетті. Десек те, елірге қымтаған кезеңнің елең-алаңындағы экономикалық дағдарыс мәдениетке де елеулі әсер етті, аталған ұжым да ән-күйін амалсыз ірке тұруға мәжбүр болды. Енді міне, Қызылағаштағы қиындықтарды қажыр-қайратпен еңсеріп, қайта қалпына келтіру жұмыстарын ең қысқа мерзімде зор ұйымшылдықпен жүзеге асырған алматылықтар, өнер өрісін кеңейтуді ешқашан естен шығарған емес. Бүгінгі «Құлансаз» соның жарқын дәлелі. Бізге төрін ұсынған Астанадағы ағайынға Жетісу жұртшылығының рақметі шексіз, ендігі кезекті өнердің өзіне береміз, – деді Серік Мұқанов мырза.

Сахна төріндегі Суықтөбенің сұлу келбетіне көз сүйісінді. Сәнді панноның сол жақ жиегінен асқақ қараған Жамбыл бабамыздың сәл жымысты бейнесі, «Ал, балаларым, аянбаңдар енді» дегендей еді. Соны сезген өнерпаздар да барын салды. «Жаршылар толғауын» Кенен Әзірбаев атындағы өнішлер байқауының лауреаты Марта Төлепберген мен Аяулым Сәдіғалиева ақ нөсердей төпелегенде зал сілтідей тыңды. Несін айтасыздар, осыдан кейін-ақ «Құлансаздың» қайрат-қарымын қалтқысыз сезінген қалың ел еңкпіндете қол соғумен болды. Ансамбльдің орындауында домбыра өнерінің дәулескер тарландары Сүгірдің «Бозінген», Нұрғиса Тілендиевтің «Қарасай», «Ата толғауы», «Бооуырлаштар» күйі қалықтады, «Биші қайын», «Тұмар қыздың биі», «Халықтар достығы» бишінің ырғағымен бишілер мың бұратылды. Енді бірде Батыстың екпіндеген әуенін Арқаның кең тыныстық нақышы іліп әкетіп, оны Жетісудың майда қоңыр самалдай мақпал мұңды мақамы тиянақтады. Бұл дәстүрлі өнің ажарын ашқандар «Шабыт» халықаралық жастар фестивалінің лауреаттары Данияр Скақов, өзіміз жоғарыда атаған Марта мен Аяулым болатын.

Ақын Қанипа Бұғыбаеваның сөзіне жазылған Бауыржан Есебаевтың "Арман қала – Талдықорған" өнін тамылжыта шырқаған жас дарын Айым Қоғамова да болашағынан зор үміт күттіретін өнерпаз екенін дәлелдеді.

Отыз жылдан бері «Құлансаздың» құрамында талай елді тамсандырып, құдіретті үн иесі атанған қос тарлан Марат Әбдікадыров пен Базарбай Көрбозов сахна төрінен көрінгенде көз жиегіне бір тамшы үйірілгенін несіне жасырамыз. Жүп жарасқан бұл дуэттің орындауында Өмірбек Байділдаевтің «Туған жер», Бауыржан Есебаевтың «От Ана – Отан» әндері шырқалғанда, қатар отырған бір музыка маманы басын шайқап, «Шынайы дауыс, не деген шынайы дауыс! Шын талант екен ғой» деп еді-ау, сол кеште.

Ең тамашасы тағы да қайран Нұрағаңның күйлері тартылғанда залдың ерекше тебіреніп, ұзақ ду қол шапалақтағаны болды. Қобызда – Дана Есенәлиева, домбырада – Ерлан Байбазаров. Екеуі «Аққуды» бірде сыңсытты, бірде қанатымен су сабалатып, қаңқылдата ұшырды. Қазақтың осынау киелі екі үн аспабы қаншалықты құдіретті екенін желкілдей жетіліп есіп келе жатқан өнерпаз ұлы мен қызы қапысыз дәлелдеді. Оларды тыңдай отырып, өзіміздің жарық дүние есігін қазақ перзенті болып ашқанымызға, қобыз бен домбыраның үнине елти құлақ түріп, шын тебірене алатынымызға іштей ризашылықпен мың тәубе еттік.

Енді бірде Ерлан «Өлкіссаны» тартып, оны артындағы ансамбль іліп әкетіп отырғанда, арасында «Бала Мишканың» ойнақы ырғағы ой сананыздағы лекіте тербегенде, өзің Нұрғиса ағаң дәл бүгін ана дүниеден бір сәтке мұрсат алып, сахнаға шыға келгендей күй кештік.

Жамбылдың «Үгей-айы» шырқалды, Нұрсұлтандай елі сенім артқан ерең арналған «Қазағымның қанаты» өні айтылды. Ақындар мен сазгерлер ел мен жерге деген шексіз махаббатын әрбір шығармаға арқау етіпті. «Жамбыл ата өлі», «Жетісуым – жерүйығым», «Киелі мекен», «Астана», «Аққайнарым», «Үшқоңыр», тағы басқа ән-толғаулардан шашу шашылғаны осының мысалы дер едік. Алмас Жұмағалиевтің, Жанель Сембаеваның, Ерке Айдабол мен Алмас Оспанбаевтің, өзге де өнішлер мен бишілердің бұл күнгі өнері отансүйгіштік рухтың аясында он сан рет әуелегенін астаналық көрермен анық байқады.

Бұл өнер ұжымын қайта қалпына келтіру үшін қаншама адам күндіз-түні тынбай еңбек еткенін, шығармашылық ізденістер барысында қаншама жүйке жұқарғанын біз өз көзімізбен көргенбіз. Ансамбльді қайтадан қаз тұрғызу үшін ең алдымен, Жамбыл бабасының аруағын аса құрметтейтін асыл перзентіміз, Алматы облысының әкімі Серік Үмбетов, өзі осы ауданның тізгінін ұстағалы талай-талай өрелі істерге жолбасшы болған, өнерді жан-тәнімен сергек сезінетін Жамбыл ауданының әкімі Махаббат Бигелдиев, ансамбльдің көркемдік жетекшісі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артісі Ержан Қосбармақов, режиссері, сатирик ақын Толымбек Өлімбекұлы, сазгер Бауыржан Есебаев, музыкалық жетекшісі Марат Жалбыров пен көмекшісі Ізбасқан Мұхитұлы, Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Жандарбек Далабаев, ішкі саясат бөлімінің бастығы Зәуреш Сабырова және басқа да ондаған, тіпті жүздеген өнерпаздар мен жанашыр азаматтар осы «Құлансаздың» тілеуін шын тілеген еді.

ҰЗЫНАҒАШ – АСТАНА – ҰЗЫНАҒАШ.



Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Сахна төріндегі Суықтөбенің сұлу келбетіне көз сүйісінді. Сәнді паннонық сол жақ жиегінен асқақ қараған Жамбыл бабамыздың сәл жымысты бейнесі, «Ал, балаларым, аянбаңдар енді»

Өзіміздің жарық дүние есігін қазақ перзенті болып ашқанымызға, қобыз бен домбыраның үніне елти құлақ түріп, шын тебірене алатынымызға іштей ризашылықпен мың тәубе еттік.

Бұл өнер ұжымын қайта қалпына келтіру үшін қаншама адам күндіз-түні тынбай еңбек еткенін, шығармашылық ізденістер барысында қаншама жүйке жұқарғанын біз өз көзімізбен көргенбіз.



ТІЛ МӘРТЕБЕСІ

ҚОМАҚТЫ НӘТИЖЕ

Байыптап қарасақ, облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың жанынан ашылған мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының нәтижелері көңіл қуантады. Бұл туралы облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен Тіл сарайында өткен «Мемлекеттік тілді оқыту орталықтарында тіл оқыту әдістемесін жетілдіру» атты жиында сөз болды. Оған облыстық, қалалық, аудандық мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының директорлары мен оқытушылары қатысты.

Жеткен жетістік пен орын алған кемшіліктер саралаған шараны облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың бастығы Төңірберген ҚАСЫМБЕРКЕБАЕВ ашып, жүргізіп отырды.

Қажет АЙДАС, "Жетісу"

Басқарма бастығының айтуынша, күн өткен сайын қатары толыққан орталықтардың саны бүгінде 14-ке жетсе, бөлінген қаржы мөлшері де артып келеді. Осы мақсатта өткен жылы 36 млн. теңге игерілсе, ағымдағы жылы бұл көрсеткіш 51 млн. теңгеге жетеді деп көзделген. Осындай қаржылық қолдаудың арқасында өңіріміздегі тіл оқыту орталықтарының материалдық базасы, сабақ жүргізетін оқытушылардың білім деңгейі жоғарылаған. Білімгерлер саны да артуда. Атап айтар болсақ, биылғы жылдың өзінде 831 тыңдаушы қатысып, 579-ы сертификат алған. Қалғандары келесі жарты жылдықта қазақ тілін толық меңгеріп шығады деп күтілуде. Сонымен қатар, тіл комитетінің ұйымдастыруымен өтетін 8 түрлі республикалық байқаудың 5-еуінен жерлестеріміз жүлделі орынды еншілеп қайтқан. Алдағы уақытта өтетін 3 байқаудан да жақсы жетістік күтуге болады. Осындай нәтижелі жұмыстардың арқасында облысымыз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытында атқарған шараларда республикада алдыңғы орынды еншілеп келеді.

Бірақ келеңсіздіктер де жоқ дей алмаймыз. Бұл жөнінде аталған басқарманың бөлім бастығы Орынбай Шәйкеновтың «Мемлекеттік тілді оқыту орталықтарында мемлекеттік тілді оқыту жұмыстарын ұйымдастыру» туралы хабарламасынан білдік. Оның сөзіне жүгінсек, қазіргі таңда өңіріміздегі орталықтардың материалдық базасы толық, қаржы мәселесі шешілген. Өз ретінде кептеген жұмыстар атқарылуда. Дей тұрғанмен, басқарма тарапынан жүргізілген тексеріс нәтижесіне сүйенгенде кейбір аудандарда мемлекеттік қызметкерлердің тілді білу деңгейі жайында сараптама жасалмаған. Тіпті, оқытылатын адамдардың санын толтыруды ғана көздеп, қағазбастылыққа салынған жағдайлар да жоқ емес. Сертификат беруде де бармақ басты, көз қыстырық байқалған. Бұл тұрғыдан келгенде Қарасай, Еңбекшіқазақ аудандарында атқарылған жұмыстарға жоғары баға берген Орынбай Шәйкенов олардың тәжірибесін басқа аудандарда үлгі етуге болатынын тілге тиек етті. Сондай-ақ, алдағы уақытта басқарма тарапынан үнемі тексеру жүргізіліп, нәтижесі ескшеліп тұратынын жеткізді.

Келесі кезекте бірқатар тіл жанашырлары басқарманың Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен, «Қазақ тілінің үздік оқытушылары – 2010» байқауының жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталды. Осы ретте, «Қазақ тілінің үздік оқытушысы – 2010» байқауының бас жүлдегері Қарасай аудандық мемлекеттік тілді оқыту орталығының директоры Ділда Абылқасымованың Астана төрінде өтетін республикалық байқауға қатысып, облысымыздың намысын қорғайтынын айта кеткен жөн.

Шараның соңы мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының жұмысын бір жүйеге келтіруге бағытталған «Озық тәжірибе, ортақ өдіс» тақырыбында өткен «дөңгелек үстелмен» жалғасты.

"АШЫҚ ЕСІК" КҮНІ

Жақында Алакөл ауданында осы тақырыпта «Ашық есік күні» өткізілді. Бұл шараға 9–11-сынып оқушылары, мектептің директорлары мен тәрбие жөніндегі орынбасарлары, психологтар, бала құқығын қорғау, ішкі істер бөлімдерінің қызметкерлері, аудандық білім бөлімінің өкілдері, ата-аналар комитеттері қатысты.

Адам құқығы бала құқығын қорғаудан басталады

1981 жылы дүниежүзілік қоғам БҰҰ Бала құқықтары туралы конвенциясын қабылдады. 1994 жылдың 8 маусымында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев БҰҰ халықаралық конвенциясына қол қойды. Осы күннен бастап республикамызда балалар құқығының қорғалуы халықаралық өлшемдерге не болды.

Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі – балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Отбасы және балалық шақтың қиын проблемаларын тек қана мемлекеттік органдармен шешу қиындық туғызатындықтан балалардың құқықтарының қорғалуына, әлеуметтік жобалардың дамуына қоғамның, азаматтық бастауларының назарын аудару. Бүгінгі таңда жұртшылықты бала құқықтары туралы ақпараттандыру, балалар мен жастар қозғалыстарын, оңашылдардың өзін-өзі басқаруды дамыту маңызды іс болып отыр. Осыған байланысты, Алматы облысы балалар құқықтарын қорғау департаменті екі жылдан бері «Адам құқығы бала құқығын қорғаудан басталады» атты тақырыпта «Ашық есік» қоғамдық қабылдау күнін өткізуде. Кезекті қабылдау Алакөл ауданында өтті. Өткізілген шараның негізгі мақсаты мен міндеті қиын жағдайына тап болған балаларға кеңестік, құқықтық-психологиялық көмек көрсету, аумақтың балалары мен жасөспірімдерін бала құқықтары туралы конвенцияның ережелері, баптары жайында ақпараттандыру, өмірлік мәселелерді шешуге практикалық дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру.

Жұртшылық алдында шағын баяндама жасап, екі жылда атқарылған жұмыска талдау жасаған Алматы облысының балалар құқықтарын қорғау департаментінің директоры

Г. Ермекбаева: – Біздің департаментте құрылған күннен бастап сенім телефоны қойылған. Осы сенім телефонына шалынған әрбір қоңыраудың бәрі үшін маңызы зор. Себебі, әрбір қоңыраудың артында бала тағдыры тұр. Екі жылда 366 қоңырау шалынса, соның ішінде 35-і мектепте және отбасында балалар құқықтарының бұзылуын көрсетіп отыр. Бізге шалынған әр қоңырау назардан тыс қалмайды. Өкінішке орай, бүгінде мектепте ересек балалардың кішілерге әлімжеттік жасауы, қорқытып ақша жинау, ата-аналар тарапынан жәбірлеу болатыны жиі кездеседі. Облысымызда патронаттық тәрбиеленушілер саны мүлде аз. Осындай дерек кездесе бізді сенім телефонымызға хабарласыңыздар, – деп ағынан жарылды.

Мұнан соң облыстық ішкі істер департаментінің қоғамдық қауіпсіздік басқармасының кәмелетке жасы толмағандардың ісі жөніндегі тобының инспекторы, полиция майоры Ғалым Құлжақов «Кәмелетке жасы толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қылмыстылықтың және панасыз қалудың алдын алу» деген тақырыпта баяндама жасады.

Шара барысында балалар құқығы жөніндегі әртүрлі тақырыпта бейнефильмдер көрсетіліп отырды.

Департаменттің бас маманы М. Қуатбековтың «Сен өз құқығыңды білесің бе?» атты өткізген тест тартымды болды. Оқушылар бұл тестке құлшына атсалысты. І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы Г. Нұртайқызының өткізген психология кафедрасының аға оқытушысы Г. Нұртайқызының өткізген психологиялық тренингі де қызықты өтті.

«Еркін микрофон» бөліміңде жиналғандар, эстресс, оқушылар департамент қызметкерлеріне өздерін толғандырып жүрген алуан түрлі сұрақ қойып, тұшымды жауап алды.

Шара барша жиналған қауымның «Ақ көгершін» әнін орындауымен аяқталды.

С. ХАСЕНОВ.

АЛАКӨЛ АУДАНЫ.

СОТ

Есірткі – ғасыр дерті

Сан нәубетті бастан өткеріп, үш жүз жылға жуық бодандықта, соңғы жетпіс жыл бойы кеңестік тоталитарлық биліктің илеуінде болған ұлтымыз тілінен, ділінен, дінінен, тіпті халықтық қасиетінен ажырап қала жаздады. Тек ата-бабамыз ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігіміздің ақ таңы атып, Көкбайрағымыз желбірегеннен соң ғана құрауға шақ қалған түп тамырымызға нәр барып, өткенімізді түгендеп, бүгінгімізге алаңдай бастадық.

Сондықтан да болар, әрбір шаңырақтың отын маздатып, береке мен бірліктің тірегі, ұйытқысы болатын ата-әжелеріміздің ұрпақ тәрбиесіндегі орнына жете мән бере бастадық қой. Ұрпақ тәрбиесі дегенде жете ойланып, ұлттық менталитетімізге сай әрекет ету уақыт талабы болып отыр. Өйткені, бүгінгі ұрпақтың санасын улап, жат қылықтарға бастау болатын кеселдің бірі есірткілік заттарды заңсыз дайындап, заңсыз айналымға түсіру болып саналады. Міне, осы мәселе бүгінгі қоғамның өзекті проблемасына айналып отыр. Оның жолын кесуге тек билік қана емес жалпыхалық болып жұмылғанымыз абзал. Әсілі, арқандай келеңсіздіктің, әсіресе, ұрпақ санасын улап, дүбаралық халге түсіретін осы мәселенің алдын алуға ұмтылу ұлтының болашағына жаны ашығандық, азаматтық қоғамның бір парызын дұрыс түсінгендік әрі түсініп қана қоймай білек сыбана кіріскендік емес пе?! Біле білсек, бұл сот процесінде айыпталушының столына есірткілік заттарды заңсыз дайындап, заңсыз айналымға түсіруіне қатысушы, не болмаса сол қылмысқа әйтеуір бір қатысы бар екендігі тергеу органдарында дәлелденген әрімдей жастардың отыруына тіремеу, өскелең ұрпақты сақтап қалу қамы болып та саналады.

Н. БАЙНАЗАРОВА,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● №64 (17477) Сейсенбі, 31 мамыр, 2011 жыл. ●e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

●*Дөңгелек үстел*

САЯСИ ӨМІРДЕГІ ДІННІҢ РӨЛІ

Тіл сарайында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Алматы облысы бойынша аумақтық басқармасы және облыстық діни істер департаментінің ұйымдастыруымен «Қоғамның заманауи даму жағдайының өзекті мәселелері» атты дәріс өтті. Өңірімізде екінші рет өтіп отырған шараға облысымыздағы мешіт имамдары мен найып имамдар қатысты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Шараны Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Алматы облысы бойынша аумақтық басқармасының бастығы **Серікбай Нұрғисаев** жүргізіп, алдымен шараның мақсызы мен мақсатын түсіндіріп өтті:

– Тәуелсіздік алғаннан кейінгі барлық қоғамдық шара Ата Заңымызға сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің қатысуымен өтеді. Қазіргі кезде әлемдегі бірде-бір мемлекет дінсіз өмір сүре алмайды. Сондықтан да мемлекеттік қызмет пен дінінің орны мен рөлі белек болғанымен ел тыныштығын, жұрт берекесін сақтау үшін бірлесе отырып жұмыс атқаруы керек. Бұл үдіс біздің елімізде де жақсы жарасым тапқан. Сол арқылы ел арасындағы ауызбіршілік пен ынтымақты нығайтып келеміз. Өткенде бірінші рет дін өкілдерімен дәріс өткізгенде имамдар мен найып имамдар бірқатар ұсыныс айтты. Өрине, мұны түсінуге болады. Алайда, біздің мақсатымыз – дін өкілдеріне міндет жүктеу емес, қайта олармен бірлесе, ынтымақтаса отырып жұмыс істеуді жетілдіру, елдің тыныштығын қорғау, – деді ол.

Осыдан кейін мемлекеттік және жергілікті басқару институтының ректоры, заң ғылымдарының кандидаты, профессор Өбікен Тоқтыбеков «Жаһандану жағдайындағы Қазақстан қоғамының дін мәселелері», саяси ғылымдарының кандидаты Аблазиз Исаев «Қазақстан қоғамындағы конфессиялық қатынастың даму ерекшеліктері», облыстық діни істер департаментінен мемлекеттік және жергілікті басқару магистрі Қазыбек Омаров «Алматы облысының діни ахуалы туралы» атты баяндама жасап, дінінің рөлі мен мәнін жан-жақты түсіндіріп өтті.

Өрине, Қазақстан Республикасы – Ата Заңымызға сәйкес, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Бүгінгі күні тәуелсіз ел болудың алғашқы қиындықтарынан айналмай өтіп, дамыған экономикасы бар, ынтымақты түп етіп ұстаған елдердің қатарына қосылып отырмыз. Осы кезеңде әлеуметтік-саяси өмірде дінінің рөлі де арта түсуде.

Дін саясатқа араласпайды. Бірақ, қоғамдық институт ретінде қоғамға, экономикаға, әлеуметтік жағдайға өз үлесін қосады. Сондықтан, дінінің ықпалына да жай қарауға болмайды. Десе де, облыстық діни істер департаменті мамандарының айтуынша, қазіргі таңда облысымызда 34 мешіт, 24 шіркеу тіркеуде тұр. Жаңадан салынып жатқан нысандар да бар. Алайда, өңірімізде діни ахуал қалыпты.

Шараның соңында барлық қатысушыға мемлекеттік және жергілікті басқару институтының сертификаты тапсырылды.

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ЖАҢА БАҒДАРЛАМА

Облысымызда тұрғын халықты жұмыспен қамтуға арналған 2020 жылғы кезеңдік бағдарламасын іске айынан бастап жүзеге асыру көзделген болса, дәл қазіргі таңда оған дайындық жұмыстары басталды. Барлық деңгейдегі атқарушы органдар тарапынан бағдарламаны тұрғын халыққа жан-жақты таныстыру, насихаттау, түсіндіру жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Ал елді мекендерде арнайы жиындар мен кеңестер өткізілуде. Осындай келелі бас қосудың бірі әрі бірегейі Өтеген батыр кентіндегі аудандық әкімдікте өтті.



«Жұмыспен қамту - 2020 бағдарламасы: оны жүзеге асырудың жолдары» тақырыбы аясында облыстық семинар-кеңес болды. Оның жұмысына облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мамандары, барлық аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің басшылары, бірқатар ауылдық округтерінің әкімдері, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Жетісу
Ілияс ЖҮНІС

Алқалы жиында облыс әкімінің орынбасары С. Мұқанов кіріспе сөзбен ашып, күн тәртібіндегі мәселенің маңыздылығын айырықша атап көрсетті. Осы жерде айта кету керек, аталмыш бағдарлама үш бағыт бойынша жүзеге асырылады. Адамдарды кәсіптік тұрғыдан дайындау, қайта даярлау және біліктіліктерін арттыруға жіберу бірінші бағыт еншісіне тисе, тұрғындарды алдын-ала кәсіпкерлік негізде оқыта отырып, оларға шағын несиелер беру, кәсіпкерлердің инфрақұрылымдарын дамыту екінші бағытқа бұйырыпты. Ал үшінші бағыт бойынша бағдарламаға қатысушы 150-ге тарта отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету қарастырылған. Бағдарламаға облыс бойынша кемінде 1223 адам қатысады деп жоспарланса, оған республикалық бюджеттен 1176,7 млн. теңге бөлінеді. Оның ішінде бірінші бағыт бойынша 105,4 млн. теңге қарастырылып, 146 адамды кәсіптік дайындау, қайта даярлау, біліктілігін арттыруға жіберу, 228 адамның еңбекақысын субсидиялау жоспарланған. Екінші бағытқа 126,3 млн. теңге қарастырылып, 100 адамды алдын ала кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, 23 кәсіпкердің инфрақұрылымдарын дамыту көзделген. Ал үшінші бағыт бойынша бағдарламаға қатысушы 150 отбасына арнап тұрғын үй салу мақсатында 945 млн. теңге бөлінетін болады.

Осы үш бағыт бойынша жергілікті атқарушы органдар жүргізуге тиіс жұмыстар қандай болмақ деген сауалға басқосуда жауап берілді. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы, оны жүзеге асырудың негізгі жолдары, әлеуметті еңбек бойынша бірыңғай өндірістік хабарламалық жүйені енгізу» тақырыбы аясында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жауапты хатшысы Т. Дүйсенова кең көлемде баяндама жасады. Бағдарламаның өзіндік ерекшеліктеріне жан-жақты тоқталумен қатар, оны жүзеге асыру жолдарын егжей-тегжейлі түсіндірді. Баяндамашының сөзінен аңғарғанымыз, облыстың 19 ауданы мен қаласында жұмыспен қамту орталықтарын құруға республикалық бюджеттен 229,2 млн. теңге және 121 штаттық бірлік қарастырылыпты. Бұл штаттық бірліктер аудандар мен қалаларға бөлінді, оларға қажетті шығындар есебі жасалды. Кадрларды іріктеу, басшыларын тағайындау жұмыстары да жүргізілуде. Бұған қоса, өлкелік комиссия құрылып, оның өрежесі де бекітілді. Тағы бір айта кетер нәрсе, екілеті органдар да жұмысқа кірісті. Соның ішінде «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы шағын несиелерді беруді ұйымдастырушы болып табылады.

Тамара Қасымқызы арнайы жасалынған топқа бірдей слайд арқылы бағдарламаның үш бағыты бойынша жүзеге асырылуға тиісті міндеттерді ұғынықты тілмен жеткізуге тырысты. Сонымен қатар залдан қойылған сұрақтарға жауап қайтарды.

Семинар-кеңесте «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының атқарушы директоры С. Бескемпіров бағдарламаға қатысушыларға шағын несие берудің өзіндік ерекшеліктері жайында хабарлама жасады.

Семинар-кеңес жұмысын қорытындылай келе, облыс әкімінің орынбасары С. Мұқанов ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің жауапты хатшысы Тамара Қасымқызына маңызды баяндамасы үшін алғыс айта келіп, жергілікті атқарушы орган қызметкерлерін осынау аталмыш бағдарлама шеңбері аясында тыңғылықты жұмыс істеуге, мейлінше іскерлік, жауапкершілік танытуға шақырды.

Семинарға қатысушылар ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі өкілдерінің ұйымдастыруымен өткен шеберлік сабағына қатысып, өз біліктіліктерін ортаға салды.

ІЛЕ АУДАНЫ.

●*Әлеумет*

Мүгедектер құқығына назар аударылды

Өткен аптаның соңғы күндері Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен БҰҰ даму бағдарламасының Қазақстандағы өкілдігі және Алматы облысы өкімдігінің қолдауымен Еңбекшіқазақ ауданының орталығы Есік қаласында психо-неврологиялық ауруларға шалдыққан мүгедек балаларға және 18 жастан асқан мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартын енгізу және мүгедектердің құқықтары жөніндегі БҰҰ конвенциясын ратификациялауға арналған екі күндік Республикалық семинар-кеңес болып өтті.

Жетісу
Баянды ЗӘКІРОВ

Облыста қарттар мен мүгедектерге арналған
590
орынды үш медициналық-әлеуметтік мекеме жұмыс істейді.

Бөлінген қаржы есебінен екі жыл ішінде
175
штаттық бірлік енгізілді.

Жасы он сегізден асқан ,тұлғаларға арналған
960
орынды үш медициналық-әлеуметтік мекеме жұмыс істейді.

Алқалы жиынға Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан және Алматы қаласынан жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының және медициналық-әлеуметтік мекемелердің басшылары, сондай-ақ, үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерінің меңгерушілері, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Семинар-кеңесті Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жауапты хатшысы **Тамара Дүйсенова** ашып, жүргізіп отырды.

Семинардың негізгі мақсаты – өмірлік қиын жағдайдағы адамдарға, оның ішінде мүмкіндектері шектеулі азаматтар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну жүйесін реформалау, сондай-ақ, Қазақстанда мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ конвенциясын ратификациялау үшін жағдай жасау бойынша пікірлерін ортаға салу, тәжірибе алмасу болатын. «Арнаулы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңының орындалу барысы, мүгедектердің құқықтарын нақты жүзеге асыру үшін не істеу қажет? Мемлекеттік билік органдарының, мүгедектердің, қоғамдық және бизнес құрылымдары өкілдерінің өзара іс-қимыл жолдарын қалай табуға болады. медициналық-әлеуметтік мекемелерді деинституализациялаудың басты қағидаттары қандай және Қазақстан осы үрдіске қаншалықты дайын? Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялаудың Қазақстандағы перспективасы, мүгедектердің осы проблемаға пікірлері қандай? Семинарда осы және өзге мәселелер Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өкілдерінің, сондай-ақ, мүгедектердің құқықтарын іске асыру мәселелері жөніндегі халықаралық және ұлттық консультанттардың қатысуымен талқыланды.

Жиында Алматы облысы әкімінің орынбасары **Серік Мұқанов** кіріспе сөз сөйлеп, облыстың әлеуметтік мәселелері жайында қысқаша ақпарат берді.

Республикалық семинар-кеңестің жұмысына сәттілік тіледі. Сондай-ақ, БҰҰ даму бағдарламасы жобасының менеджері Марал Шешенбекова кіріспе сөз сөйлеп, әлеуметтік қызмет көрсету саласын реформалау туралы Еңбек министрлігі Мүгедектерді оңалту және МӘҮҮ қызметін ұйлестіру басқармасының бастығы Динара Бақытбекова хабарлама жасады. Алматы облысында «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңын іске асыру жөнінде 2009 – 2010 жж және 2011 жылдың 5 айындағы жұмыс қорытындылары туралы Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Ұмсын Балабиева және көптеген маман баяндама жасап, өздерінің іс-тәжірибелерін ортаға салды. Ұмсын Әбиболлақызының айтуынша, Алматы облысында қарттар мен мүгедектерге арналған 590 орынды, 3 медициналық-әлеуметтік мекеме (Қапшағай қаласында 230 орын, Сарқан қаласында 50 орын және Текелі қаласында 310 орын) жұмыс істейді. Аталған мекемелерде арнаулы әлеуметтік қызметтердің стандарттарын енгізу шеңберінде 2011 жылы республикалық бюджеттен 156790,0 мың теңге көлемінде нысаналы ағымдағы трансферттер және облыстық бюджеттен 399649,0 мың теңге көлемінде қаржы бөлініп, жалпы қаржыландыру соммасының 28 пайызы республикалық бюджеттен, 72 пайызы жергілікті бюджеттен берілген. Бөлінген қаржы есебінен 2 жыл ішінде қосымша 175 штаттық бірлік енгізілді, жасы 18-ден асқан тұлғаларға арналған 960 орынды 3 медициналық-әлеуметтік мекеме (Есік қаласында 540 орын, Жаркент қаласында 300 орын және Талғар қаласында 120 орын) жұмыс істейді.

Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны және факультативтік хаттаманы ратификациялаудың негізгі аспектілері жайлы Еңбек министрлігі әлеуметтік көмек департаментінің директоры Қайни Манабаева баяндама жасаса, Германиялық халықаралық консультант («Синьор Эксперт Сервирсес мекемесі») Урсула Бэр ханым Германияда психикалық менталді бұзушылықтары бар адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі туралы баяндады. Мұндай жұмыс Алматы облысында жүйелі жүргізіліп жатқаны қызықтырғанын атап өтті Жұмысты қорытындылаған ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жауапты хатшысы Тамара Дүйсенова облыстағы әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын жақсы бағалады. Алқалы басқосуда сан-салалы сұрақтар көп болды. Сұрақ қоюшылар қанағаттанарлық жауаптар алып, өздерін қызықтырған әдіс-тәсілдерге қанық болды. Семинар-кеңес жұмысына қатысушылар Есік қаласындағы және Талғар қаласындағы психо-неврологиялық интернат үйі жұмысымен танысты.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

●*Кәсіпкерлікке кең өріс*

Бизнесмендер білімдерін көтерді

Осының алдында жазғанымыздай, Астанадағы «Назарбаев Университеті» АҚ бизнес мектебінде іштей оқу арқылы білімдерін көтеруге аттанғандар арасында Жетісудан да жеті бизнесмен болған еді. «Даму» қоры Алматы облысы бойынша аймақтық филиалының хабарлауынша, кәсіпкерлер оқуларының алғашқы кезеңін аяқтап, екінші сатысына – қашықтан оқытуға кірісіпті.

Осыған орай өткізілген баспасөз мәслихатында «Даму» қорының Алматы облысы бойынша аймақтық филиалының директоры Ришат Тәтүсовтің айтуынша, экономиканың жиын және құрылыс материалдары өндірісі, ауыл шаруашылығы және компьютерлік бағдарламалау салалары бойынша білімдерін көтергендер алдағы кезде білгендерін одан ары жетілдіруді қашықтан оқу арқылы жалғастырады. Олар қашықтан оқыту режимі арқылы кәсіпорынды тиімді басқару және табысты бизнес құрудың жаңа үлгілерін меңгереді.

Астанаға барып келген жетісулық жетіліктің құрамында болған «Ғалымат» ЖШС (жоғары шығаратын) директоры Талас Мінсәбаев:

– Оқыту аса жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бізден оқу барысында қарсы мен нарық, басқару ілімі тұрғысындағы әлемдік озық тәжірибелерді үйрендік. Соның арқасында өзіміз жетекшілік етіп отырған кәсіп саласына мүлде басқа көзбен қарайтын болдық. Алда өндірісті жаңғырту, жаңаша ұйымдастыру жұмыстары күтіп тұр. Қашықтан оқу арқылы алған білімімізді одан ары дамытамыз, – дейді.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ.

Ертең – Халықаралық балаларды қорғау күні



(3-бетке назар аударыңыз).

Ресми хабарлар

Кадрлық орын ауыстырулар

ҚР Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов кадрлық орын ауыстырулар жасады. Бақытжан Қажиевті «KEGOC»АҚ-ның басшысы етіп тағайындады. А.Сәтқалиевті «Самұрық-Қазына» ҮӨҚ АҚ-на тағайындады.

Б.Қажиев 2008–2009 жылдары «KEGOC» АҚ атқарушы директоры болған, ал 2009 жылдың ақпан айынан бері «KEGOC» АҚ вице-президенті болып жұмыс істеді.

А.Сәтқалиев 2008 жылдың мамыр айынан бері Қазақстанның электр энергетикалық қауымдастығының директорлар кеңесінің төрағасы болып жұмыс істеді; 2008 жылдың қазанынан 2009 жылдың желтоқсанына дейін «Қазақстандық электр желілерін басқару жөніндегі компания» АҚ (KEGOC) бірінші вице-президенті; 2009 жылдың желтоқсан айында қайтадан KEGOC президенті болып тағайындалды.

Беларусь рублінің девальвациясы

Белоруссия ұлттық валютасының девальвациясы Қазақстан экономикасына айтарлықтай әсер етпейді, деп есептейді ҚР Ұлттық банкінің төрағасы Григорий Марченко.

«Біз Белоруссиядағы оқиғалардың біздегі жағдайға әсері болады деп ойламаймыз», - деп мәлім етті Г. Марченко жексенбі күні «Портрет недели»бағдарламасына сұхбат беру барысында.

Г. Марченко Белоруссияның Қазақстанның сыртқы саудасындағы үлесі шағын екеніне назар аударды.

«Өрине біз белоруссиялық достарымыз бен әріптестерімізге жағдайдың жақсарғанын тілейміз, бірақ шикізат бағасы мен экспорттың көлемі қазіргідей қалса, біздің валюта нарығымызға салдары тимеуге тиіс», – деді Ұлттық банк басшысы.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Азаматына қарап АУЫЛЫН ТАНЫ



ПАНФИЛОВ. Жақында Пенжім ауылындағы Мәдениет үйінде «Азаматына қарап ауылын таны», – деген тақырыпта ауыл тұрғындарының кездесу кеші өтті. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдық тойына орайластырылып ұйымдастырылған шараның мақсаты ауылдағы мақтаулы отбасыларды жастарға үлгі етумен қатар ұлттар достығын насихаттау.

Кештің басты кейіпкерлері, еңбек ардагерлері – Құрманғали Нұсіпов пен Лохманжан Исмайылжанов. Ауылдас жайлы әңгіме болса құлақ түріп, елеңдеп тұратын ел-жұрт тайлы-тұяғымен Мәдениет үйіне жиналды. Ардагерлерге ерекше құрмет көрсетіліп, отбасымен сахна төріне отырғызылды. Сахнаға «Отан – отбасынан басталады». «Қарты бар ел – қазыналы ел», – деген сияқты кездесудің мән-мазмұнын әрлейтін қанатты сөздер жазылыпты.

Әдеттегі кездесулерделдей екі ақсақал да алдымен жас жеткіншектерге өздерінің өмір жолы жайлы әңгімелеп берді. Бұлардың бір ерекшелігі, зейнеткерлік демалысқа деген Құрекең егіс бригадирі, Лохманжан мал мамаңы болғанымен екеуінің де өнерге жақындығы. Құрманғали Қасенұлы бала кезінен ауылдас алдында ән шырқап, айтысқа түсіп, жыр жазғанын осы күнге дейін жалғастырып жүрсе, қазір жасы 75-ті алқымдаған Лохманжан Шәкірұлы үйғыр ұлтының барлық өнер аспабында шебер ойнап, ән шығаратынды да біледі. Олардың осы өнерлері көрерменнің көңілін көтеріп, кешті әрлей түсті. Атаға арнап ән шырқап, би билеуден немерелер де құр қалмады. Еңбек ардагерлерінің шаруашылыққа, ауылына сіңірген ерен еңбегі жайлы замандастары Ақзам Марипов, Базархан Ақзабаев, Бейсен Айтмұқаев, ауыл әкімі Тұрдалы Өмірбаев, Шәмшамұхамет Нияздов өте жылы лебіздерін білдірді. Шара сый-сияпатсыз болмады. Бастысы ауыл жастары кездесуден көкейге үлкен ұлағат түйді.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Мектептегі МҰРАЖАЙ



РАЙЫМБЕК. Білім шаңырақтары өскелең ұрпақтың өресін өсіріп, өрісін ашар тәрбие ордасы. Онда шәкірттерге жан-жақты білім мен тағылым берер дүниелердің молынан болғаны абзал.

Райымбек ауданындағы Кеген ауылына қарасты №3 Кеген орта мектебінде жас ұрпаққа арналған игі дүниелер аз емес. Мектепті ұлағатты ұстаз Бақытгүл Көнеева басқарады. Білім шаңырағының жанында шағын орталық жұмыс істейді. Күн талабына сай жабдықталған пән бөлмелері бар. Соңғы жылдардан бері мұнда өлкетануға арналған мұражай жабдықталып, жұмысын жүргізіп келеді. Оны қолына алып, бар жұмысын мойнымен көтеріп жүрген тарих пәнінің мұғалімі, ізденімпаз ұстаз Ұлтай Малдыбалаева.

Мұражайда жап-жақсы мұрағаттар бар. Көне суреттер сыр шертеді. Қолөнер бұйымдары да таңғампаз көрерменнің көңілінен шығады. Мұражайға келушілер мектептің ғана емес, ауданнан шыққан айтулы тұлғалар туралы да көп жайға қанығады. Келешекте аталған мұражайды кеңірек бөлмеге шығарып, беделін арттыру көзделуде.

Қанат САТЫБАЛДЫ.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Мұқағали РУХЫМЕН СЫРЛАСУ



ҚАРАСАЙ ауданының орталық кітапхана үйінде шындықтан туған шынайы поэзия иесі, қазақтың қара өлеңін қайталанбас құбылысқа айналдырған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығына орай, оқырмандармен кездесу ұйымдастырылды. «Мұқағали рухымен сырласу» атты кездесуге аудандағы ақынды сүйіп оқитын азаматтар, мектеп оқушылары мен студенттер қатысты.

Қазақ поэзиясының асқар шыңында тұрған дара тұлғаға арналған сырласуға «Мұқағали» журналының бас редакторы Батық Мажитұлы, қаламгер, ғалым, ұстаз, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері Сағатбек Медеубекұлы арнайы шақырылды.

Ұлтының мақтанышына айналған ақынға арналған сыр-сұхбат кешінің мақсаты да ерекше Ол М.Мақатаевтың ақындық талантын шәкірттерге таныту, олардың өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру еді.

Кездесу барысында сөз алған Б. Мажитұлы мен С. Медеубекұлы соңғы алты жыл бойы ақын Мұқағалидың творчествосы мен оның өмірі жайлы жазып келе жатқан «Мұқағали» журналының шығу тарихына тоқталып өтті. Ақын өмірлдегі қызықты сәттер жайлы әсерлі әңгімелер айтты.

Ақын рухымен сырласу кеші Мұқағали шығармашылығына арналған «Мұқағали – поэзия пайғамбары» атты кітап көрмесімен және «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты слайд-жобамен көмкерілді.

Аудандағы мәдениет колледжінің студенттері ақын өмірінің кейбір сәтінен көрініс көрсетіп, оның әлеңдерне жазылған әнді орындады.

Шара соңында аудандық кітапхана меңгерушісі Нұргүл Жексенбиева ақиық ақын М. Мақатаевтың 80 жылдығына орай ұйымдастырылған әдеби-сазды кешке қатынасушыларға ризашылығын білдірді.

Сайлаубек БАЙДҮЙСЕНҰЛЫ.

Бесіктегі баланың, Күлгенін көрген бір мұрат. Алдыңа түсіп ананың, Жүргенін көрген мұрат.

БҮГІН – ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

●Тағзым

Тұғыры биік ТҰРАР

XX ғасырдың 37-инде опат болған қылап қырғынның құрбаны, қоғам қайраткері, халқымыздың дара тұлғасы Тұрар Рысқұловтың туған ауылындағы №16 орта мектепте көптен күткен игілікті іс тамамдалып, кешіпкетін кезеңмынна айналды. Ол Тұрар Рысқұловтың өмірліне орналған мектептіліктің мұражайдың ашылуы еді.



Тұрар Рысқұлов

Жетісу
Үлбосын ИСАБЕК

Осыдан 20 жыл бұрын елмаз қызыл империяның бұғауын бұзып, өз алдына дербес мемлекет атаған алғашқы жылдардан бастап-ақ жоғалтқанын түгендеп, өлгенін қайта тіріткен түста Алаштың арда азаматы, бес арыстың бірі Тұрар Рысқұловтың тар жол, тайғақ кешудегі өмір өткелдерін ескелеп ұрпаққа үлгі-өнеге ету мақсатында мұражай зәудем ұлтын сүйген ұрпағы қызу қолға алған көрінеді. Бірақ, «көңіл ұзақ, қол қысқа» уақыттың таршылығы мен тапшылығынан бастаған істің аяғына жету оңайға соқпағандығын мұражайдың ашылуына жиылған жұрттың пікірлері үғындырды. Десе де, тірнектеп жүріп, аса маңызды материалдар мен құжаттар жинастырып, мұражай кабинетін безендіруде бірталай ізденісті өткерген ұстаздар қауымының еңбектері де ерекше даралана түскен. Алты бөлімнен тұратын мұражайдың сапалы да мазмұнды болуына бар күш-жігерін жұмылдырғандары айқын аңғарылып, Тұрардай дара тұлғаның тарихын терендеп танудың барлық жолдары қамтылғандығы көрерменнің көңілін өсірді.

Ел тәуелсіздігімен түспа-түс келіп отырған мұражайдың ашылу пентасын ауданның Құрметті азаматы, мәдениет қайраткері Ханым Шотбайқызы мен ауыл әкімі Серік Ізімев қиып, шашу шашылды. Тарихымызды тануда зор маңызға ие мұражайдың ашылуына алыстан ат терлетіп жеткен мейманлар да аз болмады. Олардың қатарында танымал геологгалым, тұрартанушы-ғалым, тұрартанушылардың көшбасшысы Молдияр Серікбайұлы. 20 жылдан астам Тұрар Рысқұловтың өмірін зерттеп, зерделеп жүрген тарихшы-ғалым Ордалы Қоңыратбаев, Абай атындағы педагогикалық университеттің Қазақстан тарихы кафедрасының деканы Талдыбек Нұрпейісов, жас ғалымдар Сәбит Шілдебай мен Алмас Жүнісбаевтар болды. Мұражайдың ашылу салтанатында сөз алған Ханым Шотбайқызы өздері негізін қалаған игі істің сәтімен аяқталғандығына шынайы алғысын білдіріп, Тұрардай ерін сүйген ерлердің есімі ешуақытта ұмытылмайтындығымен ойын қорытындылады. Осы арада мектептің бұрынғы басшылығында болған Сәния Бұрақызы бастаған бүгінгі зейнеткерлер Дәулетбай Бөрібаев, Нұрбике Әбеуова, Аян Халықова, Дүйсеке Рақымжанов, Тельман Нұрмаңұлы, Гүлдана Әбілқайырқызы, Бижамал Жетпісбайқызы, Тәлеу Иманбайұлы, Хадиша Нүсіпжанқызы, Мұхаметжан Мекебайұлы, Нұржамал Сәдуақасқызы, марқұм Нұрқанат Керімбаев сынды ұлағатты ұстаздардың ұйымдаса көтерген бастамасымен қолға алынғандығын ешкім жоққа шығармайтындығы да тілге тиек болып жатты. Шара барысында ауыл ақсақалы Бекбосынов Нұрахмет ата ақ батасын берсе, ауыл имамы Керібай Қасықов ұстаздар ісіне алғысын білдірді.

Бұдан әрі іс-шара мектептің жоғары сынып оқушылары мен ұстаздар қауымы бірлесіп шығарған Тұрардың түрмедегі өмірі мен Алжир азабын бейнелеген сахналық қойылымдары көпшілктің назарына ұсынылды. Қазақтың біртуар азаматы, қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың өміріне арналған мәні зор мұражай жұмысын толық, анықтап, пайдалануға берудегі істің ұйытқысы болған мектеп директоры Матан Бекбосынов пен мұражай жетекшілері Рысжан Бекбосынова, Гүлжан Ахметованың тындырымды істеріне жиылған қауым алыстарын жаудырды.

«Түркістан, түрлі тектес түген ел! Түген болсаң, ешкім тізе батыра алмайды. Бөлек-бөлек болсаң, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетесің. Қайтпас қайсар ел! Қабырғаң қайысып, омыртқаң опырылса да, рухың сынбасын!» – деп, Тұрар Рысқұловтың езіне қалдырған өнегесі ескелеп ұрпақтың жадында жаңғырып тұруға тиіс. Бұл орайда, ескелеп ұрпақтың рухын асқақтатып, жігерін жаныған мұндай мұражайлардың алар орны айрықша болмақ.

– 'Мың өлсе, мың тірілген қазақ халқын жарқын болашаққа жетхземіз' деген қазақтың тапай марқасқалары өмірден атты ғой. Солардың бірі ғана емес бірегей – Тұрар Рысқұлов атамыз болатын. Бүгін осы дара тұлға атындағы мектепте қоғам қайраткерінің өміріне орналған мұражайдың ашылғандығына біз де қуанып жатырмыз. Бұл іске Алматыдағы түркітанушы, түлғатанушы бірталай азаматтар қол ұшын беріп, көмек көрсеткен едік. Мүмкіндігінше, осы кісінің өнегелі өмері мен қызметі туралы топырақтанды деректермен толықтыруға елі де болса көмектесеміз, деген ойдамыз. Ал кішкене ауыл мектебінде қазақтың ұлы қайраткері Тұрар туралы мұражайдың ашылуына атсалысқан, соның басы-қасында болған азаматтарға алыстан басқа айтарымыз жоқ, – дейді тарихшы Талдыбек Нұрпейісов.

Мектептегі мұражайдың ашылуын қуана құттаған М. Бейсебаев атындағы Талғар агробизнес және менеджмент колледжінің ұжымы да құттықтауларын жеткізе келе, өздерінің Тұрар жайындағы стендтерін мұражайға тарту етті.

Сонымен 31 мамыр – Құғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында ұйымдастырылған салтанатты шараны мектеп директоры Матан Бекбосынов қорытындылады.

Т. РЫСҚҰЛОВ АУЫЛЫ,
ТАЛҒАР АУДАНЫ.

БІР ЕМЕС, ЕКІ СОТТАЛҒАН

«халық жауы» атанып атылған, әділеттілік орнап, ақталған Шайхан МҰНАРБАЕВТЫҢ талайлы тағдыры туралы



Көк түріктен жаралып, зәңгір көкке бой созған халқымыз үшін XX ғасыр қасіретке толы болғаны белгілі. Өткен дәуірдің жиырмасыншы жылдарының соңынан басталған ашық пен 1937-1938 жылғы жаппай саяси-қуғын сүргін қазақ даласына ажал оғын сеуіп, миллиондаған жанды өрт тиген құрақтай жайпап, шалғы тиген қоудай қырып түсірген шақтық. Осы тоқырлықта азды-көпті қалам тербеп жүрген жеті жылдың ішінде бір емес екі рет сотталып, «халық жауы» атанған қоротолдық **Шайхан Мұнарбаевтай** атпал азаматты жолықтыруым тұңғыш рет еді.

Үштөбелік кадірменді азамат Шелбай ағa үйге телефон шалып, амандық-саулықтан соң: «Жазғандарыңды қалдырмай оқып жүретін құдағиым өзіңмен жолығып, әңгімелескісі келеді. Қарсы болмасаңыз, алдағы аптада жолықтырайын»,– деді. Жазғанына зер салып жүрген адамды айналып кетпейсің бе?! «Жарайды, шақырса, барайық»,– дедім екі сөзге келместен.

Уағдаласқандай аптаның бейсенбісінде түс ауа Шелбай ағa екеуміз шойын жолға таяу орналасқан ексеп ақ үйдің есігін аштық. Қазақы ақ кимешек киген, орта бойлы, иман жүзді апай ілтипатпен қарсы алды. Амандасып, жөн сұрастық. Қазекеңнің ақ дастарқанды жайылып, тамақ дайын болғанша апаның болмесіне өтіп, әңгіме-дүкен құрдық. Жазу үстелінің үсті жергілікті авторлар кітабы мен газет тігінділері. Зердесі тың, ойы өткір, сөзі ширақ. «Қарағым, өзімнен гөрі бауырым, көкем Шайхан Мұнарбаев жайлы көпшен толған айтсам деп едім. Сіз құлақ түріп, зейін қойсаңыз болғаны», – деді.

– Мен, Жөкен Қасенқызы Қараталдың Ұмтылының перзентімін. Дүние есігін 1935 жылы ашсам керек. Әкем Қасен Ақжанұлы (1893-1978ж.) ұзақ жыл қой бақты. Еңбегі жанып Үкіметтің орден-медальдарын иеленіп, озат шопан, өнегелі отағасы атанды. Мектепті аяқтағаннан кейін әкеме көмекші шопан болдым, ақ таяғын ұстадым. «Жақсының шарапаты тиеді»,– дегендей азды-көпті еңбегім бағаланып, 1958 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен «Үздік еңбегі үшін» медалін иелендім. Мұнан кейінгі жылдары әр салада жұмыс істедім. Тағдыр тәукіметін бір адамдай тартуға тура келді. Шыдадым, көндім, жеңдім. Қазір ұл мен қыз, немере тәрбиелеген, имандылық жолын ұстаған бақытты анаңын бірмін. Алланың бұл бергенне тәубе, шүкір дейміи!

Жасым қазір жетпістің алтауында. Кезінде айналдырған он жылдың ішінде бір емес, катарынан екі рет сотталып, ақыры атылып кеткен Шайхан көкемнің талайлы тағдыры еріксіз ойлантады. Көкем турасында әр жылдары аудандық газет пен жергілікті авторлардың кітабында там-тұмдап жазылған. Сондағы айтылғандарды кейінгі жас ұрпақ біле түсісін деген ниетпен толықтырғым келеді. Соны қағазға түсіріп, көпшілік назарына ұсынуға жәрдемдессең екен деп арага құдам Шелбайды салып, шақырған себебім де сол еді.

Өткен ғасырдың басында дүниеге келген Шайхан көкем жаңа заманның жаршысы, белсендісі болады. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезінде «Ұмтыл» колхозын құрысып, алдымен суһы, кейін төрағасы болады. РКП (б) мүшелігіне кандидаттыққа да өтеді. Туған жерім гүлденсін, сүйікті халқым бақуатты болсын деп жастық жалынмен еңбек етеді. Оның мұндай қарекеті іші тар, көре алмастарға жақпайды. Олар ұйымдасып жоғарғы жаққа: «Жеке бас қамын ойлап, белгіленген жоспардан тыс жерге егін екті. Мұнысы барып тұрған қылмыс»,– деп қараяйды. Ол түста арыз атаулының айдарынан жел есетін. Содан қойшы, 1931 жылы Шайхан көкем істі болып, ұсталады. Алматы облыстық сотының 1932 жылғы 7 тамыздағы үкімімен сотталады. Колхоз меншігіне қол салды деп атуға бұйырады. Талап-арыз жазу арқылы ату жазасы он жылға бас бостандығынан айырумен айырбасталады. Қарағанды жағында жазасын өтейді. Үстамды мінезі, екпінді еңбегі үшін мерзімінен бұрын босап, 1933 жылы елге оралады.

Шайхан көкеме жала жабылып, сотталғандығы туралы анамыз Тәстүлектің сыр шертіп айтқан әңгімесі әлі есімде. Бірде жамағайын туыстардың бірі этаппен айдалып бара жатқан Шайхан мінген поездың Үштөбеден өтетіндігін хабарлады. Сол айтылған күні Ұмтылдан Үштөбеге Қараталдан өтіп, бір топ ағайын – туыс атпен, кейбіреуі жаяулап барады. Олар – Шәлімбай, Әлдибек, Сағатбек ага мен Керімбала, Сағила әже еді. Көп ұзамай перронға темір торлы вагоны бар поезд келеді. Вагон есігі ашылғанда ның тірескен түткындарды ажырату қиынға соғады. Жиен жігіт Мүксымы көкемізді қара мұртынан танып, қолындағы ауылда пісіріп алып келген таба нанды ұсынап: «Ага, нанды дақтырайын ба?!» – дейді. Шайхан ага: «Лақтыр! Бұйырса мен жеймін. Бұйырмаса мына қызыл жағалылар жейді» – дейді. Поезд қозғалып жүрер түста бар дауысымен: «Хош бол, елім, жұртым! Қараталдың топырағына жиырма жыл болса да қайта ораламын! Тәстүлек, Сары шалдан айырылмандар!»,– деп қоштасу сөзін айтады. Сары шалы менің әкем Қасен еді. Қасекеңнен айналайын Қасен әкем Шайхан інісіне екі рет жала жабылып, сотталып кеткен түста өзінің және інісінің отбасына қамқоршы әрі сүйеу болды. Соғыс жылдары бес бірдей жанды асырады.

Содан не керек, «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді»,– дегендей, арага бір жыл салып, 1933 жылы Шайхан көкем түрмеден ерте босап, оралады. Өзді-өзіне келгеннен кейін колхоз шаруасына араласады. Ерлі-зайыптылардың айырылмас жолдасы Тәстүлектің ақылымен ауылдың ақсақалдарын ақылдасып, Шайхан көкем ауылдың ақсақалы болып сайланады. Ел ішіндегі ұсақ-түйек дауларды шешіп, ауыл арасындағы ағайынды ажыратып, ымырашыл болып, ақыл-кеңесін беріп,

e-mail:
Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

● *Дипломмен – ауылға*

НЕСИЕ КӨЛЕМІ КӨБЕЙЕДІ

«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының бірінші съезінде Елбасы: «Жоғары оқу орындарының бітірушілеріне арналған «Дипломмен ауылға» жобасын ұсынамын. Мұның арқасында оңдаған мың жас маман ауылға тартылады. Өз кезегінде Үкімет пен жергілікті атқарушы билік осындай жобалардың материалдық қолдауын қамтамасыз ететін болады», – деп мәлімдеген болатын.

Жетісу

Айшұр ӘБДІРАХЫМ

Осыған сәйкес аталмыш жоба 2009 жылдан бері жүзеге асырыла бастады. Биыл да оқу жылы аяқтала салысымен «Нұр Отан» партиясының жергілікті жерлегі филиалдары қызу жұмысқа кірісіп кетті. Осы мақсатта «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы жанындағы облыстық партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Жомартқали Жексембинов І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің түлектері де аз емес. Бұл тұрғыда университет ректоры Әбдіманап Бектұрғанов: «Биыл күндізгі бөлімде 728, сырттай бөлімде 515 студент тамамдап отыр. Күндізгі бөлімнің 408 түлегі, яғни бітірушілердің 56,0 пайызы ауылда жұмыс істеуге ниет білдірді», – дей келе студенттер жетістіктерін атап өтті.

Қуантарлығы, жас мамандарды ауылға тарту мақсатында тұрғын үй сатып алуға бюджеттік несиесімен камтамасыз ету мәселесі де қарастырылып отыр. Нақтылай түссек, 2009–2010 жылдары жұмысқа орналасқан жас мамандардың 205-іне осындай несие берілген. Осы орайда Жұбаныш Ноғайбеков тұрғын үй сатып алуға жас мамандарға берілетін несиенің алдағы тілге тиек етті.

– Берілетін несие көлемі 952560 теңге немесе 6500 АҚШ доллары. Әсіресе, Алматы маңындағы аудандарда бұл қаражат үй сатып алуға жетпейді. Нәтижесінде бөлінген қаражат та толық игерілмей отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Ауыл шаруашылығы министрлігіне бөлінетін несие мөлшерін 1500 еселік айлық есептік көрсеткішке, яғни 2268000 теңгеге немесе 15500 АҚШ долларына дейін ұлғайту туралы ұсыныс жасалды. Ұсынысымыз қолдау тауып, екінші жартыжылдықтан бастап енгізілуі жоспарланууда, – деді Жұбаныш Ноғайбеков.

Өз кезегінде университет түлектері де сөз алып, жобаны жүзеге асырушыларға шекесі алғыстарын жеткізді. Шара соңында «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы жанындағы облыстық партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Жомартқали Жексембинов облыс бойынша аталмыш жоба аясында атқарылып жатқан шараларға шолу жасап, жастарға сәттілік тіледі.

Міне, аталмыш бағдарламаның жас мамандарға берері көп. Осыны жастар арасында насихаттау мақсатында жас отандықтар ақпараттық топ құрып, облыс көлеміндегі жоғары және орта арнаулы білім беру орындарын бітірген түлектермен кездесулер өткізуді жоспарлап отыр.

● Премьер-лига

Ел біріншілігінің он жетінші тур ойындары өз мәресіне жетті. Талдықорғандық «Жетісу» футбол клубы Атыраудың «Атырау» футбол клубында қонақта болып қайтты.

СЫРТ АЛАҢДА СЫР БЕРДІ

Бұған дейін өз алаңында жеңіске жеткен жерлестеріміз сырт алаңда сәтсіздікке ұшырады. Турнир кестесінің сегізінші сатысында келе жатқан алаң иелері тегеурені мықты «Жетісу» командасын ұтып кетті. Бірінші таймның отызыншы минутында атыраулық футболшы Травин есеп ашып, өз командасын алға шығарды. Жерлестеріміз бірінші таймның соңына дейін қанша тырысқанымен есепті теңестіре алмады.

Жетісулық жанқүйерлер кездесудің екінші кезеңінде сүйікті командаларынан гол күткен болатын. Өкінішке қарай, үміт ақталмады. Бірнеше рет тамаша мүмкіндіктер болғанымен футболшыларымыз есепті өз пайдаларына аудара алмады. Осылайша «Жетісу» командасы сырт алаңда өздеріне қажетті үш ұпайдан құр қалды.

Әмір САНА.

● *Зерде*

Өнермен өрбіген өмір

Осы ортада Мұқан аға мектебі,
Білім құды, кемелденді, кектеді.
Сазды ән көрнеп өз еліне нәр берді,
Жазды ұлы еңбек, жанды өнердің өшкені.

ҚСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚСРО халық әртісі, дара дарын, даңқты композитор Мұқан Төлебаевтың туғанына 2013 жылы 100 жыл толады. Осынау айшықты дата қарсаңында жерлесімізді мәңгі есте қалдыруға арналған шаралар Лепсі кентінде бастау алды. Осы өңірдегі төрт елді мекеннің өнерсүйер қауымының басын қосқан ауқымды жиын Лепсі кентіндегі Мәдениет үйінде өтіп, жиналғандар алдында облыс орталығындағы М. Төлебаев атындағы оркестр мазмұнды концерт қойды.

Мұқан аға ауылына өнер сапарымен келген оркестр мүшелері Лепсідегі Мұқан Төлебаевтың мемориалдық мұражайында болып, өнер кайраткерінің өскен ортасы, туған жері, кемелдену кезеңі жайында кеңінен мағлұмат алды. Облыстық мәдениет басқармасының бастығы Рахмет Есдәулетов мұражайдың қалыптасуы, мұраттардың, тарихи жәдігерлердің жинақталуы турасында өзі куә болған сәттерден сыр шертсе, Лепсі ауылдық ауруханасының бас дәрігері, облыстық мәслихаттың депутаты Төлеухан Ысқақов қазақ өнерінің көшін бастаған ұлы тұлғамен дидарласқан сәттерінен естелік айтты.

Сарқан аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Мұрат Түсіпов қазақ музыка өнерінің көрнекті өкілінің мерейтойы қарсаңында басталған мәдени шараға сәт-сапар тілеп, көпшілікті сағынырған Мұқан ағаның мәңді де мәңгі мұраларына кезек берді. Үлкен концерттің шымылдығын Лепсідегі Мәдениет үйінің жанынан құрылған «Наурыз» әуелер ансамблі ашып, жергілікті композитор Құдыш Адамбековтың «Мұқан ағаға» әнімен шашу шашты. Оркестр құрамындағы еліміздің белгілі өнер қайраткерлерінің орындауындағы М. Төлебаевтың әндері, классикалық туындылары көрермендер көкейінен орын алып, дара дарын шығармаларының жылдар өткен сайын шырайлана түсетініне сендірді.

Мәдени іс-шараның соңын Лепсі кентінің әкімі Көңес Сердәлиев қорытындылап, жүртшылық жүрегіне ұялаған әнер кешін ұйымдастыруға үйтқы болған облыстық мәдениет басқармасының бастығы Рахмет Есдәулетовке, М. Төлебаев атындағы оркестрдің дирижері, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, белгілі композитор Өтеш Алпысбаевқа көрермендер атынан алғыс айтты.

Көрермендер ризашылығы ашық-жарқын жүздерінен айқын көрініп, көпшілік алғысы №54 орта мектеп мұғалімі Алима Мұратқызының жүрекжарды жырынан сезіліп түрды:

Мұқан ата, мақтанамын өзіңмен,
Сазыңды естіп естім бала кезімнен.
Сізге деген ел-жұртының пейіл,
Ашық-жарқын жүздерінен сезілген.
Уақыт алға жылдам ұшып барады,
Мұраңыз бар, ізіңіз бар сақталы.
Ғасыр өтсін, мың жыл өтсін бәрібір,
Дара дарын жұрт жадында қалады.

Жомарт ИГІМАН.

Жетісу

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс – **27-41-50** байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары – **21-01-90, 27-41-83,** жауапты хатшы – **24-38-16,** ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі – **27-42-34,** саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі – **24-36-07,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – **24-32-43,** білім және тағылым бөлімі – **24-30-57,** фототілшілер –**27-41-93,** заң және ақпарат бөлімі – **24-29-82,** есептеу бөлімі – **24-35-28**

Алматы қаласындағы тілшілер қосымша – **279-13-37** (факс) **79-13-86, 79-36-43.**

Мемлекеттік тілшілердің аудандардағы телефондары Үшаралда – **2-12-57**, Панфиловта – **5-12-21**, Райымбекте – **2-22-05**, Іледе – **2-19-33.**

Газет табыс етілмесе – **72-59-01** телефонымен хабарласу керек.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі.

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

КӨЛЕМІ – 2 баспа табақ.
ТАПСЫРЫС – 741.
ТАРАЛЫМЫ – 42 689.
ИНДЕКСІ – 65469.

Кезекші редактор:
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ.

2011 жылғы 21 маусым мен 28 қыркүйек аралығында Алматы облыстық «Жетісу жастары» жастар орталығы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай, Алматы облысының жас журналистері арасында **"Жас маман"** байқауын өткізуді жоспарлап отырғанын хабарлайды.

Байқаудың негізгі мақсаты: жас мамандардың біліктілігін арттыру және кәсіби деңгейін өсіруді үйлестіру. Облыстық бұқаралық ақпарат құралдарындағы жас тілшілерді мемлекеттік жастар саясаты жөнінде кеңінен ақпараттандыруға ықпал ету.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Алматы облысының жас журналистері арасында өткізілетін "Жас маман" байқауының ЕРЕЖЕСІ

Байқау ұйымдастырушылары:
Алматы облыстық «Жетісу жастары» жастар орталығы.
Байқау мақсаты:
Жастар саясаты тақырыбындағы ең үздік және мазмұнды журналистік материалдарды айқындау. Облыстық бұқаралық ақпарат құралдарындағы жас тілшілерді мемлекеттік жастар саясаты жөнінде кеңінен ақпараттандыруға ықпал ету.

Байқау шарттары:

1. Байқау республикалық, облыстық, аудандық және қалалық баспасөз, телеарна, электронды БАҚ түрлеріне арналған. Сонымен қатар, байқауға штаттағы, штаттан тыс тілшілерді, талапты да дарынды 14 пен 29 жас аралығындағы жас тілшілерді қатысуға шақырамыз.

2. Байқауға қатысатын материалдар 2011 жылғы 31 мамыр мен 23 қыркүйек аралығында газет беттерінде жарияланған, электрондық сайт беттерінде немесе эфирге шығарылған болуы керек.

3. Жұмыстар «Жетісу жастары» жастар орталығының байқауына» деген белгімен жолданады. Материалдар орыс және қазақ тілдерінде қабылданады. Бір автордың ұсынатын материалы үштен аспауы керек. Бейне жұмыстар CD немесе DVD форматта қабылданады.

4. Байқауға ұсынылған материалдарға түйіндеме қоса беріледі, онда мынлар көрсетілуі тиіс: аты-жөні, өмірбаяны, басылым тізімі, үйінің мекенжайы, телефон нөмірі (үй, жұмыс, ұялы), жұмыс орны, e-mail, жариялану күні (үміткер көрсетілген мерзімде жарияланған жұмыстың авторы болып табылатындығы берілген материалда нақты көрсетіледі немесе редактордың жазбаша растаған хаты қоса беріледі).

5. Жұмыстар байқауды ұйымдастыру комиссиясына хабарландыруда көрсетілген мерзімнен кешіктірілмей ұсынылады. Байқау тақырыбына сәйкес емес, талаптарға сай келмейтін материалдар, ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін келіп түскен жұмыстар байқауға жіберілмейді.

6. Байқау жеңімпазы Алматы облысы әкімінің «Көшбасшы» жастар сыйлығының номинанты болады.

Шығармаларды таңдау критерийлері:
Барлық шығармалар міндетті түрде жастар саясаты тақырыбында болу керек
Қазіргі заманның кейіпкерлерін табу;
Шығарманың сауаты, күрделі мәселені онай және қызықты тілмен ұсыну шеберлігі;
Фото, схемалар, графиктер, видео, аудио тағы басқа көрнекті құралдарын пайдалану;
Автордың жастар саясатының қазіргі жағдайын сыни көрсету шеберлігі мен талдау, өзіндік даму стратегиясын ұсыну;
журналистік этика принциптеріне сәйкестігі,
сыртқы безендірілуі;
тәрбиелік және қоғамдық құндылығы;
авторлық өзіндік тұжырымдамасы;
Отаншүйгіштікке баулу
Қатысу рәсімі:
Қатысушылар сұраным формасын толтырып, қосымша материалдармен келесі мекенжайға жіберуі керек: 040000, Талдықорған қаласы, І.Жансүгіров көшесі 13 "А", 3-қабат, 305-кабинет «Жетісу жастары» жастар орталығы немесе M_Belikovna@mail.ru электрондық поштаға жіберу керек.


Сұранымдар 2011 жылғы 23 қыркүйек, сағат 18:00 дейін қабылданады. Пошта жеткізу мерзімдерін ойға салуыңызды өтінеміз.

Байқау номинациялары:
Жеңімпаздар төмендегі номинациялар бойынша марапатталады:
1. Сараптамалық көзқарас
Мемлекеттік жастар саясатында ағымды жағдай жөнінде сараптамалық шығарма. Материалда деректер, цифрлар, статистикалық ақпарат болғаны тілейміз. Деректер, цифрлар, статистикалық ақпаратқа дереккама сілтемелер берілу керек.
2. Тақырыпқа адалдығы үшін
Жастар мәселелерін ең белсенді көтеретін автор марапатталады
3. Кейіпкер
Белсенді, талапты, дарынды жас туралы жазылған шығарма.

Сұрақтар бойынша Мәлдір Бериккызы,Қаратас Жомарт Мандатұлымен хабарласуға болады /7282/ 30-56-42, 8 701 327 12 60, 8 702 278 95 38

● *Астана күні қарсаңында*

Бүгінгі Қазақстан – әлеуметтік-экономикалық дамуы қарқынды, қоғамдық-саяси құрылымы берік, барлық кедергіден өтіп, тұрақтылық пен ынтымақтың, бірліктің туын тіккен, әлем таныған ел. Шынында, ел болу оңай, сол елдігіңді айналаға мойындату қиынның қиыны. Біз ел болғанымызды әлемге мойындаттық. Бұл халықтың салтанатын да арттыра түседі.



СӘУЛЕТІНЕ САЛТАНАТЫ САЙ

Әлбетте, Елбасының салиқалы саясатының арқасында Қазақстан халқының әл-ауқаты жақсарып, экономикалық даму қарқыны еселене түсті. Бүгінде әлем алпауыттарымен нық престиже өрлеуіміз де Үлт көшбасшысының жемісті еңбегі. Тәуелсіздік алғалы бергі 20 жыл ішінде қазақ елінің әлем қауымдастығы алдындағы бағыт-бағдары айқындалып, экономикалық саясаты нақтыланды. Шекара белгіленді. Астана көшірілді. Аз жылда Қазақстанның қол жеткізген жетістігі туралы француздық Мартин Стифф. «Кеңес одағы ыдырап, коммунизм құлаған соң Қазақстан небары он бес жылда тәуелсіз мемлекет болып құрылды. Бұған дейінгі қазіргі заман тарихында ол ешқашан тәуелсіз болып көрмеген еді. Демократияны, саяси саналылық пен еркін нарықтық экономиканы құруды нөлден бастауға тура келді. Осыны есепке ала келгенде, Қазақстан бұл салаларда өсуге қол жеткізді, аса үздік және оң табыс болды», – деп жазды

Міне, бүгін сол дәулетті де сәулетті өмірге қол жеткіздік. Соның бір дәлелі – Арқа төсінен әлемге тандай қақтырған жаңа Астананың салынғаны дер едім. Мұны Елбасының өзі де: «Ерке Есіл жағасында бой көтерген, ерекше сәулетті ландшафы бар, бірегей мүсіндік нышандары сап түзеген, жоғары технологиялы, болашаққа қол созған, өзгені сыйлап, өзінің жаңа астанасы мен өз елін шексіз мақтанып тұратын көп ұлтты және көп діпді халқы бар әсем де мейірлі астана... Біздің Астана сәулет өнерінің жаңьар туындыларына, үздік үлгідегі ескерткіштеріне, алуан гүлдермен өрнектелген бау-бақшаға оранған, Шығыс пен Батыстың ең озық, рухани құндылықтарын талғамен бойына жинаған жоғары мәдениетті калаға айналды», – деп сүйсіне еске алады. Астананы көрген кез келген эстетикалық талғам несі қазақ деген халықтың астана да сала алатынын, «Орда» да тұрғызатынын жалпақ әлемге әйгіледі.

Бүтінде Астана күнін мерекелеу арқылы казакстандықтардың бойында өз Отанына деген мақтаныш сезімін оятуға, болашағына сеніммен қарауға, азаматтардың мемлекет болашағын құру түсініктерін қалыптастыруға мүмкіндік туды. Астана – бұл кең далдағы жай қала ғана емес, саяси ерік-жігер көршісінің нышаны. Оның келешегі XXI ғасырдың еншісінде жатыр. Қазір әлем елдерімен тереземіз теңесті. Көркейген елге айналдық. Үрпағымыз мақтан тұтатын қала орныкты. Жыл сайын Астана күнін мерекелеп келеміз. Бұл астаналықтардың ғана емес, бүкіл казакстандықтардың мерекесі.

Гүлнар ЕРМЕКБАЕВА, облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаментінің директоры.

Алматы облысы «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі басшыларының 2011 жылғы жартыжылдық табыстары туралы мәлімет

№	Аты –жөні	Лауазымы	Есептелген табыс
1	Бастова Р.М.	Алматы облысы «ХҚКО» РММ-нің директор міндетін атқарушы	394910 теңге
2	Имангалиев С.С.	Алматы облысы «ХҚКО» РММ-нің директор орынбасары	356889 теңге
3	Молдабеков А.Б.	Алматы облысы «ХҚКО» РММ-нің директор орынбасары	323134 теңге
4	Абдрахманов Қ.С.	Ақсу аудандық филиал директоры	321935 теңге
5	Мұнайтбасова А.А	Алакөл ауданды филиал директоры	355321 теңге
6	Мұсаев Н.Б.	Балқаш аудандық филиал директоры	279262 теңге
7	Демесінов М.А.	Еңбекшіқазақ аудандық филиал директоры	267885 теңге
8	Балтабеков Б.Ж.	Ескелді аудандық филиал директоры	375906 теңге
9	Жолтаева С.М.	Жамбыл аудандық филиал директоры	302650 теңге
10	Маман А.Қ.	Іле аудандық филиал директоры	291180 теңге
11	Бейбіт Т.Б.	Қаратал аудандық филиал директоры	286650 теңге
12	Құрманбаев А.Қ	Көксу аудандық филиал директоры	309522 теңге
13	Қатшыбеков Б.Н.	Кербұлақ аудандық филиал директоры	290784 теңге
14	Алетов А.А.	Қарасай аудандық филиал директоры	104198 теңге
15	ИмангалиеваА.Қ.	Қаскелең аудандық филиал директоры	293293 теңге
16	Бағдаулет А. Б.	Панфилов аудандық филиал директоры	286650 теңге
17	Әлімбай Т.Т.	Райымбек аудандық филиал директоры	371349 теңге
18	Елюбаева С.А.	Ақсу аудандық филиал директоры	337935 теңге
19	Абиров Е.Қ.	Талғар аудандық филиал директоры	325842 теңге
20	Манапов Е.С.	Үйғыр аудандық филиал директоры	286650 теңге

Алакөл көлінің Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданына қарасты жағалауында орналасқан Жарбұлақ ауылында 200 сотық жер сатылады. Жер телімі көлден 60 метр қашықтықта, «Айгерім» шипажайының жанында орналасқан.

Бағасы келісімді. Байланыс телефондары: 8 7013395577, 87019912389.

Көксу ауданы, Мұқыры ауылындағы орта мектепті бітірген Мықышбаева Айгуль Серікбайқызының А № 113336 1993 ж. аттестатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

● *Тіл тағдыры – ел тағдыры*

БАТЫЛ ҚАДАМ, БАЙЫПТЫ ҰСТАНЫМ

Ана тіліміздің абыройын асқақтатып, беделін биіктету тәуелсіздік алғалы қызу қолға алынды. Алайда, кеңестік кезеңде санаға батпандап кірген мәселені бірден шешіп, іс қағаздарын толық мемлекеттік тілге көшіре салу оңай жұмыс емес. Бұл тыңғылықты даярлық пен үйлесімді көзқарасты талап етеді. Осыған орай, «Тіл туралы» Заң қабылданып, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін тыңғылықты шаралар атқарылуда. Осы тұрғыдан келгенде облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарамасы тіл мерейін өсіретін түрлі шаралар мен өңіріміздегі талантты жастардың бағын ашып, мерейін өсіретін байқаулар ұйымдастырып, жақсы қырынан көрініп келеді.

Жетісу

Қажет АНДАС

Мемлекеттік тіл және заң

Осындай тақырыппен Тіл сарайында өткен «дөңгелек үстелге» облыстық сотының судьялары, прокурорлар, әділет департаменті мен ішкі істер департаментінің мамандары, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті мен Талдықорған заң колледжінің оқытушылары қатысып, мемлекеттік тілдің заң саласында қаншалықты деңгейде қолданылып отырғандығын сарапады. Шара барысында облыстық соттың судьясы Күләш Шалбаева, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті құқық кафедрасының меңгерушісі Аминагүл Төлемісов, Талдықорған заң колледжінің директоры, Мықтыбек Рақымбек баяндама жасап, тақырыпты ашып түсті. Сөз кезегінде баспасөз өкілдері де ойларында жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды.

Асылыңды бағала

Тіл сарайында мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, мамандардың тіл білу деңгейін сараптау және азаматтардың ұлтымыздың мәдениеті мен тарихына деген қызығушылығын тереңдетуге арналған «Елдің тарихын танығын келсе, тілін үйрен» атты байқау өтті. Оған облысымыздағы мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының 25-35 жас арасындағы қызметкерлерінен құралған он төрт команда қатысты. Шараны облыстық тілдерді оқыту орталығының директоры Әлмұхамбет Иманбаков құттықтау сөзбен ашты.

«Сәлем – сөздің анасы», «Жыр жазамын жүрегіммен», «Ойлан, тап», «Сөздер тізбегі», «Өнерлі ерге жүзер» атты бес кезеңнен тұратын сайыста облыстық тілдерді оқыту орталығының «Мытымақ» командасы бас жүлдені жеңіп алды. Ал Талдықорған қаласының «Жетісу» тобы бірінші, Қаратал ауданының «Үштөбе» тобы екінші, Іле ауданының «Асыл сөз» тобы үшінші орынға табан тіреді. Жүлдегер командалармен бірге барлық қатысушы топтар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Іс-тәжірибе алмасты

2008 жылы Елбасының бастамасымен Мемлекеттік тілді дамытудың президенттік қоры құрылып, қазақ тілін сақтау мен қорғауға ықпал ететін шаралар атқарылуда. Оның міндеті – қоғамдық бастамаларды инталандыру мен қолдау, атап айтқанда, қазақ тілінің аясын кеңейтуге бағытталған отандық, сондай-ақ, шетелдік жобаларға демеушілік ету. Осыған орай, аталған қор алдағы уақытта өңірлерде қоғамдық тыңдалымдар, «дөңгелек үстел», семинар және ғылыми-практикалық конференциялар өткізу арқылы игілікті жұмыстарға мұрындық болуда. Тіл сарайында «Тіл үйретудің лингвистикалық әдістері» тақырыбымен өткен семинар бұл шаралардың таңды жалғасы.

Шара барысында филология ғылымдарының докторы, профессор Раушан Әмірденқызы баяндама жасап, іс-тәжірибесімен бөлісті.

Алматы облысының әкімдігі «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар дирекциясының директоры Мүсәпір Жанұзақ Керімбекұлына ағасы

Мұраттың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық «Жетісу» газетінің ұжымы газеттің Алакөл ауданындағы меншікті тілшісі Серікқазы Шәріповке ағасы

Өмірсеріктің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

Jetisu2002@mail.ru

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады № 102 (17515) сенбі, 10 қыркүйек, 2011 жыл Бағасы келісімді

ЖАЙЛАУ ТОСІ МАЛҒА ТОЛЫ

Ауыл маңындағы егінжайлар өнімі жиналып болған соң жайлаудан қонды түскен мал қыстай жүгері алқаптарының мол масағына кенелмек.

(2-бетке назар аударыңыз).



ЖҮРЕК ҮНІ



Жекеқолық күрестен Мәскеу Олимпиадасының чемпионы Ұшкемпіров Азаттық Арманға жол ашады

Қалай десек те, ел тәуелсіздігінің жемісі бөлек. Мәселен, мына бір жайға назар салайық. Біз кеше Мәскеу Олимпиадасына қатысқан кезде КСРО спортшыларының атынан әлемдік сайысқа түстік. Ортақ елдің намысын қорғадық. Боз кілемде жауырынымыз жерге тимей қазақтың атын шығардық десек те, мойнымызға алтын алқа тағып, чемпиондық тұғырға көтерілгенде Кеңестер Одағының Гимні шырқалды. Қазақ екенімізді білгендер білді, білмегендер білген жоқ.

Енді ше? Енді жағдай мүлдем басқа. Сидней Олимпиадасы кезінде Ермахан, Бекзаттар чемпион атанып, олардың данқы аспандаған кезде жүлдегерлердің құрметіне еліміздің көкбайрағы биікке көтеріліп, қазақтың Гимні асқақтағаны жүрегі бар жанның бәрін тебіренті. Қазақ деген ұлысты бүкіл дүниежүзі таныды. Одан кейін де Бейжің Олимпиадасында біздің саңлақтарымыз тағы да Алаш рухын әлемге әйгіледі. Осының бәрі тәуелсіздіктің арқасы. Қазақ спортшылары да ел данқын көтеруге өзіндік үлестерін қосып келеді. Егеменділіктің нығая түсуіне, оның мәртебелене беруіне бәріміз де мүдделіміз. Осы жолда тер төгу азаматтық парызымыз деп ойлаймын.

Тәуелсіздік өмірдің қай саласында болмасын өзінің ерекшелігін айқын танытып отыр. Тек спортшылар ғана емес, кәсіпкерлер де қалаған жұмысымен айналысып, оның жақсы нәтижелерін көрсетуде. Ілгері басқан істер Отанымызға да, отбасымызға да пайда әкелуде. Еркіндік, теңдік, бостандық қамтамасыз етілуде. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Сондықтан, Тәуелсіздіктің 20 жылдығын жаңа ғасырдың жарқын белесі ретінде қарсы алып, мерекелеуге қақылымыз.

ЕЛ МҮДДЕСІ – ЖЫР ТІЛІ

МӘШһҮР ЖҮСІП

Бұ сөзім Алты Алашқа таныс болсын,
Азамат ермін десе намыс болсын.
Бір құдай болысқанға дұшман оңай,
Көптігі қопадағы қамыс болсын.

АЗАМАТТЫҚ ФОРУМ

ӨЗАРА ӘРІПТЕСТІК ЖОЛДАРЫ ҚАРАЛДЫ

Қазан айында республика көлемінде V Азаматтық форум өтеді деп күтілуде. Осы үлкен жиын алдында облысымызда өткарылып жатқан жұмыстарды пысықтап, оған баратын делегаттар тізімін нақтылау барысында «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орнатқан мемлекеттік органдардағы азаматтық қоғам институттарының өзара әріптестігін одан ары дамыту жолдары» тақырыбында V облыстық Азаматтық форум өтті. Облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Алматы облысының Азаматтық Альянсының» ұйымдастыруымен «Достық» үйінде өткен шараға облыс әкімінің орынбасары Серік МҰҚАНОВ, облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Гүлжиян СҮЛЕЙМЕНОВА, сондай-ақ, аудандар мен қала әкімдерінің орынбасарлары, ішкі саясат бөлімдерінің бастықтары қатысты.

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

Форумға келген қонақтар облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқановтың бастауымен алғашқы кезекте үкіметтік емес ұйымдар ұсынған арнайы көрмені тамашалады. Онда әр ұйым немесе қоғамдық бірлестіктер өздерінің атқарып жатқан жұмыстарының үлгісін қойған. Мәселен, Қапшағай қаласының көпбалалы аналар қоғамдық бірлестігі аналар қолынан шыққан ұлттық бұйымдар мен көрпе, құрақтарын ұсынса, Аманбөктер өңірлік өзін-өзі басқару қоғамы қой жүнінен жасалған басқұр, мойын орағыш, кеудеше, аяқкөйім сынды заттарын қойған. Ал Роза Ақжарқенова жетекшілік ететін «Ерлік» мүгедектер қоғамы өмірдің қатал сынына ұшырағанына қарамастан ізденіспен еңбек етіп, қолөнерін дамытып отырған жігерлі жандардың қолынан шыққан кездің жауын алар әшекей заттары мен қолөнер туындыларын ала келген. Үйғыр ауданынан келген қимыл-қозғалысы кем мүгедектердің қоғамдық бірлестігінің төрайымы Жамал Оқаева өзі жасаған шілтерлі бұйымдарын көпшілік назарына ұсынды. Жамал Оқаеваның аудан көлемінде өткарып отырған ерлікті ісін айтпай кетуге болмайды. Өзі сынды мүгедек жандардың басын қосқан ол ошақты жанның шаруа қожалығын құрып, өз тіршіліктерін ұйымдастыруына жәрдемдескен жан. Алда да жоспарлап отырған істері көп.

Көрмеде, міне, осындай ізгілікті еңбек көрсетері орын тауып, үкіметтік емес ұйымдардың жұмысы кеңінен насихатталды. Осыдан соң форум жұмысы басталды.

Жиынды облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов ашып, үкіметтік емес ұйымдардың қоғамда алар орны мен оларға мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау жайына тоқталды.

– Еліміздің демократиялық үрдістерге қадам басуы қоғамдық-саяси өмірде жаңа қарым-қатынастардың дамуына зор мүмкіндіктер туғызып отыр. Соның нәтижесінде тәуелсіз елімізде қоғамның демократиялық-зайырлы мемлекет болып қалыптасуы жүзеге асуда. Қай мемлекетте болмасын, халықтың әлеуметтік жағынан толыққанды қамтамасыз етілуі, оларға сапалы қызмет көрсету азаматтық қоғам институттарымен бірлесе жүргізілуде. Облыс бойынша да азаматтық қоғамды қалыптастырып, жүзеге асыруда бірқатар іс-шара атқарылуда. Оған дәлел ретінде мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың әріптестік қарым-қатынасы жоғары деңгейге көтеріліп, мәнімақтастықта жалғасып келе жатқандығын айта аламыз. Бұл еліміздегі бірлік, келісім, тәтулық жасындағы Мемлекет басшысының сындарлы саясатының, ата-бабаларымыз армандаған Тәуелсіздіктің арқасында мүмкін болып отыр, – деген Серік Мейірханұлы ары қарайғы сөзінде.

Алматы облысында мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара әріптестігін нығайтуға және азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған арнайы тұжырымдамасы іске асырылып отырғандығын айтып өтті.

(Соңы 2-бетте).

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

ҚАРАБҰЛАҚТЫҚТАР ҚЫСТА ТОҢБАЙДЫ

Облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ бейсенбі күні жұмыс сапарымен Ескелді ауданының орталығы Қарабұлақ кентінде болды. Соңғы жылдары қысқы жылыту маусымы барысында азды-көпті қиындықтар туындап жүргендіктен кенттің қант зауыты орналасқан бөлігіндегі тұрғын үйлерді жылумен қамтамасыз ету мақсатында орталық қазандықтың құрылысы қолға алынған еді. Ансар Тұрсынханұлы бірінші кезекте сол қазандықтың құрылысымен танысуды жөн көрпті. Аудан орталығындағы бірнеше нысанды аралаған облыс басшысының қасында оның орынбасары Сәкен Жылқайдаров пен аудан әкімі және тағы басқа басшылар жүрді.



Жылдар бойы күрмеуі тарқамаған күрделі мәселенің алғашқы проблемалары бұрынғы Қарабұлақ қант зауытын жекешелендіру барысында «Алматы қанты» АҚ құрылған кезде көрініс берген. Содан бері жыл сайын алдан шығатын маңызды мәселеге биыл ғана мықтап көңіл бөлінді. Амандық болып, ойға алғандар толығымен жүзеге асырылса, облыс басшылығының тікелей қолдауы мен қамқорлығы арқасында қант зауыты маңына орналасқан түрғын үй орамдарындағы жылытуға қатысты жағдай оң шешімін табады.

Облыс басшысының назарына кент пен салынып жатқан нысанның үлкен сызбалық жоспары ұсынылды. Тура сол жерде құрылыстың басшылары және инженерлік-техникалық қызметкерлермен жұмыс барысы жайында нақты әңгіме өрбіді. Адамдардың қысқа тоңбауын қамтамасыз ететін нысанның құрылысына облыстық бюджеттен 496, 5 миллион теңге бөлінеттігі. Осынау қомақты қаржыны мақсатты әрі тиімді игеру тендер жеңімпазы атанған «Қазэлектромонтаж» АҚ-на жүктелген. Үш гектардан астам жерді алып жатқан құрылыс алаңында қажетті техника мен жұмыс күші уақытпен санаспастан еңбек етуде. Қазандық құрылысының негізіне ресейлік жабдықтар пайдаланылып, қазақстандықтар құрастыруда. Сынаннан өткен құрал-жабдықтар орнатылып, 8 шақырымдық жылу желісі тартылуда.

«Қазэлектромонтаж» АҚ директоры Элдар Байқанов облыс басшысына қазандық қараша айының бірінші жартысында пайдалануға беріледі, деп мәлімдеді.

Қазандық құрылысының қарқынымен танысқан облыс әкімі орталық аудандық ауруханаға да ат басын бұрды. Медициналық мекеменің жұмысымен танысуды кіребергі тіркеу бөлімінен бастады. Аңсар-Тұрсынханұлы аудандық емханадағы ең басты бөлімдердің бірі – ана мен бала денсаулығын сақтау мен қамтамасыз ету бойынша әйелдерге кеңес беру қызметінің жай-жапсарына мұқият үңіліп, қасында жүрген денсаулық сақтау саласының жетекшілеріне бірқатар сауал қойып, тиянақты жауап алды. Аталған бөлімнің жұмысы ауданда ғана емес, облыста да жақсы жағынан аталып жүргенін жұрт біледі. Өйткені әйелдер кеңесінде біліктілігі жоғары дәрігерлер мен орта буын медицина мамандары қызмет етеді. Орталық ауруханада «Электронды аурухана» автоматтандырылған модулін іске қосу арқасында мұндағы дәрігерлік көмектің тиімділігі барынша артқан. Жалпы алғанда, ауданның емдеу-сауықтыру мекемесі бүгінгі кезең талабына толық жауап бере алатын заманауи техникалармен толық жабдықталған.

Облыс басшысы емханаңың мәжіліс залында арнайы жабдықталған «Жедел жәрдем» автокөлігінің жұмысын көрсететін бейнебаянды тамашалады. Жүйке ауруларына арналған кабинеттің жұмысына да назар аударды.

Дәл қазіргі кезде облыста денсаулық сақтау саласын қаржыландыру мен қолдау барынша жақсарып отыр. Медициналық мекемелер қажетті дәрі-дәрмекпен, техникалық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етіліп қана қоймай, ауруханалар мен емханаларды жөндеу, күрделі жөндеу жұмыстары да жолға қойылған. Ескелді аудандық орталық ауруханасының емханасы ғимаратын күрделі жөндеуге үстіміздегі жылы ғана 90 миллион теңге бөлініп, «Құрылыс ТСБ» ЖШС жүргізген жұмыстар нәтижесінде үлкен шаруалар атқарылуда.

Өз тілшіміз.

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА ҰЙЫТАТЫН АНА ТІЛ

Тіл сарайында «Мемлекеттік тіл және бұқаралық ақпарат құралдары» атты «дөңгелек үстел» өтті. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай «Қазақстан тілдері айлығы» аясында ұйымдастырылған кездесуге өңірдегі ақпарат құралдарының өкілдері қатысып, тіл мерейін өсірудің жолдарын талқылады. Шараны облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Тәнірберген Қасымберкебаев құттықтау сөзбен ашып, жүргізіп отырды.

Жетісу
Қажет АНДАС

Басқарма бастығы алдымен облысымыздағы тілдік жағдайға қысқаша тоқталып, ақпарат құралдарындағы мемлекеттік тілдің насихатталу барысын зерделеді. Оның айтуынша, бүгінде елімізде тілдік мәселелерді шешудің заңнамалық актілері болып есептелетін Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы мен тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасында бұқаралық ақпарат құралдарына қойылатын талап пен міндет анық көрсетілген. Бүгінде облысымызда 50 газет-журнал шығады. Оның 33-і аралас, 9-ы орыс, 8-і қазақ тілді басылым. Электронды бұқаралық ақпарат құралдарының 9-ы орыс тілді, 2-уі аралас тілде ақпарат береді. Осыдан-ақ, аймағымыздағы қазақ тілді басылымдардың халжайын бағамдай беріңіз. Ал 2011 жылы барлық ақпарат құралында жарияланған мемлекеттік тіл туралы материалдарға сараптама жүргізгенде облыстық «Жетісу» газетінде 28, «Алатау» газетінде 15, «Огни Алатау» газетінде 5, қалалық «Талдықорған» газетінде 11, Панфилов, Талғар, Кербұлақ, Қаратал, Іле аудандарының аудандық газетінде 10, Алакөл, Ақсу, Балқаш, Ескелді, Еңбекшіқазақ, Қарасай, Көксу, Райымбек, Сарқан, Үйғыр аудандары мен Қапшағай және Текелі қалалық газеттерінде 5-тен көп материал жарық көрген. «Жетісу» телеарнасы «Замана» бағдарламасы екі рет мемлекеттік тіл тақырыбын қозғаса, «Асыл сөз» бағдарламасының 16 саны көрерменге ұсынылды. Өрине, сан-цифрға сүйенсек, мұның өзі жаман көрсеткіш емес. Бірақ басылым бетінде жарық көрген материалдардың дені баспасөз парағында көрсетілген мақсат міндеттен, қорытындыдан арыға бара алмай жүргенін де жасырмады басқарма бастығы. Тіпті, өңірде тіл төңірегіндегі түйткілді түйреп жазатын авторлар қосымшаның қалыптаса қоймағанын алға тартты. Сондай-ақ, орыс тілді басылымдардың мемлекет қазынасынан қаржы алып отырып, мемлекеттік тіл мәселесіне пысқырып қарамайтынын да жеткізді.

Өрине, тіл төңірегінде тарқатып айтар әңгіме жетерлік. Кездесу барысында облыстық «Огни Алатау» газеті бас редакторының орынбасары Атсалым Идигов, облыстық «Жетісу» газетінің жауапты хатшысы Жұматай Оспанұлы, «Талдықорған» газетінің

(Соңы 2-бетте).

МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

Қыдыр қонып, береке дарыған

Кейінгі жылдары қазақ халқының бай да, бағалы тарихи-мәдени қазынасы әлем жұртының қызығушылығын тудырды. Оның бәрі Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасының арқасында жүзеге асып отыр. Елдің ықыласына белгілі «Аудандар мен қалалардың мәдениет күндері» аясында ұйымдастырылатын шара биыл да жоғары деңгейде өтуде.

Бұл аптада қала тұрғындары Ескелді мен Еңбекшіқазақ аудандары өнерпаздарының өнерін тамашалайтын болады. Сондай-ақ, аудандардан келген делегация Тәуелсіздік кешесінің бойына ақшаңқан киіз үй тігіп, ұлттық өнердің үлгілерін жұрт назарына ұсынады. Әр үлт өкілдерінің өнер, мәдениет, салт-дәстүрін насихаттайтын көрме ұйымдастырылмақ. Сонымен қатар, бағдарлама бойынша ескерткіштерге гүл шоқтарын қойып, қаланың көркті жерлерін аралап, тарихи-мәдени орындарға экскурсия жасаған аудандағы әкімдер облыс басшыларының қабылдауында болып, өңірде атқарылып жатқан игілікті бастамалардан хабардар болады.

(Осы жайлы кеңейтілген мақаланы газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар).

Өз тілшіміз.

КҮЗГІ ЖИЫН-ТЕРІН

Егін орағы ойдағыдай аяқталды



Күздің алғашқы айы дала еңбеккерлері үшін қолайлы болып тұр. Ауа райының жайма-шуақ болуы өлардың еңселі еңбек етуіне жағдай туғызды. Осының нәтижесінде ілелік дикан-мехзиизаторлар егін орағын мейлінше сапалы жүргізе отырып, оны ойдағыдай аяқтап шықты.

Жетісу
Ілияс ЖҮНІС

Қысқа мерзім ішінде 14900 гектар алқаптағы күздік бидайды дестеге түсірді. Әр гектардың орташа түсімділігі 14,6 центнерден айналды. Бұл тәлімі алқап үшін айтарлықтай жоғары көрсеткіш. Жалпы күздік бидайды ору барысында 21754 тонна астық бастырылды. Ал 13940 гектар алқаптағы арпаның орташа түсімділігі әр гектарға шаққанда 13,5 центнерден айналып отыр. Тұқымға барлығы 5842 тонна дән құйылса, оның 3300 тоннасы күздік бидай тұқымы. Сонымен қатар, 18680 тонна жем дайындалды.

Сөз орайы келгенде айта кету керек, егін орағын жылдағы дәстүр бойынша «Қаскелең» акционерлік қоғамының, «Успех», «EVVA» «Дала инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің дикандары жоғары түсімділікке қол жеткізді. Бұл шаруашылықтардағы орташа түсімділік әр гектарға шаққанда орта есеппен 16-18 центнерден айналды.

Бүгінгі күзге дейін аудандағы 691 гектар алқапқа орналасқан бақша дақылдары толық жиналып алынды. Орташа түсімділік әр гектар бойынша 175 центнерден айналды немесе 12 мың тоннадай өнім жиналды. 347 гектар жердегі көкөністен 69 мың тоннадан астам өнім алынса, әр гектардан орташа түсімділігі 227 центнерден айналып отыр. Бұған коса 1415 гектар алқаптағы картоп та толығымен жиналып алынды. Жалпы алынған өнім 22745 тоннадан асады. Бақша және көкөніс жинауда Жетіген ауылдық округіндегі «Дегенаев», «Мамедов», «Бабазов», Байсерке ауылдық округіндегі «Хаджабергенова», «Омаров», «Машучиван» шаруа қожалықтары мейлінше іскерлік танытты. Олардың бағымындағы бақша және көкөністің түсімділігі де жоғары болды. Қазір жиналған бақша дақылдары мен көкөніс Алматы қаласы мен ауданның сауда орындарында көптеп өткізілуде.

Бүгінде аудан шаруашылықтарында дәнді және сұрыпемдік жүгері айрықша күтіліп, бапталуда. Мамандардың пікірінше қараганда, диқандар жоғары түсімділікке қол жеткізбекш.

ІЛЕ АУДАНЫ.

АПТА ТЫНЫСЫ

5 қыркүйекте облыс әкімі Аңсар Мұсаханов Ақордада Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қабылдауында болып, Президентті облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен Мемлекет басшысының тапсырмаларының орындалу барысы туралы хабардар етті.

7 қыркүйекте облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталовтың терағалығымен «Жетіген - Қорғас» теміржол желісі құрылысының барысы туралы жиын өтті.

8 қыркүйекте облыс басшысы Аңсар Мұсаханов Ескелді ауданының орталығы Қарабұлақ кентіндегі жаңадан салынып жатқан жылу қазандығының құрылысымен және күрделі жөндеуден өткізіліп жатқан аудандық аурухана жұмысымен танысты.

8 қыркүйекте Талдықорған қаласындағы Достық үйінде өткен «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара әріптестігін одан әрі дамыту жолдары» тақырыбындағы азаматтық форумға облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов қатысты.

9 қыркүйекте облыс орталығында Ескелді және Еңбекшіқазақ аудандарының мәдениет күндері өтті.

10 қыркүйекте Талдықорған қаласында ауыл шаруашылығы тауарларының жәрмеңкесі өтеді.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

КҮЗ ЫРЫСЫ СІЗДЕР ҮШІН



жәрмеңкелері

Нарық қарық қылады деп жүргенде, халық бірінші кезекте тұтынатын негізгі азық-түлік және көкөніс өнімдерінің бағасы қысқа күнде қырық құбылып, кейде тіптен шығындап кететін кезге жеттік.



Барлық өнім мен қызмет бағасының қозғаушы тетігінің бірі болып саналатын жанар-жағармай бағасының да аспандап тұрғаны анау. Егер, ол осы қалпы тұра берсе немесе қымбаттаса, азық-түліктің де құны шарықтары сөзсіз. Сондықтан, қыстың қамын ойлағандар күз келісімен, қамбаларын мен қоймаларын басты деген азық-түлік түрлерімен толтырып алуға асығады. Алматы, Талдықорған, Қапшағай қалаларының тұрғындары жыл сайын қыркүйек айының басында басталып, қыс қарынға мейлінше жалғасатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің сеңбілік жәрмеңкелерін асыға күтеді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының хабарлауынша, биылғы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі 10 қыркүйек күні басталады. Базарлы да, назарлы сеңбілік жәрмеңкелердің өткізілуінде өзгеріс жоқ деуге болады. Барлығы бұған дейінгі жылдары қалыптасып, өзін-өзі ақтаған кестеге сай жүргізіледі. Өңірдің Алматы аймағында орналасқан аудандар оңтүстік астанадағы аудандарда өздері үшін арнайы бөлінген орындарда әр айтаның сеңбісінде тәжертеңгі сағат сегізден бастап, қалалықтарға өздері әкелген ауылшаруашылық өнімдерін базар нарқынан 15-20 пайыз төмен бағаға ұсынады.

Талдықорған қаласына облыстың осы өңіріндегі аудандардың ауыл шаруашылығы құрылымдары мен қайта өңдеу кәсіпорындары келеді. Жылдағыдай 5-шағын аудандағы Қонаев көшесінің бойында, Алдабергенов пен Балапанов көшелерінің аралығында Қаратал, Ақсу, Панфилов аудандарының сатушылары орналасса, «Жеруйық» коммуналдық базарында Талдықорған қаласы мен Көксу, Кербұлақ аудандарының диқандары мен малшылары, шағын және орта кәсіпкерлері жұртқа өз өнімдерін ұсынады. Ал орталықта Тәуелсіздік көшесінің бойында, Рүстембеков пен Орманов көшелерінің аралығында Алакөл, Ескелді, Сарқан аудандары қалалықтарға қызмет көрсетеді.

Қапшағайда қаланың өзіне қарасты ауыл шаруашылығы құрылымдары мен қайта өңдеу кәсіпорындары және Балқаш ауданының өнім шығарушылары сауда орелерін жаяды. Сатушылардың барлығы арнайы киммен, қай жерден келгені, аты-жөні жазылған бейджиттермен және электронды өлшегіш құралдармен қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге, өнімдердің бағалары үлкен етіп жазылып, көрінетін жерге ілінуі керек.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ.

Бүгін дәстүрлі сеңбілік жәрмеңке басталды

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ЕЛ СЕНІМІ АҚТАЛДЫ

«Тоқжайлау» өндірістік кооперативі – аудандағы малы көп, егіні де мол іргелі шаруашылықтың бірі.

(2-бетке назар аударыңыз)

Jetisu2002@mail.ru

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ № 105 (17518) сенбі, 17 қыркүйек, 2011 жыл Бағасы келісімді

ЖҮРЕК ҮНІ



Серік САРЫБАЕВ, «Алматы» телеарнасы бас директорының орынбасары.

УЫСТАН ШЫҒАРЫП АЛСАҚ, ҮРПАҚ АЛДЫНДА ҰЯТҚА ҚАЛАМЫЗ

Жаратқанның қазаққа қашан да көздарасы оң болған. Тағдырлы тарихымызға үңілсек ұлтымыздың сан мәрте қиыл үшінде тұрып, аман қалғанына күз болмыз. Шұрайлы шайнасып, жоғармен жүгісіп, орысқа ойран сала жүріп ат төбелендей халықтың ұлан-ғайыр даласы немесе қалуы қазаққа Тәңірдің ықыласы ерекше екенін анық байқатса керек. Бізден тағы бір ерекшелігіміз, ерекшелік ынтызарлығымыз. Мойынға бұғау, аяққа тұсау салынған заманда да жұлқынуды қоймадық. 1986 жылдың желтоқсанында күліп КСРО аумағында қазақ жастарының бөгеліп болып жүйеге қарсы бас көтеруі осының дәлелі. Одан соң Балтық жағалауы, Орта Азия елдері ілгері екетті де азаттық самалы соға бастады. Ол дәуілге ұласып, шөгеп жүйе құлады. 1991 жылы 16 желтоқсанда кешігіп сонын ала Тәуелсіз ел атандық. Содан бері 20 жыл өтті.

Ақпараттық-насихат тұрғысынан алғанда, қазақ тілді ақпарат құралдары 20 жыл бойына азаттық дәбілпазы болды. Жетістікке шын жүректен қуанды кемшілікке күйінді. Қазіргі жастардың кеудесінде ұлтқа деген сүйіспеншілік, намыс ұяңмен бар болса соп басқаның емес дәл қазақ журналистерінің ерен еңбегінің нәтижесі. Осы жылдар ішінде қазақ тілді қалампырлар Обком, Партқомның бағандамаларын жариялаудан аспай, көмкелеп қалған журналистика саласын азаматтық деңгейге көтерді. Басты жетістігімз осы деп білемін. Мемлекет, ұлт мүддесін жамылғысынан ұшырқырай жазу тек солардың қолының келді. Ниеті белестер бұра тартып, ұлардай шулағанда да билік өкілдері опардан сескеніп төменшіктеген тапаи сөттерде тартыстан қашпаған, ел ұстанымын ашық айтқан қазақ журналистері. Дәл солардың арқасында көп жерде ұлт ұлағы түгенделді.

Кәптің қабағына қарамай қазақ екенімізді қасқайып тұрып айтар уақыт жетті. Өзгелерді өз үйінде жүргендей еркелеттік. Отанымнан қуылғанды құшаққа алдық, туы жоқты көк байрағымыздың астына шақырдық. Енді өз қаныңызды күйттесек олар өкпелемес, қайта бауырына жердемші болсын. Ал, мәрт пейілімізді «кемпіс» – деп түсіп жүргендер көздарасын өзгертіп, уә егесін елден ерекше құрметтеуі үшін Тәуелсіздіктің 20 жылдығын атап өткенде тек шақпа тоймен шектелмей, заңдық тұрғыдан да дәрежемізді айқындауымыз керек. Бұлтсыз жылды ерекшелейтін, азаттық тойымен үндесетін, үйлесетін сәбептер жетерлік. Қазағы үшін қалмақтың қабырғасын сетіметін, қытайдың аяғының астынан Алтайды амалмен ала білген Абылайханның 300 жылдығы, қайсар ақын Қасым 100 жаста, Желтоқсан көтерілісіне 25 жыл.. күлді датапар тізбегі өстіп жалғаса берді бұл. Бұл да бір белгі шығар. Тек орайы келген істі көңіл ортәйтпай атқаруға ниет берсін де.. Алла жар болсын

ҚАЗАҚҚА!

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ЖЕМІС-ЖИДЕК МОЛ БОЛСЫН

Жеміс-жидек өндірісінің жағдайы және оны жақсартудың жолдарын қарастыру мақсатында облыс бағбандары бас қосып, көкөніс өсірудегі өзекті жайттарды талқылады. Жиынға өңіріміздегі ауыл шаруашылығы саласының мамандары мен ғылыми мекемелердің өкілдері қатысты.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Кеңес Талдықорған қаласының маңында жаңадан бой көтеріп жатқан «Жеруйық» коммуналдық базарының қоймасында өтті. Жиналғандар алдымен «Жеруйық» коммуналдық базарының тамшылатып суару әдісін қолдану арқылы отырғызылған алма бағын аралады. Аралау барысында ғылыми жетекшілер өздерінің іс-тәжірибелерімен бөлісіп, кеңес берді. Бақтағы тыныс-тіршілікпен «Жеруйық» коммуналдық базарының директоры Ақшабай Керімбеков пен ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Вилем Габрельян таныстырды. Бүгінгі таңда 15 гектар алқапта алманың бес түрі отырғызылған. Сонымен бірге мұнда барлығы 6 мың тонналық үш көкөніс, 400 тонналық 1 жеміс-жидек сақтайтын қойма бар. Алдағы уақытта талдықорғандықтардың көкөніске деген сұранысын қамтамасыз ету мақсатында жылыжай кешені салынбақ.

Аталмыш тақырып аясында кеңесті ашып, жүргізіп отырған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары Сейітқорім Қалтаев өз ойымен бөлісті. Сөз кезегін алған жеміс-жидек және жүзім шаруашылығы ғылыми зерттеу институты бас директорының орынбасары Гүлшара Қайырова бақ және жүзім шаруашылығын дамытудың негіздері және кеңінен мағлұмат берді. «Апорт» алмасының сортын қайта жаңғыртудың негізгі мәселелері төңірегінде жеміс-жидек және жүзім шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының ғылыми қызметкері, «Помологиялық бақ» сорт сынақ учаскесінің бастығы Наталья Нұртазина талқылады. Облыс аумағында аудандастырылған жеміс-жидек дақылдарының генетикалық ресурстарын сақтау және оны пайдалану жолдары туралы ұлттық жобаның координаторы Тлеу Нұрмұратов мәлімдеме жасады.

Ал, Талдықорған сорт сынақ учаскесінің бақ шаруашылығы жөніндегі агрономы Анатолий Миньков облыс аумағында бейімделген жеміс-жидек дақылдарының жаңа сорттары және оларды өсірудің ерекшеліктеріне тоқталды. Жиын барысында бақ өсірудің жаңа технологиялары мен алманың көшет шаруашылығын жақсартудың кейбір жағдайлары назарға алынып, алма атасы атанған апорттың бүгінгі жайкүйіне де айрықша мән берілді. Сондай-ақ, көкөніс, жеміс-жидек өсіруде кездесетін көкейтесті мәселелер де талқыланды. Бүгінгі таңда алма бақтарының көлемі осыдан он жыл бұрынғымен салыстырғанда 45 пайызға, жалпы өнім көрсеткіші 54, орташа өнімділік 9 пайызға дейін қысқарған.

Бұған себеп, жеміс бақтарын күтіп-баптауда агротехникалық шараларды дұрыс қолданылмауы, қажетті мөлшерде суғарылмауы, кесті сорттардың дұрыс таңдалмауы, минералдық тыңайтқыштардың жеткіліксіздігі, бақ шаруашылығы саласымен айналысатын мамандардың талшылығы немесе біліктіліктерінің сын көтермейтіні, шаруашылық құрылымдарының қаржысының төмендігі, көптеген бақтың себепсіз кесілуі сынды келеңсіздіктер орын алған. Сонымен бірге осы уақытқа дейін ғылыми мекемелер мен шаруашылықтардың арасында тығыз қарымқатынастың болмауы, бақлен шұғылданатындардың ғылыми ұсыныстарға жете көңіл бөлмеуі және тауар өндірушілердің ғалымдар шығарған жаңа сорттардан мүлде хабарсыз болуы да жеміс-жидектің сапалы өнім беруіне кері әсер еткен. Осыдан барып алманың жаңа техникалық сорттарын өсіруге де мүмкіндік азайып, өсімдіктің өсіп-жетілуіне қауіп төндіретін түрлі зиянкестердің көбеюіне жол ашылып, өнімнің сапасы төмендеген.

Соның ішінде аталған саланы қажетті техникамен жарақтандыру басты проблеманың бірі-не айналуда. Қазіргі кезде облыста небары 25 арнайы соқа, 14 культиватор, 145 химиялық препараттар шашатын қондырғы, 12 канал қазғыш, жүзімдіктерді ашуға арналған 21 қондырғы ғана бар. Елімізде алма-бақтарын күтіп-баптауға арналған қажетті техникалар шығарылмағандықтан бұл көрсеткіш өніріміз үшін жеткіліксіз. Ал, сырттан әкелінетіндері қымбат. Соңғы төрт жылдың көлемінде Үкімет тарапынан алма бақтың көлемін ұлғайтуға 1 млрд. 319 млн. теңге бөлінеді. Нәтижесінде осы жылдар аралығында барлығы 2120 гектар бақ, 230,4 гектар жүзімдік отырғызылған. Үстіміздегі жылы республикалық бюджеттен бақ және жүзім шаруашылығын дамытуға 225 млн. теңгеден астам қаржы бөлініпті. Биыл 359,6 гектар аумаққа бақ, 17 гектарға жүзімдік орналастырылған. Қазіргі кезде тамшылатып суару әдісі кеңінен қолға алына бастады. Осы әдіспен 720,5 гектар көлемде бақ өсірілсе, алдағы уақытта тамшылатып суару әдісін енгізуді 3000 гектарға дейін жеткізу жоспарлануда. «Апорт» сортының көлемін де ұлғайту көзделуде. Қазіргі кезде облыс көлемінде жеміс-жидектің көшетін өсірумен 8 шаруашылық субъектісі айналысады. Соның ішінде Еңбекшіқазақта – 3, ал, Талғар, Панфилов, Ескелді, Көксу, Үйғыр аудандарында бір-бір шаруашылықтан болса, ал жүзімдіктен айналысатын екі шаруашылық бар.









Бүгінгі таңда
15
гектар алқапта алманың бес түрі отырғызылған

Бақ және жүзім шаруашылығын дамытуға
225
млн. теңгеден астам қаржы бөлінеді

Алдағы уақытта тамшылатып суару әдісін енгізуді
3000
гектарға дейін жеткізу жоспарлануда

Сұхаттаған Ж. МҰСАҒЕҚОВ.

СҮЙІНШІ!



ҚАЗАҚТЫҢ БҰЛБҰЛЫНА ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛДЫ

Биыл қазақтың көрнекті өнішісі, ҚСРО Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Күләш Байсейітованың туғанына 100 жыл. Аты аңызға айналған бұлбұл көмей өнші 45 жыл жасаған қысқа ғұмырында артына өшпес мол мұра қалдырды. Ол республикамыздың тұңғыш кәсіби деңгейдегі концерттік және опералық өнішісі, Қазақ халқы Күләш Байсейітова арқылы өлеңнің классикалық операсы мен музыкасын танады. Жетісу өңірінің келіші атанған Күләш апамыз сомдаған Қыз Жібек, Хадиша, Ақжүніс, Ажар, Сара бейнелері халқымыз жадында мәңгі сақталады.

Жұма күні «қазақ бұлбұлының» 100 жылдық мерейтойына орай Алматыдағы өнішінің есімімен аталатын дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернаттың ауласында Күләш апамыздың бейнесі сомдалған өнселі ескерткіш бой көтерді. Оның ашылу салтанатына ҚР Мәдениет вице-министрі Асқар Бөрібаев, қала әкімі Азметжан Есімов, зиялы қауым өкілдері, Күләш апамыздың туғантуыстары және өнерсүйер қауым қатысты.

Қоладан құйылған биіктігі 3 метрге дейін баратын мүсіннің авторы – Тілеуберді Бинашев. « Ол кезінді бейнесін мұражайдағы тарихи суретіне қарап жасадым. Өнша апамыздың өмірдегі қарапаймамдығыңы мен сұлулығын барынша ашуға тырыстым», – дейді Т.Бинашев.

Енді музыка мектебінің оқушылары Күләш апаларымен күнде қауышып тұратындай өсерде болатыны сөзсіз.

Б. МӘЖИТ.

АЛМАТЫ.

МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

ҚОС АУДАН ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтары жұма сайын орталық алаңға баруды дәстүрге айналдырған. Жастар жағы да күн сәйін асыға күтеді. Себебі мәдениет күндері шеңберінде ұйымдастырылатын би кеші жастардың мазмұнды демалуына мүмкіндік береді.

Еңбекшіқазақ пен Ескелді аудандарынан кейінгі кезекте мәдениет күндері шымылдығын Райымбек пен Көксу аудаңы ашты. Райымбектіктер дайындаған бағдарламасын бейсенбі күні І. Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мұса Жанәділовтің «Далдағы дүбір» спектаклімен бастады. Аудандық Мәдениет үйі жанынан құрылған Кеген Халық театры ұжымы қойған спектакль Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесі желісімен жазылған. Спектакльді көруге адам көп жиналды. Барлығы театр ұжымының өнеріне тәнті болды.

Жұма күні көс аудан Тәуелсіздік көшесінің бойында ақшаңқан киіз үйлер тігіп, жұртшылық назарына ұлтымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетінен, өнерінен сыр шертетін көрмелерін ұсынды. Сонымен қатар, райымбектік және көксулық делегаттар қаладағы «Даңқ» ескерткішіне гүлшоқтарын қойып, ерлердің ерлігіне құрмет көрсетті. Келесі кезекте екі ауданның өнер иелері С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапханада оқырмандармен кездесті. Мазмұнды кездесуден соң делегаттар дәстүрлі түрде облыс басшыларының қабылдауында болды.

Кешке қарай аудан керкемөнерпаздары дайындаған концерттік бағдарлама басталды. Концертті жалғастырған жастардың би кеші мен отшашу мәдениет күндерінің шымылдығын жапты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

(Осы жайлы кеңейтілген мақаланы газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар).

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ

мемлекеттік қызметкерлер байқауы

Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай, «Қазақстан халқы тілдерінің айлығы» аясында Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Алматы облысындағы аумақтық басқармасының ұйымдастыруымен мемлекеттік қызметкерлер арасында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» байқауы өтті. Оған 27 команда қатысты.

Жетісу
Қажет АНДАС

І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен іс-шараны Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Алматы облысындағы аумақтық басқармасының бастығы **Серікбай НҰРҒИСАЕВ** құттықтау сөзбен ашты.

– Төрт жылдан бері дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан шараның берерінің көптігіне көз жетті. Өрине, мемлекеттік қызметкер кабинетте отырып, халықтың сеніміне ие бола алмайды. Олар елдің мүддесі жолында еңбек етіп жүргендіктен, бойындағы өнері, шеберлігі, тәжірибесі арқылы халық арасында үлгі көрсетуі керек. Әсіресе, мемлекеттік тілді жетік меңгеруі тиіс, – деді.

Төрт кезеңнен тұратын сайыста командалар Мәдениет сарайының сахнасында би билеп, ән айтты. Даналар сөзінен үзінді оқып, көріністер көрсетіп, өнерлерін ортаға салды. Өрине, олар өнер саңлағы болмаса да, кәсіби мамандардан кем түскен жоқ. Додалы бәсекеде жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққаны ғана жеңімпаздар қатарынан көрінді.

Әділқазылардың шешімі бойынша Панфилов ауданының «Барыс» командасы бас жүлдені жеңіп алды. Жетісу өңіраралық көліктік басқылау басқармасының «Шұғыла» командасы І, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек.Kz», Қаратал аудандық «Қаратал қырандары» командалары ІІ орынға иелік етті. Ал Қапшағай қаласының «Алдаспан», Талғар ауданының «Талхиз» және Іле ауданының «Мұрагер» командалары ІІІ орынды еншіледі. Жеңімпаз командалармен қатар байқауға қатысқан барлық команда диплом және заттай сыйлыққа ие болды. Оларды Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Алматы облысындағы аумақтық басқармасының бастығы Төлегін Қасымберкебаев марапаттады.

Шараны Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Алматы облысындағы Тәртіптік кеңес хатшылығының меңгерушісі, қазылар алқасының төрағасы Жексенбай Меңдіқұлов қорытындылады. Мұндай шара алдағы күнде де жалғаспақ.



ЛОНДОН ОЛИМПИАДАСЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Грек-Рим күресінен Түркияның Стамбул қаласында өткен байрақты бәсекеде әлемнің түкпір-түкпірінен балуандар бақтарын сынады. Бұл жарыста 2012 жылы өтетін Лондон Олимпиадасына жолдамалар сарапқа салынды. Олимпиадаға қатысу әр спортшының арманы екені белгілі. Сондықтан да, әр елдің балуандары бар күш-қайратын салып бақты. Біздің елдің намысын қорғауға қатысқан балуандарымыз да аянып қалған жоқ. 60 келідегі салмақ бойынша күш сынаскан Алмат Кебіспаев күміс жүлдеге ие болды. Ол финалдық кездесуде ирандық балуанға есе жіберді. Сейтіп, алтын біздің балуанға бұйырмады. Аса ауыр салмақта өнер көрсеткен балуанымыз Нұрмахан Тінәлиевтің де қарсыластары оңай шағылатын жаңғақ емес екен. Қола медаль үшін бәсекеде венгриялық балуан Нұрмаханға қарсы тұра алмады. Десек те, бір күміс, бір қоланы ел қоржынына салған балуандарымыз Олимпиадаға баруға жолдамаңы жеңіп алды.

Кеше кешкұрым «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» өзатын әлемдік додада жеңімпаз атанған балуандарымызды ел-жұрт болып Алматы әуежайында салтанатты түрде қарсы алды. Мәскеу Олимпиадасының чемпионы, данкты балуанымыз Жақсылық Үшкемпіров, облыстық спорт туризм, денешынықтыру және спорт басқармасы бастығының орынбасары Петр Садковскийлер бастаған жетісулық ағайындар жерлестеріміздің жеңісімен ортақтасты. Алда Лондон Олимпиадасы. Жиналған қауым балуандарымызға Олимпиадада жеңіс туын желбіретіп, алтынан алка тағуларына тілектестік білдірді. Олардың күрметіне Қарасай ауданының өнерпаздары домбырамен күмбірлете ән шырқады. Мерекелік көңіл күймен қарсы алған жерлестерімізге спортшылар да дән риза болды.

Б. БАТЫҚҰЛЫ.

АЛМАТЫ

АПТА ТЫНЫСЫ

12 қыркүйекте облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында облыс әкімі Әнсар Мұсаханов депутаттар алдында есеп берді.

14 қыркүйекте облыс әкімінің орынбасары С. Мұқанов І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» атты облыстық конкурсқа қатысушыларды құттықтады.

Сәрсенбі күні облыс әкімінің орынбасары Б.Такеновтың қатысуымен Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына байланысты семинар өтті.

16 қыркүйекте облыс орталығында Райымбек және Көксу аудандарының мәдениет күндері өтті.

16 қыркүйекте Сарқан ауданында өткен малшылар слетіне облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков қатысты.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

КҮЗ – ШАРУА АЙЫ

ЫРЫСЫ МОЛ ЖЫЛ

Күз келісімен майлы дақылдарды жинау жұмыстары басталып келеді. Соның ішінде облысымыз бойынша барлығы 40765,1 гектар алқапқа себілген күнбағыс өсімдігінің бүгінге дейін 1880 гектары жиналып, жалпы түсім 2595 тоннаға жетті. Бұл іске әсіресе, Еңбекшіқазақ пен Панфилов аудандары бірден кірісіп кетті. Сонымен бірге, өткен жылы 32507 гектар жерге мақсары себілсе, биыл бұл көрсеткіш 37320,1 гектарға жетіп отыр. Бүгінде мақсарының 8220 гектары уақтылы жинап алынды. Жалпы түсім 4705 тоннаны құрайды. Бұл жұмысты бірінші болып Қапшағай қаласының еңбеккерлері аяқтап, әр гектардан 13,7 центнерден өнім алды. Үстіміздегі жылы майбұршақ себілген аумақтың көлемі 64581,9 гектарды құрайды.



Кеш пісетін бұл дақылды жинау жұмыстары енді басталмақ. Жетісу өңірі бойынша ақ маржан өсірумен Балқаш пен Қаратал ауданы ғана айналысады. Осы ауданының дихандары күріш жинауға кірісті. Бүгінде барлығы 14121 гектарға егілген күріштің 600 гектар көлемі жиналды. Орта есеппен әр гектардан 30,0 центнерден өнім алынды. Сондай-ақ, барлығы 62362 гектар аумаққа орналастырылған дәндік жүгеріден түскен өнімнің жалпы тоннасы 49935 құрайды. Ауа райының жайма-шуақ мезгілін тиімді пайдалана білген Жамбыл мен Қарасай аудандарының және Қапшағайдың дала дихандары сүрлемдік жүгері жинауды тамамдады. Жалпы, түсім өткен жылғыдан әлдеқайда жоғары.

Облысымыздың барлық аудандары картоп өсірумен шұғылданады. Барлығы 35278 гектар жерге себілген қрахмалға бай құнарлы азықтың былғы шығымы жаман емес. Екінші нан саналатын картоп өсіруде Қарасай ауданының еңбеккерлері бүтінде әр гектардан 231 центнерден өнім алып, 77036 тонна түсім түсірді. Көксу мен Кербұлақ аудандарының дихандары да гектар берекелігін тасытып, алдынғы шепте келеді. Үстіміздегі жылы 27175 гектар алқапқа көкөніс түрлерін екken жетісулықтар, оның 21452 гектар алқабын жинап та үлгерді. Бұл істі Жамбыл, Іле, Кербұлақ, Сарқан аудандары бірінші тамамдады. Бақшалық дақылдарды жинау да аяқталуға таяп қалды.

Осы айтаның алғашқы күніне дейін жеміс-жидектің 11143 гектары терілің, жалпы түсім 50071 тоннаға жетті. Орта есеппен алғанда әр гектардан 44,9 центнерден өнім алынуда. Яғни, бұл көрсеткіш өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Сонын ішінде 4280 гектар жерге егілген жүзімнің, қазіргі кезде 2777 гектары терілің болды. Ал, темекі өсірумен айналысатын Еңбекшіқазақ ауданы бұл істі де жақын күндері аяқтамақ.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

e-mail:
Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

АНА ТІЛІ

Жетісу
Сенбі,
17 қыркүйек,
2011 жыл
3

ЕРТЕҢ – ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ТІЛДЕРІНІҢ КҮНІ

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ



Ел тәуелсіздігінің жиырма жылында басқа салалар сияқты қазақ тілінің мемлекеттік тіл деңгейіне көтерілуі үшін қомақты қаржы бөлініп, қыруар жұмыс атқарылады. Осыған орай, 22 қаңтарда облыс әкімінің «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2009-2010 жылдарға арналған өңірлік іс-шаралар жоспары туралы» №10 қаулысын іске асыру мақсатында облыстық тілдерді дамыту басқармасының есебі тыңдалды. Сол отырыста облыс әкімі Аңсар МҰСАХАНОВ өңірдегі тілдік ахуалға оң баға беріп, алдағы уақытта жергілікті атқарушы органдарда қызмет ететін мемлекеттік қызметкерлердің қазақ тілін жетік меңгеру қажеттігін тапсырды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» сәтті жүзеге асырудың табыстаған еді. Осы мақсатты толық жүзеге асыруда жыл сайын 22 қазан мен 22 қыркүйек аралығында ұйымдастырылатын «Қазақстан халқының тілдерді қолдану» берері мол. Аталған игі шара биыл да өз жалғасын тауып, талай талантты танылуына жол ашты. Ендеше, тіл айлығы неңдей нәтижелермен өрілгені туралы толығырақ білу үшін облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Теңірберген Қасымберкебаевты әңгімеге тартқан едік.

Талап күшеймей бәсеңдік болмайды

– Теңдерберген Қасымақынұлы, тілдерді дамыту мен қолданудың 2001-2011 жылдарға арналған бағдарламасы мерзімі жетуге жақын. Осы он жылда кемшіліктер де орын алды десек те, ұлан-ғайыр шаруа тындырылды. Жуырда Президенттің Жарлығымен «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Ендеше, өңгімемізді аталған бағдарламаның мақсат-міндеттерінен бастасақ.

–Жаңа он жылға арналған бағдарлама мемлекеттік тілді меңгеру, қолдану және пайдалану аясын кеңейтуге, қазақстандықтардың тіл мәдениетінің деңгейін арттыру мен лингвистикалық капиталды дамытуға бағытталған. Ол 3 кезеңмен жүзеге асырылады Бірінші кезең 2011-2013 жылдар аралығын қамтиды Мұнда тілдерді дамыту мен қолданудың нормативтік-құқықтық және әдістемелік базасын жетілдіруге бағытталған кешенді шаралар өткізу көзделген Екінші кезең, яғни, 2014-2016 жылдар аралығында мемлекеттік тілді оқып-үйрену және қолдану саласында, сондай-ақ, тілдік айырмашылықты сақтауда жаңа стандарттар, технологиялар мен әдістерді енгізу жөніндегі практикалық шаралар кешенін іске асыру қарастырылады.

Ал 2017-2020 жылдарға арналған үшінші кезеңде мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесін бақылау тетіктерін енгізу жұмысын ұйымдастыру көзделген.

– Бағдарламаның ерекшелігі қандай?

– Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі 2011 - 2013 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес қазақ тілін дамыту үшін мемлекеттік тілді оқыту орталықтарын арнайы аккредитациядан өткізу жүйесі құрылмақ. Келесі кезекте орталықтардың білім беру қызметінің міндетті стандартын енгізуді ғана емес, олардың қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесі енгізіледі. Он-лайн режимі арқылы қашықтан кол жеткізу мүмкіндігін пайдалана отырып, ұйымдастырылған қазақ тілін оқыту орталықтары оқытушыларының біліктілігін арттыру, тілдерді оқыту жөніндегі мемлекеттік орталықтарда ағылшын және басқа да шет тілдерін оқыту курстарын үлгайту жұмыстары қолға алынады. Сондай-ақ, қазақ тілін білу деңгейін бағалау бойынша «Қазтест» жүйесі қолданылатын болады. Электрондық форматта мемлекеттік қызметтерді ұсынуда мемлекеттік тілді қолдануды қамтамасыз ету жүзеге асырылады Қысқасы, талап күшеймей тәлпіныс болмайды.

– Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудегі шаралардың маңыздылығы және нәтижесі туралы айтсаңыз?

– Қазақ тілінің тағдыры мемлекеттің дамуы және ел болашағы үшін қаншалықты маңызды екендігін әрқайсысымыз терең түсінеміз. Туған тілді тұлғаның қоғамдағы орнын анықтауда атқарылар ауқымды шаралардың бірі – тіл мәдениетін көтеру Бұл ретте тілдік шаралардың насихаттық маңызы зор Сондықтан, тіл басқармасы тарапынан оларды ұйымдастырып өткізуге жете көңіл бөлініп келеді. Нәтижесінде оның ауқымы жыл сайын кеңейіп, қатысушылар саны да айтарлықтай арта түсуде.

Басқарманың жылдық жоспарына сәйкес үстіміздегі жылдың жартыжылдығында 5 байқау, 2 конкурс, 2 семинар, 1 «дөңгелек үстел» өткізілді. Атап айтқанда, наурыз айында Жамбыл Жабаевтың туғанына 165 жыл толуына орай «Жамбылдың жыры – қазақтың тілі» атты облыстық, М. Мақатаевтың туғанына 80 жыл толуына орай «Поэзия, менмен егіз бе еді?» атты республикалық жазба оқиндар мүшәйрасы жоғары деңгейде өтті.

Туған тілімізді баға жетпес байлығын, сөз құдіретін насихаттау, жас ұрпақты тілді құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында облыстық «Жетісу» телеарнасымен «Асыл сөз» телебайқауы ұйымдастырылып, байқаудың айлық, тоқсандық сынағы өткізілді.

«Тіл – барлық біліммің кілті», «Елдің тарихын танығың келсе, тілін үйрен», «Тілге құрмет – елге құрмет», «Қазақшаң қалай, болашақ?», «Мемлекеттік тіл және бұқаралық ақпарат құралдары» атты байқаулар өз жемісінен ажықтады.

Тағы бір айта кетерлігі, осы сайыстарда топ жарғандар Астана қаласында өтетін түрлі байқауға қатысып, өңір намысын қорғайды. Бұл бір жағынан жеке тұлғаның қазақ тілін игеруге деміу болса, екіншіден, басқаларға шабыт береді. Осы ретте, Ақсу, Алакөл, Жамбыл, Іле, Көксу, Панфилов Райымбек аудандары мен Текелі қаласының түрлі байқауда белсенділік танытқанын атай кеткен жөн.

– Бүгінгі күні облыстағы тілдік ахуал, іс қағаздарын жүргізудегі мемлекеттік тілдің қолданылу көрсеткіші қай деңгейде?

– Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу үшін облыста кадрлық әлеует қалыптасып, материалдық-техникалық база жасалды. Өңірде 7083 мемлекеттік қызметкер болса, оның 856-ы өзге ұлт өкілі, барлық мемлекеттік қызметкерлердің 80 пайызы іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізе алады.

Тілдік жағдайға мониторинг пен талдау жүргізетін автоматтандырылған жүйені қолдану арқылы облыстық және жергілікті атқарушы органдардағы кіріс-шығыс құжаттарына ай сайын мониторинг жасалып тұрады. Нәтижесінде облыс бойынша орташа көрсеткіш 97 пайызды құрап отыр.

Тіл туралы заңдардың сақталуын бақылау жөніндегі облыстық комиссияның отырыстарында «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының орындалу барысы жөнінде(г) аудан, қала әкімдері орынбасарының, мекеме басшыларының есебі тыңдалды. Нәтиже жаман емес. Сонымен қатар, облыста қазақ тілді мектептер мен балабақшалар саны жыл сайын көбейіп келе жатқаны қуантады. Облыста жалпы орта білім беретін мектептер саны 740 болса, оның 397-і таза қазақ мектебі, яғни 53.6 пайызды құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 5-ке артты Ал 153 балабақшаның 82-сі қазақ тілінде (53.5%) тәрбие жұмысын жүргізеді

Ономастика саласында біраз жұмыс атқарылды Бүгінге дейін Жетісу өңіріндегі 188 елді мекеннің, 66 ауылдық округтің, 177 білім және 4 мәдениет мекемесінің бұрынғы тарихи атауы қайтарылды. Сонымен қатар, 6 ауылдық округтің, 6 елді мекеннің атауы өзгертілді. 20 мектептің, 2 балабақшаның, 1 Мәдениет үйінің атауын өзгерту туралы ұсыныстар ҚР Үкіметі жанындағы мемлекеттік ономастика комиссиясына жіберілді. Сонымен бірге, көрнекі ақпараттарды жаңып, орналастыруда тілдік нормалардың сақталу жағдайын реттеу мақсатында облыс бойынша рейд жүргізіп тұрады. Қазіргі таңда облыс көлемінде мемлекеттік тіл туралы 79 билборд, 32 панно, 26 аспалы қондырғы, 123 стенд, барлығы 260 сыртқы көрнекі ақпарат құралы орнатылған.

– Тіл – тәуелсіздік тірегі, халықтар достығының, рухани-мәдени бірліктің ұйытқысы дейміз. Жасыратын жоқ, қасиетті тілдің мерейін өсіретін жақсы бастамалар қолға алынып, жүрт көңілінен шығып келеді. Осыған орай, жыл сайын 22 тамыз бен 22 қыркүйек аралығында «Қазақстан халқы тілдерінің айлығын» өткізу дәстүрге айналды. Биыл да өз деңгейінде жалғасқан игі шара қандай жаңалығымен ерекшеленді?

– «Қазақстан тілдері айлығын» өткізу Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау мен Елбасының «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын жүзеге асыруды, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыруды және барлық этностың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігінің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуді мақсат етеді. Онда мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызын кемінен насихаттауға, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру мен өңірде тұратын барлық этностың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтуға мүмкіндік береді. Ағымдағы жылғы тіл айлығы ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр. Айлық аясында 20 шара, 4 байқау, 3 конкурс, 2 «дөңгелек үстел», «Тіл – тағылық тірегі» өзге ұлт жастары форумы, «Асыл сөз» зияткерлік телебайқауы, «Тіл – дарын» олимпиадасы, мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының ашық есік күні және тіл мәселесін талқылайтын семинар, пікірсайыс, кездесулер ұйымдастырылады. Қыркүйек айларында облыс бойынша «Тіл және тәуелсіздік» фестивалі өтеді деп жоспарланууда Қазірге дейін мұның бірқатары өз мәресіне жетті.

– Әрине, оның дені ақпарат құралдары арқылы да оқырман назарына ұсынылды. Ендеше, айлықтың өту барысына тоқтала кетсеңіз?

– Айлық аясындағы шаралар басталмас бұрын іс-шара жоспары жасалып, барлық аудан, қала әкімдігіне хат жолданды. «Жетісу» телерадиосының «Замана» бағдарламасында көрермен сұрағына жауап берілді Нәтижесінде облыс әуеқызметтер мен аудан, қалаларда аталған шара өз деңгейінде өткізіліп жатыр.

Ал бүтінге дейін Тіл сарайының кітапханасы «Тіл – халықтың алтын дәнгегі» тақырыбында кітап, альбом, журналдардан стенд-көрме ұйымдастырса, мемлекеттік тілді оқыту орталықтарында өзге ұлт өкілдеріне арналған «Қазақшамыз қалай?» атты ашық сөк күні жалғасын тапты «Мемлекеттік тіл және отбасы». «Тіл – халық жанын танудың кілті» облыстық байқаулары мен өзге ұлт өкілдері жастарының «Тіл – тағылық тірегі» форумы. «Тіл дарын» облыстық олимпиадасы, көркемсөз оқу шеберлерінің Оралхан Бөкей атындағы XIII облыстық байқауы мерзімінде жетті Елін сүйетін ұрпақ тәрбиелейтін отбасына қолдау көрсету, олардың үлгісін дәріптеу насихаттау мақсатында ұйымдастырылған «Мемлекеттік тіл және отбасы» байқауына аудан, қалалардан 8 отбасы қатысып, бас жүлдені Ұйғыр ауданы жүлдегі І, ІІ, ІІІ орындарды Іле, Ақсу аудандары мен Талдықорған, Текелі қалаларынан келген отбасылары иеленді. Ал өзге ұлт өкілдерінің жастары қатысқан «Тіл – тағылық тірегі» форумы мен «Тіл – халық жанын танудың кілті» байқауларының да маңызы зор болғанын айта кеткен жөн. Форумда облысымыздың белсенді азаматтары тіл мәселесі төңірегінде тамаша ой қозғаса, өзге ұлт жастары қазақ тілінде ерікін сөйлеп, өз пікірлерін ұсынысын өнерін ортаға салды.

– Ендеше, алдағы міндеттер жайында айта кетсеңіз?

- Тіл басқармасының алдағы уақыттағы жұмысы мемлекеттік тілді оқыту стандарттарын жетілдіруге, ономастика мәселесін бірізлендіруге, көрнекі ақпаратты заң талаптарына сәйкестендіруге, сондай-ақ, нәтижелердің тиімділігіне мониторинг жүргізу жүйесін енгізуге бағытталмақ. Сонымен қатар, облыстағы тілдік ахуал мен ономастика мәселесіне қатысты «Тіл және Тәуелсіздік» атты кітап, үш деңгейлік бағдарламаға сәйкес «Жетісу» оқу кешенін шығару, әлеуметтік сауалнамалар жүргізу жоспарлануда.

– Істеріңіз ілгері бола берсін. Әңгімеңізге рахмет.

ЗЕРДЕ

«Тіл туралы» Заң қабылданып, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін тың ғылыми шаралар атқарылғанымен, қазақ тілінің беделі әлі де өз биігіне жете алмай келеді. Сондықтан батыл қадам, ұтқыр ұйымдастыру керек. Осыған орай, 2008 жылы Елбасының бастамасымен Мемлекеттік тілді дамытудың Президенттік қоры құрылып, қазақ тілін сақтау мен қорғауға ықпал ететін шаралар атқарылуда.

ТЫҢ БАСТАМА, ТИІМДІ ТӘСІЛ



Құрылғанына аз ғана уақыт болса да, аталған міндет аясында қолға алынған шығармашылық жобалар қор ұжымының демеуімен көркемделдырылып, қазақ тілді сайттар құрды. Қазақ тілін оқытудың авторлық бағдарламалары, жаңа буын оқулықтары мен оқу құралдары, түрлі оқу құралдары мен сөздіктер және қазақ тарихы мен мәдениетіне арналған кітаптар шығырылды. Орыстілді басылымдар арасында мемлекеттік тіл туралы жарияланымдарға конкурстар да болды. Нәтижесі де комақты. Мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне үйретудің жаңа бағыттағы базалық негізін қалыптастырып үлгерді.

Осыған орай облыс орталығы мен ауыл, қалаларда шығып мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының жұмысы да жандана келеді. Облыста мемлекеттік тілді сондай-ақ, орыс және ағылшын тілдерін тиімді меңгеруге ең үздік, инновациялық әдістемелектері, тәжірибесін оқу құралдарын, аудиобейне материалдарды қолданудың тың бастамасы, жеделдете оқыту әдісі қолға алынған. Оңдағы үйренушілерге «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасы аясында жұмыстар жүргізіледі.

Осы ретте Президенттің: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты фактор болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек», – деген тапсырмасы бізге ұлкен міндет жүктеді. Осыған орай, өңірде заман талабына сай жабдықталған 14 мемлекеттік тілді оқыту орталықтары ашылып, бүгінге дейін 5987 адам оқып шықты. Оның 1611-і мемлекеттік қызметкер. Барлық орталық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі (2011жылғы 8 қаңтардағы № 03-01-22/243(г) бекіткен үш деңгейге арналған мемлекеттік тілді оқыту бағдарламасы негізінде оқыту жұмысымен айналысады. Ағымдағы жылдың І жартыжылдығында барлық орталықтың 85 төбында 905 тыңдаушы мемлекеттік тілді оқыту курсын бітірді. Оның 286-ы мемлекеттік, 619-ы бюджеттік сала қызметкері. Ұлттық құрам бойынша орыс ұлты өкілінің саны 498, қазақ 187, өзге ұлт өкілдерінің саны 220-ы құрады. Курс маусым айында аяқталып, 96 сағаттық бағдарлама бойынша 231 тыңдаушыға сертификат (оның ішінде 137 мемлекеттік қызметші), 620 тыңдаушыға куәлік тапсырылды.

Сондай-ақ, аталған орталықта оқыту курстарымен қатар, мемлекеттік қызметкерлер арасында тіл саясатын насихаттау, тілді меңгерудегі біліктілігі мен тәжірибесін сарапқа мақсатында түрлі шара ұйымдастырылып келеді. Айталық, 23 маусымда облыс көлемінде «Елдің тарихын танығың келсе, тілін үйрен» атты байқау өтті. Оған ауыл, қалалардың 13 топ қатысып, облыстық мемлекеттік тілді оқыту орталығының «Ынтымақ» тобы бас жүлдені иеленді. Ал 24 маусым күні облыстық, қалалық, аудандық мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының оқытушыларын қайта даярлау және біліктіліктерін көтеру мақсатында «Тіл үйретудің лингвистикалық әдістері» тақырыбында облыстық семинар болып өтті. Онда Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, Раушан Абакова баяндама жасап, іс-тәжірибесімен бөлісті.

Мұнан өзінен мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге жасалған қолдауды аңғаруға болады. Бұл игілікті іс алдағы уақытта да жалғасын табары анық. Өйткені, бізди алдымызда «Мемлекеттік тілді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» орындау міндеті тұр. Десе де, мығым материалдық-техникалық базасы мен білікті оқытушылары бар тіл оқыту орталықтары бұл міндетті абыройлы орындайды деген сенімдемін.

Гүлбақыт ҚАСЕНОВА,
облыстық тілдерді дамыту басқармасының тілдерді дамыту бөлімінің бастығы.

Ана тілін жақсы меңгере алмай тұрып өзге пәндерді түсіну мүмкін емес.

Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ.

Қазақша жазу – қазақ сөздерінің кез келгенін құрастыра беру емес.

Мұхтар ӘУЕЗОВ.

КҰРМЕТ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ МІНДЕТІ

Кейінгі жылдары орта білім мекемелерінде қазақ тілінде білім алатын оқушылардың саны артып келеді. Жасыратыны жоқ, бұрындары қазақ сыныптарының оқыту мүмкіндігі нашар деген түсінік қалыптасып қалған. Алайда, жыл сайынғы Ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесі қазақ сыныптарында оқығандардың білім деңгейінің ешкімнен кем еместігін дәлелдеп берді. Осыған орай Лазат Есботанова басқаратын қаламыздағы №2 орта мектебінде тіл үйренуге жақсы жағдай жасалған.



ЛЕБІЗ

ТІЛ ҮЙРЕНУДЕН НЕ ТҮЙДІҢІЗ?

Тіл сарайына жайғасқан облыстық мемлекеттік тілді оқыту орталығында мемлекеттік тілге арналған 3, ағылшын тіліне 1, орыс тілін оқытатын 1 заманауи технологиялармен жабдықталған кабинет жұмыс істейді. Бұл орталықтан І жартыжылдықта ағылшын тілін оқыту курсы бойынша 59 адам тілді меңгеріп, 46 тыңдаушыға куәлік, 13-не сертификат тапсырылса, орыс тілі курсында 31 тыңдаушы тілдік дағдыларын жетілдіріп, 9-ы сертификат, 22-і куәлік алды. Солардың бірнешеуін әңгімеге тартқан едік.



Әлия СЕКСЕМБАЕВА,
облыстық қаржы басқармасының бас маманы:

– Көп тіл білудің еш зияны жоқ. Өйткені, тілдік қорың артқан сайын өй-ерісің де дамып отырады. Осыған орай, облыстық мемлекеттік тілді оқыту орталығының атқарып жатқан игілікті жұмыстары көңіл қуантарлық. Сол орталықтан қаншама жан қазақ, орыс, ағылшын тілін меңгеріп, көңіліне сәуле құйды. Сол қатарда өзімнің болғанымды мақтан етемін. Әрине, адам болашаққа үмітпен қарауы керек. Бұл ойыма басқарма бастығы қолдау көрсетіп, тіл үйренуге жағдай туғызды. Сонымен, ағылшын тілін жалғастырушы ретінде білім алып шықтым. Қазір өз ойымды еркін жеткізе алатын деңгейге жеттім. Бір айта кетерлігі, өзге тілді үйрену үшін алдымен ана тілінді толыққанды білу керек екен. Жуырда шетелге шығуды жоспарлап жүрмін. Үйренген білімімді сынап көрудің мүмкіндігі туады.



Ольга АЙТЕНОВА,
Талдықорған мемлекеттік мұрағат мекемесінің бөлім бастығы:

–Тіл – қай ұлттың да ары, ұяты, бары мен базары деп білемін. Өзім орыс ұлтының өкілі болсам да қашанда мемлекеттік тілді қадір тұтамын. Өйткені, біз Қазақстанда өмір сүріп жатқаннан кейін мемлекет құрушы қазақ ұлтының мәдениетін, өнерін, тілін құрметтеуіміз керек. Екіншіден, қазір барлық іс-қағаздары мемлекеттік тілге көшіріле бастады. Мұның ішінде мұрағат қызметіне қойылған талап жүгі де салмақты. Сондықтан мемлекеттік тілді толық меңгермесек істеген жұмысымыз да нәтижелі болмайтыны анық. Қазір екі балам да қазақ тілін біледі. Қазақ сыныбында білім алып жүр.

Айтуған Ыдырыш:

–Алғаш атажұртқа келгенде бізді екі нәрсе қинады. Бірі – қаптаған құжат жинау, екіншісі – орыс тілін білмеу. Орнығып, табан тірегеннен кейін кәсіппен, шаруашылықпен, саудамен айналысуға тура келеді. Осы түста тағы да орыс тілінен кенжелейміз. Әрине, жыл өткен сайын қазақ тілінің мерейі тасып, беделі өсіп келеді. Алайда кәсіпкерлік саласында және де орыс тілінің салмағы басым. Сондай-ақ, тауардың атауы орысша аталатындықтан оны білмесең жұмысың жүрмейді. Осыған орай, орыс тілін үйренуге бекіндім. Осы үмітімізді ұштаған облыстық мемлекеттік тілді оқыту орталығына алғыс айтамын. Қадыр Мырза-Әлі ағамыз: «Басқа тілдің бәрін біл..», – деген ғой тіл білудің пайдасы болмаса зияны бола қоймас.

Тіл жоқ жерде ұлт жоқ.

Шыңғыс АЙТМАТОВ.

Ана тілі қайнаған қанның, қиналған жанның, толғатқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы. Онда әм де, мән де болуы керек.

Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ.

Әр кімнің туған тілі – туған шеше, Оған бала міндетті сән мың есе.

Сәбит МҰҚАНОВ.

Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті...біздің жастарымыз ана тіліне жетік, мәдениетті болсын.

Ахмет ЖҰБАНОВ.

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

Габит МҮСІРЕПОВ.

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тіліміздің ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ

ОБЛЫСТЫҚ АБАЙ ОҚУЛАРЫ

Жыл сайын «Қазақстан халқы тілдерінің айлығы» аясында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтіп, Абай шығармаларын насихаттау арқылы қазақ мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне деген өзге ұлт өкілдерінің қызығушылығын, рухани бірлікті қуаттап, отансүйгіштік сезімін арттыру мақсатында өтетін Абай оқуларының берері мол.

ДАРЫНДЫЛАР ДАРАЛАНДЫ

Таяуда осындай мақсатпен облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен өзге ұлт жастары арасындағы облыстық Абай оқулары өтті. Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығымен түспа-түс келген байқауға облыстың түкпір-түкпірінен 12 үміткер қатысып, бабы мен бағын сынға салды.

Алдымен барлық үміткерді облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Тәңірберген Қасымберкебаев құттықтады

– *Құрметті Абай бабамыздың аруағын аспандатып, үмітін үкілеп келген үміткерлер!*

«Аруағын сыйлаған ел азбайды» дегендей, өнері өрге жүзген, батыры мен ақынын құрметтеген, қазақ жерінің қадірі үшін күрескен хакім Абай оқуларына қош келдіңіздер. Абай атамыз қамшының сабындай қысқа ғұмыр сүрсе де артына ұлан-ғайыр мұра қалдырып кетті. Қазақ жерінің таңғажайып табиғаты, асқар таулары, ағынды өзендері оның бойына талант болып құйылып, өнер болып ерілді. Ақын жырларын халық өзі қастерлеп, тұмарындай сақтауда. Бүгін мысал ретінде жыл сайын аудандық, облыстық, республикалық деңгейде өтетін Абай оқуларын айтуға болады. Сол байқауда қаншама жас талант танылды, қанша дарынның жолы ашылды. Бүгін сол толқынды сіздер жалғастырып отырсыздар. Бақтарыңыз жанып, бәріңіздің де жүлделі орынған көрінулеріңізге тілектеспін, – деді.

Осыдан кейін байқау шарты жарияланып, қазылар алқасы таныстырылды. Сайыста әр өңірдің аманатын арқалап келген үміткерлер аянып қалмады. Байқаудың ұйымдастыру талабы бойынша сайыс үш кезеңнен түрды. Ең алдымен, қатысушылардың ақын шығармаларын жатқа, мәнерлеп оқу шеберлігін саралады. Екінші кезеңде жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романынан үзінділер оқыды. Үшінші кезеңде үміткерлер әншілік, әртістік шеберлігін ортаға салды. Қысқасы, әр үміткер өзінің даралығы мен білім-білігін жан-жақты аша білді деуге болады. Сайыстың өзіндік тәртібі мен шарты және оза шабатыны, жүлдесіз қалатыны да болады. Алайда, бәйге алдым деп мардымсуға, артта қалдым деп қынжылуға болмайды. Өмірдің өзі бәсекеден өрілгенін ескерсек, шын дарынның қашан болсын озатыны анық. Сондай дарын бұл байқаудан да табылды. Әділқазылардың шешімі бойынша бас жүлдені талдықорғандық Елена Михиева жеңіп алды.

Әрине, берері мол шара әлі де жалғасын тауып, талай дарынның үмітін үкілейтініне біз де сеніп қайттық.

Айталық, қазақ тілі мен әдебиеті пәніне арналған, жаңа компьютерлермен жабдықталған кабинет іске қосылып, әдістемелік бірлестігінің қорында тілді меңгерту үшін заман талабына сай дидактикалық-материалдық база жабдықталған. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен сапалы білім беру үшін электрондық оқулықтар көмегімен слайд, флипчарт сабақтарын әзірлеуге толық мүмкіндік жасалған. Мектепте мемлекеттік тілге арналған қабырға газеті ілініп, мектеп оқушыларының мемлекеттік тілге деген ынтасын арттыру мақсатында тіл және әдебиет пәні бойынша жұмыстар, мадақтамалар көрсетіліп тұрады.

Нәтижесінде кейінгі жылдары қазақ тіліне деген сұраныс артты. Айталық, қазір білім шаңырағында 1348 қазақ баласы болса, оның 768-і қазақ сыныптарында, ал 136-ы орыс сыныбында оқиды. Мұны өткен оқу жылымен салыстырар болсақ, үлкен айырмашылықты байқаймыз. Яғни, өткен жылы мектебіміздегі 1448 қазақ оқушысының 696-ы қазақ, 792-і орыс сыныбына барған еді. Ал бұрынғы жылдары қазақ сыныбында оқуға ынталы өзге ұлт өкілдері аз болатын. Дені ұйғыр, татар, өзбек, қырғыз сияқты қазақ ұлтымен бауырлас халықтардың балалары еді. Биылдан бастап қазақ сыныптарына барған өзге ұлт өкілдерінің саны артып бара жатқанын байқадық. Оның ішінде орыс, кәріс, тағы басқа ұлттының перзенттері қызығушылық танытуда. Осыдан-ақ, қазақ тілі деген құрметтің жыл өткен сайын артып отырғанын аңғарасыз.

Мен башқұрт ұлтының өкілімін. Анам неміс қызы. Бала күнімізде орысша тәрбиелендік. Орта және жоғары оқу орындарын орысша бітіріп, жұмысқа араластық. Тәуелсіздік алғаннан кейін еңбек жолымды ауылдық округте бастағандықтан қазақ тілін меңгеру қажеттілігі туындады. Содан кейін өзімше тіл үйренуге кірістім. Басында біраз қиындық туындады. Десе де, бос уақытымда Абай, Мұхтар, Ғабит, Сәбит, Ғабиден, Мұқағали сияқты қазақ классиктерінің шығармасын оқып, білімімді арттырдым. Қазір №2 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп жүрмін. Балаларым да қазақша оқиды. Әрине, қазақ тілі мемлекеттік тіл болғаннан кейін әрбір қазақстандық оны құрметтеуге, толық білуге міндетті деп санаймын.

Рита САЙДГАРИЕВА,
қалалық №2 орта мектеп директорының орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Материалдарды дайындаған
Қажет АНДАС.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың корпекті ұстазы **ӘЛІКЕНОВА Гүлшара** Станқызы сені 59 жасқа толған торқалы тойыңмен құттықтап, саған мықты денсаулық, ұзақ өмір, қажымас қайрат тілеймін. Оқырман нақарына мына жыр шумағын ұсынамын:

Сүйікті қызым Гүлшара,
Нәрестемнің алды сен.
Алғашқы көрген қызымсың,
Оң екі ұл-қыз өсірдің.
Жиырмаға толды немерем,
Сағардың сен ішінде
Артық туған баскадан,
Үш баланың анасы.
Бесеу болды немерең.
Ұстаздық жолың сенің де,
Туған әкең атыңнан.
Жарық көрсін бастадан,
Үздік оқып мектепте.
ҚазМУ-ге түстің қарағым,
Өте шықты бес жылың.
Диплом сен қорғадың,
«Өте жақсы» бағамен.
Білім алдың жоғары,
Өзің туған балаң да.
Білім алды жоғары,
Үйлендірдің ерлердің.
Күнім қалды самауы,
Мәңгілікке көз жұмар,
Балаларға бас болып,
Сүйген жарым қасына.
Апарып мені жерлегін.

Әкең – Стан ӘЛІКЕНОВ, халыққа білім беру ісінің ұздігі.



Ағамыз **ӨСЕРБАЕВ Мұрат Жақыпбайұлын** 55 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз! Бала жасынан ынжық, ішті ниетті, ақпейілділікті жанына серік еткен ағамыз саналы ғұмырын елдің өркендеуіне арнаса, бітдің де азамат болып өсуімізге көп ықпал жасады. Үлкенге де, кішіге де сыйлы, сыпайы қалпымен жора-жолдастарының құрметіне бөленді. Лауазымды қызмет атқарса да адамгершілік қалпынан таймай жұртпың ризашылығына бөленді. Аяулы әке ретінде балаларының бақытына жол ашты. Еңлеше, «Ағамыздың жасы ұзақ болып, ойға алған арманына жете берсін, басынан бақ, шаңырағынан шаттық үйілмесін», – деп тілейміз.

Ағайым, құтты болсын мерейтойың,
Орындасын арман мен тілек ойың.
Ердің жасы елуден асып жатсың,
Арта берсін күн сайын абыройың.

Қызығына батыңыз балалардың,
Одан артық бақытты табалар кім?
Тәнті бол немеренің тәтті үніне,
Желпіндір жүрек үнің, жан ағаың, – детіміз келеді.

ІЗГІ НИЕТПЕН: іні-қарындастарың – **Фарида, Сұнқар, Жанағұл.**

● *Акция*

«Қазақтелеком» АҚ-ның орталық аппараты мен кеңейтілген сервис орталығы және құрылымдық бірліктерді сату шеберінің зонды түпғалар операторлары арасында «Үлкен жарыс» акциясы өтті. Аталмыш шара «Зонды түпғалар» сегментінде кірістерді ұлғайту, ARPU көтеру, жаңа қызметтерді дамыту, қызметтерді сату, клиенттердің адалдығын көтеру кезінде «Қазақтелеком» АҚ филиалдарының Корпоративтік сервис орталығы Кеңейтілген сервис орталығы қызметкерлерінің ұжымдесін және қызметкерлердің кәсіби өсуін көтеру мақсатында ұйымдастырылды.

«ҮЛКЕН ЖАРЫС» ӨТТІ

Жеңімпаздар конкурсқа қатысу ережесіне сәйкес абоненттердің жалпы есебі бойынша кірістерді ұлғайту пайыздарын салыстыру негізінде анықталды. Жарысқа 11 оператор қатысты. Олардың ішінен Қапшағай ҚТТ-ның зонды түпғалар бойынша операторы Әлгерім Боранғазиева кірісті 132,1%-ға ұлғайтып, жеңімпаз атанды. Алматы ОТДның бас директоры Жексембай Мейрембаев жеңімпазды құттықтап, оған плазмалық телевизор мен сертификат табыс етті. Шараны қорытындылай келе Жексембай Арғынғазыұлы бұл акцияның клиенттерді ынталандыратынын, сондай-ақ CO/KCO қызметкерлерінің кәсіби өсуіне ықпал ететінін айтып, қызметкерлердің жұмысына табыс тіледі.



М. ҚАМБАРОВА, Алматы ОДТ қоғаммен байланыс бөлімінің маманы.

● *Маман мінбері*

МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ТИІМДІ ПАЙДАЛАНЫЛСЫН

2011 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Алматы аймағында республикалық бюджеттен қаржыландырылатын 236 мемлекеттік заңды тұлға, оның ішінде 132 мемлекеттік мекеме, бірнеше республикалық мемлекеттік кәсіпорын мен республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын, еншілес мекеме, мемлекеттік пакет акциясы бар акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі серіктестік және олардың 93 филиалы мен өкілдігі орналасқан.

Мемлекеттік мүлікті есепке алу мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізілімі (реестр) арқылы жүргізіледі.

Тізілімнің құрылымы мемлекеттік активтерді басқару саласында айқындалатын мақсаттар мен міндеттерге сәйкес оңтайландырылады.

Мемлекеттік заңды тұлғалардың тегеріміндегі тұрған мемлекеттік мүліктің тиімді пайдаланылуы жыл сайын министрліктер мен ведомстволар өкілдерінің қатысуымен бектілген кестеге сай тексеріліп отырылады.

Жетісу өңіраралық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің Алматы қаласы бойынша Жетісу филиалы және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың ұжілеттігі органдары (министрліктер мен ведомстволар) өкілдері 9 айдың қорытындысы бойынша 41 мекеме мен кәсіпорынды тексерді және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2011 жылғы 15 маусымдағы № КГИП-7/1851 тапсырмасы бойынша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 335 қаулысының 6-тармағына сәйкес 138 мемлекеттік мекеменің пайдаланатын алаңдарына, қызметтік және арнайы автокөліктеріне түгендеу жүргізді. Тексеру барысында нетижесі кәсіпорындардың бос тұрған ғимараттарды (жайларды) мүліктік жалға беру талаптарының сақталмауы, тіркеуші органдарда жазылмайтын мүлік объектілеріне мүліктік құқықтарды тіркеудің болмауы және қаржы-шаруашылық қызметті жоспарлаудың төмен деңгейі және ұйымдардың жоспарланған көрсеткіштерді орындамауы байқалды. Кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тегеріміндегі тиісті мөлшерден артық және өз мақсатында пайдаланылмайтын мүліктердің бары анықталды.

Бұл жайында тиісті мекемелер мен ведомстволарға ұсыныстар енгізілді.

Аталған кемшіліктер жөнінде тұжырымдар мен ұсынымдар меншік нелерінде және салалық министрліктер мен ведомстволарға жіберілді.

Осы жылдың 9 айында мемлекеттік мекемелердің тегеріміндегі 6,53 мың шаршы метр болатын 66 жай мүліктік жалға беріліп, одан 6 837,11 мың теңге республикалық бюджетке аударылды.

Ал, 2011 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша республикалық бюджетке жекешелендірудан және мүліктік жалға берудан 7 759,1 мың теңге ақша қаражаты түсірілді.

Бұл шаралар мемлекеттік мүлікті барынша тиімді пайдалануды, республикалық бюджетке қосымша салықтық емес төлемдердің түсуін қамтамасыз етіп қана қоймай, шағын бизнес субъектілерінде өндірістік қызметін ұйымдастыруға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Берік АЛТЫНБЕКОВ, Жетісу өңіраралық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің Алматы қаласы бойынша Жетісу филиалының бастығы.

28.10.2011 жылғы Алматы облысы Іле аудандық сотының шешімімен «АТА» ЖШС-не / мекенжайы: **Алматы облысы Іле ауданы Покровка ауылы Алматинская к-сі, 171 үй.** РНН 600400072778/ банкроттыққа қарсы өндіріс іс қозғалды. Талап-тілектер мына телефонмен қабылданады: **239-81-17**

Сұраныққа үміткер **Садуақасова Маржан Маратқызы** 2011 жылдың маусым айының 1-нен және судьялыққа үміткер **Омарова Гауһар Көрімқызы** 2011 жылдың қыркүйек айының 27-нен Талдықорған қалалық сотында және Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында тағылымдамадан өтуде.

Алматы облыстық сотының кеңсесі.

● *«Дөңгелек үстел»*

Теріс ағым дін бұзады

Бизнес, құқық және жаңа технологиялар колледжінде «Босты мақсат – жастарға жан сіптеу» тақырыбымен кездесу өтті. Кездесуді колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғалымжан Жүнісбаев жүргізіп отырды.

Жетісу
Қажет АЙДАС

Бүгінгі таңдағы түрлі ағымдағы діни насихаттың жаппай өріс алуының алдын алуды мақсат еткен шараға колледж ұжымы мен студенттер және Ө. Жолдасбеков атындағы бизнес, құқық академиясының профессоры Аманжол Қасабеков, облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаменті директорының орынбасары Самғат Долаев, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев, орталық «Нұр» мешітінің имамы Алмас Данағұловтар қатысып, баяндама жасады.

Олар баяндама барысында діни және діни ұйымдар мен секталар туралы мәліметтер келтіріп, студенттерге ел тыныштығын бұздіретін теріс ағымдарға алданып қалмау қажеттігін кеңінен түсіндірді. Сонымен қатар, студенттер де өздерін толғантып жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды.

● *Акция*

Алматы облысы бойынша Салық департаменті алымдағы жылдың 1 қарашасынан бастап 1 желтоқсаны аралығында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті үкіметтік емес ұйымдарының қолдауымен республиканың білім беру мектептері арасында «Чек талап ет – Патриот бол» акциясын өткізу туралы мәлімет үшін хабарлайды.

ЧЕК ТАЛАП ЕТ

Аталған акция бірінші рет өткізіледі және өсіп келе жатқан жеткіншектер арасында салықтық білімді және мәдениетті, патриотизмді арттыруға, сондай-ақ көлеңкелі экономика көлемін қысқартуға бағытталған.

Акцияға республиканың барлық жалпы білім беру мектептерінің 1-ші сыныптан 11-ші сыныпқа дейінгі оқушылар қатыса алады. Оқушылардың белсенді қатысуы республиканың барлық тұрғындарын акцияға тартады, сондай-ақ, бақылау-касса машиналарының чектерін нөгұрлым көп жинаған сыныптарға жүлделер беріледі.

Белсенді қатысушыларды бастапқы іріктеу бақылау-касса машиналарының чектерін нөгұрлым көп жинаған сыныптарды анықтау арқылы аудандық деңгейде жүргізілетін болады. Бұл ретте бұл кезеңде ауыл және аудан мектептерінің санаттарынан екі аса белсенді сыныптар анықталатын болады.

Аса белсенді облыстық қатысушыны іріктеудің екінші кезеңі іріктеудің бастапқы кезеңінің нәтижелері бойынша анықталған акцияға белсенді қатысушының деректемелері (аудан, облыс атауы, литер, мектеп нөмірі көрсетіле отырып, сынып) көрсетіле отырып, билеттер орналастырылатын лотерея барабанын іске қосу арқылы облыстық деңгейде өткізіледі.

Акцияның екінші кезеңінің барлық қатысушылары облыс, Астана, Алматы қалаларының сыныптарының жетекшілері арасында салықтық білімді және мәдениетті, патриотизмді арттыруға, сондай-ақ көлеңкелі экономика көлемін қысқартуға бағытталған акцияның ережесін түсіндіреді.

Акцияның екінші кезеңінің барлық қатысушылары облыс, Астана, Алматы қалаларының салық департаменті бастығының құрмет грамотасымен марапатталады.

Одан басқа, екінші кезеңде номинантты бағалы жүлдемен марапаттауды көздейтін «Облыстың (қаланың) аса белсенді ауыл мектебі» қосымша номинациясы жасалады. Бұл номинацияның жеңімпазы бақылау-касса машиналарының чектерін нөгұрлым көп жинаған ауыл мектебінің сыныбы болады.

Акцияның республикалық жеңімпазын анықтаудың үшінші кезеңі республика астанасында – Астана қаласында өткізіледі. Бұл кезеңде бақылау-касса машиналары чектерінің санына қарай қатысушыларды 3-санатқа градациялау өткізілетін болады. Содан кейін жеңімпазды (1, 2, 3-орындар) анықтау үшін қатысушылардың әрбір санатына лотерея барабаны іске қосылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті үкіметтік емес ұйымдардың қолдауымен жеңімпаздарға мынадай жүлделерді ұсынады:

бірінші орын алған сыныптарға – Астана қаласына экскурсия түріндегі жолдама;

екінші орын алған сыныптарға – компьютерлік техника;

үшінші орын алған сыныптарға – спорттық керек-жарақ.

Алматы облысы бойынша салық департаменті.



● *Байқау*

ЖІГІТ СҰЛТАНЫ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің колледжінде алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімұйымдастырушысы Айбат Қуанышбаев пен студенттік «Атамекен» патриот клубының тобағасы Медет Базарғалиевтің ұйымдастыруымен «Жігіттің сұлтаны» байқауы өтті.

Білімгерлердің сөз байлығын, білім деңгейін жоғарылатып, спортқа ынталандыру және Отанға деген сүйіспеншілігін арттыруды мақсат етken байқауға 1 курс студенттері қатысып, «өзін таныстыру», «жігітке жеті өнер де аз» (сұрақ-жауап), «гир көтеру», «үй шаруасына ептілігін көрсету», «қызға хат жазу және «Калашников» автоматын жартылай шашу» сияқты талаптар негізінде сынға түсті. Нәтижесінде «Жігіттің сұлтаны» атағына Мақсат Оразбаев лайық деп табылды. Ал Ақжол Ергазы, Ерасыл Қасымбаев, Жомарт Алтынарлақ жүлдегерлер қатарынан көрінді. Оларға бағалы сыйлық пен диплом табыс етілді. Басқа қатысушыларға да сый-сияпат жасалды.

Шараны қорытындылаған Раушан Тұрғанбекқызы бастаған қазылар алқасы сайыстың жоғары деңгейде өткендігін айтып өтсе, колледж директоры Айгүл Қабикызы осы игілікті істің әлі де жалғасатынын білдірді.

Айжан ОРАЗБАЕВА, ЖМУ колледжінің І-курс студенті.

Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін 2010 жылы **Моллір Чегебаеваның** атына берілген дипломның жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Газетіміздің келесі саны 12 қараша, сенбі күні шығады.

ЕСКЕ АЛУ



Көксу ауданы, Боттоған ауылында туып-өскен асыл жар, қамқорлы әке, алдағ дос, милиция полковнигі **Таласбаев Еліге Әбдіманапұлын** сыздаткан сағынышпен еске аламыз.

Егер арамызда тірі жүрсе қарашаның 8-і күні 60 жасқа толар еді.

Аяулы дос, әке, асқар таудай едіңіз,
Алланың берген қызығын сіз көрдіңіз.
Әлі талай қызық бар еді көретұғын,
Мезгілсіз сіз бұл өмірден өттіңіз.
Еске аламыз, ұмытпаймыз әлі біз,
Сізбен бірге болып еді сәніміз.
Құран ғана бағыштаймыз біз сізге,
Рухыңа бас иеміз бәріміз.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: жарыңыз – **Орынай,** ұлың – **Қуаныш,** қыздарың – **Сәуле, Әсем** және **немерелерің, күйеу балаларың, достарың.**

АСҚА ШАҚЫРУ



Қаратал ауданының тұрғыны, **Айдархан Несіпбеков** дүниеден озғанына бір жыл болды. Амал қанша, Алланың жазғаны осы болар. Десе де, артында мұратын жалғайтын ұлы, еске алатын туыс-туған, ағайын-жолдасы бар. Қашан да жатқан жерің жайлы болсын, топырағың торқа болсын.

Тіршілігің мағыналы атқарып,
Бақытты әркім қуанышқа жетсе анық.
Ғұмыры жыр, тірлігі нұр жандарды,
Ұрпақтары отырады еске алып.

Арамыздан табылмайсың іздесек,
Бірақ орның білінеді тым балек.
Жатқан жерің жайлы болсын ендеше,
Аруағыңмен бізді қолдап, жүр жебеп.

Барлық туыс-туған, құда-жегжат, дос-жаранды 19 қараша күні сағат 12:00-де Үштөбе қаласы, «Бәйтерек» мейрамханасында берілетін асқа шақырамыз.

НЕСІПБЕКОВТАР әулеті.

Облыстық ардагерлер кеңесі осы кеңестің мүшесі, облыстық әжелер комитетінің төрайымы, Талдықорған қаласының Құрметті азаматы Дина Нұрғалиевага ұлы

Тимурдың

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

В общей сложности с начала только этого лета в Аксуском, Саркандском и Каратальском районах Алматинской области произошло более 6 наезда поезда на безнадзорный скот (лошади, коровы). Пока страдают только животные, но ситуация с безнадзорным выпасом скота в этих муниципальных районах обострилась настолько, что не сложно спрогнозировать более серьезные последствия – сход составов, техногенную катастрофу, крушение пассажирского поезда.

По сравнению с прошлым годом в 2011г за 10 с небольшим м-ев потери уже составили почти 10 голов, в 2-х случаях был поврежден подвижной состав. Но если б люди делали выводы из полученного опыта!

11 июля этого года грузовой поезд не смог, несмотря на экстренное торможение, избежать наезда на лошадь, буквально через месяц – 14 августа – на 1229 километре перегона Лепсы-Жасказах машинистом грузового поезда № 2001 вновь применено экстренное торможение. Наезд предотвратить не удалось из-за малого расстояния. И такие случаи не единичны.

– Погибли животные, пострадало имущество железной дороги – локомотивы, получили психологическую травму бригады машинистов, сбито расписание движения поездов...

– Удается ли установить владельцев бесхозного скота, и какие меры воздействия могут к ним применяться?

– Закон позволяет оштрафовать нарушителей правил прогона скота через железнодорожные пути и выпаса скота вдоль железнодорожных путей на физических лиц в размере до двух, на должностных лиц – в размере до 10 МРП. Кроме того, владельца скота могут обязать возместить понесенные железной дорогой убытки – стоимость вынужденного простоя состава, ремонт повреждённых локомотива и вагонов, а это уже куда более крупные суммы. Является ли это серьезным наказанием, не мне судить, но и его мы далеко не всегда можем применить. Страх перед штрафами заставляет владельцев погибших животных бросать их на полотне и не признавать свое хозяйское право на них. Была попытка урегулировать этот вопрос обязательным прикреплением бирок к ушам животных – предполагалось, что по ним можно будет идентифицировать принадлежность скота тому или иному хозяину. Но и эта мера оказалась не слишком продуктивной: владельцы погибших животных еще до приезда специальной комиссии успевают эти бирки снять и ликвидировать. Удивляет другое: мы с вами говорим о штрафах, возмещении убытков дороге, но ведь владельцы по определению несут убытки от гибели своего скота, казалось бы, избежать их должен стремиться каждый хозяин. Но даже этот фактор, похоже, не имеет для них значения – коровы, лошади, овцы по-прежнему пасутся без надзора.

На железной дороге зафиксировано уже 40 случаев, когда машинистам приходилось применять экстренное торможение, чтобы предупредить наезд на крупный рогатый скот. В таких ситуациях может пострадать не только животное: в результате столкновения есть вероятность схода и подвижного состава. А если это пассажирский поезд? Тогда столкновение с безобидным животным обернется катастрофой и угрозой для жизни людей. Но так как корова – это домашний скот, то ответственность за него несут люди, его хозяева. И чтобы не допустить беды нужно соблюдать несколько простых правил:

1. Перегонять скот через полотно железной дороги только по специально установленным переходам, переездам или путепроводам. При этом надо следить, чтобы животные не разбредались по железнодорожным путям.

2. Не забывать, что предупреждающие на переезде знаки, звуковая и световая сигнализация, положение шлагбаумов там, где они установлены, указания работников дистанции пути относятся и к погонщикам скота, как участникам движения. Потому при приближении к месту прогона скота, нужно проявлять особую осторожность и повышенную внимательность.

3. Если перегоняется не более двух коров на одного взрослого человека, то они должны вестись на поводу.

4. Если ведется стадо, то количество погонщиков должно быть достаточным, чтобы исключить выход скота на железнодорожные пути. При массовом перегоне (гурты более 500 голов крупного рогатого скота) необходимо заблаговременно предупредить дорожного мастера.

5. Пасти скот можно не ближе чем за 300 метров от железнодорожного полотна и только на привязи, а на расстоянии 2000 метров – под постоянным присмотром.

6. Внимание! Запрещается перегон скота не на поводу через железнодорожные переезды и переходы. Для прогона скота в одном уровне с железнодорожным путем в темное время суток и в светлое время суток при тумане, пурге и метели.

Руководство филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Матайская дистанция пути» крайне обеспокоено участившимися случаями выхода крупнорогатого скота на железнодорожный путь, что ведёт к нанесению убытков населению и **АО «НК «ҚТЖ»**. Создает прямую угрозу безопасности движения поездов и жизни пассажиров – может привести к сходу вагонов поезда с рельсов, причинению вреда здоровью и гибели людей, находящихся в поезде, а также окружающей среде ввиду перевозки опасных грузов на железнодорожном транспорте. Убедительно просим Вас принять меры по недопущению выхода скота на путь, обеспечить организованный выпас. Выпас скота в полосе отвода железных дорог разрешается только железнодорожникам и только в местах, установленных начальником дистанции пути и обязательно на привязи. Выпас скота на расстоянии ближе 300м от железнодорожного пути на неогражденных пастбищах разрешается только на привязи, а на расстоянии до 2000 м от железнодорожного пути — только под постоянным присмотром. Ответственность за задержку поездов и материальный ущерб подвижному составу возлагается на владельцев безнадзорного скота. Лица, нарушившие «Правила выпаса скота вблизи железнодорожного полотна» привлекаются к ответственности в соответствии с действующим законодательством».

Борьба с хищениями и сохранностью перевозимых грузов на железнодорожном транспорте.

Реальную угрозу для безопасности движения поездов, жизни и здоровья людей представляет хищение на железнодорожном транспорте. Хищение только одной детали может привести к тяжким последствиям вплоть до схода подвижного состава. Так по ст.Акбалык из инструментальной кладовой была совершена кража МВСП, а именно кража противоугонов и накладок. Совершивший кражу был задержан силами ЛОВД ст.Уштобе.

В предотвращении хищений и сохранности перевозимых грузов большую роль играют совместные мероприятия, проводимые филиалом Акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» – «Матайская дистанция пути» с Военизированной охраной и ЛОВД. Доведение о допущенных случаях хищений и нарушений законности, активное проведение плановых проверок оперативными рабочими группами, созданными в филиале, разъяснительные работы и чтение лекций, проводимые работниками ЛОВД среди работников ж.д. транспорта, населения, школьников по воспитанию чувства высокой ответственности за неукоснительное соблюдение законов - приводит к положительным результатам. Люди не должны ставить свой корыстный интерес превыше интересов коллектива, общества, сиюминутная нажива не должна быть превыше безопасности, жизни и здоровья людей.

Сіздің көп мөлшерде мал ұстағыңыз келеді, бірақ оған айналым қаражатыңыз жеткілікті ме?
Ірі қара мал басын сатып алуға және оны молайтуға арналған жаңа

СЫБАҒА БАҒДАРЛАМАСЫН ҰСЫНАМЫЗ.



Несие қаражатын пайдалануды мақсаты:
1. төлдейтін ІҚМ басын, оның ішінде өндіруші бұқаларды сатып алу;
2. айналым және негізгі құралдарды сатып алу қаражатын толтыру.

Жылдық сыйақы ставкасы – жылдық 6%;

Бір қарыз алушы үшін ең төменгі қарыз сомасы - 8 500 000 теңге.

Бизнес-жоспарлар үлгісін www.agrocredit.kz сайтынан табуға болады.
Қазақстан Республикасы, Астана қ., Иманов к., 11, «Нұрсәулет» бизнес орталығы. Тел.: +7 (7172) 55 99 91, 55 99 67, факс:+7 (7172) 55 99 85
Алматы қ., Самал 2 ш.а, 58 үй, 13 кеңсе, 8 (727-2) 66-84-16

Жетісу

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақылжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс – **27-41-50** байланыс телефондары бас редактордың орынбасарлары – **21-01-90, 27-41-83,** жауапты хатшы – **24-38-16,** ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі – **27-42-34,** санқат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі – **24-36-07,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – **24-32-43,** білім және ғылым бөлімі – **24-30-57,** фототілшілер –**27-41-93,** заң және әкімшілік бөлімі – **24-29-82,** есепқосшы бөлімі – **24-35-28.**

Алматы қаласындағы тілшілер қосымы – **279-13-37** (факс), **79-13-86, 79-36-43.**

Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары Үшқарада – **2-12-57,** Панфиловта – **5-12-21,** Райымбекте – **2-22-05,** Іледе – **2-19-33.**

Газет табыс етілмесе – **72-59-01** телефонымен хабарласу керек.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі.

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.


БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

КӨЛЕМІ – 2 баспа табақ.
ТАПСЫРЫС – 1236.
ТАРАЛЫМЫ – 42 532.
ИНДЕКСІ – 65469.

Кезекші редактор: Айгүл БАЙБОСЫНОВА.

ОЙ-ӨРІМ – СӨЗ САРАСЫ

"Егер мен заңды қолында бар адам болсам, онда мінезі өзгермейді деген адамның тілін кесер едім". Бұл хакім Абайдың сөзі. Ендеше жұмыр басты пенденің адамшылығын танытатын ізгі қасиеттің бірі – МІНЕЗ екен. Адамның қимыл-әрекетіне, ісіне, сөзіне қарап "мінезі мақтадай жұмсақ, тасбай қатқан, ақ мінез", деген сияқты нелер түрлі бағалар жатқалы. Жалғыз қандай адамның болмасын ішкен жүзді жағының қай орнына келсе де бірден сіңіп кетпегі мен ұнамға да, кішіге де сыйлы, қадірлі нағыз екі дүниеде де бақытқа жеткізетін көркем мінездің болғанына не жетсін.



Мінез

Жұматай ӘМІРЕЕВ
"Жетісу"

Өлкісса, сөзіміздің басына оралайық. Данышпан Абай бұл тұжырымды не үшін айтты. Жоғарыдағы ой-түйінінің негізі мінезі жайлы адамға айтылмағандығы айтпаса да түсінікті. Ендеше дана ақынның меңзеп тұрғаны ортамызда жүрген өздерін тік, тұрашыл санап, айналасын жайлап кететіндей, жүрген жері у да шу жандардың мінезі болып тұр емес пе? Әлбетте, тік жүріп, тура сөйлейтіндер бар екені рас. Ондай жандардың бағасын атам қазақ баяғыда-ақ беріп тастаған. "Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ". Тік мінезді адамға бұдан артық баға да беріле қоймас. Кейде адамның "айттым бітті, кестім үзілді" деп бет қаратпайтын бетпақтығын тік мінезге жатқызатынымыз тағы бар. Мінез – өзінің айтқанын ғана жөн көріп, өзгенікін көп көру емес. Ақырын жүріп, анық басатын байсалды мінезбен де елді бауран алуға болады. Сонымен бірге, "Жуас түйе жүндеуге жақсы" келетін көнбіс мінез адамдар да кездеседі. Солай екен деп, өз қалауынша айтқанына көндіріп, айдағанына жүргізу ешқандай тұрашылдыққа жатпайтыны ақиқат. Рас, жер бетінде қанша адам болса, сонша мінез бар. Бірақ оның керсететін, керсетпейтін жері болады. Мінезді екенмін деп басыну, барын асыру жараспайтын тірлік. Зерделі сөздің зергері Ғабен, Ғабит Мүсіреповтің мына мінезділігі кез келген азаматтың қолынан келе қоймайды-ау. Тарихқа сәл көз жүгіртіп көрейікші. Алаштың аяулы перзенті Бейімбет Майлинге 1937 жылы қауіпсіздік комитеті тарапынан "халық жауы" деген жала жабылып, қара күйе жағылып, ұстап әкеткен түста Мүсірептің Ғабиті Алматы қалалық партия комитетіне барып, қасқайып тұрып: "Егер Бейімбет Майлин халық жауы болса, мен де жаумын, елге, мемлекетке жантәнімен берілген адамды жау санаған мұндай коммунистік партияның қатарында бұдан былай бір сәт те тұрғым келмейді", – деп партиялық билетін лақтырғаны ешқандай аңыз емес, ақиқат екенін қарт тарих жоққа шығара алмайды. Міне, мінез деп осыны айтса керек. Ұлты үшін, Алаштың аяулы ұлы үшін, өзінің қаламдас әріптесі һәм намысы мен мүддесі бір ардақты досы үшін өз басын оққа байлап, жалғыз жанын отқа тастағандай күй кешкен Ғабиттің мінезі нағыз МІНЕЗ.

Кейде кейбір адамның бойындағы тәкаппарлықты, меңмендік пен менсінбеушілікті де мінезге жатқызамыз. Астамсымай сабасына түссін, кердең-деп кеудесін кермей, биязы болсын, кісімсінбей кішіпейілдік танытсын десең: "Ой, оның туа бітті мінезі осы. Өтпен біткен сүйекпен кетеді", деп кір жұқтырмайды. Сонда оның айналасының ауа райын бұзып тұратын ит мінезіне көніп, сонымен жөн деп, жел қайдан соққа солай қарай жөнкіле беретін бұлт сияқты жүре беруіміз керек пе? Абайға жүгінсек, кез келген мінезді жөнге салуға болады. Дегенмен біз де "болмайды" деген адамның тілін кесіп алатын "закон қуаты" қолымызда жоқ қарапайым пенделміз.

Егер мен заңды қуаты қолында бар адам болсам, онда мінезі өзгермейді деген адамның тілін кесер едім.
АБАЙ.

Жалпы, адамгершілік, имандылық, ар-ұят сияқты қасиет кімнің бойында болса, сол адамның мінезі көркем келіп, айналасына нұрын шашып, жылу сыйлап тұратыны анық. Мінез дегеніміз бет қаратпай тұратын қаталдық немесе арқырай сөйлеп, айналасының апшысын қуыру емес. Айтыскер ақын Мұхамеджан Тазабек бауырымыздың мына бір шумағынан Құнанбайдың мінезінің қандай болғанын айқын көруге болады. Тарихпен сабақтастыра келіп, қажының өмірін ой таразысынан өткізіп, жырына арқау еткен ақын былай дейді:

Кешегі Құнанбайлар бұрқасындай,
Салмақты болған екен кір тасындай.
Арсызға қатаң, қатты болғанменен,
Халқына болты құстың ұлпасындай.

Міне, адамға керек мінез. Абайдың әкесінің де арсыз бен алдамшыға аяушылық танытпағанымен халқының жеңжағына қорған, дауыл соқса орман болғанын жасыра алмаспыз. Керек кезінде қатал, былайғы өмірде мамықтай жұмсақ Құнанбай бойындағы мінез қазір де керек-ақ.

Қазақтың ер мінезді, қайсар ұлының бірі ер Баукең, Бауыржан Момышұлы. Көзін көргендердің өңгімесін көп естіп, көңілге түйіп өстік. Олкісінің өзін түгіл жас кезіндегі жанарынан от шаша қараған суретін көргеннің өзінде мысы басып, мінезінен жасып қалатындай күй кешуге болады. Баукеннің өмір жолына зер салсаңыз "Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқтың" нағыз өзі. От пен оқтың ортасында майдан даласында жүріп, қазақ тілінің шұбарланып бара жатқанына қынжылысын білдіріп, сол кездегі Қазақстан орталық комитетінің басшылығына хат жазып, өзінің азаматтық пікірін білдіріп, ана тілінің орыс тілінің қалқасында қалып қалмауы үшін керек деген өз ұсынысын ашық білдіреді. Міне, ұлтын сүйген адамның бойындағы МІНЕЗ. Баукең жайлы да аңызға бергісіз әңгімелер көп. Соның бірі ойыма оралып отыр. "Соғыс кезінде орыстың бір офицері қазақ жауынгерге "на право, на лево" деп бұйрық беріп жатады. Орысша түсінбеген дала қазағы қалай бұрыларын білмей шатасып тұрғанда әлгі офицер табанда атып тастайды. Оны көрген Бауыржан Момышұлы орыс офицеріне қазақша бұйырып: "сабанға, шәпке" дегенде не айтып тұрғанын түсінбей қатты сасады. Сонда Баукең де оның шеніне қарамай шүріппені басып қалады. Мен үшін бұл оқиғаның болған-болмағаны маңызды емес, осындай әңгімелер арқылы Бауыржанның қандай болғанын білу маңызды. Әсілі мінез адамның жекебасының мүддесіне ғана арналмауы керек. Әр адам бойындағы мінезін түзеп, сол арқылы ұлтына қызмет еткенде ғана оның адамшылығы арта түспек. Мына қоғамда өмір сүріп жатқан кез келгеніміз үшін керек кезінде болаттай берік, былайғы күнде ұлпадай жұмсақ мінезді болу қажет-ақ. Көп жағдайда мінездің ер адамға қаратып айтылатыны рас. Ендеше сөзімнің соңын ақын Күл-Керім Елеместің мына өлең жолымен аяқтағанды жөн көрдім:

Шегірткенің айғырындай жер теппей,
Еркектерге мінез керек еркектей!

ШЕШЕНДІК ШЫРЛАР

Бекболаттан мен тұсам...

Қаз дауысты Қазыбектің немересі Тілеңді би жанд атқа мінген жастау кезінде әкесі Бекболат биден Жанібекті сұрағанда:
– Әрі шешен, әрі батыр Ер Жанібек ол, – дейді Бекболат.
Ер Жанібек жасы ұлғайған шағында көрейдің жұандарына өкпелеп, әрдегі керейге ауа көшеді. Соны естіп Бекболаттың Тілеңдісі Ер Жанібектің алдынан шығады.
– Ақсақал, кім боласыз? – дейді батырға көш жеңекей кездесіп.
– Мұсылманбыз, – дейді Жанібек.
– Мұсылмандығыңызды мұрт қойғаныңыздан танып тұрмын.
– Қазақпыз.
– Қазақтығыңызды тымақ киісіңізден танып тұрмын. Руыңызды осыншама жасырдыңыз, түбіңіздің бір шикілігі бар-ау, ақсақал?
– Бекболаттан тілі мен жағына сүйенген бір қызыл бет қалмақ тұды деп еді. сен сол боларсың, шамасы?
– Болсақ болармыз, – дейді Тілеңді.
Сонда Ер Жанібек ашуланып, былай деген екен:
Өзіңді елге тұрғанда,
Өзге жерге қонған ит.
Өзі болған кісінің,
Ата тегін қазған ит.
Мен жаралы арыстан,
Жаулассам жай кете алман.
Көкті болған жауыммен,
Кескілеспей біте алман.
Қара бұлтты дауылмын,
Қар боратпай ашылман.
Кезіме кердең кездессе,
Сазайын бермей басылман.
Надандың қорқып қаймығып,
Арыламды қашырман.
Басымнан сөз асырман.
Таңғырақтап сөйлейсің,
Талға жалған қайыңды,
Арда күрең астында.
Ойлатпайды-ау, арыңды.
Бекболаттан мен тусам,
Бердәулеттен сен тусаң,
Қызыл бетті қалмағым,
Көрер едім-ау жайыңды.
Тілеңді атының сеніріп түсе қалып, биdің аяғына тымағын тастап:
– Не өлтіріп кетіңіз, не батағыңызды беріңіз? – деп шылбырына оралады. Жанібек біраз ойланып:
– Кештім, жолың болсын, – деп жүріп кетіпті.

ӨНЕГЕ

Бұл адам кіміз еді?

Құнанбаймен бірге Омбыға айдалып барған Тоқсан биден туысы Торқан деген кісі екі жылдан кейін қашып Құнанбайды паналап, арып-ашып келіпті. Құнанбай Абайды шақырып алып, "мына Торқанды тербелеп, бақ" депті.
Абай "Тәте, бұл адам кімге еді?" – дегенде, Құнанбай:
Қажымас қате баспас хан бола ма,
Таусылмас, табан тайпас жан бола ма.
Бейгеден қосқан сайын кепсе дағы.
Тұлпарда арықтаса сен бола ма? – деп, "бұл кісі қиын жағдайда бірге қинаған жолдасым еді", – депті.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: "Медиахолдинг "Жетісу Ақпарат" акционерлік қоғамы.

Директор-бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50 байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-30-57, уақыт және әлеуметтік мәселелер, зәң және ақпарат бөлімі — 24-36-07, білім және ғылым бөлімі — 24-32-43, фототілшілер –27-41-93, жарнама бөлімі — 24-29-82.
Алматы қаласындағы тілшілер қосымша —279-13-37 (факс), 279-13-86, 279-36-43.
Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшарапда — 2-12-57, Панфилова — 9-12-27, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33.
Газет тәбыс етілмесе — 8 (7282) 24-34-55 телефонымен хабарласу керек.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама берушілер жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М 12345678910
П 12345678910

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілір, беттеледі.

Газет алтасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ.
ТАПСЫРЫС — 1133.
ТАРАЛЫМЫ — 45 456.
ИНДЕКСІ — 65469.

Кезекші редактор: Ғалымұрат ЖҮКЕЛ

ТАПҚЫРЛЫҚ

Үш жауап

Сары би Атақорғаннан жеті шақырым жердегі Темірқазық жағында Сарыкөлдағы құдық басында қонықтап отырған. Осында іздеп келіп, бір топ қария сауал беріпті деседі.
– Би-аға, ел сізді қиынан жол тапқыш, даулы жерде сөз тапқыш деп қадірлеп, құрметтейді. Біз де өзімізді толғандырған көп сауалдың үшеуіне жауап сұрап келдік, – депті қарияның бірі.
– Үшеуіне де жауап берсеңіз данышпанның данышпаны деп елге даңқыңызды жаятын біз боламыз, – депті екіншісі.
Сонда Сары би:
– Сөздеріңізге құлдық, қариялар. Сынай келдік десеңіздерші. Сындарыңызға жарасам, сауалдарыңызды қоя беріңіздер, – деп күлпті.
– Дәсеуелгі сауал, адам неден қорықпауға тиіс? – деп сұрапты бірінші қария.
– Сонда Сары би:
– Адам – пенде, тұмақ бар жерде өлмек те бар. Алланың қарызынан ешкім қашып құтыла алмайды. Солай екенін біле тұра, адам – пенде өлімнен қорықпауға тиіс деп білемін. "Өлімнен үлкен күшті" деген тағы бір сөз бар. Өлімнің өзінен гөрі, одан келмей жатып қорыққан үлкен саналмақ, – деп жауап беріпті.
– Әлі! – депті қариялар. – Жаңа жауған қардан таза дүниеде не бар? Білсеңіз соны айтыңызшы?
– Сонда Сары би:
– Болғаннан болмаған нәрсе қызықты. Білгеннен білмеген тартымды. Көргеннен көрмеген ұнамды. Сондықтан жаңа жауған қардан таза нәрсе бар. Ол – өлі жаумаған қар, – депті.
– Рас, рас. Жөн сөз. – десіпті қарттар.
– Топырақтан жаралған, қам сүт емген пенделміз. Сөйте тұра кейде құдайымызды ұмытып кетіп жатамыз. Аллаға теңдік бермейміз. Адам баласы мен құдайдың теңелер тұсы бар ма? Екі сұрақтан мүдірмедіңіз. Үшінші, соңғы сауал – осы.
Сонда Сары би:
– Дүниеге шыр етіп келген баланың ана өзін туғанмен мінезін тумайды екен. жақсылар. Сондықтан қанша адам болса, сонша мінез бар десек қателеспейміз. Құдайына құлшылық еткендер де, құдайын ұмытқан да өз арамызда жүр. Адамды сынағанда сөзіне, ісіне қарап сынайды. Сөйлеген сөзіне, істеген ісіне қарап бағалайды.
Кейіреудің сөзі көп, ісі жоқ. Біткеннен бітпеген деген үәдесі көп. Пендені Аллаға теңеу – күпірлік. Пенденің басы – Алланың добы. Соларды таразылай келе, өз жұмысын үндемей бітірген ниеті таза пенде құдайдың сүйікті құлы деуге аузым барады, – депті.
Сары бидің жауабына тәнті болған, соңғы сауалы жеңіздеу болған кісілер қонақ болып, тағы бір тәң сұхбаттасып, риза болып тарасқан екен деседі.

БИЛЕР СӨЗІ

Өзімді іздеп жүрмін

Тобықты Өнет баба қартайып, жасы 90-ға келгенде ел дауы, жер дауы, жесір дауына көп араласпай "Кәлән Шәриф", Қожа Ахмет Иассауи, Соны Аллаяр, "Нұрнама" секілді кітаптарды оқып оңаша жатады екен. Қоржын-қоржын кітаптарды ақтарып, кейде көзінің жасы сақалын жуып жылап алады екен, кейде балаша мәз болып күледі екен. Кейде түнгиық ойға батып, орнынан тұрып ешкімге ештене айтпай қыр асып қыдырып кетеді екен.
– Өнет баба, не іздеп жүрсіз, кімді іздеп жүрсіз? – деп сұрапты бірде ауыл сыртында жолығып қалған Қазыбек би.
– Өзімді іздеп жүрмін, шырағым, – деп жауап беріпті Өнет баба.
Жас Қазыбек ештеңені ұға алмай аңтарылып тұрып қалыпты.
– Түсінбегеніңді білім тұрмын. Өзімді іздеп жүрмін дегенімнің мәнісі мынау, шырағым. Адам баласы Алланың әмірімен жарық дүниеге келгенде пәк, адал, таза күйінде келеді. Өсе келе әрнені көреді, әрнені естиді, жақсыға да, жаманға да бой ұрады. Баяғы пәктігін жоғалтады. Жас ұлғайып қым-қуыт, қызыл-жасыл дүниенің қызығы басылған соң баяғы адал күйіне қайта оралады. Мен қазір картайдым. Су жорғаны мініп көрдік, сұлу әйелді құшып көрдік, өзен судай тасып та көрдік, өткел бермес дариядан асып та көрдік – бәрі жалған екен. Енді маған ештеңенің керегі жоқ. Баяғы күнәдан пәк адал жүрегім керек. Өзімді іздеп жүрмін дегенім осы.

ҒИБРАТ

Жеті сұрақтың жауабы

Өнет бабадан Күлтөбеге жиналған ел:
– Баба дүниеде не арсыз, не гайып, не даусыз, не қадірсіз, не төтті, не күшті, не жаман? – деп жеті сұрақ қойыпты.
– Сонда баба жеті сауалға үш-үштен жауап былай деп жауап беріпті:
Үш арсыз бар. Олар мыналар: ұйқы арсыз, тамақ арсыз, күлкі арсыз.
Үш гайып бар. Олар мыналар: әжал гайып, қонақ гайып, несіпе гайып.
Үш даусыз бар. Олар мыналар: мінез даусыз, көрілік даусыз, әжал даусыз.
Үш қадірсіз бар. Олар мыналар: жігіттік қадірсіз, денсаулық қадірсіз, әйел қадірсіз.
"Қадірсіз" дегенде, бұл жерде, Өнет баба, адам баласы жас ұғымында осы үш асыл нәрсенің қадірін білмейді, ес тоқтата келе опынады дегенді айтып отыр.
Үш төтті бар. Олар мыналар: жан төтті, мал төтті, жар төтті.
Үш күшті бар. Олар мыналар: ақыл күшті, жүрек күшті, тіл күшті.
Үш жаман бар. Олар мыналар: нақақ қан төгу, кісі малын нақақ алу, ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу. Міне, бұдан сақ болыңдар, – депті.

ТАҒЫЛЫМ

Ақыл жастан

Боранбайдың алғашқы балғы былай екен. Ол 16 жасар болбала шағында жолаушыдан келе жатып бір ауылдың үстінен шығады. Келсе, ең ел арасында шешімін таппай жатқан жер шекарасына дауласып жатқандарға тап болады. Бір қария:
– Қалқаман батырдың өзіне тартқан бір ақылды баласы бар деуші еді жұрт. Сол сен екенсің ғой. "Ақыл – жастан асып – тастан" демекші. Зәуімен кеп қалған қалыс ағайын екенсің. Осы даудың билған өзің шеш? – депті. Сонда Боранбай:
– Егер екі жақта менің билгіме көнсе, айтып көрейін, – деп, әуелі даугерлердің дәлел сазын тыңдап алады. Тәу елінің адамдарына:
– Сіздің дәлелдің – шындық. Жер шекарасы сіз айтқандай белгіленсін. Ал, сендердің дәлелдеріңіз – жалған. Мыналарға зорлық жасап тұрсыздар, – деп, кесіп айтыпты. Екінші жақ бұған көнбей дауды қайта өршіте береді. Сонда Боранбай өз үйінің жүрген астындағы торы байталдың ер-тоқымын сыпырып, жығып салып төрт аяғын байлайды да:
– Егер менің айтқан билгіме көнбесеңдер, мынау торы байталдың қаны мойнында жүктелсін. Ал, менің билгім әділ болмаса, обал-сауабын өзім көтеремін, – деп, байталдың тамағын пышақпен орып жібереді. Бірын-сонды мұндай билікті көрмеген әлгі дауқос қорыққанынан оның алдына жүгіпті:
– Билігіңе құлдық, жігітім, сіз дұрыс айттыңыз. Менікі шынында қиянат. зорлық еді. Байталдың қанын жуктей көрме кешіре гөр? – деп жалбарыныпты. Боранбай райынан қайтып, осылайша ең ел жанжалын шешіп беріпті. Содан былай қарай Боранбай би аталып, атағы елден-елге таралып кетеді.

ОБЛЫСТЫҚ ФОРУМ

Тіл – татулық тірегі

Қажет АНДАС
"Жетісу"

"Тіл туралы" Заң қабылданып, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін тиімділікті шаралар атқарылуда. Осы тұрғыдан келгенде облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарамасы тіл мерейін өсіретін түрлі шара мен өнеріміздегі талантты жастардың бағын ашатын, елді мекендердің өнері мен өнегесін өсіретін байқаулар ұйымдастырып, жақсы қырынан көрініп келеді. Соның бірі ретінде жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан "Тіл – татулық тірегі" атты облыстық форумды айтуға болады.

Игі шара биылда жалғасын тапты. Тіл сарайында өткен облыстық форумға өнеріміздегі аудан, қалалардан шақырылған 18 –30 жас аралығындағы жастар қатысты. Қатысушылар алдымен облыс орталығындағы "Жастар" спорт кешенін, Достық үйін аралап, кездесулер өткізді. Тіл сарайының фойесіне жайғасқан "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі" тақырыбында ұйымдастырылған көрмені тамашалап, ой бөлісті. Сондай-ақ, облыстық жастар мәселесі басқармасының ұйымдастыруымен өткен "Белсенді жастар – еліміздің болашағы" атты кездесуге қатысып, пікір алмасты.

Форум жұмысы екі кезеңнен тұрады. Тіл сарайының үлкен мәжіліс залында өткен "Тіл - татулық тірегі" атты жастардың мемлекеттік тіл жайлы пайымы бағамдалған алғашқы кезеңді облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың бастығы Тәнірберген ҚАСЫМБЕРКЕБАЕВ кіріспе сөзбен ашып, жүргізіп отырды. Шара барысында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының бас маманы Ләйлім Көмекбаева, Текелі, Қапшағай қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшылары М. Дәуренбаев, Б. Шайкенова сөз сөйлеп, мемлекеттік тілдің қандшалықты деңгейде қолданылып отырғандығын саралады. Жастар да жарыссөзге шығып, мемлекеттік тілді меңгеру елге, жерге деген құрметтен басталатынын тілге тиек етті.

Осыдан кейін Тіл сарайының кіші мәжіліс залында жалғасқан "Өнер алды – қызыл тіл" атты байқауда жастардың мемлекеттік тілді білу деңгейі сараланды. Үміткерлердің шеберлігін облыстық тіл басқармасы тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Гүлбақыт Қасенова бастаған әділқазылар анықтады. Нәтижесінде байқауға қатысқан сайыскерлер арасынан білімі мен біліктілігі жағынан ок бойы озық шыққан Іле ауданынан Ахмет Бабаев, Талдықорған қаласынан Альбина Камалдинова, Қаратал ауданынан Альбина Миронова, Қапшағай қаласынан Ержан Гайвель, Ескелді ауданынан Айым Штауб "Тіл – татулық тірегі" атты республикалық байқауға жолдама алды. Форумды қорытындылаған басқарма бастығы жүлдегерлермен қатар барлық қатысушыларға Алғыс хат пен естелік сыйлықтар табыс етті.

БІЗДЕН ДЕ БІР ТІЛЕК

Ғасырға жуық тарихы бар "Жетісу" газеті облысымыздың ғана емес, қазақ баспасөзіндегі Алаш арыстарының қолтаңбасы қалған, тағылымы терең, мазмұны бай басылым десем артық айтқандық болмас. Аталмыш басылыммен жақын сырлас болып, қалам тарта бастағаныма отыз жылдан асып барады екен. "Арбаған мені бір сықыр" дегендей, жаным спортқа жақын болғандықтан тәуіз дәп төңірегінде тырнақ алды мақалам алғашында жергілікті "Жаркент өңірі" газетінде кейіннен облыстық "Жетісу" газетінде шыққанда менен бақытты адам жоқ, қуанышым кеудеме сыймай жүрді.

ТАЛАБЫМДЫ ҰШТАП, ҚАНАТЫМДЫ ҚАТАЙТТЫ

Оған тағы бір себеп өткен ғасырдың жетпісінші жылдардың аяғында Жаркент өңіріне үлкен футбол келіп, бүгінгі кесіпкой "Жетісу" футбол командасы осы Жаркент жерінде алғаш жасақталып, тұсауы кесіліп, кейіннен облыс орталығына ауысқан болатын. Содан бері газет беттерінде көкейкесті ойларымды жеткізіп, облыс әкім назарына Баланың бағын аша білейік" атты мақаламда осы футбол ойынын Жаркент жерінде қайта түлету жайында ой-өрімді ортаға салдым.
Осылай қоғамдық тілші ретінде талабым ұштала, қанатым қатая түсті. Оң мен солымды танып ойымды ой жалғауда. Осы жылдар ішінде "Жетісу" газетінің тұрақты оқырманы әрі белсенді авторы ретінде танылғаныма қуаныштымын.
Бір сөзбен айтқанда, Газет өзі бір құндақ болса да, оның сөз мың құндақ' елімздің өткені мен бүгіні, шежіресі мен өмір тынысы, даналар әсиеті мен тарихы газет беттерінде сайрап жатыр. Зер салсаң бар керек мағлұматыңды іздеп табасың.
"Жетісу" облыстық газет болғанымен өз тарихында республикалық басылымдармен терезесі тең болып шығып келеді. Оның шежелінен небір қаламының желі бар журналистер жетіліп шықты. Олардың жалынды мақалалары өткен күндердің айқын белгісіндей сарғайған газет беттерінде сайрап жатыр. Бүгінде "Жетісу" газеті облысымыздағы сан алуан ақпараттарды оқырмандарына уақтылы жеткізіп, халықтың көкейіндегі сауалдарына жауап іздейтін, ұлттық болмысымызды қалыптастыруда ізденісті жұмыс жасап отырған үлкен басылым болып келеді. Мұндай бағыттағы мақалалар өз оқырманының намысын оятып, жігерін жанады деп сенаймын. Мәне, сондықтан өзіме сүйікті болған газетіме өбден бауыр басып кеттім, әр санын асыға күтем. Оның тарих еңшісіне өзімнің де қолтаңбам бар екенне мақтанып тұтамын. Жаздық, тәселдік, есейдік. Алаш әғартушысы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай 'Газет - халықтың көзі, құлағы, һем тілі' болғандықтан, халқының сүйіспеншілігіне бөленген "Жетісу" ұжымарысының оқырмандар саны көбейіп өсе берсін деп тілеймін.
Шерхан Мұртаза ағамыздың 'Тілшілердің жеген жантақ – көтергені алтын' дегендей, рухани азығымызды аздырмай, асылымызды жоғалтпайық ағайын. Сондықтан мен өзімді 'Жетісудың шекпенінен шықтым". – деп мақтансам орынды деп ойлаймын. "Жетісудың" арқасында қоғамдық тілші, футбол жаттықтырушысы әрі мүгедек спортшы ретінде көпке танылдым. Қысқасы, балғын футболшы балалардың бағын ашып, олар үшін өмірді арнап, бақытты етуден артық мәртебе жоқ маған.

Сұлтанғазы ҚОҚАБИ,
Панфилов аудандық "Жаркент - Болашақ" балалар футбол клубының жетекшісі.

Сен туған күн,



Балқаш ауданы Желторанғы ауылы Д. Қонаев атындағы орта мектептің мұғалімі **КИРТАЕВ Айдарханды** 60 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз!
Ұмырын еліміздің білім-ғылым жолына арнаған Айдархан көптеген шәкірті түзетумен қатар, отбасы, жора-жолдас, туыс-туғандарының да құрметіне бөленген жан. Ендеше, туған күніңіз құтты болсын дей отырып, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз.

Ойлағыменен ұлт және жас қамын,
Үрпақтарды ұлылыққа бастадың.
Міне, сенің сан биіктен асырған,
Құтты бапсың алтыс деген асқарын.

Мейірімді бала бүлдің бәріне,
Сусындатып мейірбандық нәріне.
Үрпағыңның табысымен шаттанып,
Талай шыңға шығасың сің әлі де.

Ізгіліктен ізгілікті гүл өнер,
Еңбегіңнің ерендігін біледі ел.
Міне, осы ауытқымай қалыппан,
Ортамызда жүзге дейін жүре бер.

ІЗГІ НИЕТПЕН: жұбайы – **Раухан,** балалары – **Жұлдызай, Қырмызай, Жазира, Самал, Қалижан, Алижан,** келіні – **Гүлмира,** жиендері – **Аруай, Айша, Әмина, Айбек, Мақсат, Бейбіт,** немересі – **Маргұлан.**

мерекеңмен!

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ■ № 108 (17808) Сенбі, 21 тамыз, 2013 жыл. ■ e-mail: Jetisu2002@mail.ru www. zhetysu-sml.kz ■ Бағасы келісімді

МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

ЫРЫСЫ МОЛ ІЛЕ

Текелі мен Қапшағайдың өнерін тоғыстырды

Облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВтың бастамасымен жүргізіле басталған үш қаланың мәдениет күндерін өткізу мәселесі облыстық мәслихатқа белгілуде. Өнері мен өнірлері әртүрлі, мұрасы мол үш ауданы екі күннің қабырғасында, өнерін бір арнаға тоғыстырды.

Табиғаты таңдайды тамсандырған Текелі қаласы мен көркіне көз тоймайтын Қапшағай қаласының бір жақсылығы Өтеген батыр кентінің орталығына келіп, барша жұрттың көңілін бір сергітіп тастады. Ән мен күйден шашу шашылып, тыңдармандардың жан-жүйесін босаткан сахна сәнқалқытымдарының да көңілі көтеріңкі. Дәстүрге айналған мәдениет күндерінің басы Өтеген батыр кентінің ортасында орналасқан Ауған соғысы ардагерлеріне қойылған ескерткіштен бастау алады. Үш аймақтың делегаттары жиылып, жас интернационалистердің ерлігіне тағзым жасап, ескерткішке гүл шоқтарын қояды. Мұнан соң аудандық әкімдіктің мәжіліс залында келелі жиынмен жалғасты.

(Соңы. Төмен. Қапшағай қаласының мәдениет күндері жөніндегі алғашқы мақаламызбен танысқан оқырман назарына ұсынылған)

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ АЛМАТЫДАҒЫ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

Тәуәтер тәуелсіздігімізге тәубе дейміз бе. Әйтпесе, тағдырдың небір тарландығын көре жүріп бүгінгі күнге сыйы жеткен Алашымыз өнерсіз тіршілік, жоғалтқанын тауып, жартысын бүгінден, қозғалдай барын бозғырай алар ма еді! Жер жәннаты Жетісудың жұртшылық та рухани жоғарғы деңгейге басымдық көшіріп, өнімділік ортақ жетістіктеріне аз үлесін қосуда. Жыл сонғы жаңарып, жасарып келе жатқан ел мен жердің гүлденгенін көру қанағат комфорт. Мұны әсіресе алқалы басқосуларда, торқалы тойларда, мерекелі кештерде ерекше сезінеді екенсің. Күні кеше ғана ару қала Алматыда өткен Алматы облысының мәдениет күндері осы пікіріміз дәлелдей түскен.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ
"Жетісу"

ДАЛА мен ҚАЛА қайта қауышты

Жалпы, Алматы аттас қала мен облыс ежелден еншісі бөлінбеген өлке десек қателеспейміз. Себебі, Алматы Отанымыздың кешегі астанасы ретінде Жетісудың өркендеуіне үлес қосты десек, қаланың қай жағынан алғанда да Алматы облысымен шектесуі өз ықпалын тигізбей қалған жоқ. Бір-бірімен бірігіп, кірігіп кеткен қала мен облыстың ортақ мақсаты мен мүддесі, тіпе түйістіре шешер мәселелері де аз емес. Қала әкімі Ахметжан Есімов пен облыс әкімі Ансар Мұсаханов жоғары деңгейде жиі ұшырасып, еліміздегі ең үлкен мегаполистің азық-түлік белдеуін қалыптастыру, облысқа инновация мен инвестиция тарту мақсатында қала кәсіпкерлерінің қаржысын салу мәселелері жөнінде нақтылы іс-шаралар қабылдауы осы сөзімізге дәлел бола алады. Осынау игі істерге Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанды өлеуметтік жаңарту: жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында берілген тапсырмаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 шілдедегі №961 қаулысымен бекітілген іс-шаралар жоспарының 50-тармағындағы облыстар арасындағы ақпараттар мен мәдени жетістіктер алмасуды күшейту, өзара облыс, қала алталығын тұрақты түрде өткізу жайлы шешім соны серпін бергені анық. Осы бағдарлама аясында оңтүстік астананың өкілдері, өнер ұжымдары тамыз айының ортасында Жетісудың кіндік қаласы Талдықорғанда болып, мәдениет күндерін бастап жіберген. Енді міне, берекелі күздің басында қарымта қайтарудың орайы келіп отырғандай.

Алматы қаласындағы Алматы облысының мәдениет күндері 19-қыркүйекте Жамбыл атындағы филармонияда тұсауын кесті. Мұнда келген қалалықтар ең алдымен көркемсурет пен халықтың қолданбалы өнер көрмесін тамашалаған. Қазақ халқының сан ғасырлық тарихы бар мәдениетінен және оның түрлері мен жанрларын сипаттайтын экспонаттардан жинақталған туындылармен танысқан жұртшылық шеберлердің жұмысына жоғары баға бергені анық. Өнерлі қолдан шыққан есем бұйымдарға таңдана да тамсана қарағандардың ішінде өзіміз де бар едік. Мысалы, суретші-ұста Қыдырбай Далабаевтың ағаш пен темірді, тері мен желімді пайдалана отырып жасаған шырақ-тұғырлары, мүсіндері адам қиялының шексіз де шетсіз екенін дәлелдей түседі. Ұстаның көздің жауын алатын туындылары, өнердің дамуына оның қосқан үлесі ежелгі шеберлер кәсібінің негізгі элементтерін пайдалана отырып, икемді және керемет табиғи материалдардан классикалық скульптуралық символобраздармен біріктіре білгенінде деп айтуға болады. Сіре, «темірге де тіл бітірген» деген сөз осындай жандарға қаратып айтылса керек.

Көрмедегі екінші бір үлкен экспозиция Қазақстан Суретшілер және дизайнерлер одағының мүшесі Үсен Сейдалиевке тиесілі. Алматыдағы көркемсурет училищесі оқу орнында кескіндеме және сәулет өнерін меңгерген ол өр туындысына ұлттық мазмұн беруді әсте естен шығармайтынға ұқсайды. Көрмеге негізінен ер қаруы – бес қару: найза, қылыш, шоқпар, айбалта, қалқан, садақ сынды қарулар мен ежелгі қазақтың тұрмысына қатысты дүниелер қамтылғанымен шебер қолындағы планшетінен өзге де туындыларын көрсетіп, кең мағлұмат бере алды. Сол арқылы көрермендер «Торда тұрған жебе», «Жеті ата», «Шежіре», «Киелі қара шаңырақ», «Өмір дің» деген композициялармен танысып, шебердің өнеріне шынайы баға беріп жатты.

"Суретші де жаратушы төрізді, – деп жазған еді бір өнер зерттеушісі. – Өйткені ол өзінше өмір жаратады ғой. Мұндай адамдар үшін туындыларды дүниеге келтіру мен өмір сүру – бір нәрсе. Олар жаңа туындыны дүниеге келтіргенде керемет рахат сезіме бөленеді. Өздері өмірдің мәні осылар деп біледі». Көрменің тағы бір экспозициясы, ұста Дәркембай Шоқпаров атындағы өнер мұражайының экспонаттарына қарай отырып, бұл ғажайып көрмеге келіспеске амалың қалмайды. Әке жолын өмірлік мұрат еткен Дәулет Дәркембайұлы мұражай-шеберханаңың бұйымдарын көрмеге қойыпты. Мұнда қызмет ететін 7 азамат осы мұражайдың күнделікті тіршілігіне араласуымен қатар қолдары қалт еткенде ұсталық құралдарды қолдарына алып, жаңа ләззат сыйлайтын бұйымдар жасаумен айналысады.


– Бізге елмаздың көптеген мұражайынан, жекелеген адамдардан тапсырыстар келіп келеді, – дейді Дәулет Шоқпаров. – Көбіне ұлттық-мыздың ежелгі өміріне қатысты тұрмыстық бұйымдар, қару-жарақ, ат әбзелдерін жасайміз. Әйелдердің ашекей бұйымдарына деген сұраныс та көп.

Жамбыл ауданынан келген қолөнер шебері Нұргүл Дәлелханқызының «Нұргүл қолөнері» атты ұжымы жасаған киім үлгілері де көз тартады. Таза қой жүні мен терге бағалы тастарды қоса отырып жасаған аяқ киімі, қол сәмкелер – сеңкіл қыз-келіншектерге таптырмайтын дүние. Бұл ұжымда Нұргүлдің өзі және жұбайымен қоса сегіз қыз еңбек етеді. Шеберхана өнімдері әсіресе киім үлгілерін көрсететін әтелелерге, сахнаға шығатын әртістерге қажетті көрінеді. Бұл да ұмытыла бастаған ұлттық өнермізді жаңғыртатын қажетті шаруа деп ұқтық.

Көрменің бір қанатын фотосурет галереясы алып тұр. Мұнда «Ізашар – 2004» , «Компьютерлік фото», «Жануарлар», «Портрет» фотобайқауларының жеңімпазы, көптеген жеке көрмелері ұйымдастырылған Жеңіс Ысқабай мен «Жетісудың» фототілшісі Жұмабай Мұсабековатың туындылары қойылған. Қазақы салт-дәстүр, ұлттық спорт айдары: көкпар мен қыз қуу, аударыспақ, Жетісудың жүректі ұлы өткізер сұлу жерлері көз алдыңда көлбеңдеп тұра қалады. Осыны көргенде, табиғаттан асқан шебер жоқ деген тамсілге амалсыз иланасың.

Жамбыл ауданынан келген қолөнер шебері Нұргүл Дәлелханқызының «Нұргүл қолөнері» атты ұжымы жасаған киім үлгілері де көз тартады. Таза қой жүні мен терге бағалы тастарды қоса отырып жасаған аяқ киімі, қол сәмкелер – сеңкіл қыз-келіншектерге таптырмайтын дүние. Бұл ұжымда Нұргүлдің өзі және жұбайымен қоса сегіз қыз еңбек етеді. Шеберхана өнімдері әсіресе киім үлгілерін көрсететін әтелелерге, сахнаға шығатын әртістерге қажетті көрінеді. Бұл да ұмытыла бастаған ұлттық өнермізді жаңғыртатын қажетті шаруа деп ұқтық.

Көрменің бір қанатын фотосурет галереясы алып тұр. Мұнда «Ізашар – 2004» , «Компьютерлік фото», «Жануарлар», «Портрет» фотобайқауларының жеңімпазы, көптеген жеке көрмелері ұйымдастырылған Жеңіс Ысқабай мен «Жетісудың» фототілшісі Жұмабай Мұсабековатың туындылары қойылған. Қазақы салт-дәстүр, ұлттық спорт айдары: көкпар мен қыз қуу, аударыспақ, Жетісудың жүректі ұлы өткізер сұлу жерлері көз алдында көлбеңдеп тұра қалады. Осыны көргенде, табиғаттан асқан шебер жоқ деген тамсілге амалсыз иланасың.



Мәслихат барысында журналистер өздерін мазалаған сұрақтарды көлденең тартып, оған өкім орынбасарлары, облыстық мәдениет басқармасының бастығы Рахмет Есдәулетов жан-жақты жауап берді.

Кешкұрым мерекелік шара Алматы облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның концертіне ұласқан. Оның ашылу салтанатында Зәуреш Жұманалқызы мен Серік Мейірханұлы құттықтау сөз сөйлеп, концертті тамашалауға келген жұртшылықты мәдениет күндерінің ашылуымен құттықтады. С.Мұқанов өз сөзінде бір кездері Өзбекәлі Жәнібеков сынды ұлт жанашырының тікелей арасуымен құрылған Сүйінбай атындағы филармонияның тарихымен қысқаша таныстырып өтті. Облыс орталығы Талдықорған қаласына ауысқанда мұнда 11 ғана өнерпаз қалған екен. Алайда, облыс басшыларының қамқорлығының арқасында «Алтынай» би ансамблі, «Адырна» мен «Сазген» сияқты ұжымдар қайта қалпына келтіріліп, бүгіндері филармония мүшелері 300-ден асқан. Сөзінің соңында Серік Мейірханұлы өнерсүйер қауымды ен мен бидің салтанатынан рухани ләззат алып қайтуларына тілектестігін білдірді.

«Жетісу – жұмақ мекенім» – тақырыбын өзек еткен концертте биыл 100 жылдық мерейтойын атап өткен данқты жерлес композиторымыз Мұқан Төлебаевтың шығармаларын осы аттас ұлт-аспаптар оркестрі орындаса, халықаралық байқаулардың жеңімпазы Ольга Лукашева, ҚР еңбек сіңірген әртісі Үлжан Айнақұлова, Мәдениет қайраткері Есенгелді Рза, ҚР еңбек сіңірген әртістері Қанат, Айтқүл Құдайбергенөватер, «Қобыз сарыны» фольклорлық-этнографиялық ансамбль Мәдениет қайраткерлері Оралбай және Аян Мұхамадиевтер, Ерболат Жандыбеков, Әлия Әбікенова, Гүлбану Лахаева мен Асылбек Тойлыбаевтар шын мәнінде ән шашуын шашты. Бұл жерде дирижерлер Ерлан Дәуренбеков, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор Әли Алпысбаевтың тамаша өнерлеріне ерекше тоқталып өткен жөн.

Осылайша Алматы облысының мәдениет күні середен сәтті аттады. Ал, оның мәреге қалай жеткенін *газетіміздің келесі санынан оқып біле аласыздар.*

22 ҚЫРКҮЙЕК – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ТІЛДЕРІ КҮНІ

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ



Мемлекеттік тілді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік функциясын нығайту, қоғамды біріктіруші рөлін насихаттау, мемлекеттік тілді оқытудың сапасы мен деңгейін көтеру, азаматтардың ынтымақтастық бастамасына қолдау көрсету, бұқаралық ақпарат құралдарында және мемлекеттік тілді дамытудың мәселелеріне назар аудару керек», – деп атап көрсетілген.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Осыған орай, әр сала өкілдері мемлекеттік тілдің көкжиегін кеңейту жолында жұмыс істеуде. Сол қатарда республика аумағындағы 500-ден астам әр ұлт пен ұлыс өкілі қызмет атқаратын Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрлігі, құрылыс, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» республикалық мемлекеттік кәсіпорны да жұрт сүйсінер жаңалығымен ел назарын аударып келеді. Аталған кәсіпорынның мұрындық болуымда 2011 жылдан бері Қазақстан халқы тілдері күні аясында «Тілге құрмет – елге құрмет» атты республикалық фестиваль ұйымдастырылып, мемлекеттік тілдің беделін арттырып отыр.

Астанадан басталған игі шара биыл Қала күні қарсаңында Талдықорған төрінде жалғасты. Мұның да өзіндік себебі бар. Аталған фестивальдің шарты бойынша – әр жылы өткен шарада жеңімпаз атанған өнір аталмыш фестивальдің эстафетасын қабылдап, келесі шараны өз өңірінде өткізуге мүмкіндік алады. Өткен жылы Өскемен қаласындағы тартысты бәсекеле облыс намысын қорғаған «Мемсараптамада» Талдықорған аймақтық филиалының өнерпаздары бас жүлдені қанжығасына байлап қайтқан-тұғын. Сол жеңістің нәтижесімен Жетісу жерінде жалғасқан биылғы шараға еліміздің әр өңірінен келген 17 команда қатысып, өнерлерін ортаға салды.

Жылдағы дәстүр бойынша Мемлекеттік Гимнмен басталған салтанатты фестивальді **облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық БАТАЛОВ** құттықтау сөзбен ашты:

– Құрметті фестивальге қатысушы қонақтар! Сіздерді бүгінгі салтанатты шараның ашылуымен құттықтаймын. Жетісу жеріне қош келдіңіздер!

Әрине, Жетісу өлкесі сөз өнерінің сүлейлері Сүйінбай мен Жамбылдың, Ескенді мен Қабланның, Ілияс пен Мұқағалидың туған мекені. Сондықтан мұндай шараның тілдің қадір-қасиетін айқын ұғынатын біздің өңірде өтуі аса құптарлық жайт. Елімізде мемлекеттік тіл мәртебесі Ата Заңымызбен бекітілгенін, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев тілді дамыту ісіне жоғары талап қойып, Үкімет арнайы бағдарлама қабылдады. Соның негізінде мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп, ол елді біріктіретін басты факторға айналды. Бүгінде елімізде «Үш тұлғалы тіл» саясаты жүзеге асырылып келеді. Демек, еліміздегі әр азамат қазақ, орыс, ағылшын тілін білуі уақыт талабы. Дегенмен, Елбасымыз: «Қазақ тілі үш тілдің бірі болып қалмайды, қайта үш тілдің біріншісі, басшысы, маңыздысы бола береді», – деп атап көрсетуі қазақ тілінің қоғамдағы орнын айқындап берді.

(Соңы 2-бетте)

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ VI СПАРТАКИАДАСЫ

ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН ДОДА

Салауатты өмір салтын ұстану барлық азаматтарға ортақ қағида. Халыққа қызмет көрсету секілді ұлы қызметті атқарып жүрген мемлекеттік қызметкерлердің арасында да спортты жанына серік еткен жандар жетерлік. Осы орайда, облыс орталығы Талдықорған қаласында облыстық мемлекеттік қызметкерлердің VI спартакиадасы жалауын көтерді. Үш күн бойы жалғасқан басекелі қорыста мемлекеттік қызметшілер спорттың жеті түрі бойынша өзара мықтыларын анықтайтын болады.

Мұратхан ТҰРАР
"Жетісу"

Өткізілуі игі дәстүрге айналып отырған шараның ашылу салтанатына келген қонақтар арасында облыс әкімінің бірінші орынбасары **Амандық Баталов**, облыс әкімінің орынбасары **Серікжан Бескемпіров**, Талдықорған қаласының әкімі **Ермек Алпысов** пен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы **Мұхит Тұрсынбаев** болды. Ардақты да жауапты қызметті атқарып жүрген азаматтардың дүбірлі додасында құттықтау сөзін алған облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов, өткізіліп отырған осынау шараның маңыздылығына тоқталып, жарысқа қатысушылардың барлығына сәттілік тіледі. Спартакиадаға өңіріміздің 19 ауданы мен қалалары және құқық қорғау саласының қызметкерлерінен



жасақталған ұжымдар қатыспақ. Жоғарыда айтып өткеніміздей сайыс бағдарламасында спорттың жеті түрі қамтылған. Атап айтар болсақ, өңіріміздің мемлекеттік қызметкерлері дода барысында шағын футбол, волейбол, стритбол сынды командалық және үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, бильярд секілді жеке спорт түрлері бойынша сынға түседі. Ал спартакиада кезінде шеберлігімен көзге түскен мемлекеттік қызметкерлер іріктеліп, республикалық деңгейдегі жарыстарға қатысатын болады.

Сонымен қатар, жарыстың тұсаукесері ретінде шағын футболдан облыс құрама командасы мен Талдықорған командалары арасында жолдастық кездесу өткізілді. Тартысты өткен ойын барысында футболшылар шеберлігімен көзге түсіп, кездесу 2:2 есебімен тең аяқталды.

КАЗАХСТАН 2050

Аудан тынысымен танысты

Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының мемлекеттік инспекторы Ж. Ахметов Алакөл ауданына іссапармен келді. Мемлекеттік инспектордың іссапарының мақсаты – «Қазақстан – 2050» Стратегиялық жоспарының жүзеге асу барысы, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы динамикасы көп жағдайында демографиялық жағдайы, туризмнің дамуы, шекарадағы «Достық» кентінің инфрақұрылымы, әлеуметтік дамуына көз жеткізу.

Астанадан келген қонақ алдымен Қабанбай өніріндегі «Тау самалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне атбасын бұрды. Заманауи техникалармен жарақтандырылған мал фермасымен, ондағы сүт кешенінің жұмысымен танысты. Мемлекеттік инспектор мұнан соң Үшарал қаласында салынған спорт кешенінде, күрделі жөндеуден өткізілген «Сымбат» стадионында, күрделі жөндеуі жақында ғана аяқталған аудандық Мәдениет үйінде болды. Мәдениет үйінің фойесіне қойылған фотоматериалдар мен экспонаттар, өнеркәсіп кәсіпорындары мен агроөнеркәсіп саласындағы жетістіктеріне көз тігіп, мәдениет, білім, денсаулық салаларындағы жаңалықтармен танысты. Осы жерде қонаққа аудан тынысы жөнінде мол мағлұматтар берілді. Шағын кәсіпкерлік жетістіктері мен инновациялық жобалармен танысты.

Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының мемлекеттік инспекторы Ж. Ахметов күштік органдар басшыларымен кездесіп, келелі кеңес өткізді. Мұнан соң жұртшылықты қабылдап, өтініш-тілектерін тыңдады.

Инспектор қабылдауында болған азаматтар жеке басының жайын күйттемей, Үшарал – Достық жолын жөндеуге, Көктұма ауылының жанында көл жағалауын бекіту, шалғайдағы Арқарлы, Жанама ауылдарына су құбырын тарту, халықты таза ауызсумен қамтамасыз етуге көмектесу туралы келелі істерді көлденеп тартты.

Президент Аппаратының өкілі Акши ауылында болып, «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы бойынша биыл іске қосылған 180 орынды мектепте болып, көл жағасындағы демалыс аймағының инфрақұрылымымен танысты.

Мұнан соң инспектор шекарадағы «Достық» стансысында болып, келендегі жергілікті аурухана мен мектептің, теміржол бойындағы кәсіпорындардың жұмысымен танысып, жұмысшылармен жүздесті.

С. ХАСЕНОВ.
АЛАКӨЛ АУДАНЫ.

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Тіл – халықтың жаны. Тіліміз бар болса, салт-дәстүріміз бай, тарихымыз түгел, мәдениет пен өміріміз де өркендейді. Сондықтан да, облысымызда мемлекеттік тіл мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Республикада тұңғыш рет Тіл сарайы – облыс орталығы Талдықорған қаласында бой көтерді. Облысымыздың әр өңірінде тіл оқыту орталығы жұмыс істеп, барлығы да соңғы үлгідегі материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Онда мемлекеттік, бюджеттік қызметкерлер қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеруде. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту барша қазақстандықтардың, әсіресе, мемлекеттік қызметкерлердің міндеті. Елімізде тұратын этностардың тілін сақтай отырып, мемлекеттік тілді қоғамның әр саласында дамытуға бәріміз күш салуымыз керек. Осы ретте, «Мемсараптама» республикалық кәсіпорны ұйымдастырған тіл фестивалінің жұмысына сәттілік тілеймін. Жалпы, бүгінгі шараға қатысушылардың бәрін жеңімпаз деп санаймын. Өйткені, тілге құрмет көрсету, оны білудің өзі мемлекеттік сананттың жеңісі болатындығы даусыз, – деді ол.

Келесі кезекте сөз кезегін алған Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі, құрылыс, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы істері комитеті төрағасының орынбасары Ғалымжан Әбдірайымов мемлекеттік тіл төңірегіндегі ойымен бөлісіп, бүгінгі шараның маңыздылығына тоқталды:



– Туған жер туралы нақыл сөздерде адамға екі нәрсе жақын дейді екен. Бірі – тіл, енді бірі – білім. Тіл – әр халықтың кешегі жүрген жолы, бүгінгі жалғасқан ғұмырдың белгісін ертеңге апарар мұддесін бейнелеуші. Қысқасы, бар тарихының күзгері, деректі көзі. Қазақ тілі талай сынан сүрінбей өтіп, дүниедегі ең бай, бейнелі, таза, өткір, терең, күшті тіл ретінде талайды таңдандырып келеді.

«Сүйемін туған тілді, анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ
берген білім.
Шыр етіп жерге түскен
мен ұлыға,
Құлағыма сіңірген таныс үнім»,

– деп Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай, сол ана тіліміздің деген құрметімізді осы шара барысында көрсетеміз. Бүгінгі фестивальдің маңыздылығы да, ең басты ұлағаты да осы болмақ, – деді ол.

Осындай ұлағатты ой арқалаған шараның жұртқа берері де мол болды. Өйткені, осыдан бір жыл бұрын жеребе тарту тәсілі арқылы әр командаңың ұсынатын нөмірі мен көрсететін ұлттардың салт-дәстүрі айқындалғандықтан, олар жыл бойы тілдерді жаттап, өн үйренді, ұлттық билерлі билеп, сөчи сай кестемдер тікті. Қысқасы, сайысқа тыңғылықты дайындалды. «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында өлең оқу, «Қазақстан халқының ән-билерінен өнер көрсету», «Халықтар достығы вальсін билеу» сияқты үш тур бойынша сынға түскен әр команда төрт құбылаcы сай өнер көрсеткендіктен, бәсекс барысында бірінен-бірі асып түсті. Тіпті, «Мен саралтама» республикалық мемлекеттік кәсіпорны директорының орынбасары Төлентай Қожахметов, облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Төлеубек Қасымберкебаев, облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Әмірс Әрін бастаған әділқазылардың шағын жүйрігін анықтауы қиынға соқты. Десе де, әр шараның өз жеңімпазы болады. Нәтижесінде, «Үздік мәнерлеп оқу», «Халық әнін үздік орындау», «Үздік концерттік костюм», «Үздік биші» номинациялары бойынша жақсы өнер көрсеткен жеңімпаздар «Мемсараптама» РМК-нің, облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының, Қазақстан халқы Ассамблеясының, Тіл комитетінің грамота, мақтау қағаздарымен марапатталды. Командалық есепте барлық сынған сүрінбей өткен, өнерімен дараланған «Мемсараптама» РМК Атырау облыстық филиалы фестиваль эстафетасын еншілеп, келесі жылғы шараны өткізуге мүмкіндік алды.

Жетісу жеріне келіп, өнерімен елді елең еткізген өзге өңірдің өнерпаздары жерлестерімізбің қонақжайлылығына тәнті болып, ел тәуелсіздігі мен Елбасының салиқалы саясатының арқасында атқарылып жатқан игілікті істің тағы бір нәтижесіне қанығып, ертеңгі күнге жетістік пен жеміс тілеп аттанды.

АУҚЫМДЫ ЖИЫН

Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың жылда осы уақытта «Тіл айлығын» өткізу жөніндегі дәстүрі биыл да жалғасын тауып, «Тіл – барлық білімнің кілті» атты фестиваль Алакөл ауданында өтті. Облыстық деңгейде өткізілген бұл шараға аудан жақсы өзірлікпен келді.

Жалғасын тапқан жақсы іс

Тіл фестивалінің беташары Үшарал қаласындағы «Ерке Нұр» балалар бақшасында өтті. Мұнда дәстүрімізге сай жаңа туған балаға балаға ат қою, бесікке бөлеу сынды рәсімдер өткізіліп, ұлттық нақышымызды айғақтады.

Тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысы Төнірберген Қасымберкебаев бастаған конақтар Абай атындағы орта мектептегі ақық ақын С. Иманасовтың мұражайымен танысты. Аудандық Мәдениет үйінде өткен фестивальдің ресми бөлімінде аудан әкімі Ә. Жақанбаев мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға бағытталған ортақ істе алакөлдіктердің қосқан сүбелі үлесі жайлы сөз қозғады. Баяндамасын аяқтаған аудан басшысы тілдерді дамыту жөніндегі іс-шараларға белсене қатысып жүрген азаматтарға ақімшілік атынан сый-сияпат ұсынды.

Келесі кезекте сөз алған облыстық тілдерді басқару басқармасының басшысы Т. Қасымберкебаев облыс көлемінде атқарылып жатқан игі шараларға қысқаша тоқтала келе, тіл белсенділерін марапаттады. Сондай-ақ, шара барысында зейнеткер Ү. Дүйсебаева ана тіліміздің абыройын арттырып, алдыңғы қатарға шығару жөніндегі ойын ортаға салса, Үшарал қаласындағы № 1 орта мектептің 8-сынып оқушысы, басқа ұлт өкілдері арасында қазақ тілін оқу жөніндегі аудандық конкурстың жеңімпазы Диана Еркина қазақ тіліне деген құрметін мемлекеттік тілде жеткізді.

Тіл фестивалі аудан көркемөнерпаздарының концертіне ұласты.

С. ХАСЕНОВ.
АЛАКӨЛ АУДАНЫ.

Бейсенбіде Тіл сарайының кіші мәжіліс залында облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысы Төнірберген Қасымберкебаевтың торағалығымен аудандық, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту жөніндегі бөлім басшылары, мемлекеттік мекемелердегі жауапты мамандар және тіл оқыту орталықтарының директорлары бас қосқан ауқымды жиын өтті.

Ғалымұрат ЖҮКЕЛ
"Жетісу"

Шараның күн тәртібіне жалғыз мәселе – «Алматы облысының Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі 2011 – 2013 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы» №183 өкімнің қауысының орындалу барысы шығарылып, бұл жөнінде облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың бөлім басшысы Гүлбақыт Қасенова баяндама жасады. Бүгінде заң жүзінде мәртебесі анықталып, мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде дамудың дәңгыл жолына түскен қазақ тілінің қатайтуда облысымызда бірқатар шара қолға алынып, өз жемісін беруде. Мемлекеттік тілдің қолданыс аукымы артып, қазақ тілін меңгеруге құлшыныс танытқан жандардың саны күн сайын артуда. Дегенмен, бұл істе барлығы дерлік тақтайдай тегіс деп айтуға келмейді. Бұл туралы баяндамашы өз сөзінде нақты мысалдарды алға тартып, мемлекеттік тілге немқұрайдылық танытқан мекемелердің атын атап шықты. Облысымызда іс-қағаз толтыру қазақ тілінде көшірілгенмен кейбір мекемелерде ескіні тонын тартқан азаматтардың кесірінен мемлекеттік тіл кеңселеп қалатын кездеріне қынжылатындығын айтқан Гүлбақыт Тоқтанқызы мәселені алдын алу үшін кешенді шара қолға алынғандығын жеткізді.

Баяндамадан кейін жарыссөзге шыққан, Қаратал аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жекен Тебериков пен оның ақсулық әріптесі Айна Елубаева өңірлерде атқарылған іске тоқталып, баяндамада айтылған кейбір пікірлерге үңілісті. Үйғыр аудандық мемлекеттік тілді оқыту орталығының директоры Әсел Баяхметова мемлекеттік тілмен қатар Елбасы тапсырмасына сай шет тіл, оның ішінде ағылшын тілін оқытуда ілгерілеушілік байқалатындығын мақтанышпен атап өтіп, тәжірибесімен бөлісті. Ал, бұл іс қағаздары 100 пайыз мемлекеттік тілде толтырылған облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының өкімшілік бөлімінің бас маманы Гүлжан Жексембаева мекеме басшысының бастамасымен қазақ тілінің төрге шығуы қамтамасыз етілгендігін айтып, алдағы уақытта да бұл басқарманың басым міндеті болып қала беретіндігіне ерекше назар аударды.

Шараны қорытқан Төнірберген Қасымберкенұлы баяндамада айтылған кемшіліктерден сабақ алып, келешекте бұған жол бермеу керектігін аудан және басқарма атынан келген өкілдерге ескерту жасады. Жиынның кейін үзілісте бөлім басшылары мен жауапты мамандар, қатысушылардың түрлі сұрақтарына «Өңірлердегі ономастикалық атауларды реттеу» тақырыбында семинар-кеңесін өткізіп, Қорытындысында семинар-кеңесін Үкімет қаулысымен бекітілген ономастикалық комиссия мүшелерінің құрамын жаңартуға қатысты Үкімет тарапынан қолға алынған жұмыс жайлы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің нормативтік-лингвистикалық жұмыстар басқармасының басшысы Еркебұлан Жамансариев баяндама жасады.

Отырлау саясаты барысында Қазақстанның көптеген жер-су атауларын өзгертілген барлығымызға мәлім. Азаттықтың ақ таңы атқан түста осы жайтты ескеріп, елді мекендерге тарихи атауын қайтару һәм көшелерге елге еңбегі сіңген қоғам не мәдениет қайраткерлерінің есімі берілің, бұрынғы атаулар ауыстырылды. Алайда, кейбір түлғалар өз құзырын жеке мүддесіне пайдаланып көше не елді мекен атауын ағайынтуыстарының атымен атап, бір ауыл не қалада бірнеше көше бір адамның атымен аталатын кездер жиі кездесіні белгілі. Бұл мәселені зерттеген үкіметтік комиссия мәселе осы процесті реттейтін заңнаманың кемшілігінен, деген ұйғарымға келуіне байланысты Үкімет тарапынан осыдан бес жыл бұрын ономастикалық атауларды өзгертуге мараторий жарияланған болатын. Арада бес жыл салып, заңдардың жетілдірілуіне байланысты бұл мараторий жақында алынды. Енді кезекте Кеңес одағынан мұрага қалған атауларды өзгерту, жаңа түскен жолдарға атау беру науқаны қайтадан жанданбақ. Бұл орайда, алдыңғы бейберекетсіздік орын алмау үшін заңнамадағы өзгерістер жайында сөз еткен сарапшы мәселені егжей-тегжей баяндап, заңның ұтымды тұстарын алға тартты. Мәселен облыстық маңызы бар атауларды енді кезде Үлттық ономастикалық комиссияның келісімсіз ғана өзгертуге рұқсат етілсе, аудандық маңызы бар атауларды ауыстыру үшін тиісінше облыстық комиссияның үйғарымы қажет. Бұл өз кезегінде кейбір мәселен алдын-алып, жөнге келтірмек. Сонымен қатар, атауларды өзгерту барысында қоғамдық пікір де маңызды рол атқармақ. Бүгінде тиісті заңдарға өзгерс енгізілгенмен ілесіп нормативтік-құқықтық актілер Үкімет қарауына ұсынылған. Еркебұлан Жамансариевтың сөзіне сүйенсек, көрнекі ақпараттардағы кейбір келеңсіз жайттарды алдын алуға бағытталған өзгерістер де жоғары емес. Ол жергілікті атқарушы органдарға жүктеу-лерді енгізіліп, жауапкершілік жүктелгендігін жеткізді. Мәселен, көрнекі ақпараттағы кейбір қателік үшін жауапты тұлғаға бірнеше рет ескерту берілсе, екінші жолы қомақты айыппұл салынбақ. Айыппұл келемі жеке тұлғаларға 10 айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) құрсса, тиісінше шаған және орта бизнес нысандарына 20 АЕК, ірі кәсіпорындарға 50 АЕК-ке жетпек. Сонымен қатар, республика бойынша көше атауларының әфшасы бірізденлірү көзделуде. Бұл мәселе де үкімет қарауына берілің, эскиз ұсынылған. Сөз соңында Еркебұлан Жамансариев көше не елді мекенге адам атауы тек, қоғам, мәдениет қайраткері не халықаралық деңгейдегі ұлттық ауқымдағы тұлғалардың есімдері берілетіндігін жеткізді.

Ауыл әкімдерінің халқына жақын болатын нағыз кезі енді туғандай. Елбасы бастамасымен мемлекет оларға ауылды сенің тапсырып, құзырын кеңейтіп отыр. Ауыл дегеніміз қазақтың алтын бесігі екендігін ескерсек, бұл сенімнің жүгі ең тарихында бұрын-соңды болмаған салмақты, жауапкершілігі одан да зор. Ендеше, сайланған ауыл әкімдері атқа мініп, ел мен жер үшін аянбай адал қызмет етуге бел шешіп кіріссе керек. Кіріспе үшін жаңа заңнамамен қарулануы, не істемек керектігін білсе керек. Семинардың мақсаты да сол еді.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.



Маңызды құжат қолдауға ие

«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы облыстық филиалының конференциясына делегаттар сайланды.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ. Райымбек аудандық партия филиалының кезектен тыс XI конференциясына бастауыш партия ұйымдарынан сайланған 143 делегат қатысты. Аудандық партия филиалының ең үлкен келелі басқосуына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Әлихан Тойбаев, облыстық мәслихаттың хатшысы Ермек Келемсейт, облыс әкімінің кеңесшісі Талғат Өмірзаев қатысты.

Конференцияда Райымбек ауданының әкімі, «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалының төрағасы Қыдырәлі Медеуов «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жүзеге асыру аясында «Нұр Отан» ХДП-ның жаңа міндеттері туралы» баяндама жасады. Атқарылған істерді, алда тұрған мақсат-мұраттарын әңгімеледі. «Нұр Отан» ХДП-ның саяси доктринасы туралы аудандық филиал төрағасының орынбасары Самат Сатыпғанов хабарлама жасады.

Конференцияда Ө. Жаңабаев атындағы орта мектептің директоры, саяси кеңес мүшесі Сәуле Кенетаева, Қарқара ауылының әкімі, саяси кеңес мүшесі Кеңес Қабылбеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Совет Оразаев, «Жас Отан» жастар қанатының кеңесшісі Нұрым Сапымқан сөз сөйлеп, партияның саяси доктринасын қолдап, қуаттайтындықтарын білдірді.

Осынау басқосуда ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ә. Тойбаев сөз алып, еліміздің ішкі және сыртқы ахуалы, экономикамыз туралы, алда тұрған басты міндеттер туралы айтып өтіп, бұрынғыдан жақсы таныс аудан халқына жаңа табыстар тіледі. Конференция тиісті қаулылар қабылдады. Облыстық партия конференциясына делегаттар құрамы ұсынылды.

ТАЛҒАР АУДАНЫ. Алтынның ортасында Талғар қаласындағы М. Бейсебаев атындағы агробизнес және менеджмент колледжінде ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрі Нұрлан Қаппаровтың, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, облыстық мәслихаттың депутаты Ерғазы Қошанбековтың және аталған партияға мүше депутаттардың қатысуымен «Нұр Отан» ХДП Талғар аудандық филиалының кезектен тыс XIV конференциясы өтті.

Конференцияның күн тәртібінде аудан әкімі, «Нұр Отан» ХДП Талғар аудандық филиалының төрайымы Райхан Садықова Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауынан туындайтын «Нұр Отан – Нұрлы болашақ жолында!» – атты партия доктринасының міндеттері туралы кең ауқымды баяндама жасады. – Бүгін біз барлық жоспарларымыз бен міндеттерімізді елді 2050 жылға дейін дамытудың Стратегиялық қағидаларымен сәйкестеуміз қажет. Бұл біздің басты даму жолымыз және болашақтағы жетістіктеріміздің кепілі. Біз еліміздің ғана емес, сонымен қатар партиямызды да жаңғыртып, жаңарту Стратегиясын іске асыру үшін бар күш-жігерімізді сарпуымыз қажет. Сондықтан бүгінгі таңда партия алдында барлық партиялық құрылымдарды, ең алдымен, басқауыш партия ұйымдарының жұмысын сапалы жаңа деңгейге көтеру міндеті тұр, – деп атап өтті өз баяндамасында аудан басшысы. Бұдан ері Елбасы Жолдауының мән-маңызын тарқатып өткен баяндамашы сөзінің соңын

– «Қазақстан – 2050» Стратегиясын табысты жүзеге асыруға қызмет ететін, партияның рөлі мен орнын анықтайтын саяси доктринаның құндылығы өте жоғары. Сол себепті де, «Нұр Отан» партиясының жаңа доктринасы «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жүзеге асырудың саяси тұжырымдамасына айналуы тиіс, – деп қорытындылады. Сондай-ақ, конференция жұмысында «Нұр Отан» ХДП Талғар аудандық филиалының бірінші орынбасары Аскат Байзақовтың аталған доктринаның басты міндеттерін арқау еткен баяндамасы тыңдалған соң жарыссөзге кезек берілді. Онда Нұра ауылдық Мәдениет үйінің директоры, аудандық мәслихаттың депутаты Ә. Бәзілхан, №17 орта мектептің директоры Н. Тифонциди және конференция жұмысына Астанадан арнайы ат арытып келген ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрі Н. Қаппаров мырза мәнбеге көтерілп. Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», – атты Жолдауынан туындаған жаңа доктринаның саяси маңыздылығы мен құндылығын тілге тиек ете келіп, айқындалған міндеттер мен тапсырмаларды жүзеге асыруда білімнің көкжиегін кеңейтіп, жұмыпа еңбек ету қажеттігімен өз ойларын тұжырымдады.

Конференция жұмысын аудан әкімі Р. Садықова қорытындылады.

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ. Жуырда Ұзынағаш ауылындағы аудандық мәдениет үйінде «Нұр Отан» ХДП Жамбыл аудандық филиалының кезектен тыс XIII конференциясында Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Ардақ Жолтаевтың «Қазақстан–2050» Стратегиясын жүзеге асыру аясында «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясының жаңа міндеттері туралы» баяндамасы тыңдалып, мұнда мазмұнды даярлық негізі мақсаттар мен бағыттар партияның алдағы жұмысында басшылыққа алынатын болып, арнайы қаулы қабылданды.

Келелі жиында «Нұр Отан» ХДП Жамбыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Балтабек Досмұхамбет «Нұр Отан» Нұрлы болашақ жолында!» атты партияның саяси доктринасы туралы баяндама жасады.

Бұдан кейін Алматы облыстық ардагерлер Кеңесінің төрағасы, партияның облыстық филиалы саяси кеңесінің мүшесі Ардақ Сыдық мырза мазмұны бай тұжырымды ойларын ортаға салды.

Конференцияда «Нұр Отан» халықтық Демократиялық партиясы Алматы облыстық филиалының XIII конференциясына сайланатын делегаттардың тізімі анықталып, 22 адамның аты-жөні жеке-жеке аталды.

ӨЗ ТІЛШІЛЕРІМІЗ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ ІС

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫ ДАМЫТУ

Мемлекет басшысының «Қазақстан – 2050» Стратегиясына сәйкес, елімізде мемлекеттік қызметті реформалау ісі жалғасуда. Үстіміздегі жылдың 26 наурызынан бастап «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның күшіне енуімен қоғамда мемлекеттік қызметті реформалаудың заман талабына сай жаңа кезеңі басталды. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін

Серік САТЫБАЛДИЕВ,
«Жетісу»

Заң жүзінде ауыл әкімдерінің өкілеттілігі кеңейтілді, қосымша штаттық бірліктер берілді, қаржы қорын құруға мүмкіндік алды. Енді жерде ауыл әкімдері көп мәселелерді жоғарғы жаққа сілтемей, ешкімге жалтақтамай, жергілікті қоғамдасқан түрде дербес шешуге қақарлы. Алайда, ол үшін жаңа заңнаманы қолдануды білу қажет. Осыған орай, жұмрда облыс әкімдігінің жауапты лауазымды тұлғалары Қаскелең қаласында Қарасай, Жамбыл, Еңбекшіқазақ, Талғар, Іле аудандарының ауылдық округ әкімдерінің басын қосып, өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі заңнамаға енгізілген өзгерістерді түсіндіруге арналған топтық семинар өткізді.

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында болған семинар жұмысын облыс әкімі аппаратының бас инспекторы Жомарт Болымбеков жүргізіп, өз сөзінде Президент саясатының басты басымдылығы – ел мүддесі, халық игілігі екендігін, Елбасының тапсырмасы бойынша жүргізіліп отырлықсыздыру нәтижесінде облыс аумағындағы ауылдық округтерге қосымша өкілеттіліктер мен 647 штат бірлігінің бөлінгенін, бұл сайланған қалалық, кенттік, ауылдық округтердің 259 әкімдеріне үлкен мүмкіндіктермен қатар зор жауапкершілік жүктеп отырғанын, олай болса сайлаудан сүрінбей өткен әкімдер халықтың сенімін ақтау үшін жаңаша жұмыс істеу керектігін, білмегенін сұрап білу, үйрену қажеттігін алға тартты.

Ауыл әкімдерінің алдында сөз алған Мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару институтының профессоры Михаил Лукьяненконың дәрісі тыңдаушысына әсерлі жеткізілді. «Басқару» мен «өзін-өзі басқару» заңдық терминдерінің мағыналық айырмашылығын қарапайым мысалмен түсіндірген ол, даму заңдылығына сәйкес қоғамның да бір орында тұрып қалмай алға жылжуы, өсіп-өркендеуі уақыт ағымына сай заңды да жетілдіруге түрткі болатыны, осыған орай бұған дейін заңда өзін-өзі басқару туралы айтылғанда негізінен мәслихатқа көбінен орын берілін келсе, енді нормативтік-құқықтық база кабылдануы арқылы ауыл әкімдерінің мүмкіндіктері айтарлықтай күшейтілгені, алайда жана істің бірден күткендегідей нәтиже беруі онай еместігі, ол үшін оқу, білім, тәжірибе жинақтау қажет етілетіні жайында түсінікті әңгімеледі.

Келесі кезекте коммуналдық меншікті ауыл әкімдерінің басқаруына өткізудің тәртібі туралы облыстық қаржы басқармасының бөлім бастығы Эльмира Сарыбаева тәптіштей түсіндіріп, ауыл әкімдерінің бұл мәселеде заңдылықты сақтауы аса маңызды екендігіне айырықша тоқталды. Сондай-ақ семинарда сөз алған облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бөлім бастығы Алма Қаракүшкова мүліктерді ауыл әкімдерінің теңгеріміне қабылдап алудың, бюджеттік қаражатты пайдаланудың жөн-жосығы жайлы, облыстық ішкі саясат басқармасының бөлім бастығы Жандос Сұлтанбеков сотта медиацияның жұмысын жандандыру туралы, облыс әкімі аппаратының бас инспекторы Бауыржан Оспанов Заңға енгізілген өзгерістерге орай алдағы уақытта ауыл әкімдері бұған дейінгі шешімдері мен өкімдеріне қоса тағы қандай нормативті-құқықтық кесімдерді дербес қабылдауға құқылы екендігі, енді мемлекеттік сатып алулар өткізетіні, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстағы аумақтық департаментінің бөлім бастығы Ержан Сәбитов мемлекеттік қызмет туралы заңнамадағы кадр жөніндегі толықтыруларды түсіндірді. Қарасай аудандық ІІБ әкімшілік полиция бөлімінің бастығы Қалибек Егінбаев ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде ұсақ құқықбұзушылықтар үшін көзделген жазаларды қолдану тәжірибесімен бөлісті, Қарасай аудандық әділет басқармасының бас маманы Дархан Бекетов заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы шығын сөйледі.

Семинар соңында Қарасай ауданы әкімінің орынбасары Жанат Исағұлов ауыл әкімдерінің білімін арттыруға септескен семинар өткізгені үшін қонақтарға алғыс білдірді.

Ауыл әкімдерінің халқына жақын болатын нағыз кезі енді туғандай. Елбасы бастамасымен мемлекет оларға ауылды сенің тапсырып, құзырын кеңейтіп отыр. Ауыл дегеніміз қазақтың алтын бесігі екендігін ескерсек, бұл сенімнің жүгі ең тарихында бұрын-соңды болмаған салмақты, жауапкершілігі одан да зор. Ендеше, сайланған ауыл әкімдері атқа мініп ел мен жер үшін аянбай адал қызмет етуге бел шешіп кіріссе керек. Кіріспе үшін жаңа заңнамамен қарулануы, не істемек керектігін білсе керек. Семинардың мақсаты да сол еді.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

ХАЛЫҚ ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

Қазақстан тарихы кафедрасы



Ірге тасы 1991 жылы қаланған І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті гуманитарлық факультетінің тарих кафедрасы қаншама түлек түлеткенімен, білімгерлерді жалпы тарих тұрғысынан оқытып келді де, қазақ тарихына қатысты арнайы оқу бағдарламасы болмаған еді. Міне, енді, аталмыш кафедра атауын Қазақстан тарихы кафедрасы деп өзгертті. Өрине, басында біз де: «Тек атауы ғана өзгеріп, оқу үрдісі сол бағыдай сақталатын шығар», – деп топшылағанбыз. Алайда, аталған университетте өткен баспасөз конференциясында ойымыздағы көп күдіктен арылғандай болдық. Университет білімгерлері мен магистранттар, болашақ ғылым докторлары бас қосқан жиналысты гуманитарлық факультеттің деканы Амангелді Толамисов жүргізіп, алғашқы сөз кезегін экономика ғылымдарының докторы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыстар, инновациялық технология және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Мансұр Қантереевқа берді.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

– Бәрімізге мәлім, 5-маусымда ҚР Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің төрағалығымен ҚР ұлттық тарихының зерделеу жөніндегі ведомстволаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысының жиналысы өтті. Тәуелсіз Қазақстанның тарихында осындай жоғары мемлекеттік деңгейде – тарихшыларды, басқа да гуманитарлық саласының іргі ғалымдарын жинап, ғылыми-теориялық тұрғыдан тарих ғылымының XXI ғасырдағы ролін, даму парадигмаларын талқылау, ой-пікірлермен балысу – бұл алғаш рет өтіп отыр деп айтсам, қателеспеймін. Осы отырыста Мемлекеттік хатшы тарихшыларды тек тарихымызды толық зерттеу үшін тізе қоса жұмыс жасауға шақырды. Марат Тәжиннің айтуынша, жаһандану дәуірінде жұтылып кетпес үшін ең алдымен өткенін көзге сала білген абзал. Өйткені, тарихқа арқа сүйемесе болашақ бұлдыр. Сондай-ақ, мылтықсыз майдан күн сайын жүріп жатқан қазіргі күнде тарихи жадымыз сақтап қалу – жалпы өзіңді-өзің сақтап қалудың жалғыз жолы. Ол үшін қазақ тарихының көкжиегін кеңейту арқылы қазақтардың Еуразия дамуындағы байырғы халықтардың бірі екенін және кейінгі жырма жылдағы тәуелсіздік тарихын толық пайымдау қажет. Осы отырыстан кейін еліміздегі тарихшыларға, ізденушілерге, тарихшы мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарына үлкен мәндет жүктелді. Айта өтейік, өзірге тарихшыларды толғандыратын бір мәселе бар көрінеді. Ол елімізде антропология ғылымының кеңінен қалып қойғаны. Себебі қазір бірде бір жоғары оқу орнында осы мамандыққа баулитын жер жоқ көрінеді. Сондықтан, Мемлекеттік хатшы осы олқылықтардың орнын толтыру үшін барлық білім ошақтарындағы тарих факультеттерін дамыту керектігін айтты. Бұл қатарда біздің оқу орнымыз да бар. Сондықтан біз жиырма жылдан астам жұмыс жасаған кафедраның атауын Қазақстан тарихы кафедрасына өзгертіп, білімгерлерге ұлттық тарихты жаңғыртудың жолдарын үйретіп, игілікті іске өз тарапымыздан үлес қосуды мақсат еттік, – деді ол.

Расында, қазір мемлекетаз қалыптасқан белесінде біз өз тарихымыздың осы заманғы ғылымның биігінен пайымдауға және ұлттық тарихтың белеңбейтін бейнесін қалыптастыруға тиістіз. Ол үшін біздің тарихымыз түгас толқын ретінде қарастырылуы керек. Несін жасырайық, бір кездері жоғары оқу орындарында, әсіресе, техникалық бағытта білім беретін оқу орындарында «Қазақстан тарихы кафедрасын керексіз», – деп қарап, кейіннен жабылған болатын. Алайда, бүгінгі күннің талабы сол қателіктің орнын толтыруға жүк салды. Тәуелсіздік жылдары Елбасының қамқорлығымен тарихи сананы қалыптастыру, «Мәдени мұра», «Ғылым қалын» сияқты мемлекеттік бағдарламалар қабылданды, қаржылар шешілді. Мұрағат беттері ашылып, тарих беттері толығуда. Талай қазақстандық ғалым шетелдерде іс-тәжірибеден өтуге мүмкіндік алды. Десе де, ұлттық тарихтың түпкілікті мәні ашылып, ұлттық сананы жаңғырту ісі түбегейлі шешімін тапты деудең аулақпыз. Сондықтан білімгерлер мен жас ізденушілерге жағдай жасалған жоқ. Осы тұрғыдағы сұрақтарға жауап берген Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Ерлан Бұланов жаңа ұжымның алдағы уақытта атқаратын жұмыс жоспарын ортаға салды. Сол қатарда қазан айында ғылыми-практикалық конференция ұйымдастыру, қаралы айында шығатын «ЖМУ хабаршысы» журналында қазақстан тарихына қатысты материалдар топтамасын беру, арнайы телебағдарламалар дайындау сияқты көкейтесті жұмыстар қамтылған. Бұл мидеттерді атқаруға кафедра оқытушыларының да әлеуетінің жететіні байқалық. Болумызше, осыған дейін бірқатар оқытушы мен магистрант шетелдің озық жоғары оқу орындарында іс-тәжірибеден өтіп, біліктілігін арттырып келген. Тарих мамандығын оқитын білімгерлер жыл сайын өндірдегі тарихи орындарға практикалық зерттеу жұмысын жүргізіп отыратыны тағы бар. Оның нәтижесі тұстарын тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Назгүл Байғабатова айтып берді. Ал Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Бағдәулет Бердібаев жаңа құрылған кафедрада Қазақстанның тәуелсіздіктен кейінгі жылдардағы жеткен жетістігі мен атқарылған бастамалары жайлы да арнаулы бағдарламалар жасалып, сабақ берілетнін жеткізді.

Қысқасы, жаңа ұжым жарқын бастамаларымен ұлттық тарихты түгендеудегі ақтандақтарды толықтырады деген сөз. Оның нәтижесі де байқала бастады. Биыл тарих мамандығына бөлінген грант саны артумен қатар, осы мамандыққа түсем деуші үміткерлердің де саны көбейген. Асқақ арман, үлкен сеніммен ие жаңа толқын көмескіде де қалған тарихи шындықты қайта қаузап, ел үмітінен шығады деген ойдамыз.

ЕҢБЕК ТҮБІ – ЗЕЙНЕТ

Жетісу
WWW.Zhetysu-gazeti. kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

БӘРЕКЕЛДІ!

Мерейі асты



Тәуелсіздік күні қарсаңында бірнеше поэзиялық және прозалық кітаптардың авторы, филология ғылымдарының магистрі, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР спортына еңбегі сіңген қызметкер, Алматы облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы, ақын Әміре ӘРІНГЕ Көксу ауданы мәслихатының шешімімен «Көксу ауданының Құрметті азаматы» атағы төсбелгісімен берілді.

Жиында бұған дейін «Қаратал ауданының Құрметті азаматы» атағымен марапатталған Әміре Әріннің бар саналы ғұмырын арнап келе жатқан шығармашылық өрісі, руханият кеңістігі мен мемлекеттік қызметтегі салмақты да сындарлы еңбегі ерекше аталып өтілді.

БӘРЕКЕЛДІ!

Әріптес жетістігі

Биылғы Тәуелсіздік мерекесі облысымыз үшін мерейлі әрі мәртебелі болды. Облыс басшысы Амандық Баталов бастаған бір топ жетісулықтар Елбасы Жарлығымен мемлекеттік наградаларға ие болды.



Солардың арасында біздің әріптесіміз, елімізге есімі белгілі журналист, қоғам қайраткері, облыстық «Огни Алатау» газетінің директор-бас редакторы **Атсалим ИДИГОВ** те бар. Журналистігімен жұртты мойындатып, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі ретінде ел бірлігіне үлес қосуымен жұртқа үлгі болған Атсалим Саламұлын кеудесіне қонақтаған кезекті марапат – «Құрмет» орденімен құттықтай отырып, шығармашылық табыстар тілейміз.

«ЖЕТІСУЛЫҚТАР».

ҚАРЖЫ САЛАСЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ



Халық алдындағы зор жауапкершілігі мен мерейлі міндетін шынайы сезінетін азаматтың адамгершілік өлшемі – адал қызмет қана. Ел өзегін жарып шыққан төл перзентін қашанда ардақ тұтады. Өз өлкесінің гүлденуіне елеулі үлес қосып, туған жерінің даму даңғылында дамыл таппайтын ердің ертеңі жарқын. Елбасының Жарлығымен қазынаның сергек сақшысы Нүсіп ҚҰДАЙБЕРДИЕВТІҢ қаржы саласындағы қажырлы еңбегі еленіп, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Ер мерейін үстем еткен медальді облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ табыс етті.

Қуаныш ТҰНҒАТАР
"Жетісу"

Сонау 2005 жылдан Алматы облысының қаржылық бақылау саласында жетекшілік қызметтерді атқарып келе жатқан Нүсіп Қасымжанұлы – балалық шағынан сүйіп таңдаған мамандығының білгірі. Ол алғашында облыстық қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу басқармасы бастығының орынбасары, одан кейін облыс бойынша қаржылық бақылау инспекциясы бастығының орынбасары лауазымдарын абыроймен атқарды. Соңғы бес жылдан бері осы инспекцияның басшысы.

Білікті басшының қаржы, оның ішінде қаржылық бақылау саласындағы сындарлы еңбегі, ұтымды ұйымдастырушылығы ескерусіз қалған жоқ. Отыз жыл бойы қажырлы еңбекпен қаржы саласында тер төккен Нүсіп Құдайбердиев әр кезде ел мерейіне бөленіп келеді. Алғаш Кеңестер одағында орталық комитеттің марапатына іліксе, кейін ҚР Тәуелсіздігінің 5 жылдығына орай Үкіметтің және ҚР Қаржы министрлігінің Құрмет грамоталарымен, ҚР Тәуелсіздігінің жиырма жылдығы медалін алды. Үшінші дәрежелі «Қаржы сақшысы», «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгілерін кеудесіне тақты.

– Қаржы саласында табан аудармай еңбек етіп келе жатқаныма табаны күректей отыз жылдан асыпты. Сырт көзге біздің жұмыс еленбейді. Тіпті, өзімізге де байқала бермейді. Бірақ бақылау жұмысы өте үлкен жауапкершілік жүктейді. Бюджеттің қаражаты әрқашан біздің мекеменің байыпты бақылауында тұрады. Айта кетерлігі – екі жыл бұрын 40 миллиард теңге түсірдік. Бұл басқа облыстардың бюджетке түсірген бүкіл қаржысымен тең. Ойлап қараңыз, әрбір тиын, әрбір ұсақ-түйек біздің жіті назарымызда. Биыл тоғыз айдың ішінде ғана 25 миллиард теңге түсіріп отырмыз. Бұл біздің ұжымның қажырлы еңбегінің жемісі деп білемін. Мемлекет өркендеуіне, ел болашағына еңбек етсем, ең басты бақытым осы. Елбасының Жарлығымен отыз жылдық қажырлы еңбегім еленіп жатса, халқымның ортасында амандықта жүре берсем, мен үшін ең мерейлі сәт осы, – дейді облыстық қаржылық бақылау инспекциясының басшысы Нүсіп Құдайбердиев.

Иә, Алатау қойнауындағы қазақтың қаймағы бұзылмаған ауылда туып, мектептен кейінгі өмірін ару Алматымен, асқақ Астанамен байланыстырған, мақсатқа жету жолында сан түрлі кедергілерді салмақтылықпен еңсеріп, бүгінде биік белестерді бағындырған қаржыгер іскер азаматтардың көшін бастап тұрғандай. Ол ата-ананың ақ тілегін ақтап, артындағы інікарындастарына үлкен өмірдегі асуларды қалай бағындырудың даңғыл жолын салып берді.

Қазынаның сергек сақшысы Нүсіп Құдайбердиев Тәуелсіздіктің жиырма үшінші белесінде тағы бір мерейге ие болды. Бұл жолы мемлекет басшысының Жарлығымен қажырлы қаржыгер «Ерен еңбегі үшін» медалін кеудесіне қадады. Отыз жылдық орасан еңбегі еленген қазынаның қырағы сақшысы ел мен Елбасының сенімін ақтауға әрқашан даяр. Мемлекет өркендеуіне қосқан үлесін абыройлы міндетім деп біледі.

Еліміздің басты мерекесі – Тәуелсіздік күні қарсаңында Қазақстанның дамуына зор үлес қосқан қоғам қайраткерлері Елбасының қолынан марапат алды. Олардың қатарында жетісулық Сәуле ӘБІШЕВА да бар.

СӘУЛЕНІҢ СӘУЛЕЛІ ШАҒЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынуымен жерлесіміз Сәуле Нұрқасымқызы Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденін иеленді. Ол 1995 жылдан бері Ш. Уәлихановтың «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды музейінің директоры қызметін атқарып келеді. Еңбек жолы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік қиындықтар кезеңіне тұспа-тұс келсе де ол мұражай жұмысын бір сәтке тоқтатпай, бар жиған-тергенін сақтап, қорын молайтты. Сондай-ақ, оның басшылығымен мұражай ұжымы Ш. Уәлихановтың 180 жылдық мерейтойын лайықты түрде атап өтуге зор үлес қосты.

Ұзақ жылдар бойғы тынымсыз еңбегінің арқасында Сәуле Нұрқасымқызы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 10 жыл толу мерейтойына орай Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылдың 4 ақпанындағы Жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен, Алматы облысы мәдениетінің дамуына қосқан елеулі үлесі мен музей саласындағы ұзақ жылғы жемісті және абыройлы еңбегі үшін, Алматы облыстық мәслихатының «Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал бұл жолғы марапаттың орны тіптен ерекше. Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденін халықтар достығының символына айналған ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығын зерттеуге, жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттауға қосқан үлесі үшін Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынып отыр.

Сәуле Нұрқасымқызының, ол басқарған ұжымның зор еңбегі еленгені облыс жұртшылығы үшін үлкен қуаныш. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» деген аталы сөз осындайдан қалса керек. Біз де, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, Сәуле Әбішеваны көзайым қуанышымен құттықтаймыз.

Ғабит ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ,
облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі.

ҚҰРМЕТТІ АТАҚ БЕРІЛДІ

Талдықорған қаласының әкімі Ермек АЛПЫСОВ шаһардың дамуына елеулі үлес қосқан азаматтарды марапаттап, еңбегіне жоғары баға берді. Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен салтанатты шараға үкіметтік емес ұйымдар, мәслихат депутаттары мен әлеуметтік саланың өзге өкілдері жиылды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатын тілге тиек етіп, береке-бірліктің берік қамалына айналған Қазақстанның дамуы, халықаралық қауымдастықтағы беделін атап өтіп, ортақ іске үн қосқан талдықорғандықтардың ерен еңбегіне ерекше ден қойған қала басшысы Ел Тәуелсіздігін нығайтып, тұғырын бекітуге атсалысқан азаматтардың еңбегі елеусіз қалмайтындығын қадай айтып, ардагер журналист Тұрсын Әбдуалиев пен облыстық кардиологиялық орталығының директоры, мәслихат депутаты Рахымберді Сұлтанбековке Талдықорған қаласының Құрметті азаматы атағын тапсырып, қошемет көрсетті. Сонымен бірге өскелең ұрпақты тәрбиелеуге сүбелі үлес қосқан Айнашкүл Ингебаева мен Клара Ташеновалардың кеудесіне «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» және «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгілерін тақты. Сондай-ақ, мерекеге орай, шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі, адал еңбегі және жоғары кәсіби біліктілігі үшін бірқатар азаматтарға Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын табыстады.

Салтанатты жиын талдықорғандық өнерпаздардың мерекелік концертіне ұласты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ЭКСПО-2017

Ел жүрегі – АСТАНА

Астана – алаш елі мен оның бүгінгі әлеуетінің айнасы. Бас қала мәртебесіне ие болғанына көп уақыт бола қоймағанымен де, арқа төсіндегі арман шаһар бүгінде мемлекет дамуының айқын көрсеткішіне айналып үлгерді. Осыған орай, бағаналы да басты ордамыздың халықаралық беделін арттыруға үлкен көңіл бөлініп, қыруар қаржы жұмсалуда.

Елорданың, сол арқылы күллі қазақ мемлекетінің күш-қуатын әлемге танытуды көздейтін «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесіне байланысты қазірде көптеген шара қолға алынып отыр. Астана ажарын айшықтайтын сондай жобаның бірі – «Ел жүрегі – Астана» туристік бағдары. Аталмыш жаңа туристік маршрут 5 мыңға жуық адамды қамтымақ. Қала қонақтары осы бағдар бағдарламасының ішіндегі «Сити-турды» пайдалана алады. Маршрут турының құны 10 АҚШ доллары шамасында болады деп жоспарлануда. Ұйымдастырушылардың айтуынша, «ЭКСПО» көрмесі дүниежүзі туристік қауымдастығы мен өзге де көптеген елдің Қазақстан туралы көзқарасын түбегейлі өзгертеді. Сол сияқты, халықаралық көрмеге дайындық барысында іске асырылып жатқан түрлі жобаның отандық туризмнің дамуына үлкен серпін беретіні де анық. «ЭКСПО – 2017» көрмесі аясында шетелдік қонақтар мен мыңдаған туристің көзінің жауын алатындай бірегей ғимараттар салынбақ. Сонымен қатар, елімізде жүзеге асырылып отырған «жасыл экономиканың» жетістіктерін паш ететін эко-қалашық салу жоспарлануда.

Байқау қорытындысы шығарылды

Ерке Есілдің жағалауына орын тепкен Елордасы Астананың ажары күн санап артуда. Шетелдік туристер Сарыарқа төсіндегі әсем шаһарға көз тастап, егемендікпен бірге еңсесін тіктеген елдің әлеуетін де бағамдайтындай. Осыған орай, бүгінде Алаштың бас қаласының халықаралық, туристік тұрғыдағы тартымдылығын арттыруға үлкен күш жұмсалуда. Осы мақсатта «Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясы «Елордадағы үздік туристік маршрут» байқауын ұйымдастырған болатын. Жуырда аталмыш байқаудың жеңімпаздары анықталып, үздіктер марапатталды.

Айтулы конкурсқа жалпы саны 19 жоба қатысыпты. Ал үздіктерді анықтау ҚР Инвестициялар және даму министрлігі, Қазақстан туристік ассоциациясының өкілдері мен туризм саласының білікті мамандарына жүктелген еді. Сөйтіп, байқаудың нәтижесінде «Саят» туристік фирмасы, «Complete Service» халықаралық туристік компаниясы мен «Круиз» туристік агенттігінің бағы жанды. Үздіктер қатарынан көрінгендерге арнайы сертификаттар мен сыйлықтар табыс етілді. Сондай-ақ, ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесіне орай бірнеше арнайы туристік бағыттың дайындалғандығы белгілі. Соның бірі «Түнгі Астананың оттары» туристік маршруты. Жаңа туристік бағыт 3 – 5 мың адамды қамтуға қауқарлы. Ол Астанаға алғаш аяқ басқан туристердің ең көп қызығатын жері – Есілдің жағалауынан бастау алады. Ерке өзенді тамашалаған қала қонақтары маршрут бойынша осыдан кейін Астананың сол жағалауына бет алмақ. Сонымен қатар, саяхат барысында туристерге кешкі ас беру жағы да қарастырылыпты. Жазғы және қысқы түрлері әзірленген аталмыш бағыттың құны 34 мың теңгеден басталады.

Мұрат МҰҚАШҰЛЫ.

ОНОМАСТИКА

Бірқатар ұсыныс қаралды

Тіл сарайында облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев және облыстық тіл басқармасының басшысы Әміре Әріннің қатысуымен «Тіл туралы» Заңның сақталуын бақылау және облыстық ономастикалық комиссиясының отырысы өтті. Отырыстың күн тәртібінде екі мәселе қаралды.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Алдымен облыстық білім саласын бақылау департаменті білім саласын сырттай бағалау бөлімінің басшысы Гүлмира Әжікенова мен Алматы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті ұйымдастыру-қадр жұмысы және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Мәруа Нұрышеваның аталған бөлімдердегі ҚР «Тіл туралы» Заңының сақталуы туралы және Қаратал ауданы әкімінің орынбасары Күлпаш Байтаеваның аталған аудандағы ономастика саласында атқарылған жұмыстар туралы баяндамасы тыңдалды. Сондай-ақ, комиссия мүшелері Қаратал ауданының Қаңбақты ауылдық округінің атауын «Байшегір баба ауылдық округі» деп өзгерту жайлы түскен өтінішті қарады. Енді бұл ұсыныс мемлекеттік ономастика комиссиясының қарауына ұсынылады. Сөтін салса ізгілікті іс тұрғындардың игілігіне асады деген ойдамыз. Отырыс барысында мемлекет меншігіндегі объектілер мен аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдың, ауылдық округтің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгертуге байланысты ұсыныстар қаралып, оны комиссия мүшелері бір ауыздан мақұлдады.

Соңында ономостика комиссиясы 2015 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітті.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 141 (18273)

Сенбі, 24 желтоқсан, 2016 жыл.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

БЕСКӨЛДЕГІ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЗАУЫТ

алакөлдік дикандардың табысын тасытады

Алматы облысында «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына – 25 кәсіпорын» республикалық акциясы аясында отандық өндіріс орындарын ашу ісі іскерлікпен жүзеге асырылуда. Соның бірі ретінде алыстағы Алакөл ауданындағы Бескөл теміржол бекетінде өз жұмысын бастаған «Алакөл – Нан» ЖШС майлы дақылдарды қайта өңдеу зауытын айтуға болады. Соңғы жылдары майбұршақ пен күнбағыс сынды майлы дақылдарды өсіруге ден қойған алакөлдіктердің қуанышын бөлісуге Алматы облысының әкімі Амандық БАТАЛОВ, облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров, жаңа кәсіпорын қарайтын «ZHERSU» инвестициялық-өнеркәсіптік корпорациясы бақылаушылар кеңесінің төрағасы Бауыржан Оспанов, Алакөл ауданының әкімі Әлібек Жақанбаев және тағы басқа да ресми тұлғалар арнайы ат басын бұрды.

Дәл қазіргі кезде Алматы облысында еліміздегі майбұршақтың 95 пайызы өсіріледі. Осынау мақтан тұтарлық көрсеткішке шекаралы аймақта қоныстанған алакөлдіктер де өзіндік үлкен үлесін қосуда. Алакөлдіктер «МаЖиКо – 2020» инвестициялық кластерлік бағдарламасы ауқымында майлы дақылдарды өсіріп-өңдеудің экономикалық тұрғыда аса тиімді екенін дәлелдеген: олар сояны өсіру – оны тереңдете қайта өңдеу – соя майы мен жомын сату сынды кластерлік тізбені табыстылықпен құра білді. Мұны Алакөлге арнайы жұмыс сапарымен келген облыс басшысының да өз сөзінде айрықша атап өткенін айта кеткеннің артықтығы болмас.

Алакөлдік егіншілердің майбұршаққа қызығушылығына аудан аумағында суармалы жер көлемінің 35 мың гектарға жуықтайтыны, тарамдалған магистралдық және шаруашылықаралық суару каналдары желісінің әлі күнге сақталып қалғаны ықпал етіп отырғаны анық. Сонымен бірге сынақтан өткен технология мен жер қыртысын сапалы өңдейтін және күзгі орақты дер кезінде атқаруға арналған техникалар кешенінің жасақталуы да дикандардың ынтасын арттырды. Ең бастысы – биыл майбұршақтың бір тоннасының сатып алу бағасының 140 мың теңгеге жеткені де соя орналастырылған алқаптар көлемінің барынша кеңейе түсуіне жол ашты.

Алакөлдегі майбұршақ өсіру осыдан он бес жыл бұрын «Нүсіпов және К» ЖШС-нің 50 гектарға соя себуімен сынақ ретінде басталған еді. Содан бергі кезеңде жыл сайын артып отырған соялы алқаптардың көлемі былтыр 20 мың гектарға жетсе, биыл 23 мың 682 гектарды құрапты. Қазіргі кезде аудандағы жекелеген шаруашылықтардың кейбірінің өзі 500 гектарға майбұршақ өсіріп, жинайды. Өткен жылы шаруалар 20 мың гектардан 46 мың тонна бұршақ алса, биылғы жылдың жайлы болуының арқасында түсім көлемі 62 мың 933 тоннаға жетті. Орташа есеппен әр гектардан 23 центнерден өнім алыныпты.

Бұрнағы жылдары жиналған өнімді өткізуде біршама қиындықтар туындайтын. Майбұршақтың жергілікті жерде өңделмей, солтүстіктегі облыстарға жөнелтілуі дикандардың қалтасына қосымша салмақ салатын. Биыл майлы дақылдарды өткізуде ешқандай қиындық та, кедергі де жоқ. «Алакөл – Нан», «ЭФКО» және «Агример – Авто» сынды жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер жиналған өнімді қабылдауға дайын. Ал жаңадан ашылған зауыт дақылды алысқа арбаламай-ақ Бескөл стансысында тереңдете қайта өңдеуден өткізеді. Осылайша, 450 миллион теңгеге тұрғызылған кәсіпорын 32 адамды жұмыспен қамтып қана қоймай, майбұршақ өсірушілердің өнім өткізудегі проблемасын шешті және жергілікті бюджетке қомақты қаржы түсіреді.

Өнеркәсіптік кәсіпорынның ашылуына арнайы келген Алматы облысының әкімі зауыттың іске қосылуын көруге жиналған жергілікті жұртты жыл соңындағы жағымды жаңалықпен құттықтап, облыстың биылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының бұрнағы жылдардан өзгеше болғанын, мұны жетісулықтардың Тәуелсіздіктің 25 жылдығына жасаған тартуы ретінде қабылдағанның жөн екендігіне тоқталды.

– Барлығы еліміздегі береке мен бірліктің және сол игіліктердің ұйытқысы болып отырған Елбасының ерен еңбегінің арқасы. Мені облыс әкімі етіп тағайындағанда Мемлекет басшысы өндірісті дамытуды, жеріміздің байлығын еліміздің игілігіне айналдыруды тапсырған болатын. Сол жолғы жүздесуден соң облысымызды өркендетудің нақты жоспарлары мен бағыттары жасалды. Соның бастысы – әр ауданның өзіндік ерекшелігін ескере, жергілікті жердегі жұртшылықты жұмыспен қамтамасыз ете отырып, үлкенді-кішілі кәсіпорындар ашу еді. Осы бағытта атқарылған жұмыстардың жемісі баршылық.

Өздеріңіз куә болып отырғандай, ел құлағын елеңдететін жақсы жаңалықтар сіздердің ауданды да айналып өткен жоқ. Соңғы жылдары аймақта үлкен істер атқарылды. Енді, міне, жергілікті шаруалардың қолын ұзартып, еңбегінің жемісін тезірек көруіне жағдай жасайтын үлкен зауыттың тұсауын кесіп отырмыз.

Осыдан біраз бұрын ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин мен бірге Қытайға жасаған жұмыс сапарында көрші елдегілердің біздің облыста өсірілетін майлы дақылдарды шикізат түрінде де, қайта өңделген күйінде де сатып алуға дайын екенін біліп қайтқан едім. Сол жолы Панфилов ауданындағы «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығындағы «Құрғақ порт» аумағында дәнді дақылдарды қабылдап, тазалап, кептіріп, сататын кәсіпорынның қазығын қаққанбыз. Сіздерде бүгін ашылып отырған майлы дақылдарды тереңдете өңдеуден өткізетін зауыт облыстағы осы бағыттағы бесінші кәсіпорын, – деген облыс басшысы келер жылы Үшарал мен Достықтың арасын жалғастыратын, Талдықорғанды Өскеменмен табыстыратын трассалардың қайта төселетінін, азаматтық әуежайдың пайдалануға берілініп, жаз айларында Алакөлдің шипалы суына шомылуға асығатын қазақстандықтар мен шетелдіктердің Үшараларға дейін жетуі барынша жеңілдейтінін жайып салды. Сондай-ақ, кейінгі жылдары көктұмалықтардың мазасын алып жүрген мәселе – көл жағалауын бекіту жұмысының да жаңа жылда қолға алынатынын жеткізді. Ислам даму банкінен қарастырылатын миллиардтаған қаражаттың магистралдық және шаруашылықаралық каналдарды қайта құрылымдауға мүмкіндік беретінін, соның арқасында облыстағы майды дақылдар егістіктерінің аумағы барынша арттырылып, суармалы жердің әр гектарынан алынатын түсімнің көлемі көбейетінін жұртшылықтың назарына салды.

«ZHERSU» инвестициялық-өнеркәсіптік корпорациясы бақылаушылар кеңесінің төрағасы Бауыржан Оспанов мырза өзінің сөзінде облыста, оның ішінде Алакөл ауданында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, соның ішінде заманауи әрі жоғары технологиялы кәсіпорындар салуға айрықша көңіл бөлініп отырғанын және оның алғашқы нәтижесінің қуанта бастағанын жеткізді. Өткен жылы Үйгентас аймағындағы Ойжайлау ауылында балды өлшеп-оралудың қолға алынғанының арқасында биыл өңірдегі бал өндірісі күрт артыпты. Енді майбұршақты тереңдете өңдеу табысты жүзеге асырылса, соя майы экспортқа шығарылып, қайта өңдеуден соң шығарылатын дайын өнім түрлерінің 80 пайызын құрайтын жом жергілікті жердегі мал фермалары мен құс фабрикалары үшін таптырмас жемге айналады.

Зауыттың кіреберісіне керілген көгілдір лента қиылды. Амандық Ғаббасұлы қызыл түймені басты. Алып құрылғы біркелкі ырғақпен жұмысқа қосылды. Бункерден төменге сауылдаған сары алтындай бұршақ ұзындығы елу метрдей болатын технологиялық желінің бірінен соң біріне ауысып ақыр соңында майға айналып, арнайы ыдыстарға құйылуда. Жаңадан жұмысқа кіріскен зауыт желісі әзірге рафинацияланбаған соя майын шығарады және оны тапсырыс берушілерге жөнелтеді. Тапсырыс жасаушылардың басында Қытай еліндегі кәсіпорындар тұрған көрінеді. Ал, жоғарыда жазғанымыздай, өндірістік қалдық – жом жергілікті тұтынушыларға сатылады. Алдағы уақытта осы өнімді рафинациялайтын желі құрылысы қолға алынбақ. Сол кезде майбұршақ майы азық түрінде пайдалануға толық дайын күйге жеткізіледі.

«Алакөл – Нан» ЖШС қаржылық директоры Ержан Нүсіповтің айтуынша, жобаға инвестицияланған 450 миллион теңгенің 130 миллионы «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы бөлініп, оған Қытайдан құрал-жабдықтар сатып алыныпты. Өндірістік ғимарат қысқа мерзімде тұрғызылып, технологиялық үдеріске қажетті бу шығаратын қазандық салынып, дербес электростансы құрастырылған. Жабдықтарды құрастыру және мамандарды оқытып-үйрету жұмысына көрші елдің мамандары тартылған. Желінің күндік өндірістік қуаттылығы 120 тонна майбұршақты өңдеуге жетеді. Желіні бір күн ішінде қайта баптау арқылы күнбағыс және рапс майын да шығаруға болады. Төрт ауысыммен жұмыс істейтін зауыттың қоймаларында 5000 тонна соя мен 1000 тонна шемішке сақтауда тұрған көрінеді.

Зауыттың бірінші кезекте құрастырылған желісі рафинацияланбаған соя майын шығарады дедік. Қазіргі кезде екінші кезекте рафинациялау желісін құрастыру жоспарланған. Жоспар жүзеге асса жұмысшылар саны 100 адамға жеткізіліп, арнайы ыдыстарға құйылған соя және күнбағыс майы ішкі және сыртқы нарыққа жөнелтілетін болады.

Алакөлдіктердің ғана емес, облыстағы егіншілердің еңбегін еселеуге әсер етуге тиісті зауыттың тетігін іске қосып, жұмыс барысын өз көзімен көрген облыс басшысы ауданда жұмыс істейтін майбұршақ қабылдау бекеттерінің бірі – «Агример – Авто» ЖШС қабылдау пунктіне де аялдады. Бір жыл бұрын жұмысын бастаған пункттің құрылысы мен іске қосылуына солтүстіккореялық бизнесмендер 480 миллион теңге инвестиция салыпты. Серіктестік жетекшісі Бақтияр Қожаевтың мәлімдеуінше, былтыр зауыт кешірек іске қосылғанына қарамастан қысқа ғана мерзімде 11 мың тонна соя қабылдап, Көкшетаудағы зауыт пен элеваторға жөнелтіпті. Ал биылғы қабылдауы әлі жалғасып жатқан пунктке қазірдің өзінде 19 мың тонна майбұршақ түсіпті. Қабылдау бағасы да шаруаларға аса тиімді болып тұр. Тоннасы 130 – 140 мың теңгеден алынуда. Ең бастысы, өткізілген өнім үшін есеп айырысу үш күнде жүзеге асырылады.

Жұмыс сапарын қорытындылаған облыс басшысы шекаралық ауданда жүзеге асырылып жатқан шырайлы жобаларға көңілі толғанын білдіре келіп, табиғаттың барлық белдеуі орналасқан, асқар таулары айдын көлдермен астасқан, құмды-далалы өңірі орман-тоғайлы аймақпен жалғасқан ауданның экономикалық әлеуетін толық пайдалану үшін алдағы кезде іске асырылуға тиісті жұмыстарды да жіктеп айта кетті.

Болат ҚАБДЕШҰЛЫ.
Алакөл ауданы.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

Өткен аптада «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов Словакия Республикасы Ұлттық секциясының комиссары Патриция Жачикова және Ресейдің Ұлттық павильонының комиссары, Өндіріс және сауда министрінің орынбасары Георгий Каламановпен кездесіп, көрмеге қатысу жөніндегі шартқа қол қойды.

ШАРТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Қажет АНДАС

Екі жақ «ЭКСПО – 2017» көрмесіне дайындық мәселелерін сөз етті. Ахметжан Смағұлұлы қос елдің өкілін көрмеге дайындық және оған халықаралық қатысушыларды тарту жұмыстарымен таныстырып, қазіргі уақытта 7 мемлекеттің өкіліне павильондар толтыру үшін контент табысталғандығын және жұмыстың жалғаса беретіндігін жеткізді.

Кездесу барысында Словакия елінің өкілі:

– Шарт жасасуды біз екі ел арасындағы экономикалық қарым-қатынастың дамуындағы кезең деп бағалаймыз. Бұл Словакияны бүкіл әлемге өнеркәсіптік дамыған ел ретінде таныстырудағы маңызды қадам. Біз энергетика саласындағы құрылыс және жаңғырту, жаңартылатын энергия көздерінің арнайы технологиялары бойынша словакиялық компаниялардың көптеген таныстырылымын дайындағымыз келеді, – деді.

Өз кезегінде Георгий Каламанов Астана қаласында өтетін халықаралық көрмеде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша өздерінің технологиялық мүмкіндіктерін жан-жақты көрсете алатындықтарына сенім білдірді.

– Қазіргі таңда Ресейдің «ЭКСПО – 2017» көрмесіне қатысуы туралы барлық мәселе шешілді. Айталық, қатысу тұжырымдамасы, бірқатар ұйымдастыру жұмысы атқарылды. Ресейлік компаниялар қосылуға әзір. Көрме тақырыбы біз үшін өте маңызды. Сондықтан барынша аянып қалмауға тырысамыз, – деді Ресей секциясының комиссары.

Кездесу соңында Словакияның көрмеге қатысуы туралы шарты мен Ресейдің павильонын тапсыру бойынша құжаттарға қол қойылды. Аталған павильон аумағы 1008,6 шаршы метр. Ресей делегациясының келісімі бойынша келесі жылдың қаңтар-ақпан айларында павильон жабдықтала бастайды.

БРИФИНГ

Мектеп бітірушілер сынағы қалай өтеді?

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық білім басқармасының басшысы Ләззат Базарқұлованың қатысуымен брифинг өтті. Онда облыстың бас ұстазы мектеп бітірушілер сынағының екі кезеңде өтетіні туралы толық ақпарат берді.

Алма ЕСЕНБАЕВА

– Алдағы жылдан түлектердің мектеп бітіру және жоғары оқу орнына түсу сынағы екі кезеңнен тұратын болады. Біріншісі – қорытынды аттестаттау, бұл мемлекеттік емтихан түрінде түлектер білім алған мектепте өтеді. Оған мемлекеттік аттестат алуға ниетті мектеп бітірушілер түгелдей қатысады. Ал, ҰБТ жоғары оқу орнына түсу сынағы болып табылады. Қорытынды аттестаттау бес пән бойынша өтеді. Оның ішінде төрт пән міндетті, ол ана тілі және әдебиеті, анализ бастамалары, Қазақстан тарихы. Оқыту бейімі бойынша бір таңдау пәні болады. Ана тілі және әдебиетінен қазақ мектебінде оқыған балалар қазақ тілінде, орыс мектебінде білім алғандар орыс тілінде, ұйғыр мектебінде оқитындар ұйғыр тілінде эссе жазады. Оған 3 сағат беріледі. Үш тақырыптың бірін таңдап, 250-300 сөзден тұратын эссе жазу міндеттеледі. Алгебра және анализ бастамаларынан да жазбаша емтихан алынады. Оған бес астрономиялық сағат беріледі, онда есептермен қатар логикалық тапсырмалар да қамтылатын болады. Қазақстан тарихынан ауызша емтихан өтеді. Онда 3 сұрақ беріледі. Сондай-ақ, орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінен оқитын оқушылар мемлекеттік тілден және қазақ мектебінде оқитын оқушылар орыс тілінен және таңдау пәнінен тестілеу тапсырады. Таңдау және тіл пәнінен тестілеу бір күнде өтеді және әрқайсысына 40 сұрақтан, 80 минут беріледі. Түлек бағаға қанағаттанбаса, өз жауабының дұрыстығын дәлелдей алатын болса, жылдағыдай келесі күнгі сағат 13-ке дейін аппеляцияға беруіне болады. Ол үшін арнайы комиссия құрылады. Оның жауабын талқылап, бал беру жағын апелляциялық комиссия шешеді. Барлық билеттің және тестілеудің тапсырмаларын Ұлттық тестілеу орталығы дайындайды.

Айта кетерлік бір жайт, бұрын халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары Ұлттық бірыңғай тестілеуден босатылатын болса, биыл ондай мүмкіндік бәріне бірдей беріле бермейді. Қазір министрлік күрделі бес олимпиаданы анықтауда. Соның жеңімпаздарына ғана министрліктің арнайы гранты бөлінетін болады. Жылда грант тағайындағанда «Алтын белгі» алған балалар бөлек қаралатын. Ендігі жерде ондай мүмкіндік жоқ. Грант тағайындар кезде егер «Алтын белгі» алған бала мен жоғары балл жинаған түлектің балы қатар келсе, «Алтын белгі» алған балаға басымдық беріледі. Балалардың тестілеу парақтары мектепте бір оқу жылы сақталады. Мектеп емтихандары 29 мамыр мен 10 маусым аралығында өтпек. Ұлттық бірыңғай тестілеу жоғары оқу орнына түсу емтиханы мемлекеттік гранттарды тағайындау жүйесі ретінде қалады. Онда 5 пәннен 120 сұрақ болады. Сынақ бұрынғыдай Ұлттық бірыңғай тестілеу пункттерінде өтеді, – деді.

Брифинг барысында журналистер тарапынан «Орта білім алғандығы туралы аттестатпен түлектер колледжде оқуын жалғастыра ала ма? Колледжден соң жоғары оқу орнына түсе ала ма? Ауыл мектебін бітіргендерге мемлекеттік грант беру кезіндегі квота сақтала ма? «Алтын белгіні» анықтау мектепке тапсырылғандықтан жемқорлыққа жол берілмей ме?» – деген сауалдар қойылды. Бұл сұраққа Ләззат Тілеубайқызы:

– Мемлекеттік аттестатпен түлектер колледждерде оқуын жалғастыра алады. Жұмысшы мамандықтар бойынша білім алу елімізде тегін. Алдағы жылы осы мамандық бойынша оқуға түсетіндерді бір уақыт тегін ыстық тамақпен қамту мәселесі де министрлікте қаралып жатыр. Ал, колледжді жақсы бітірген бала кешенді тестілеу тапсырып, ары қарай жоғары оқу орнында оқи алады. Квота сақталған, егер екі баланың балы қатар келген жағдайда ауыл мектебін бітірген түлек оқуға түсіп кетуіне мүмкіндігі бар, – деді.

«Алтын белгі» мәселесіне қатысты мектептерде комиссия құрылатынын, ол құрамда мұғалімдер мен ата-аналар комитетінің мүшелері болатынын, облыстық білім басқармасы тарапынан да құжаттар тексеріліп, қадағаланатынын айтып, сондықтан ондай «көз қысты, бармақ басты» әрекеттерге жол берілмейтінін алға тартты.

Баспасөз – 2017 **АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!** **Баспасөз – 2017**

Баспасөзге 2017 жылға жазылу жүріп жатыр

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		Индексі	6 айға		12 айға	
			қала	ауыл	қала	ауыл
1.	Заңды тұлғалар үшін	15469	4326,48	4636,08	8652,96	9272,16
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	2849,76	3159,36	5699,52	6318,72
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	2972,16	3281,76	5944,32	6563,52
4.	Жалпы жеке жазылу	65469	3096,00	3405,60	6192,00	6811,20

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, балама жазылып, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз, онда:

№		6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3250	6500
2.	Зейнеткерлер үшін	1800	3600
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1900	3800
4.	Жалпы жеке жазылу	2100	4200



«Жетісу» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТАҒЫ ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3000	6000
2.	Зейнеткерлер үшін	1500	3000
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1600	3200
4.	Жалпы жеке жазылу	1700	3400

Жетісу
1918 – 2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru



Суретті түсірген Р. ҚАДІРОВ.

ОБЛЫСТЫҚ ФОРУМ

І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында «Қазақстанның үздік тауары» атты көрме-байқауы аясында өңірлік тауар өндірушілердің форумы өтті. Оған жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдар, қаржы институттарының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, қала тұрғындары мен қонақтары шақырылды. Олар, ең алдымен, Мәдениет сарайының фойесіне қойылған отандық тауар өндірушілердің өнімі жинақталған көрмемен танысып, одан кейін салтанатты жиында бас қосты. Жиналыста облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ баяндама жасап, облысымыздағы кәсіпкерлік саласының дамуы мен өркендеуіне қатысты ой бөлісті.

ҮЗДІК ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕР АНЫҚТАЛДЫ

Жетісу
Қажет АНДАС

Облыс әкімінің айтуынша, Жетісу өлкесі кәсіпкерліктің жан-жақты дамуына табиғи жағдай, географиялық орналасуымен де зор мүмкіндік беретін өңір. Облысымыз аграрлы аймақ саналғанымен кейінгі жылдары бизнес саласы қарқынды дамып келеді. Бүгінде облысымыздағы 700-ден астам кәсіпорын 30 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтуда. Олар өткен жылы 650 млрд. теңгенің өнімін өндіріп, облыс экономикасының өркендеуіне айтарлықтай үлес қосты. Сол қатарда әлемдік бренд тауарлар өндіретін «Фуд мастер», «Данон Беркут», «Коко-Кола Ботлерс», «РДжи Брендс Қазақстан», Суфле Қазақстан» сияқты іргелі кәсіпорындар да бар. Сондай-ақ, облысымызда 40-тан астам кәсіпорын өнімін экспортқа шығаруға қауқарлы.

Республикалық байқауларда топ жарып жүрген кәсіпорындардың саны да артып келеді. Айта берсек бұдан өзге де жетістіктер жетіп-артылады.

Облыс әкімінен кейін мінбеге көтерілген облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ләззат Шыңғысбаева мен «Apple world» ЖШС-нің директоры Дәурен Әлибеков мұндай игіліктің артуына билік пен бизнес арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнауының сеп болғанын айтты.

Тағы бір жағынан, облысымызда кәсіпорындарды ынталандыру мақсатында «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік байқауы үзбей өткізіліп келеді. Ондағы мақсат – өңірлік тауар өндірушілерге қолдау көрсетумен қатар тұрғындарды ынталандыру арқылы бизнес саласын жандандыруға мүмкіндік жасау. Аталмыш байқау биыл да сәтті жалғасып, «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Халық тұтынатын үздік тауарлар», «Үздік азықтүлік тауарлары» және «Үздік қызмет көрсеткен кәсіпорын» сияқты төрт номинация бойынша өз жүлдегерін анықтады. Сарапшылық кеңесі қатысушыларды сапа жүйесі, менеджмент, басқару тиімділігі және басқа талаптар бойынша бағалапты.

Сарапшылардың қорытындысы бойынша «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» номинациясы бойынша бірінші орынды Панфилов ауданындағы «Жаркент крахмал зауыты» ЖШС, екінші орынды Қапшағайдағы «Полимерметалл» ЖШС, үшінші орынды Жамбыл ауданындағы «PLAST Invest Production» ЖШС жеңіп алды. «Үздік азықтүлік тауарлары» номинациясы бойынша бірінші орынды Алакөл ауданындағы «Лепсі өнімдері» ЖШС, екінші орынды Іле ауданындағы «Шин Лайн» ЖШС, үшінші орынды Еңбекшіқазақ ауданындағы «Apple world» ЖШС иеленді. Ал «Халық тұтынатын үздік тауарлар» номинациясы бойынша бірінші орынды Іле ауданындағы «Абди Ибрахим глобал фарм» ЖШС, екінші орынды Жамбыл ауданындағы «Сункар» Алматы құс фабрикасы» ЖШС, үшінші орынды Талғар ауданындағы «GLASMAN» ЖШС қанжығасына байлады. Сонымен қатар, биылдан басталған «Үздік қызмет көрсеткен кәсіпорын» номинациясы бойынша бірінші орынды Талдықорған қаласындағы «Жетісу жұлдызы» ЖШС, екінші орынды Панфилов ауданындағы «Ирада-балық» ЖШС, үшінші орынды Талдықорғандағы «INTELLECITY» білім беру орталығы иеленді. Барлық жеңімпаздар ақшалай сыйлық және естелік бұйымдармен марапатталды. Оны кәсіпорын жетекшілеріне облыс әкімі Амандық Баталов пен облыстық кәсіпкерлік палатасы өңірлік кеңесінің төрайымы, Қазақстан бояулары» ЖШС-нің директоры Римма Салықова табыс етті.

Байқауға қатысушылардың көңілі тоқ. Биыл бірінші рет қатысып, жүлдегер атанғандар да жетерлік. Сол қатардан көрінген «Лепсі өнімдері» ЖШС директоры Фархат Әбузаров: «Басшылық атынан осы байқауды ұйымдастырушыларға алғыс айтып, барлық кәсіпкерлерге сәттілік пен жақсылық тілеймін. Осындай байқаулар облыстағы кәсіпкерліктің дамуына септігін тигізеді», – деді ағынан жарылып.

Қалай айтсақ та байқау әділ әрі тартысты өтті. Енді облыстық байқаудың жеңімпаздары республикалық деңгейде өтетін байқауға қатысып, өңіріміздің тауар өндірудегі әлеуетін танытатын болады.

СЕЛЕКТОР

ЖЕТІМДЕР ЖЫЛАМАСЫН ДЕСЕК...

Облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАРДЫҢ жүргізуімен, қала, аудан әкімдіктері қызметкерлерінің қатысуымен облыс әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның отырысы селекторлық тәртіпте өтті. Жиында өзекті мәселелер көтеріліп, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың жай-күйі сөз болды.

Жетісу
Мәулен ӘНЕРБАЙ

Күн тәртібінде жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелерді кезең-кезеңімен қысқарту, баламалы нысандарды дамыту, «Жетісу – балалар үйінсіз» жобасын іске асыру бойынша аудан, қала жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың жұмыстарын зерделеу қорытындысы туралы, облыс бойынша кәмелетке толмағандар арасында орын алған құқықбұзушылық пен қылмыс және жыныстық тиіспеушілікке байланысты мәселелер қаралды. Өңірімізде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталған облыстық білім басқармасының басшысы Ләззат Базарқұлова «Жетісу – балалар үйінсіз» жобасының іске асуы, баламалы нысандарды арттыру, отбасы үлгісіндегі балалар үйлерінің санын көбейту және асырап алу түрлерін дамыту жайын сөз етті. 2014 жылы жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар саны 3568 болса, қазіргі таңда 3071. Олардың азаюына байланысты Қаратал ауданының, Үштөбе қаласындағы, Еңбекшіқазақ ауданының, Есік қаласындағы, Жамбыл ауданының, Қарақастек ауылындағы балалар үйі жабылды.

– Ата-аналары бар тірі жетім балалар санының артуы – әлеуметтік жағдайының төмендігіне, материалдық және тұрғын үйге байланысты қиындықтың салдарынан, – деді Ләззат Тілеубайқызы. Ал облыс әкімінің орынбасары:

– «Жерде жетім жыласа, көкте періште күңіренеді», «Қазақ жетімін жылатпаған» дейміз. Сондықтан өңіріміздегі 3071 жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың барлығына «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен» есепшот ашыңыздар, – деп комиссия мүшелеріне бірқатар тапсырма жүктеді. Олар қала, ауданға барып кездесу өткізіп, жетім баланы қабылдап алған отбасыларды БАҚ арқылы насихаттауға, оқу бітірген жастарды анықтап, жұмысқа орналасу деңгейін қадағалауға міндетті.

Жиын облыс әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия отырысымен жалғасты. Онда мүмкіндігі шектеулі балалардың жайы сөз болды. Оларды қоғамға жақындату мақсатында өңірде екі мектеп-интернаты ашылмақ. Соның бірі – Талдықорған қаласында. «Үйден оқитын мүмкіндігі шектеулі балаларға сапалы білім мен мамандық беру – біздің басты парызымыз. Олардың ішінде талантты жандар көп. Сау балалармен қатар білім алып, бірге жүруі үшін мектеп-интернатын ашамыз. Сондықтан мектеп жанынан орын іздеңіздер», – деген Жақсылық Мұқашұлы аудан, қала әкімдерінің орынбасарларына үйде білім алып жатқан балаларды назарға алу жайын қатаң тапсырды.

КОНКУРС

«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» байқауы жарияланды

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасының кітапханасы мен Қоры баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған **«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы»** тақырыбы бойынша таңдаулы материалдарға жыл сайынғы дәстүрлі ашық конкурсын жариялайды.

Конкурстың мақсаты — елдің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету. Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде «Назарбаев моделін»,Елбасының идеялары мен бастамаларын танымал ету.

Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

1) «Үздік теледидар материалы»;
2) «Үздік радиоматериал»;
3) «Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»;
4) «Ғаламтор-БАҚ-тағы үздік жарияланым».

Номинациялардың әрқайсысы бойынша жеңімпаздарға **1 миллион теңге** мөлшерінде ақшалай жүлде беріледі,ал екінші және үшінші орындар үшін тиісінше — **500 мың** және **200 мың** теңге беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен төсбелгілер тапсырылады.

Конкурсқа кәсіпқой журналистер жеке және ұжымдық негізде қатыса алады.

Конкурсқа **2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 10 қазан аралығында** мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми жарияланған (басылған,эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) бірегей материалдар қабылданады.

Конкурстың қорытындысын құрамына белгілі журналистер,Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері енген комиссия шығарады.

Жеңімпаздарды марапаттаудың салтанатты рәсімі Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер **2017 жылғы 1 маусымнан бастап 10 қарашаға** дейінгі мерзімде әкеліп беру тәртібімен немесе поштамен жөнелту арқылы мына мекенжайда: Z05S5X1, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,Ә. Бөкейхан көшесі,10, 213-каб.,«Қазақстан тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына» деген белгісімен қабылданады. Байланыс тел.: 8 (7172) 69-30-57,69-30-52,69-30-50,69-30-53, 69-30-56.

Конкурсты өткізудің шарттары мен уақыты туралы барлық ақпаратпен www.presidentlibrary.kz,www.presidentfoundation.kz сайттары арқылы танысуға болады.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қазіргі таңда қоғамда Елбасы тапсырмасына орай латын әліпбиіне көшу мәселесі қызу талқыланып жатыр. Бұл тұрғыда облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен құрылған комиссия Тіл сарайында бас қосып, алдағы жұмыс жоспарын бекіткен болатын. Сол жоспарға сәйкес жуырда өңірдегі зиялы қауым өкілдері мен елімізге танымал тіл саласының ғалымдары латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы туралы әңгіме өрбітті.

ӘЛЕМДІ БІРІКТІРЕТІН ӘЛІПБИ

Жетісу
Қажет АНДАС

Отырысты облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысы Айдар Башбаев жүргізіп, күн тәртібіне орай Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің кәсіби бағыттағы тілдер кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы Жұмағали Әбуов, Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бөлім меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты Назира Әміржанова мен филология ғылымдарының кандидаты Сәрсенбай Құлманов баяндама оқып, латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы мен көкейкестілігіне тоқталды.

Нәзира Әміржанова өз сөзінде Түркия, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркменстан сияқты түркітілдес елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, әліпби жасаудың бірнеше критерийлерін атады.

– Әліпбиді жасауда, ең алдымен, балаға көшалым және қолшалымға оңтайлы болуы керек. Әліпбиді ересек адамдар үшін емес, 6-7 жастағы баланы ойлап жасауымыз қажет. Егер көшалым мен қолшалымға оңтайлы болса, бұл керемет жазу болады, – деген ол бір дыбыс – бір таңба принципінің қатаң сақталуы туралы да кеңінен әңгімеледі.

Расымен жазу – сан ғасырлар бойы келе жатқан адамзат мәдениетінің ең басты, ауқымды құндылығының бірі әрі бірегейі. Кез келген халықтың ежелгі өркениетін алсақ, жазу-сызудың басты орынға ие болғанын көреміз. Сол қатарда қазақ ұлты да өзіне тән жазу мәдениетін қалыптастырып, өркениетке өзіндік үлесін қосып келді. Тас бетіне қашалған руникалық жазбаларды айтпағанның өзінде кейінгі бір ғасырда қазақ халқы бірнеше жазу үлгісін қолданды. Сол жазулар арқылы тарихқа өзіндік із салып, құнды мұраларын таңбалап кетті.

Елбасының тапсырмасымен 2025 жылға қарай еліміз латын әліпбиіне толығымен көшуі керек. Десе де, осы тұрғыда ел арасында әртүрлі әңгіме көп. Оның бір тобы латыншаға көшуді құптаса, тағы бір тобы кириллицада қала беруді жөн көреді. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы жасап берген төте жазуды қолдайтындар да баршылық. Ал халқымыздың өткен тарихының белгісі саналатын руникалық жазуды қайта қалпына келтіріп, ұлттың өркениетін сол таңбамен өрнектеуге ынталы топтың да айтар уәжі салмақты.

– Руна жазуы әлемдегі ең алғашқы алфавиттің бірі. Ежелгі Шумерлер елінде мемлекеттік тіл болғаны ақиқат болса, руникалық жазу сол тілде таңбалаудың белгісі болғаны анық. Әрине, дәл қазіргі таңда латын алфавитіне көшу арқылы келешекте 250 миллион түркі ұлттарының басын қосатын бітік жазуларына көшудің кезі келер. Ал латын алфавитіне көшу бүгінгі күннің талабы. Осыны ескере отырып, облыстық «Жетісу» газетінің ұжымы келесі жылдың алғашқы нөмірінен бастап ең таңдаулы деген мақалаларды латын әліпбиінде газетке беріп, халықты осы әріпке үйретуді бастамақпыз, – дейді ақын Әміре Әрін. Оның айтқанын Алматыдан келген ғалымдар да қолдады. Өйткені, тіл білімінің түрлі заңдылығына негізделгенде түркі жазулары ғана түркі жұртының тіл мәдениетін өркендете түседі. Осыған орай, отырыс барысында түркітілдес мемлекеттер арасында көне түркі жазуын қолдану мәселесінің терең зерделеніп жатқаны туралы ойлар да қозғалды.

Елімізде латын әліпбиіне көшу мәселесі соңғы жиырма бес жылда жиі болмаса да арагідік талқыланып келеді. Десе де, бүгінгі күннің талабы бойынша алдымен латын әліпбиіне көшудің артықшылығы басым. Бұл туралы ой өрбіткен «Кәсіпкер» журналының директоры Гүлжиян Сүлейменова, ең алдымен, латын әліпбиіне көшудің кезек күттірмейтін маңызды міндет екенін айтса, филология ғылымдарының докторы Мұратбек Иманғазинов латын әліпбиіне көшудің болашаққа бағдар жасаудағы басымдықтарын, бағыттарын салмақтап берді. Жиын соңында латын әліпбиіне көшудің қиындықтары туралы жеке пікірін білдіргендер көп болды. Олардың сұрағына ғалымдар тұшымды жауап берді.

БӘРЕКЕЛДІ!

МЕКТЕП ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Атынемел ауылдық округіне қарасты Тастыбастау ауылында тағы бір жаңа бастауыш мектептің іргетасы қаланды. Қуанышқа аудан әкімі Бағдат Әлиев қатысып, ауыл тұрғындарын құттықтап, ізгі ниетін білдірді.

– Елбасының «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасы – жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады» деген болатын. Осы бастаманы іліп әкеткен Хасан Абуов «Мен бір мектеп салсам» деп рұқсат сұраған еді. Міне, бүгін сол ойы жүзеге асып, мектептің іргетасы қаланды, – деді ол.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген емес пе? Хасанның әкесі Керім ақсақал алғаш қазақ даласына жер аударылып келгенде жергілікті жұрттың құрметтеп қарсы алғанын үнемі айтып отыратын. Сол тәрбие бала күнінен құлағына сіңісті болған Хасан да әкесінің өсиетіне адалдық танытумен келеді. Бұған дейін жерлестеріне мешіт салып берген ол енді мектеп құрылысын қолға алып отыр.

– Өзі туып-өскен әрі тұрып жатқан ауылының жақсы болғанын кім қаламайды дейсіз?! Мен де осы ауылда туып, өскендіктен өркендегенін қалаймын. Сол себепті де осыдан біраз жыл бұрын мешіт салдым. Қазіргі таңда ол мешітте балалар діни білім алуда, – дейді кәсіпкер Хасан.

Айта кететін жайт, мешіттің де, мектептің де жобасын Хасанның өзі жасаған.

– Бұл ауылдағы 39 отбасында 232 адам болса, оның 20-ы оқушы. Мектеп оқушылары осы ауылдағы бір ғимаратты жалдап оқитын. Ауыл тұрғындары енді өзіміздің мектебіміз болады деп қуанып жүр. Біз де қолдан келген көмегімізді аямаймыз, – дейді Алтынемел ауылдық округі әкімдігінің бас маманы Ж. Ердесов.

«Меруерт» шаруа қожалығының басшысы К. Тұрсынбаев пен Хасанның көршісі Ж. Жұмаділова апамыз да кәсіпкердің ізгі істерін айтып, ризашылығын білдірді.

Л. ЕСКЕНДІРҚЫЗЫ.
Кербұлақ ауданы.

ІССАПАР

Талғар ауданына арнайы ат басын бұрған «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев Қайнар ауылдық округіне қарасты Еламан ауылында салынып жатқан жаңа мектептің құрылысымен танысты.

ҚҰРЫЛЫС БАСЫНДА БОЛДЫ

Жетісу
Ұлбосын ИСАБЕК

Жылдан-жылға Еламан ауылына қоныс аударушылардың қатары көбейген. Бүгінде онда 500-ден астам отбасы тіршілік етуде. Осыған орай, бала саны да еселеп артып келеді. Бұрыннан бар бастауыш мектепте білім алған балалардың жоғары сыныпқа өткендері Жаңалық ауылындағы мектепке тасымалданады. Осы қиындыққа алаңдаған тұрғындар алдағы оқу жылының жаңа мектепте басталатындығына қуанышты. Өйткені, «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында заманауи мектеп құрылысын салуға Ұлттық қордан 930 миллион теңге бөлініп, игерілуде. Қазір 300 орынды екі қабатты мектеп құрылысының жартысынан астамы аяқталған.

– Белгіленген уақыттан бір ай мерзімге кешігетіндіктеріңізді айтпаса да түсініп тұрмын. Мұнша сылбыр қимылдаудың себебі неде? – деп төтесінен сұрақ қойған Ғалиаскар Төлендіұлының тосын сауалына жауап қайырған «Ауыл құрылыс» АҚК ЖШС директорының орынбасары Жақсылық Қабиев:

– Оған еш негіз жоқ. Құрылысшылар қарқынды қимылдап-ақ жатыр. Өз мерзімінде беретіндігімізге сенімдіміз, – деп 7 тораптан тұратын мектептің 6 торабының аяқталып қалғанын, сондай-ақ, жылу мен жарық құрылғыларының толық орнатылғандығын, есіктердің қойылғандығын баяндап өтті.

– Мұндай мектеп енді жуық арада салына қоймайды. Сондықтан мүмкіндікті пайдаланып, құрылыстың сапасына баса мән беру қажет. Құрылыс тамыз айында толық аяқталып, пайдалануға берілуі керек, одан әрі мұғалімдердің жайғасуына да аз уақыт кетпейді. Уақытынан ешкешіктірмеңіздер, балалардың көңіліне кірбің түсіруге болмайды, – деген Ғ.Сарыбаев мердігер компанияның жауапты мамандарына абаттандыру жұмыстарын да тиянақты аяқтауды тапсырды.

Еламандағы мектептің директоры Әлия Мырзалимова алдағы оқу жылында жаңа мектептің табалдырығын аттайтын оқушылар мен еңбек ететін мұғалімдердің тізімі жасалып, білім беруге қатысты басқа да мәселелердің тиянақты жүргізілін жатқандығын мәлімдеді.

Бұдан кейін «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскар Төлендіұлы Кеңдала ауылындағы №42 орта мектепте Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын талқылаған актив отырысын өткізді. Оған Кеңдала ауылының тұрғындары мен аудандық білім саласының жауапты қызметкерлері мен ұстаздары қатысты.

– Елбасының мақаласында бүгінгі күнгі өзекті мәселе – рухани жаңғыруымыздың қажеттілігі баса айтылады. Мемлекет басшысы жаңа бастама көтеріп, даму жолымызды айқындап, бағдарлап берді, – деген Ғалиаскар Төлендіұлы айтулы мақаланы тарау-тарау бойынша тарқатып шықты. – Рухани жаңғыру идеясы, бірінші-ден, Конституциялық реформа арқылы саяси-экономикалық жаңғыруға, екіншіден, елімізді технологиялық дамудың жаңа деңгейіне көтеру және, үшінші-ден, рухани жаңғыруымызға жол ашып отыр. Баршамызға белгілі ғылым мен техникалық прогресс – ай сайын емес, апта сайын әлемге өзіндік жаңашылдығымен, инновациялық жаңа жобалар мен ноу-хау технологиялық өзгерістерді алып келуімен ерекшеленуде. Біздің қазақстандық жас өнертапқыштар бұдан шет қалып жатқан жоқ. Бұл қуанарлық жайт. Дей тұрғанмен де ұл мен қыздың тәрбиесін уысымыздан шығарып алмай, ата салтымызға, дәстүрімізге лайық тәрбие беруді ұмытпайық.

Ата-ана мен бала тәрбиесіне қатысты мысалдарды күнделікті өмірде орын алып жатқан оқиғалармен сабақтастыра баяндаған Ғалиаскар Төлендіұлы рухани жаңғырудағы басты мәселе «сананың ашықтығы» екендігін және латын әліпбиіне көшудің маңыздылығын түсіндіріп өтті.

Талғар ауданы.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ (МӘМС)

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

Жұмыссыздар, өзін-өзі нәтижесіз жұмыспен қамтығандар мен елдің экономикалық жағынан белсенді емес басқа да категориялардағы тұрғындары медициналық көмекпен қалай қамтамасыз етіледі?

Статистикалық деректер бойынша Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі нәтижесіз жұмыспен қамтығандар саны бүгінде 500 мыңнан астам адамды құрайды. Тұрғындардың аталған категориясы 2020 жылға дейін, жоспарлы ауруханаға жатқызуды қоспағанда, яғни, адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төнбейтіндей жағдайда, медициналық көмектің амбулаторлық-емханалық пакетін алатын болады.

Бір мезгілде тұрғындардың аталған категориясына мынадай мүмкіндіктер беріледі:

– тұрғылықты жері бойынша мамандығы мен жұмыс тәжірибесіне сәйкес еңбекке орналастыру нұсқаларын ұсынылатын Жұмыспен қамту орталығына өтініш жасау. Егер ұсынылған нұсқалар сәйкес келмейтіндей болса, өтініш беруші жұмыссыздық статусын алады. Мұндай жағдайда мемлекет белгілі бір уақыт аралығында ӘМС қорына жарна төлеу жөніндегі міндеттемені өз мойнына алады.

– салық органдарында жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, жарнаны мәлімдеген табыстан немесе табыс болмаған жағдайда – 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап 2 ең төменгі еңбекақының 5% мөлшерінде немесе 2884 теңгені өз бетінше төлеу.

Медсақтандыру қорына 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап екінші деңгейдегі банк арқылы ең төменгі еңбекақының 5% мөлшеріндегі немесе 1414 теңге жарнаны өз бетінше төлеу.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға медициналық көмек қалай көрсетіледі?

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңының 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер осы Заңда басқа қарастырылмаса, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей құқықтарды пайдаланып, міндеттемелерін өтейді.

МӘМС туралы Заңның 26 бабының 1 бабына сәйкес мемлекет жарналары Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін төленбейді.

Сонымен бірге «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау және әлеуметтік-еңбек саласы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының жобасында Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың әлеуметтік жағынан әлсіз 12 категориясы үшін Қорға жарнаны мемлекет төлеуі ұсынылады. Бұл ұсыныс мемлекеттік органдарда қаралып жатыр.

Сонымен бірге Заңның 3 бабының 2 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімшарттарда осы заңда көрсетілгеннен басқа ережелер белгіленген болса, халықаралық келісімшарттардың ережелері қолданылады.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін көрсетуге қатысты, «Халықтың денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің 88 бабының 5 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімшарттарда басқа қарастырылмаған болса, уәкілетті орган анықтаған тізбеге сәйкес айналадағыларға қауіп тудыратын жіті аурулармен ауырған кездерінде тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін алуға құқылы.

«Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» ҚР Заңының 8 бабына сәйкес Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер әлеуметтік және зейнетақылық қамтамасыз ету мәселелерінде Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей құқықтарды иеленіп, міндеттерді жүктейді.

Осыған байланысты, ҚР аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз ету мәселелерінде ҚР азаматтарымен тең жағдайын ескере отырып «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау және әлеуметтік-еңбек саласы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы жобасының тұжырымдамасында оларға ҚР азаматтарымен бірдей дәрежеде тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін алудың тең құқықтары ұсынылады.

Jetisý
1918–2018
№125 (18545), 10 қараша, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КҮНІ



ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Қазіргі таңда облыста әлеуметтік қызмет деңгейі артып, мұқтаж жандарға түрлі көмек көрсетіліп келеді. Мәселен, ағымдағы жылы мүгедектерді оңалтуға 2 млрд. 900 млн. теңге бөлінген. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың әлеуметтік объектілерге қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында өңірлік бюджеттен 266 млн. теңге қарастырылып, 400 нысанға толық бейімдеу жұмыстары жүргізілген.

Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА
«Жетісу»

Бұл туралы Оқушылар сарайында облыс әкімінің орынбасары Жеңіс Тұяқовтың қатысуымен Әлеуметтік қызметкерлер күніне орай өткен жиында айтылды.

Салтанатты шара басында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға тегін қызмет көрсетуге арналған 11 инватаксидің кілті табысталды. Айта кетейік, бүгінгі күні облыста тегін қызмет көрсететін осындай 20 арнайы автокөлік бар. Жыл сайын аталмыш қызметке сұраныс та артып келеді.

Әлеуметтік қызметкерлер күнімен сала мамандарын облыс әкімінің орынбасары Жеңіс Тұяқов пен облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Заида Илимжанова арнайы құттықтады.

– Сіздер әлемдегі ең ізгі әрі қиындығы мол мамандықтың бірін таңдадыңыздар. Бұған аса шыдамдылық, білім, тәжірибе және ерекше дағды қажет. Шын жүректен сіздердің осындай жанкешті еңбектеріңізге, мейірімділік пен қамқорлықтарыңызға, халықтың әлеуметтік осал тобына деген ыстық ықыластарыңызға Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың атынан алғысымды білдіремін. Елбасының өзі әлеуметтік осал топтардың тұрмыстық жағдайына жете мән беріп келеді. Қариялар, көпбалалы ана, аз қамтылған отбасы, мүмкіндігі шектеулі жандар әрдайым мемлекет қамқорлығында болуы тиіс деп есептейді. Жыл сайын зейнетақы мен жәрдемақының көбейіп отыруы – соның айқын дәлелі. Тек, материалдық жағдайын қамтып қана қоймай, әлсіз топты үнемі қолдап отыру қажеттігін Елбасы еш уақытта естен шығарған емес. Құрметті әлеуметтік сала қызметкерлері, сіздерді мерейлі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, мықты денсаулық, еңбектеріңізге зор табыс, игі жақсылықтар мен мол қуаныш тілеймін, – деді Жеңіс Тұяқов құттықтау сөзінде.

Сонымен қатар, Жеңіс Шылбынұлы әр салада әлеуметтік қызмет көрсететін үш мыңнан аса маман ел игілігі үшін талмай еңбек етіп жүргенін атап өтті. Одан бөлек, облыс бойынша төрт мыңнан аса азаматқа әлеуметтік көмек үйден көрсетіледі. Оның 1600-ден астамы мүмкіндігі шектеулі балалар болса, екі жарым мыңға жуығы жалғызбасты қарттар.

Салтанатты шарада Жеңіс Тұяқов бірқатар әлеуметтік жұмыскерлерге ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Еңбек ардагері» медалін және «Әлеуметтік еңбек саласының үздігі» төсбелгісін табыстады. Сондай-ақ, Алматы облысы әкімінің Алғыс хатымен, Құрмет грамотасымен марапатталды. Облыстық «Еңбек жолы» байқауында топ жарған қатысушылар «Үздік әлеуметтік қызметкер», «Үздік тәлімгер», «Өндірістің үздік жас жұмыскері» және «Үздік еңбек әулеті» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, 100 мың теңгенің сертификатын иеленді.

Мерекелік жиын облыстық Сүйінбай атындағы филармония өнерпаздары ұсынған концерттік бағдарламамен жалғасты.

ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

КӘСІПКЕРЛЕР ЖАЛАҚЫНЫ КӨТЕРУГЕ ДАЙЫН



Жуырда Талдықорғанға келген Үкімет басшысымен кездесуде бизнес өкілдері Мемлекет басшысы тарапынан көрсетіліп жатқан кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бастамаларына ризашылығын білдіріп, қолдау білдіретінін жеткізген еді. Сол кездесуде «Абди Ибрагим Глобал Фарм» ірі фармацевтикалық кәсіпорнының ең төменгі еңбекақысы 120 мың теңгені, орташа жалақы 353 мың теңгені құрайтыны да сөз болды. Сонымен қатар, жұмысшыларға жоғары жалақы төлеп отырған «Жаркент крахмал-сірне зауыты», «Kagazy Recycling», «Alina» компаниялар тобының басшылары да алдағы жылы жұмысшылардың жалақысын тағы да жоғарылататынына уәде берген еді.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Тіпті, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің төрайымы, «Алматы бояулары» зауыты директорлар кеңесінің төрайымы Римма Салықова Президенттің еңбекақы мөлшерін көтеру туралы бастамасын қолдау мақсатында осы жылдың қараша айынан бастап жалақыны 15 пайызға көтеру туралы шешім қабылдағанын жеткізді. Қазіргі таңда ол басқарып отырған кәсіпорындағы ең төменгі еңбекақы 76 мың теңгені құрайды.

– «Алматы бояулары» зауыты 2009 жылдан бері жұмыс істеп келеді, жол белгілері үшін лак-бояу заттары мен жол жөндеу үшін материалдар шығарады. Компанияның қалыптасуында мемлекеттік қолдаудың рөлі зор болды. Біз «Бизнестің жол картасы» бағдарламасының алғашқы қатысушыларының бірі болдық, зауытты жаңғыртуға несие алдық, соның есебінен жаңа жабдықтар сатып алып, жұмыс орындарын құрдық. Қазір бізде 160 жұмыскер бар. Сонымен қатар, компания басшылығы жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайын көтеруге және адам капиталын дамытуға қаражат салуға ерекше көңіл бөледі. Біз үнемі өз жұмыскерлеріміздің жалақысын көтеріп отыруға тырысамыз. Бүгінгі таңда біз барлық жұмыскердің жалақысын көтердік. Келесі жылдан бастап еңбекақыны тағы көтеру керек деп шештік, өйткені, халықтың әл-ауқатын арттыру керек, – дейді «Алматы бояулары» ЖШС директорлар кеңесінің төрайымы Римма Салықова.

Келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап шағын және орта бизнес үшін салық амнистиясы жүргізіледі. Бұл – кәсіпкер негізгі салығын төлесе, онда өсім мен айыппұлдан босатылады деген сөз. Шындап келгенде, кәсіпкерлерге бағытталған нақты қолдау, табысты еңбек ету үшін тың серпін береді. Игі бастама жұмысшыларды қосымша ынталандыруға жақсы мүмкіндік. Демек, үнемделген қаржыны жұмысшылардың әл-ауқатын көтеруге жұмсауға болады. Әлеуметтік қамтамасыз етуді жақсарту арқылы бизнестің өркендеуін қамтамасыз етеді. Бұл игілік өңір кәсіпкерлерін жігерлендіре түсті.

– Біз 2013 жылдан бастап қызмет атқарып келеміз. Үй іші мен кеңсеге арналған жиһаздың барлық түрін шығарамыз. Кәсіпорынның ашылуы шағын және орта бизнеске тексеру жүргізуге жарияланған мораториймен тұспа-тұс келді. Бұл мораторий қадамын енді бастаған өндіріс үшін зор қолдау болды. Кейін мемлекеттік бағдарламаға қатысып, цехты кеңейту үшін несиеге қол жеткіздік. Оның есебінен керекті жабдықтар сатып алып, жаңа жұмыс орындарын құрдық. Қазіргі таңда алған несиемізді уақытылы төлеп келеміз. Айтарым, осының барлығына менің жұмысшыларымның еңбекқорлығы мен шыдамдылығының арқасында жеттік. Осыған орай, келесі жылдан бастап жұмысшыларымның жалақысын 10 пайызға көтеру туралы шешім қабылдадым. Осындай шешім қабылдауыма Елбасы жариялаған Бес әлеуметтік бастамасының ішіндегі салық көлемін жеке табыс салығы арқылы 10 есеге төмендету немесе 1 пайызға дейін жеткізу жайындағы сөзі себеп болды. Бұл – Жамбыл ауданының 50 отбасына жасалған қолдау.

Аталмыш шаралар ауылдағы кәсіпкерлікті тартымды етіп, ауыл жастарының қалуына оң әсер етеді, – дейді Жамбыл ауданындағы «Беріктас» ЖШС директоры Ерлан Әлімқұлов.

Тағы бір айта кетерлігі, Мемлекет басшысы Жолдауда бизнеске салықтық рақымшылық жасау қажеттілігі туралы тапсырма бергені белгілі. Негізгі қарызды төлейтін кәсіпкерлерге өсімпұл мен айыппұл есептен шығарылады. Бұл өте маңызды және негізгі борыштың төленуі үшін ынталандырады. Сонымен бірге, бизнес саласындағы әкімшілік кедергілерді азайту бойынша кешенді шараларды қабылдау, ұзақмерзімді несиелендіру бағдарламасын әзірлеу мен «Бизнестің жол картасы» бағдарламасын 2025 жылға дейін ұзарту туралы шешімдер кәсіпкерліктің көкжиегін кеңейтетіні сөзсіз. Сондықтан да бұл шаралар алдағы уақытта өніріміздегі кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуметтік саясатын жұмысшылардың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жақсарту жолына өзгертетініне сенім мол.

Елбасының Жолдауы мен онда айтылған міндеттер кәсіпкерлік саласымен тығыз байланысты және онда бизнестің өзекті мәселелері мен заманауи қауіп-қатерлері көрініс тапқан. Сондықтан, облыстық кәсіпкерлер палатасы Президент Жолдауын кәсіпкерлер арасында түсіндіру мақсатында кең көлемде ақпараттық жұмысты бастап, барлық аудан мен ауылдағы кәсіпорын басшыларымен кездесу ұйымдастыруды бастап кетті. Демек, осындай шаралар жұмысшыларына төмен жалақы төлеп отырған шағын және орта бизнес өкілдеріне түрткі болмақ.

БРИФИНГ

БОЛАШАҚТЫҢ УНИВЕРСИТЕТІ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде Талдықорғанда өтіп жатқан «Болашақтың университеті: цифрландыру және академиялық дәстүрлер» форумына байланысты брифинг ұйымдастырылды.

Мәулен ӘНЕРБАЙ,
"Жетісу"

Оған Эстония мемлекеті Паллас университетінің ректоры Валери Нуст, Латвия мемлекеті Даугавпилс университетінің ректоры Ирэна Кокина, Польша мемлекетінің тілдік-техникалық университетінің ректоры Эльжбетта Стерналь, ЖМУ халықаралық ынтымақтастық және инвестициялық жобалар бөлімінің басшысы Райгүл Желдібаева қатысты. Форум жұмысымен таныстырған Райгүл Серікқызы:

– Халықаралық шара университетімізде алғаш рет өтіп отыр. Бұл – біз үшін үлкен қуаныш. Алыстан келген қонақтарға ерекше алғысымызды білдіреміз. Форумға 16 жоғары оқу орындарынан ректорлар қатысуда, – деді.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында форумда 9 меморандумға қол қойылады. Ең басты жаңалық, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде еуропалық білім беру орталығы ашылады.

Баспасөз отырысында шетелдік университеттің ректорлары форум арқылы іскерлік байланыстың күшейетінін айтып, тәжірибе алмасуға жол ашылатынын тілге тиек етті.

СЕМИНАР

Келер жылдан бастап төртінші, тоғызыншы және оныншы сыныптар жаңартылған мазмұндағы оқулықпен оқиды. Осы орайда Талдықорғанда «Жаңартылған мазмұндағы 4, 9 және 10-сыныптарға арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді педагогикалық қауымға таныстыру және талқылау» тақырыбында өңірлік әдістемелік семинар өтті.

Мұхтар КҮМІСБЕК,
"Жетісу"

ЖАҢА ОҚУЛЫҚТЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Облыстық білім басқармасының мұрындық болуымен өтіп жатқан шарада кітаптарды басып шығару, оны аймақтардағы мектептерге жеткізу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар таныстырылды. Сондай-ақ, мамандар оқулық шығарудағы жаңалықтармен, оқушыларды қажетті оқулықпен қамтамасыз етудегі түйткілді мәселелерді талқыға салды.

– Оқулық салмағына қойылатын талаптар арнайы гигиеналық нормативтермен реттеледі. Бірақ оқушының сөмкесі сонда да ауыр. Өйткені, нормативтік ережелерде тек оқулықтарға талап қойылған, жұмыс дәптері ескерілмеген. Сондықтан біз «Оқулық» орталығы тарапынан Денсаулық сақтау министрлігіне өз ұсынысымызды білдірдік. Бұл ұсыныста біз сөмкенің нақты салмағын анықтауды сұрадық. Яғни, кітап-дәптер жиынтығының салмағы 1-3- сыныптарда – 1,5-2 келі, 4-5-сыныптарда – 2-2,5 келі, 6-7- сыныптарда –3-3,5 келі, ал жоғары сыныптарда 4,5 келі болуы керек. Сөмкенің салмағын қоспағанда, бала күнделікті мектепке апаратын кітап-дәптерінің салмағы осы шамадан аспауы тиіс. Бұл ұсынысты Денсаулық сақтау министрлігі қолдады, бұл бекіс, соған сәйкес ереженің орындалуын талап ететін боламыз. Сондай-ақ, жұмыс дәптерінің салмағына қатысты норматив бекітуді сұрап отырмыз. Жұмыс дәптерінің салмағы оқулық салмағының 30 пайызынан аспауы керек. Форматына келетін болсақ, баспалармен ақылдаса келе, мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес барлық баспалар бір форматты ұстанатын болып келістік, – дейді «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы директорының орынбасары Әділхан Дүйсеков.

Қазір елімізде осы оқу-әдістемелік кешендерді ұстаздар қауымына түсіндіру шаралары жүруде. Жұмыс тобы жетісулық 500-ден аса мұғалімге жаңа кітаптар жобасын таныстырды. Білім және ғылым министрлігінің өкілдері әр пән бойынша әзірленетін оқулықтардың жаңа жүйе талабына сай болуы тиіс екендігін айтады. Мамандар мектеп бағдарламасында ғана емес, баланың жаңаша ойлап, ой-өрісін дамытуына да бағдар болу қажеттігін жеткізді.

Айта кетейік, биылғы оқу жылының басты жаңалығы – жаңадан басылып шыққан оқулықтарда электронды нұсқа QR-кодының орналастырылуы. Осы код арқылы оқулықтың электронды нұсқасын тегін жүктеп алуға болады. Бұл жүйені енгізу үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі барлық баспаларға оқулықтардың электронды нұсқасын шығаруды міндеттеген. Оқулықтың қағаз немесе планшет арқылы электронды нұсқасын оқу мектеп әкімшілігі мен ата-ананың өз еркінде.

Жаңа оқулықтарды дайындау кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Сараптамадан өткен кітаптар ендігі оқу жылында қолданысқа енеді.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

МЕЙІРІМ КЕРУЕНІ

Панфилов ауданының Іскер әйелдер кеңесі алғаш рет «Мейірім автокеруенін» ұйымдастырды. Бизнес-ханымдар аймақтағы 13 ауылдық округті аралап, аз қамтылған 71 отбасына азық-түлік себеттерін сыйлады. Осы мақсатпен кәсіпкер келіншектердің қаражатына ең қажет деген тауарлар сатып алынды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
"Жетісу"

Қайырымдылық шарасына Кәсіпкерлер палатасының филиалы мен көлікпен қамтамасыз еткен қаржы полициясы көмектесті. Әрбір себет тікелей мұқтаж жандарға жеткізілді. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ұйымдастырушыларға көмекке зәру азаматтардың тізімін ұсынды.

Бұл Іскер әйелдер кеңесінің алғашқы ізгі шарасы емес. Олар қыркүйек айының басында «Мектепке жол» республикалық акциясына қатысып, оқушыларды қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз еткен болатын. Мейірім автокеруені игі дәстүрдің жалғасы атанды.

– Барлық ауылдық округтерді аралап көмек көрсеттік. Аралау кезінде шаңырақ иелерінің қал-жағдайын біліп, ойымызбен бөлістік, – дейді Панфилов ауданы Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы, «Ирада Балық» ЖШС директоры Суриям Изимова.

Пенжім ауылдық округіндегі Ғалия Дәркембаеваның отбасы азық-түлік себетін алған отбасылардың бірі. Сегіз баланың анасы кішкентай балаларының болуы себепті үйде отыр. Үлкен отбасын жолдасы асырайды.

– Отасқанымызға 30 жыл. Көріп отырғандарыңыздай, отбасымыз үлкен, бірақ ешқашан мұңайған емеспіз. Күйеуімнің жұмысы тұрақты емес, кейде апталап жұмысқа шықпайды. Сол уақытта қатты қиналамыз, – дейді Ғалия Дәркембаева.

Айымбибі Әбижанова да көпбалалы ана. Сол себепті үнемдеуге үйренген. Жәрдемақы мен балаларының айлығы отбасына жетпейді. Іскер әйелдер кеңесінің сыйлаған себетіндегі азық-түлік екі аптаға жетеді.

– Жақсы істің бастамашысы болған азаматтарға шын жүректен алғыс айтамын. Көрсетілген көмекке ризамын. Айналамызда жақсы адамдар бар, назарға алғандарыңызға рахмет! – дейді ол.

Суриям Изимованың айтуынша, кәсіпкер келіншектер әрбір ауылдық округте әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларды қамқорлығына алып, жыл бойы көмек көрсетеді.

– Қазіргі кезде кәсіпкерлер әлеуметтік жауапкершілікті жете сезініп келеді. Кез келген кәсіпкер өз мүмкіндігіне қарай қайырымдылық жобаларына қатысуы тиіс. Жақсылықты көп жасау керек. Ертеңгі күні бұл ісіміз жастарға үлгі болады, – дейді Суриям Изимова.

Автокеруеннің ұйымдастырушылары желтоқсан айында аудан аумағын тағы бір мәрте аралауды жоспарлап отыр. Алдағы қарашада іскер әйелдер аз қамтылған балаларды жылы киімдермен қамтамасыз етпек.

ДІН – ДІҢГЕГІҢ



ЖҮЛДЕГЕР ЖУРНАЛИСТЕР

Облыстық дін басқармасы «Дін тағдыры – ел тағдыры» атты БАҚ өкілдері арасындағы байқаудың қорытындысын жасап, үздіктерді марапаттады. Бәсекеге бәс тіккендердің қатары жыл өткен сайын көбейе түсіпті. Бұл туралы облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет ЕСДӘУЛЕТОВ жиналған қауымға қуана жеткізді.

– Бүгінде дін саласында атқарылған жұмыстар ауқымды. Басқасын айтпағанның өзінде өткен жылдан бері облыс әкімінің қолдауымен Жетісу жерінде тұңғыш рет қолға алынған «Рухани керуен» жобасын айта кеткен жөн. Былтыр үш айға созылған керуен аясында 246 іс-шара ұйымдастырылып, 27032 адам қамтылды. Үстіміздегі жылы керуен 6 ай мерзімде шалғай елді мекендерді аралаумен қатар «Жер жаннаты Жетісу жерінен киелі Тараз өңіріне» деген атпен Жамбыл облысына барып қайтты. Міне, осындай игілікті істерді жұртқа жеткізетін журналистер қатарының көбейе түскені қуантады. Биылғы жылы облыстық дін істері басқармасы тарапынан атқарылған шаралар туралы түрлі БАҚ беттерінде 1007 материал жарық көрді. Талдау нәтижесі бойынша аудан әкімдері, орынбасарлары, облыстық департамент, басқарма және ішкі саясат бөлімдері басшылары тарапынан **298,** жастар ресурстық орталықтарының қызметкерлерімен **95,** тілшілер **66,** ҚМДБ-ның өңірлік, аудандық имамдары және христиан дінінің өкілдері тарапынан **69** және жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан азаматтық қоғам өкілдері тарапынан **236,** ғаламтор бетіне **194,** Дін істері комитеті және зерттеу орталығының қызметкерлері тарапынан **49** мақала жарияланған. Бүгінгі жүлдегерлер соның ішінен оза шапқандар, – деді басқарма басшысы.

Биылғы байқауға ұсынылған мақалалар ойының орамдылығы, жаңашылдығы, тақырыптарының сонылығы, танымдық деңгейінің тереңдігі бұрнағы жылдарға қарағанда кемелдене түскені белгілі болды. Бұл туралы облыстық «Жетісу» телеарнасының журналисі, танымал «Иманашар» бағдарламасының авторы әрі жүргізушісі Жұмахмет Жайлаубаев айтып берді.

Байқау болғасын оның жеңімпазы болатыны анық. Нәтижесінде «Талғар» газетінің қоғамдық тілшісі Кәмнұр Тәлім (Талғар ауданы) бірінші, облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Гүлжан Тұрсын (Талдықорған) екінші, облыстық «Огни Алатау» газетінің тілшісі Хасан Еспанов (Талдықорған) үшінші орынды жеңіп алып мерейленсе, «Жаркент өңірі» газетінің бас редакторы Бағдат Айтмұқаева (Панфилов ауданы), «Қарадала тынысы» газетінің бас редакторы Анар Дүйсенбайқызы (Үйғыр ауданы), «Жетісу шұғыласы» газетінің тілшісі Зейнегүл Жұмабекова (Ескелді ауданы), «Текелі тынысы» газетінің бас редакторы Торғын Тұрлыбаева (Текелі қаласы), «Нұрлы Көксу» газетінің тілшісі Диляра Юсупова (Көксу ауданы) ынталандыру сыйлығына ие болды. Барлық жүлдегерге облыстық дін істері басқармасының Алғыс хаты мен ақшалай сыйлық тапсырылды. Осы тұста айта кетерлігі, кейінгі кезде дін тақырыбын ғылыми тұрғыда зерттеп, зерделейтін зерттеуші, ғалым-ұстаздардың да қатары көбейіпті. Сондықтан биыл бірінші рет «Зерделі зерттеуші» номинациясы тапсырылды. Оған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Бағдат Бейсенов ие болды.

Байқау алдағы уақытта да жалғасады.

Қ. ОМАРАҚЫН.



ӘЛ-ФАРАБИ:

Өз ісіңнің білгірі һәм шебері атану үшін жақсы жұмыс істеп, жетік білуге ұмтылу керек. Қандай әрекет жасап, қандай іс істер болсаңыз да – игілігін көріп, рахатына бөленуді мақсат тұтқан жөн.



АБАЙ:

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады.



Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№88-89

(18797)

Сенбі,
15 тамыз,
2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

@#Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

175 ЖЫЛ
Абай Құнанбайұлының мерейтойы

АБАЙ — РУХАНИ РЕФОРМАТОР



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті

10 тамызда ұлтымыздың ұлы ақыны, ойшыл тұлғасы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толды. Бұдан ширек ғасыр уақыт бұрын Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Абайдың 150 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде өткізілген еді. Бұл торқалы той – сол тамаша дәстүрдің жалғасы.

Биылғы мерейтойға орай бірқатар іс-шара жоспарланған болатын. Бірақ әлемді жайлаған індетке байланысты соның көпшілігін онлайн форматқа ауыстырдық. Әрине, сан сынақтан сүрінбеген халқымыз бұл дертті де жеңеді. Қиындық өтпелі, ал Абай мұрасы мәңгілік.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет оныншы тамызды «Абай күні» деп белгілеп, мерекелер тізбесіне енгізді (бірақ жұмыс күні болып қала береді). Ұлы ақынның мұрасын ұлықтауға арналған іс-шаралар жыл сайын өткізіліп тұратын болады. Мәселе мерейтойда емес – тұғырлы тұлғаның туындыларынан терең тәлім алуда. Абайдың рухына тағзым ету – оның қағидатын ұстану, аманатына адал болу. Сонда ғана жас ұрпақтың санасына қастерлі құндылықтарды сіңіреміз.

Біз ұлы ойшылдың өнегелі өмірі мен тағылымы туралы айтудан жалықпаймыз. Әсіресе қазіргі Қазақстан қоғамын Абайдың рухани ұстанымына сай дамыту аса маңызды. Мен бұл жөнінде «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаламда кеңінен айттым.

Биылғы жыл халықаралық «Абай жылына» айналды. Әлемнің көптеген елдері оның шығармашылығына назар аударуда. Қазақстанның бастамасымен және ЮНЕСКО-ның қолдауымен ұлы ақынымыздың 175 жылдық мерейтойы жаһандық деңгейде аталып өтуде.

Ақынның баға жетпес мұрасын ұғындыру және дәріптеу – азаматтық парызымыз. Өйткені Абай – әлемдік деңгейдегі кемеңгер тұлға. Абайтанудың тұғырнамалық негізі де осы болуға тиіс.

Қазір ақынның еңбектерін халықаралық ғылыми айналымға енгізу үшін нақты және мақсатты жұмыстар қолға алынуда. Оның шығармалары әлемнің он тіліне аударылып, баспаға әзірленді. Бұл кітаптар жүзден астам елдің кітапханалары мен мәдени орталықтарына жіберіледі. Бірқатар шетелдік аудармашыларға, Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеушілер мен насихаттаушыларға менің Жарлығыммен мемлекеттік награда берілді.

Абай рухын ұлықтау шаралары жалғасуда. Шетелдегі елшіліктеріміздің жанынан Абай орталықтары ашыла бастады. Ақынның шығармашылығын жүйелі зерттеу үшін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан Абай академиясы құрылды.

Біз бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін Абай мұрасын естен шығармауымыз керек. Себебі, ұлт ретіндегі жаңару идеясы да оның көзқарасымен үндесіп жатқаны анық.

Келесі жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өтеміз. Бірақ кезінде ұлы ойшылды қатты толғандырған кейбір келеңсіздіктер қоғамда әлі де кездеседі. Өкінішке қарай, Абай айтқан «бес дұшпаннан» толық арылып болған жоқпыз.

Азаматтарымыздың арасында жалқаулық пен сөзуарлық жиі кездесетіні қынжылтады. Бұлар бұрынғыша тойқұмарлықтан тартынбай, күнделікті тынымсыз тірлікті дәріптеудің орнына, әрбір қоғамдық оқиғадан саяси астар іздейді де отырады.

Абай халықты той тойлауға емес, еңбек етуге, рухани кемелденуге шақырды. Абайдың ұлағаты әлі күнге дейін маңызын да, құндылығын да жоғалтқан жоқ. Сондықтан біз оның терең ойларына, келешектің келбетіне үңілген көрегендігіне таңқаудан жалыққан емеспіз. Абай ілімі бүгінгі бірқатар бағыттарға орайлас келеді.

Ең алдымен, білім игеру. Біз бүкіл әлемді ақыл-ой мен парасатты пайым арқылы ғана мойындата аламыз. Заман талабына сай білім алу интеллектуалды ұлт қалыптастыруға жол ашады.

Екінші, тәрбие мәселесі. Сондықтан, өскелең ұрпаққа дұрыс бағыт берген жөн. Ақынның «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген өсиетін әрдайым санаға сіңіру қажет.

Үшінші, жаңа кәсіп игеру. Ақын әр қазақ өз ісінің шебері болса деп армандады. Әсіресе бәсекелестікке толы алмағайып заманда мұның мәні зор. Абай: «Мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» дейді. Біз еңбекке, жаңа өнер игеруге деген көзқарасымызды түбегейлі өзгертуге тиіспіз. Байлықтың да, бақыттың да кілті – өзің сүйген кәсіпте.

Төртінші, ынтымақ мәселесі. Абай әрдайым қоғамның берекебірлігін арттыруға ден қойды. Ол «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің – бәрі бос» деп, елді татулыққа шақырды.

Біз аса күрделі кезеңді бастан өткерудеміз. Осындай сәтте бір-бірімізге қол ұшын беріп, өзара мәміле мен ынтымағымызды арттыра түсу аса маңызды. Кемеңгердің де жан-жүрегімен тілегені жұртының амандығы мен ұлтының тұтастығы еді. Сондықтан бүгінгідей қиын шақта Абай мұрасына жүгіну өте өзекті болып отыр.

Абай өнегесінің құны дәуір алмасқан сайын артпаса, кемімейді. Ол баршаға түсінікті әрі күллі адамзатқа ортақ. Оның қара өлең болып өрілген және қара сөз болып төгілген оралымды ойлары әлі күнге дейін өмірлік бағдар болып келеді.

Ұлтының болашағы үшін қам жеген ұлы ойшыл күллі жұртшылықты да махаббат пен мейірімге үндеді. Ақынның осындай адамгершілік қағидаттары еліміздің бүгінгі ұрпақтары үшін де аса қажет.

Мемлекет тәуелсіздік жағдайында ұлттық сананы қайта жаңғыртуға және жаһандану өзгерістеріне бейімдеуге жалпыұлттық тұрғыдан басымдық беріп отыр.

Ұлы данышпан елдік мүддені әрдайым жоғары қоюға, алған білім мен тәжірибені халық игілігіне жұмсауға шақырды. Бүкіл адамзат үшін даму үрдісін осындай ұстаным арқылы ұғыну әрдайым маңызды болмақ.

Абай – біздің ұлтымыз бен жұртымызды танудың төте жолы. Ұлы ақын бізге мазмұндық тұрғыдан өлшеусіз, халықтың рухани азығына айналған мұра қалдырды. XXI ғасырға қадам бассақ та, Абайдың көзқарасы заманауи ізгілік қағидаттарына және Қазақстан қоғамының басты құндылықтарына, оның бірлігі мен берекесіне толықтай сай келетіндігіне тағы да бір мәрте көз жеткіземіз.

Ұлы данышпан ұлттың рухани мәдени, адами бет-бейнесін асқан көрегендікпен сипаттаған. Оның ұлылығы да осында.

Абайдың даналық сөздері қазақ халқының алтын тұғыры, түп негізімізге үңіліп, ұлттық ұстынымызды іздеген көптеген ұрпақтың басын біріктіретін мәңгілік рухани тірек болып қала бермек.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Абай сөзі – қазақтың бойтұмары» деген болатын. Бұл тұжырым бізді ақын әлеміне терең бойлауға, жаңаша ойлауға міндеттейді.

Қазір елімізде абайтанумен айналысатын бірнеше ғылыми-зерттеу орталығы бар. Осылардың жұмысын жүйелеп, елордамыздағы Абай академиясының төңірегіне топтастырған жөн. Академия барлық зерттеу мекемелерінің жұмысын ғылыми тұрғыдан үйлестіруші міндетін атқара алады.

Алдағы уақытта гуманитарлық пәндердің бөлінбес бөлшегі ретінде «Абайтану» курсын оқыту мәселесін қолға алу керек. Жаңа философиялық және саяси ұстаным тұрғысынан «Абайтану» оқулығы мен хрестоматиясын әзірлеу қажет. Сондай-ақ Абайдың «толық адам» ілімі жан-жақты әрі терең зерттелуге тиіс.

Біз Абайды XIX ғасырда өмір сүріп, XXI ғасырдың сөзін сөйлеген данышпан ретінде әлемге танытуымыз керек. Сонымен қатар оны ұлттық сананы жаңғыртуға зор ықпал еткен рухани реформатор ретінде дәріптеуге міндеттіміз.

Түптеп келгенде, әрбір қазақ Абаймен мақтануға тиіс! Халқымыздың ұлы перзентінің торқалы тойы құтты болсын!

(Egemen Qazaqstan, 10 тамыз, 2020 жыл)

◆ СЕЛЕКТОР

КАРАНТИН ЖЕҢІЛДЕТІЛЕДІ

Тамыздың 17-нен бастап, карантиндік шараларды кезең-кезеңімен алудың кезекті жоспары жүзеге асырылады. Бұл мәселе Үкімет басшысы Асқар Маминнің төрағалығымен өткен мемлекеттік комиссияның отырысында айтылды.

Облыс әкімі **Амандық Баталов** пен облыстық басқармалар мен департаменттердің басшылары селекторлық режимде қатысқан жиында еліміздегі эпидемиологиялық жағдайдың бір қалыпқа түскендігі, медициналық мекемелерге түскен ауыртпалықтың азайғандығы айтылып, жұқпалы дерттің әрбір тәулікке шаққандағы өсімі 4-тен 0,5 пайызға дейін кемігендігі, аурудан емделіп шыққандар көрсеткішінің 76 пайызды құрағандығы нақты мәліметтермен көрсетілді.

Осыған орай 17 тамыздан іске қосылатын жаңа жоспар бойынша еліміздің барлық аймақтарындағы сауда үйлері, жабық базарлар, сән салондары, шаштараздар, моншалар мен сауналар жұмыстарын бастайды. Дегенмен, сақтық шараларына орай аталған кәсіпкерлік нысандарына көпшіліктің кіруі 50 пайыздық өлшеммен қадағалануы тиіс. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелердің кезекші топтары 15 баладан артпайтын өлшеммен жұмыс істеуі керек. Алайда балабақшалардың арнайы мониторингтік топтың келісімін алуы шарт ретінде қойылып отыр. Онсыз кезекші топтардың жұмысына тыйым салынады.

Одан бөлек, жолаушы тасымалы қоғамдық көліктердегі отыратын орындарға ғана жолаушы алуы арқылы жанданатын болды. Санитарлық дәрігерлердің басты талабы – қоғамдық көліктің ішін соңғы аялдамаларда желдетіп, залалсыздандыру жүргізушілерге жүктеледі. Ал, кинотеатрлар, музейлер, қалалық жағажайлар мен аквапарктер әзірше ашылмаса, көпшілік жиналатын бұқаралық шараларға, отбасылық мерекелерге тыйым сол күйінше қалады. Елдегі жұқпалы дерттің таралуын болдырмау мақсатында демалыс күндеріндегі шектеу шаралары сақталады. Осындай шарттарды түсіндірген Үкімет басшысы Асқар Мамин:

– Бетперде тағу мен әлеуметтік арақашықтықты сақтау шаралары баршаға ортақ міндетті санитарлық талаптардың қатарынан алынбайды және азаматтардың күнделікті өміріндегі басты ережесіне айналуы тиіс. Кәсіпкерлік нысандарының жұмысын жандандыру ісі олардың қойылған шарттарға толық дайын болғанында ғана қолға алынуы керек, – деп мәселенің маңыздылығын ұғындырып өтті. – Карантин талаптары баршаға ортақ. Осыған орай мониторинг топтары шағын және орта кәсіпкерлік нысандарына түгелдей сараптама жасап, бақылауды бәріне жүргізуі тиіс. Дегенмен, кәсіпкерлердің өздері де мәселеден жырақтап қалмауы керек. Олар көрсетілген санитарлық шарттарды қатаң сақтауы қажет.

Үкіметтік деңгейде қаралған мәселеге орай облыс әкімі Амандық Баталов лауазымды тұлғаларға жауапкершілік жүктеп, елдегі эпидемиологиялық жағдай бірқалыпқа түсе бастаған шақта вирустың қайтадан таралуын болдырмауды тапсырды. Соған байланысты 17 тамыздан бастап қандай кәсіпкерлік нысандарының ашылатындығын халыққа түсіндіру керектігін ескертті.

М. ӘСЕТҰЛЫ

◆ ӘЛЕУМЕТ

УАҚЫТЫЛЫ ТӨЛЕНДІ

Журналистер үйінде төтенше жағдай және карантиндік шаралар кезінде зейнетақы және жәрдемақылар тағайындау бойынша мемлекеттік қызмет көрсету барысын пысықтаған брифинг өтті. Онда Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары Жұмабек ДӘЛІБАЕВ есеп берді.

Оның айтуынша, биылғы I жартыжылдықта облыстық департамент зейнетақы және әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау бойынша жасына байланысты зейнетақы төлемдері, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлемі, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемі, бала тууына байланысты тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы, бала бір жасқа толық толғанға дейін оның күтіміне байланысты төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы, бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне байланысты төленетін мемлекеттік жәрдемақы, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға тағайындалатын жәрдемақы, жерлеуге арналған біржолғы төлем сияқты санаттар бойынша 50741 мемлекеттік қызмет көрсеткен.

Бұл қызметтер Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департаменті арқылы Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2020 жылғы 25 наурызындағы № 109 «Төтенше жағдай кезеңінде әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің және халықтың жекелеген санаттарын азық-түлік және тұрмыстық жиынтығымен қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» және 2020 жылғы 17 сәуіріндегі № 139 «Төтенше жағдай кезеңінде әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің және халықтың жекелеген санаттарын азық-түлік және тұрмыстық жиынтығымен қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 25 наурыздағы № 109 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрықтарымен бекітілген қағидаларға сәйкес «Электронды үкімет» веб-порталындағы «электронды өтініш» сервисі арқылы жолданған өтініш негізінде жүзеге асырылды. Әлеуметтік төлемақы алатын кейбір тұлғалардың жұмысына төтенше жағдай ерекше қиындық тудырғаны белгілі. Десе де облыстық департамент төтенше жағдай кезінде қолданылу мерзімі өткен жекебасын куәландыратын құжаттарды ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда ескерген. Егер жасына байланысты зейнетақы төлемін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны, мемлекеттік арнайы жәрдемақыны, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау төтенше жағдай енгізілгенге дейін бір айдан аспайтын мерзімде немесе төтенше жағдай уақытында туындаса, онда өтініш беруші төтенше жағдай режимі аяқталғаннан кейін үш ай ішінде аталған төлемдерді тағайындауға қайталай өтініш беруге құқылы. Биылғы жартыжылдықта облыс бойынша интернет-ресурс арқылы «электронды өтініш» негізінде 3708 азаматқа әртүрлі мемлекеттік жәрдемақы және зейнетақы төлемі тағайындалыпты. Сондай-ақ, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлемдерінің төлену мерзімі қайта куәландыру мерзімі төтенше жағдай енгізілгенге дейін бір айдан аспайтын мерзім ішінде және төтенше жағдай уақытына тұспа-тұс келген адамдарға мүгедектіктің мерзімі төтенше жағдай орын алған кезеңде автоматты түрде ұзартылды. Яғни карантин шараларына байланысты мүгедектік мерзімі аяқталуына жақындаған 3848 азаматтың мүгедектік мерзімі автоматты түрде 3 айға, яғни, қазан айына дейін ұзартылып төленуде.

Демек, төтенше жағдай кезінде де облыстағы зейнетақы және жәрдемақы төлеу қызметі өз деңгейінде жұмыс істеген.

Қ. ОМАРАҚЫН

ХАБАРЛАНДЫРУ

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

2020 жылдың 19 тамызында Алматы облыстық мәслихатының кезектен тыс 60 сессиясы (онлайн режимінде) өткізіледі

Күн тәртібіне сәйкес келесі мәселелер қаралады:

1. Алматы облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы «Алматы облысының 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №55-282 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2. Мемлекеттік – жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы.

3. Алматы облысы аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру тәртібі мен шарттары туралы қағидаларын бекіту туралы.

4. Алматы облыстық мәслихаты депутатының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

Басталу уақыты: 15.00